



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МІНИСТРЛІГІ

Д. И. ЖАНГЕЛДИНА



# ЕЛТАНУ

Алматы, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

---

Д. И. Жангелдина

**ЕЛТАНУ**

Оқулық

Код: 978-9987-3-100-1

**Алматы, 2012**

УДК 911(07)

ББК 25.8 я 7

Ж 26

Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің «Оқулық»  
республикалық гылыми-практикалық орталығы бекіткен

**Пікір жазғандар:**

география ғылымдарының докторы, профессор К. Д. Каймулдинова;  
география ғылымдарының докторы, профессор Ш. М. Надыров;  
география ғылымдарының докторы, доцент Г. Н. Нұсіпова.

Жангелдина Д. I.

Ж 26 Елтану Оқулық. / Жангелдина Д. I. – Алматы, 2012. – 278.

ISBN 978-601-289-095-2

« Елтану» пәні елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табигаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдасуы туралы әртүрлі мәліметтердің жүйелейтін географиялық пән болып табылады. Елтануда жекелеген аймактар, елдер және олардың бөліктері табигаты, біртұтас аумақтық күрделі жүйе ретінде карастырылады. Елтану пәннің басты мақсаты - әртүрлі аумақтардың біртұтас және кешенді сипаттамаларын беру. Оқулыкта қазіргі кездегі Елтану пәннің зерттеу адістері, елдер мен аймактардың оқып-үйренудің теориялық-қолданбалы мәселелері, дүние бөліктеріндегі жеке аймактардың табигаты мен шаруашылығы, халықтардың қоныстануының басты ерекшеліктері беріледі. Сонымен қатар, осы оқулык материалдарын « Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы» мен «Дүниежүзінің әлеуметтік және экономикалық географиясы» пәннің оқыту барысында пайдалануға болады. Оқулык жоғары оку орындарында туризм мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге арналған. Сонымен қатар, бұл оқулықты магистранттар мен география пәннің мұғалімдері де қосымша құрал ретінде қолдана алады.

УДК 911 (07)

ББК 26-8 я 7

ISBN 978-601-289-095-2

© Жангелдина Д. I., 2012

© Қазақстан Республикасы жоғары оку орындарының қауымдастырылған, 2012

## **АЛҒЫ СӨЗ**

Ұсынылып отырған оқулық жоғары оқу орындарының география-туризм мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандартында типтік оқу жоспарына енгізілген «Елтану» пәнінен негізгі оқулық болып табылады. Осы оқулық болашақ туризм мамандары мен география пәнінің мұғалімдеріне аса қажетті елтану бағытындағы білім беру және біліктілік дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздейді. Қазақстан Республикасында туризм-география мамандықтары үшін арнайы дайындалған Елтану оқулығы бұрын-сонды болмаған.

Елтану пәнінің қалыптасуы мен дамуы екі ғылым саласының (физикалық география мен экономикалық география) негізінде жүзеге асып, қазіргі танда үлкен маңызға ие болып отыр. Елтану пәнінің басты зерттеу объектісі – ел және аймақтар туралы жанжақты білім беру болып табылады. Осы пән мазмұнындағы жеке елдер мен табиғи-тариhi аймақтар туралы елтану бағытында берілетін білімнің маңызы зор.

Елтану елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табигаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдары туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін және әртүрлі ғылым салаларын үштастыратын пәндердің бірі болып табылады.

Елтанудың басты мақсаты - әртүрлі аумақтардың біртұтас және кешенді сипаттамаларын беру. Мұндай сипаттамаларда аумақтарға қатысты барлық мәселелер қамтылады. Елтанудың география ғылымы саласы ретінде әлемді ел аумақтары деңгейінде зерттеп танып білу міндеттерін жүзеге асырады. Осындағы ерекшеліктері арқылы географ-турист мамандарды дайындауда елтану пәнінің аса қажет екендігін негіздеуге мүмкіндік береді.

Казіргі кезде елтану бағытындағы географиялық ақпараттық жүйелер мен деректер базасын пайдалануға қажеттілік артып келеді. Осы ақпараттар ғылымда, білім беру саласында, күнделікті қоғам өмірінде де кеңінен қолданылады. Жас жеткіншіктердің дүниетанымын кеңейту мақсатында да елтану пәні арқылы берілетін ақпараттардың алатын орны ерекше.

Осы оқулықта берілетін тақырыптардың мазмұнында табиғи-тариhi аумақтарға тән басты ерекшеліктер, географиялық орны, геосаяси жағдайы, тарихи-географиялық даму кезеңдері, табигаты және



## **KIPICPE**

«Елтану» пәні жоғары кәсіби білікті туризм-география саласында мамандарды даярлаудағы негізгі оқу пәндерінің бірі болып табылады. Курстың мазмұны Қазақстан Республикасының 5B090200-«туризм», 5B011600-«география» мамандықтары бойынша жалпыға бірдей білім стандартына сәйкес келеді. Елтану - елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдарды туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін және әртүрлі ғылым салаларын ұштастыратын пәндердің бірі болып табылады.

Пәнді оқытуудың мақсаты - туризм саласындағы болашақ мамандар дайындау барысында жеке елдер мен ел топтары жайлы жан-жақты білім беру және дүниежүзі елдері туралы физикалық және экономикалық географиялық кешенді сипаттама беруді үйрете отырып, «табиғат-адам», «табиғат-шаруашылық», «табиғи орта-тіршілік», «табиғи орта-мәдениет, салт-дәстүр» және т.б. ұғымдарды қалыптастыру болып табылады.

«Елтану» пәнінің негізгі міндеттері: аймақтық, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен орналасу принциптеріне қарай топтастырылатын ғаламдық географиялық мәселелерді қамти отырып, дүниежүзіндегі елдерді тарихи-географиялық аудандарға бөліп, физикалық-экономикалық география мәселелерін біріктіріп қарастыру, жеке елдерге елтану бағытында сипаттама беру.

«Елтану» пәнін оқу негізінде студент:

- Дүниежүзінің саяси картасы және оның тарихи өзгерістерін,
- Аймақтардың табиғат жағдайлары мен ресурстарын,
- Жекелеген территориялардың ашылу және игерілу тарихын,
- Жеке елдер мен аймақтардағы халықтың құрамы, мәдениеті мен тұрмыс-салтын,
- Аймақтардың ғаламдық проблемаларын меңгеруі тиіс.

Студент:

- Елдің экономикалық-географиялық жағдайына баға беру;
- Картамен және қосымша әдебиетпен жұмыс істей білу, қазіргі саяси жағдайға баға бере білу;
- Жеке аймақтардың табиғат жағдайлары мен ресурстарын халықтың шаруашылық әрекетімен өзара байланыстырып талдай білу;

- Әртүрлі дереккөздерін пайдаланып, кез келген елге елтану бағытында сипаттама жазу;
- Ұлттық парктер, қорықтар, табигат ескерткіштеріне туристік бағытта баға бере білу;
- Халықтардың салт-дәстүрі, тұрмыс-жағдайына салыстырмалы сипаттама бере білу;
- Географиялық-экономикалық, туристік сөздіктерді білуі керек.

Елтану – елдерді кешенді турде зерттейтін, олардың табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік үйымдасуы туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін географиялық пән болып табылады. Елтану - географияның біртұастығының кепілі: оның зерттеу нысаны - алуан түрлі процестер жүріп жатқан, құрылымы күрделі аумақ. Аумақтың біртұастығын зерттеу үшін география ғылымдары жүйесінің біртұастығы қажет болады.

Елтануда жекелеген аймақтар, елдер және олардың бөліктегі табиғаты, халқы және шаруашылығы жағынан ішкі айырмашылықтар жасайтын біртұас аумақтық күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда аумақтарды кешенді зерттеу үшін географияның басты салалары физикалық, әлеуметтік-экономикалық, саяси география ғылымдарына сүйенеді.

Елтанудың басты мақсаты - әртүрлі аумақтардың (елдер мен аудандар) біртұас және кешенді сипаттамаларын беру. Мұндай сипаттамаларда географиялық ғылымдардың әдістері көмегімен аумақтың бейнесі жасалады. Елтану бағытының негізін салған ресейлік ғалым Н. Н. Баранскийдің анықтауынша, бұл сипаттамаларда «геологиядан бастап идеологияға дейінгі» мәселелер қамтылады. Жалпы алғанда, кез келген ғылым саласының маңызды міндеті әлемді танып-білу болып табылады. Кешенді елтанудың география ғылымының саласы ретінде ұдайы өзгеріп жатқан әлемнің географиялық келбетін танып-білуі ең алдымен ел аумағы деңгейінде жүзеге асады.

Елдерге кешенді сипаттама беру әдістемесі. Кешенді елтанудағы аумақтың сипаттамасына қатысты бірнеше ерекшеліктерді атап етуге болады.

1. Кешенді елтану сипаттамаларының мазмұны жалпы географияның құрамдас міндеттері болып табылатын сипаттау, түсіндіру және болжауды қамтуы қажет. Сипаттауды география ғылым ретінде қалыптаса бастаған кезден бері шешіп келеді, ал түсіндіру XVIII ғасырдан бастап қолға алынды. Географиялық бол-

жам мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап аса маңызды мәселеге айналған болатын.

2. Елтану бағытындағы кешенді сипаттама негұрлым нақты болуы қажет. Галымдар «кеңестік нақтылығы» деп атаған ұстанымның кешенді елтану үшін маңызы ерекше болады: сипаттамаларда жалпыламадан гөрі аумақтағы нақты деректер келтірілу қажет.

3. Сипаттау барысында уақыт байланысы үзіліп қалмауы керек. Жалпы география үшін қазіргі мен бұрынғының, болашақтың өзара байланыста қарастырылуы аса маңызды. Мысалы, белгілі бір елдің қазіргі жағдайын сипаттау барысында ел аумағындағы бұрынғы халықтың қоныстануы мен табиғат ерекшеліктері, шаруашылық сипаты туралы қарастырмау мүмкін емес. Сондай-ак елдің қазіргісін оның болашағына қатысты мәселелерден бөліп қаруаға болмайды,

4. Елдерге кешенді сипаттама синергетикалық әдіс (грекше синергия «ынтымақтастық» деген мағына береді) арқылы жүзеге асырылуы қажет. Сипаттама беруде география ғылымдарының ғана емес, тарих, статистика, әлеуметтану, саясаттану және т.б. деректері кеңінен қолданылады.

5. Кешенді елтанудың географияның басқа салаларынан басты айырмашылығының бірі алуан түрлі, нақты ақпарат қорының молдығы бойын табылады. Ақпарат қорының күрт артуы кешенді елтануда ақпаратты өндіру мен сактаудың, түрлендірудің ең жаңа технологияларын қолдануды қажет етеді.

Әдістемелік тұрғыдан елтану бағытындағы кешенді сипаттаманың негізіне тақырыптық бөліктердің жиынтығын алуға болады. Ресейлік ғалымдар Н. Н. Баранский, Я. Г. Машбиц еңбектерінде кешенді сипаттамалардың үлгілері берілген. Кешенді сипаттамалардағы тақырыптарды нақтылаш, олардың қысқаша мазмұнына тоқталайық. Кешенді елтану сипаттамасының мазмұндық құрылымында;

- Елдің ерекшелігі – аумақтың неғұрлым қысқартылған, жалпы сипаттамасы. Мұнда елдің өзіндік бейнесі ашылып, типі, басқалардан басты ерекшелігі көрсетіледі.

- Аумағы, географиялық және геосаяси жағдайы – ел аумағының кеңестік сипаты және оның ел дамуындағы ресурстық маңызы көрсетіледі.

## **1-БӨЛІМ**

# **ЕЛТАНУДЫҢ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ**

### **1-ТАҚЫРЫП. ЕЛТАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ**

#### **1.1 Елтану туралы жалпы түсінік**

Елтану – елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдарды туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін географиялық пән болып табылады. Елтанудың зерттеу объектісі құрделі аумақ болып табылады. Аумақтың біртұастығын зерттеу үшін география ғылымдарымен тығыз байланыста болады.

Зерттеу барысында жеке аймақтар, елдер және олардың бөліктерінің табиғаты, халқы және шаруашылығы жағынан ішкі айырмашылықтары бар біртұтас аумақтық құрделі жүйе ретінде қарастырылады. Аумақтарды кешенді зерттеу үшін географияның басты салаларына сүйенеді. Олар: физикалық география, әлеуметтік-экономикалық география, саяси география.

Осыған орай әртүрлі аумақтардың елтану бағытындағы кешенді сипаттамалары беріледі. Аумақтарға сипаттама беру география ғылымдарының әдістері арқылы жүзеге асырлады.

Елтанудың басты міндеттері – аймақтық, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен орналасу принциптеріне қарай топтастырылатын ғаламдық географиялық мәселелерді қамти отырып, дүниежүзіндегі елдерді тарихи-географиялық аудандарға бөліп, физикалық-экономикалық география мәселелерін біріктіріп қарастыру, жеке елдерге елтану бағытында сипаттама беру болып табылады.

Елтанудың даму тарихы. География XVI-XVIII ғасырлар бойы дүниежүзінің табиғаты, шаруашылығы, халқы туралы зерттейтін біртұтас ғылым ретінде дамыды. Осы кезеңдерде қоғамдағы шаруашылық іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыруға қажетті мәліметтер жинақталды. Соның ішінде, игерілген аймақтардың табиғат жағдайлары мен табиғи ресурстары, жекелеген елдер туралы ғылыми мәліметтер сарапталып отырды.

Қазақстандағы елтану бағытындағы зерттеулер. Соның ішінде елтану бағытындағы Қазақстандық зерттеулерде Ш. Ш. Уәлихановтың «Жонғария очерктері», «Алтыншар», академик А. С. Бейсенованың «Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы» атты еңбектерінің маңызы өте зор болды.

Ежелден бері жеке аймактар мен елді мекендерді сипаттап жазудың ұзак уақыт бойы үздіксіз тарихи кезеңдері қалыптасқан. Соның ішінде, «Земельная опись Англии» (1086 жылғы орындалған), итальяндық Л. Гвиччардинің «Описание Нидерландов» (1567 жылы) атты елтану бағытындағы ғылыми еңбектерін ерекше атауға болады.

XIX ғасыр бойы Ресей географиясының басты бағыты кешенді елтану болып саналды. Оның басты себебі, жаңа жерлерді итеруде жергілікті жерлер туралы географиялық сипаттау жұмыстары жүргізілп, әртүрлі карталар мен атластар құрастырылды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында ірі кеңістіктердің географиялық сипаттамасы туралы С. П. Крашенинниковтың «Описание Земли Камчатки» және П. И. Рычковтың «Топография Оренбургская» атты кешенді елтану бағытындағы алғашқы еңбектері жарық көрді. Осы еңбектерде табиғи орта мен халықтардың шаруашылық іс-әрекетінің өзара байланыстырылғына талдау жасалған.

XIX ғасырда орыстың ұлы географ Фалымдары Н. М. Пржевальский, П. П. Семенов-Тян-Шанский, П. К. Козлов және т.б. Ресейдің Азиялық бөлігі мен оған көршілес жатқан жерлер туралы аймақты сипаттау жұмыстарын жүргізді.

Елтану бағытындағы сипаттау жұмыстары Лондон, Париж және Берлиндегі географиялық қоғамдарда елтану бағытындағы жаңа жерлерді танып-білу жұмыстары алдыңғы қатарға қойылды.

Елтану бағытындағы неміс мектебі XVII-XVIII ғасырларда Германия университеттерінде мемлекеттерді танып-білу мақсатында жүргізілді.

XIX ғасырда неміс географтары Ф. Ратцель, К. Риттер мен М. Вегенердің ғылыми еңбектері негізінде қоғам мен халықтардың мәденистін, шаруашылығы мен тұрмысын, олар өмір сүретін табиғат жағдайларымен байланыста қарастыруды ұсынып, осы арқылы антропогеографияның негізін салушылардың бірі болды.

Елтану бағытындағы француз мектебінің басты бағыты адамның табиғи ортадағы шаруашылық әрекеттері мен әртүрлі аймақтардың шаруашылықта пайдалану мүмкіндіктері, халықтардың орналасуына әсер етуші факторлар, қоғам, адамзат, табиғат, шаруашылық,

мәдениет, адамдардың табиғи ортадағы географиялық әрекеттері нақты суреттеді.

Францияның көрнекті ғалымдарының бірі Элизе Реклюдің «Новая всемирная география» және «Земля и люди» атты еңбектерінің географияның елтану бағытында дамуында маңызы зор болды.

Ресейлік географ ғалымдар Н. Барапский, Н. Н. Колосовский, Витвер (30-жылдары) географияның елтану бағытын дамытуға басты назар аударды. Әсіресе, Н. Н. Барапский өз еңбектерінде экономикалық география мен кешенді елтануды ұштастыра оқытуға көп көңіл бөлді. Соның ішінде «аудан» ұғымын шаруашылықтың басты нысаны ретінде қарастырды.

**Аймақтар туралы ұғымдар.** «Аймақ» ұғымы ірі физикалық-географиялық, экономикалық-географиялық, геосаяси және басқа да терриориялық ұғымдарды белгілеп көрсету үшін қолданылады. Кейбір жағдайда аймақтар бірнеше әкімшілік аудандарды біріктіреді, бірақ бұл жалпы ережеге сай келмейді.

**Аймақты анықтау тәсілдері.** Географиялық әдебиеттердегі аймақтың бірнеше анықтамаларын мысалға келтірейік (А. С. Макарычев, 1997):

1. Аймақ – бұл бір-бірімен ерекше байланыста болатын және Жердің жоғары қабатына тән және белгілі бір орынды құрайтын жер, ауа, флора, фауна және адамзаттың тұрғылықты жерінен тұратын кешен.

2. Аймақ – қоршаған орта типін сипаттау үшін географиялық элементтері белгілі, әрі тұрақты қатынаста болатын географиялық ұғым.

3. Аймақ – әлемнің жеке экономикалық-географиялық, ұлттық құрамы мен мәдениеті ұқсас, қоғамдық-саиси құрылымы бойынша бір-біріне ұқсас мемлекеттер топтары.

4. Аймақ – облыс, аудан; табиғи және тарихи облыстардан құрылған, тұрақты экономикалық-географиялық және басқа ерекшеліктерімен, халықтың ұлттық құрамының ерекшеліктерімен үйлесе бермейтін және т.б. жынтығымен ажыратылатын мемлекет бөлігі.

5. Аймақ – жер бетінде кездесетін күрделі кешенді құбылыстардың кеңістіктік үйлесуін зерттеу және тандау құралы. Кез келген бөлімшे және жер бетінің бөлігі, егер олар сол кеңістіктік үйлесімділік шарттары тұрғысынан біртекті болса аймақ деп саналады. Біртектілік бөлініп алынған географиялық біrlіктің шекарасына тән сипатта-

ма үшін жер бетіндегі құбылыстардың барлық көлемінің бөлінуі жағдайында таңдал алынған көрсеткіштер негізінде анықталады.

Аймақтың философиялық анықтамасы жағынан алғанда, өзіндік ойлау жүйесі, дәстүрі, дүниетанымы, дүниені қабылдауы бар «әлеммен» байланыстырылады.

Аймақ – бірнеше елді мекендерді біріктіретін елдің кез келген бөлігінің жалпы атауы. Аймақ деп әкімшілік ауданды, облысты, облыс топтарын атауга болады.

Аймақтың геосаяси түсініктемесі әртурлі саяси құштер мен қозғалыстардың, орталықтардың «қуаты» мен «әлсіздігінің» кеңістіктік жіктелуінен туындаиды. Мұнда «аймақ белгілі көрсеткіштерімен бір-бірімен өзара байланысты мемлекеттер тоғын» көрсетеді.

Экономикалық аймақ – бұл нақты айқындалған мамандардырылған өндіріс пен белгілі бір шаруашылық тұластығын игерген территория. Аймақ – бұл физикалық мазмұны, алеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ортасынан тұратын, сонымен қатар кеңістіктік құрылымы өзгеше, қала немесе ұлт сияқты террриториялық бірліктері арқылы ерекшеленетін тарихи дамыған террриториялық бірлестік.

Аймақтың типтері. Арнайы әдебиеттерде көптеген қалыптардан белгілері негізінде анықталатын және физикалық, биологиялық немесе алеуметтік ортаның алуан түрлі жақтарына жататын аймақтың 50 категориясы беліп көрсетіледі. Соңғысы кеңінен қолданылады және бір, не бірнеше белгілеріне байланысты аймақтануымен, құрылым сипаттымен және ішкі байланыстарымен ажыратылады (бірелшемді немесе көпелшемді тәсіл) және т.б.

Аймақтарды жіктеуде батыс әдебиеттерінде көбінесе мынадай үш қағиданы басшылыққа алады:

1) Бірдей белгілері бойынша ажыратылатын аймақтар. Мұнда әрқайсысының жеке құбылыстары ешқандай жіктелуге келмейтін тарап ретінде ескеріледі (мысалы, белгілі бір тіп-тік баурай бөлімшесі немесе экономикалық географиядағы қызылша егу зонасы). Мұндай аймақтарды кейде қарапайым деп атайды.

2) Бірнеше белгілері бойынша ажырылатын аймақтар. Олар алуан түрлі құбылыстардың үйлесуін немесе бірігүін көрсетеді. Оларға физикалық географиядағы климаттық, гидрографиялық, топырақтық, биотикалық және басқа факторлары ескеріліп, бөлініп көрсетілетін ландшафтты аймақтар мысал болады. Бұл

карастырылатын территория адамзат әрекетінің жиынтығын қамтитын «курделі» аймақтар деген атауга ие болды. Оларда территорияның табиғи және қоғамдық индикаторлары арасында тығыз өзара байланыс байқалады. Мұндай аймақтарға мәдениетарихи аймақтар мысал бола алады.

Кейбір географ ғалымдар кешенді факторларды ескере отырып, көптеген элементтерді талдап қорытындылауда тұжырымдардың дұрыстығы не анықтығы жоғалуы мүмкін деп сын тұрғысынан қарайды.

Гуманитарлық (әлеуметтік-экономикалық) географияда негізгі, торапты аймақтарға әкімшілік облыстары, орналастыруға ықпал ететін салалар, тұрмыс зонасы және өндіріс орындардың шикізат зоналары, почта бөлімшелері, емханалар, мектеп, т.с.с. жатады.

**Физикалық-географиялық аймақтар.** Жер бетінің физикалық-географиялық аудандастырудығы кездесетін қыншылықтардың бірі зоналық және зоналық емес белгілерді бір мезгілде ескеру болып табылады (Зоналық компоненттерге - климат, топырақ және өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемі; ал зоналық емес компоненттерге – тау жыныстарының геологиялық құрылымы және петрографиялық құрамы жатады). Көбінесе отандық физикалық географияда физикалық-географиялық атаулардың түрлері қолданылады:

1) *физикалық-географиялық мемлекет ел* даму тарихының жалпылығын сипаттайтын, геологиялық құрылымының бірлігімен анықталатын (мысалы, Шығыс-Еуропа жазығы, Батыс-Сібір жазығы, Орал және т.б.), аудандастырудың өте ірі бірлігі (материктер мен мұхиттарды, табиғи белдеулер мен зоналарды есептемегендे);

2) *физикалық-географиялық облыс палеогеографияның төрттен бір кезеңін* және келесі жағдайларды ескеру; онда геологиялық құрылым және неотектоника, мұздықтану әсері, теңіздік төрттік трансгрессия, денудация үдерісі, вулкан атқылау және т.б. бейнеленеді (мысалы, Шығыс Еуропа жазығының қырышық тасты ойпаты);

3) Облыс ішінде бөлінетін жеке физикалық-географиялық аймақ (немесе аудан),;

4) ландшафт табиғи-аумақтық мезокешен, мезоденгейде бөліну көбінесе зоналық негізде, биоклиматтық белгілердің ортақтығын, жылу мен ылғалдың біртилті жағдайда үйлесімділігін ескереді және т.б.

Жеке ландшафт шегінде олардың литогендік негізінің сипатына

қарай тағы да шатқал, ескі мекен, меже деп аталатын морфологиялық физикалық-географиялық бірліктерге бөлінеді.

Бөліну шарттарына қарай, сонымен бірге оларды құрайтын элементтердің тұтастығы мен өзара байланысына қарай физикалық-географиялық микрораймақ ретінде қарастыруға болады.

Аймақ және аймақтану. Аймақтану белгілі бір аймақтың экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа мәселелерін шешуді қарастыру тәсілі ретінде анықталады.

**Әлемнің мәдени-тарихи аймақтары.** Жер шарын алуан түрлі аймақтарға түрлі болуға болады. Мәселен, әлемді Ескі және Жаңа дүниеге болу ежелден қарастырылған. Ескі әлем үш белгілі белімнен тұрған – Еуропа, Азия, Африка, ал Жаңа әлем белімі –Америка болып танылған.

Азия мен Африканың көптеген елдерінде этноұлттық мәселелер оның қазіргі заманға сай дамуының басымдылығы болып табылады. Сондықтан этникалық шиеленіс туралы айтылмайды. Құбылыс тұлғааралық қатынас және адамның рухани дүниесінің тереңірек белгілеріне ие. Жердің бұл белгінің этникалық сипаты миллиондаған адамдардың қарсылығына қарамастан жасанды құрастырылған. Мысалы, мұндай жағдайлардың бірі аймақтануға қатысты: күрді этносы - әлемдегі ірі, бірақ өзінің мемлекеті жоқ. Күрділердің бүкіл әлемге «орналасқаны» белгілі, бірақ көп мөлшерде Оңтүстік-Шығыс Туркияның, Солтүстік-Батыс Иранның, Солтүстік-Шығыс Ирактың және Солтүстік-Шығыс Сирияның (көбінесе Солтүстік-Батыс) таулы аймақтарына тығыз орналасқан. Осы фактіге байланысты тұтас этникалық аймақтың бар екендігі отандық әдебиеттерде Түркиялық, Ирандық, Ирактық және Сириялық Курдистан деп бөлінеді.

Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің бұрыннан келе жатқан мәселелерінің бірі қытай ұлттының хуацяо аймағы. Филиппиндері қытай қауымы 600 мың адамды, Малайзияда 6 млн. құрайды. Бұл сандық көрсеткіштер - шартты. Егер филиппиндіктердің 1/4 «қытай қаны» деп есептесек, онда қытай диаспорасының саны бірнеше есеге көбейеді (Филиппинде католик шіркеуінің жетекшісі кардинал Син, бұрынғы президент Корасон Акино, т.б.).

Жалпы алғанда хуацяо бірдей монолитты құрамайды (бұлар әлеуметтік шығу тегі әртүрлі, идеологиялық, мәдени және діни бағдары сан алуан), олар Азияның көптеген елдерінде бизнес саласында елеулі рөл атқарды, кейде сауданы бақылайды. Бұл «этноұлттық шиеленісті» тудырады, қоғамның аймақшілік бөлшектенуіне алып келеді.

Накты өмірде мемлекеттің бөлінуімен қатар өзіндік ерекшелігі бар интернационалдық аймақтар кездеседі, атап айтқанда Батыс Еуропа, Таяу Шығыс, Үндікытай, Вест-Индия, тропиктік Африка және т.б. Мұндай ірі аймақтар оларда орналасқан халықтың тарихи тағдырының, табиғи жағдайының, мәдениетінің белгілі ерекшелігімен, кейбір қауымның шаруашылық мамандарынының және т.б. біршама ұқсастығымен сипатталады.

Әрине, мұндай аймақтар ішкі бірліктердің алуан түрлі дәрежесімен ажыратылады. Олардың бірі (мысалы, Батыс Еуропа) саяси, мәдени және шаруашылықта қатысты тұтастықты құраса, үлкен бірлік ретінде (мысалы, Тропиктік Африка) мәдени және әлеуметтік-экономикалық даму жолында үлкен айырмашылықтары бар.

Сонда тарихи-мәдени аймақтардың ішкі интеграциясының дәрежесі көптеген факторларға, ең алдымен тарихи жағдай мен тағдырына, өркениеттік құрылым типіне, этникалық үдерістерге, экономикалық байланыс бағыттарына, көлік жолының дамуына және табиғи барьердің орналасуына (биік таулар, теңіздер, т.б.).

Қазіргі дәүірде осындай аймақтарды «қалыптастырудар» мемлекеттің экономикалық ынтымақтастықты, ортақ базарды, бірегей экономикалық кеңістікті, ортақ валютаны құру ерекше рөл аткарады. Мысалы, Африка немесе Мұхиттың аралдар елдерінде нақты экономикалық интеграцияның жоктығы, бұл аймақтар халықтарының географиялық бытыраңқылығын көрсетеді.

Мәдениет пен өркениет: **географиялық түсініктеме**. «Мәдениет» пен «өркениет» ұғымдарының ғылыми түсініктемесінің алуан түрлілігіне қарамастан, бұл феномендер қазіргі әлемнің аумақтық жіктелуіне зор ықпалын тигізеді.

Сондықтан мәдениет қана әлемдік «саяси тұрақтылықты» ұстауда және салқыннатуға қабілетті.

«Өркениет» ұғымы алғаш Францияда күнделікті түрмисқа енді. Содан бері ұғым ғылыми әдебиетке (шотландық тарихшылар мен философтар) енгізіліп, оның мағынасы елеулі өзгерді. Белгілі бір уақытқа дейін ол «мәдениет» сөзінің синонимі ретінде қолданылып, оның мазмұны кеңірек анықталады бастады.

Өркениеттің әрқайсысы өзінің қайталанбастиғымен (жапондық өркениет; батыстық өркениет: европалық және солтүстік американдық; ислам өркениеті – арабтық, түріктік және малайлық), өзіндік ерекшелігімен және тек соған тән ішкі құрылыммен ажыратылады.

Қарым-қатынас үдерісінің қазіргі тамаша көріністерінің бірі –

адамзаттың мәдени байланыстарының алуан түрлілігі болып табылады.

ХХ-XXI ғғ. арасында адамзатты қоршаған орта мен қоғамда қарқынды өзгерістер болды. Бұтінде экономикалық байланыстар араласуда, жаһандық коммуникация жүйесі мен бұқаралық ақпарат күралдары кеңейіп, әртүрлі ұлттық және халықаралық бағдарламалар шеңберінде мәдениет құндылықтарының алмасуы кеңіді. Халықтар тағдыры бір бүкіл әлемдік тағдырға тоғысуда.

Кейір батыс ғалымдары осыған байланысты «әлем тәуелсіздіктен асты» деген көзқарастарын айтады. Шындығында, жыл сайын мелекет көптеген әлемдік қауымдастыққа (көбінесе, БҰҰ) өкілдікті делегат етіп жібереді. Бірақ мемлекеттің әлемдік интеграция үдерісіндегі тұрақтандыру және бағыттау құші кемімей, одан да күшейді.

**Мәдени-тариҳи аймақты құрудың көпбаспалдақты қағидасы.** Әлемнің көптеген ірі мәдени-тарихи аймақтары құрылымының көпбаспалдақтылығымен ажыратылады, ол **Батыс Еуропаның «классикалық» ұлгісінде жақсы көрінеді**. Онда Оңтүстік, Орталық, Солтүстік Еуропа және Британ аралдары дәстүрлі ажыратылады. Олардың кейбіреулері шекарасындағы аз рангтегі аймақтарымен ажыратылады, мысалы, Скандинавия немесе Бенилюкс елдері. Өз кезегінде көптеген мемлекеттер ішінде өзінің локалды «мәдени-тарихи ошақтары» бар. Мысалы, Ұлыбританияға алдымен Шотландия мен Уэльсті, Францияға - Лотарингия, Эльзас, Бретань, Корсик, Бургундия, Прованс, Лангедок және т.б.; Германияға - Бавария, Тюриңгия, Саксонию-Анхальт және т.б.; Испанияға - Басков, Андалузию, Кастилию, Каталония және т.б.

Шетелдік Азияны мынадай қалыптасқан аймақтарымен зерттейді, мысалы, Оңтүстік-Батыс Азия, Оңтүстік, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия. Кеңес Қодағының ыдырауы Орталық Азияның құрамында Өзбекстан, Тәжістан, Қыргызстан, Қазақстан және Түркменстанның «пайда болуына» алып келді.

Америка елдерін негізінен аса көп немесе аз тұтасқан аймақтардың бар екендігін ескере отырып зерттейді, мысалы ағылшын тілді Америка (АҚШ және Канада) және Латын Америкасы (құрамында аз рангты аймақтар бар: Мексика, Орталық Америка және Вест-Индия, Анд елдері мен Амазонка бассейні мемлекеттері және Ла-Плата ойпаты).

**Африка құрамында Солтүстік Африкалық аймақ** (континенттің қалған мемлекеттеріне қарағанда Оңтүстік-Батыс Азиядағы исламға

ұмтылатын) және Сахарадан оңтүстікке қарай Африка (құрамында Батыс, Шығыс, Орталық және Оңтүстік Африка).

Кейір мемлекеттер бірмезгілде екі және одан көп мәдени-тарихи аймақтарға жатқызылады. Мысалы, Египет солтүстікафрикалық, таяушығыс, орташығыс және араб мемлекеттері болып табылады (Таяу Шығыс Оңтүстік-Батыс Азия, Солтүстік Африка және Еуропа тоғысын құрайды, ал Иран мен Ауғаныстанның жынытығы Орта Шығысты құрайды).

**Аймақтардың шекарасы.** Ғылымда аз зерттелінгеннің бірі – географиялық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, экономикалық, ақпараттық және кеңістіктік аймақтар типтері арасындағы шекаралар саласын зерттеу. Соңғы жылдардағы регионалистердің шекаралық коммуникативтілікті жете ұғынуға назар аударуы, бұл ғылыми бағыттың болашағын көрсетіп, нәтижелер берді. Бұл нәтижелер егер дайындаушылар гуманитарлық география мен философияның, мәдениет морфологиясы, этнология, экономика және т.б. түйісіндегі пәнаралық зерттеулерге назар аударса, маңызды болар еді.

Географиялық картаға жер бетінің кез келген бөлігін (яғни, аймақтарды) енгізуде белгілі бір шектеу белгілерінің көмегімен бөлудің қажеттілігі туындаиды.

Шекара сзызығының сипаты бір шеттегі не тұтас немесе үзік-үзік территория екендігіне де байланысты. Адамдар іс-әрекетінен пайда болған аймақтар арасы табиғимен салыстырғанда айқын болады. Бұл жерде сзызықтық сипаттағы саяси және әкімшілік шекаралар классикалық үлгі ретінде болады. Мәдени ландшафттардың аса не аз шекаралары сол уақытта шекара ретінде, мысалы, табиғи геоботаникалық аймақтардан айқындылығымен ажыратылмайды. Мысалы, тайга тундраға айналады, орманды тундраны бөліп көрсетудің қажеттілігі туындаиды. Өз кезегінде дала орманмен орманды дала арқылы жиі біріге бермейді.

«Орталық Еуропа», «Шығыс Еуропа», «Орталық Шығыс», «Орталық Азия» және т.б. ұғымдар айналысындағы талас-тартыс үлгілерін көптеп келтірге болады. Аймақ шекарасымен байланысты екі жағдай ажыратылып алынады: бірі - өзінің нақты сзызығын немесе «шашыраңқы ауыспалы жолақты» көрсететін шекараның сипаты; басқасы – картадағы кескінді бөлу тәсілі. Манызды емес масштабта картограф жүргізген сзызықтың қалындығы нақты шекара-зонада кең, оның ақиқаттығын көрсетеді. Сондықтан аймақ шекарасының жалғыз белгісі бойынша бөлінуі картаны бейнелеуіне

нақты сай келеді (картадағы сыйықтың қалындығының ауыспалы зонаның енімен сәйкес келуі жағдайында), аймақты шекарадан белініп көрсетілген белгілер жиынтығы бойынша ажыратып тұрады. Соңғы жағдайда, егер оның пайда болған «дербес» сыйығы сай келсе, аймақтың шекарасы нақты болады.

Мәселен, өркениеттің қарама-қайшылықтары екі деңгейде орын алады: локалды және ғаламдық, жаһандық. Көрші өркениетаралық аймақтар халықтарының микроденгейінде «шекаралық энергетикамен ауру» территорияны таластырады және өзінің мәдени дәстүрін керемет деп есептеуге алып келеді. Әртүрлі өркениетке жататын мемлекеттің ғаламдық, жаһандық деңгейінде әскери және экономикалық салада кикілжіндері жалғасып, барлық күштермен өзінің рухани және діни құндылықтарын көрсетеді.

Сонымен болашақтағы аймақтандырудың өзегі ретінде қозғалмалы және өзгермелі, идеологиялық, саяси немесе экономикалық мәдени сипаттамалар елеулі рөл атқарады. «Мәдениет» ұғымы тіл, дін, экономика және басқа да өлшемдерді қамтиды. Ірі мәдениетарихи аймақтар ішінде кіші рангтегі аймақтар бар.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары**

1. «Аудан» және «аймақ» екі жақын ұғымдардың кеңінен қолданылуы немен байланысты?
2. Қандай да бір ғылым саласындағы аймақтық бірліктердің бірбіrine тәуелді болуы неліктен?
3. «Аймақтану» ұғымында қандай мағына жинақталған?
4. «Аймақты қалыптастыру» және «аймақтың құрылуы» екі ұғымының арақатынасы қандай?
5. Әлемді мәдени-тариhi аймақтандырудың мәні неде?
6. «Мәдениет» пен «өркениет» ұғымдарын қалай шектеуге болады?
7. Аймақтарды бөліп тұратын шекаралардың көпшілігі кездейсоқ алмасуы неліктен бейнеленбейді?

## **2-ТАҚЫРЫП.**

### **ЕЛТАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

#### **2.1 Елтанудың негізгі бағыттары мен зерттеу әдістері**

География ғылымының зерттеу әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, елтанудың мынадай басты бағыттарын ажыратуға болады:

*Фылым саласындағы елтану* – белгілі бір аймақтың географиялық ерекшелігі мен проблемаларына жан-жақты талдау жасайды.

*Білім беру бағытындағы елтану* – мектеп географиясында, жоғарғы оку орындарында әртүрлі саладағы географ мамандарды дайындауда, жалпы адамзаттың мәдениетін қалыптастыруға қатысады;

*Болжасу және конструктивтік елтану* - әртүрлі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының жобалары мен ұзақ уақыттық бағдарламаларын қамтиды.

*Мәдени-агартуышылық бағыттагы елтану* – дүниежүзінің географиялық бейнесімен, әртүрлі елдердің географиялық ерекшеліктерімен, этномәдениетімен, саяси және экологиялық жағдайларымен таныстырыу.

Аймақтарға немесе елдерге елтану бағытында сипаттама беруде мынадай қағидаларға басты назар аударылады:

1) Елдер туралы жалпы мәліметтер;

2) Елдердің типтері мен олардың даму бағыттары;

3) Белгілі бір аумақтардың жалпы және жеке мәселелері.

Елге елтану бағытындағы сипаттама берудің негізгі бағыттары мынадай бағыттарда қарастырылады:

- елдің немесе аймақтың басты ерекшелігі;

- елдің аумағы, географиялық орны мен геосаяси жағдайы;

- тарихи-географиялық даму кезеңдері;

- табигат жағдайы мен табиги ресурстары, оларды пайдаланудың жолдары;

- халқы және мәдениеті, тұрмыс-салт дәстүрі;

- шаруашылығы

- қоныстану ерекшеліктері;

- аудандарға бөлінуі және олардың басты ерекшеліктері;

- қоршаған ортаны қорғау шаралары;

- аймақтың даму болашагы.

Елтану бағытын зерттеуде география ғылымдарының барлық ғылыми әдістері кеңінен қолданылады:

Салыстырмалы-географиялық әдіс арқылы аумақтар мен аймақтардың, елдер мен аудандардың әркелкілігі анықталып, зерттеледі. Соның ішінде осы нысандардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары салыстыру әдісі арқылы анықталынады. Әсіресе, аумақтардағы елдердің белгілі бір ортақ ерекшеліктері басшылыққа алынады. Мысалы, Еуропа дүние бөлігі, Азия дүние бөлігі және т.б.

Дүниежүзін аймақтарға бөлу шартты түрде жүргізіледі. Ежелгі грек ғалымдарының еңбектерінде Скифия, Месопотамия, Эфиопия, Иддирія, Фессалия және т.б. аймақтарды тарихи-ерекшеліктеріне қарай жіктеген. Ал, суропалықтар әлемді Ескі Дүние (Еуропа, Азия, Африка) және Жаңа Дүние (Америка) деп бөлген.

Қазіргі кезде дүниежүзі бірнеше аймақтарға бөлінеді:

- Ірі аймақтар (Азия, Еуропа, Африка, Америка, Австралия және Мұхиттық Аралдар);

- Шағын аймақтар (Солтүстік, Орталық, Оңтүстік Америка, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс, Орталық және Шығыс Азия, Солтүстік Африка, Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка және т.б.);

- Аймақшалар (Солтүстік, Оңтүстік, Батыс, Шығыс, Орталық Еуропа және т.б.).

Ірі аймақтар - дүние бөліктері деп аталады. Әрбір ірі аймақтар өздеріне тән алуан түрлі табиғат жағдайлары мен табиғи ресурстарымен ерекшеленеді. Соған орай, әр аймақтағы қоныстанған тұрғындардың тіршілігі, өмір сүру жағдайлары мен шаруашылық әрекеттері алуан түрлі болып, өздерінің тіршілік ортасына қарай бейімделеді.

Азия дүние бөлігінің әлемдегі алатын орны ерекше. Өйткені табиғат жағдайлары алуан түрлі, жер бедерінің ең биік және ең төмен нүктелері орналасқан таулы-қырлы, жазықты-ойпатты жерлерінде ежелден халықтар қоныстанып мекен еткен. Азияда әлем халқының ең көп қоныстанған бөлігі (4 млрд 157 адам) болып саналады.

Азияның саяси картасында 40-тан астам егеменді мемлекеттер бар. Азия – ежелден адамзаттың мекен еткен ошақтарының бірі, егіншіліктің, қолдан суарудың, қалалардың, көптеген мәдени орталықтардың бірі. Сонымен қатар, Азияда әлемдік діндер, рухани мәдениет ошақтары ежелден қалыптасқан.

Еуропада жер бедері алуан түрлі, табиғат жағдайы адам өмір сүруіне колайлы аймақтардың бірі болып саналады. Елдердің

көпшілігі теніз жағалауында немесе аралдар мен түбектерде орналасқан. Бұл аймақтағы халық саны 739 млн адамды құрайды. Мұнда саяси-тарихи, экономикалық және мәдени қатынастарымен тығыз байланысқан 40-тан астам егеменді мемлекеттер орналасқан. Аймақтың табиғат жағдайы шаруашылықты дамытуға аса қолайлы. Әсіресе, табиғи-тынығу қорлары мол, әрі алуан түрлі.

Шағын аймақтарға табиғаты, тарихи-мәдени даму сипаты, тағы басқа ішкі айырмашылықтары негізінде ажыратылатын аймақтар жатады. Шағын аймақтарды Еуропа мысалында қарастыруға болады.

Солтүстік Еуропа елдері негізінен, түбектер мен аралдарды алып жатыр. Сондықтан табиғат жағдайларына, халқының қоныстануына, шаруашылығының мамандануына теңіздің әсері үлкен. Еуропа жерінің 17 пайызын алғанымен, табиғат жағдайының ерекшелігіне байланысты халық сирек қоныстанған. Аймақтың теніз жағалауында жатуы – балық аулаумен, ежелден теңізде жүзумен байланысты болған. Сонымен қатар, су ресурсы мен орман ресурсының қорының молдығымен ерекшеленеді.

Оңтүстік Еуропа – үш дүние бөлігін жалғастырып жатқан аймақ. Осы аймақтағы елдер Жерорта теңізіне сұғына еніп жатқан Пиреней және Балкан түбектерін алып жатыр. Ежелден бұл аймақ адамзат өркениетінің ошағы болған. Ежелгі Грекия мен Рим өркениеті да-мып, Ұлы географиялық ашылуларға себепші болған.

Аймақшалар. Аймақтардағы географиялық орны, табиғат жағдайы және табиғи ресурстары алуан түрлі болып келетін, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне қарай ажыратылатын, өзіне тән өзгешешілігі бар аймақтың бір бөлігін аймақшалар деп атайды.

Дүниежүзін аймақтарға бөлудің әртүрлі үлгілері бар. Қазіргі кезде географ ғалымдар дүниежүзін жиырма аймаққа, геотарихи аймақтарды он үшке бөліп көрсетеді. Дүние бөліктері – Еуропа, Азия, Африка, Америка, басқа аймақтар болып жіктеледі.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары**

1. Елтанудағы негізгі бағыттарды атаңдар.
2. Елтанудағы зерттеу әдістерінің маңызы қандай?
3. Дүние бөліктері қандай аймақтарға бөлінеді?
4. Еуропа және Азия дүние бөліктерінің алатын орны қандай?

## **2.2. Елдерге елтану бағытында сипаттама беру әдістемесі**

Елтану бағытында елдерге сипаттама беруде сипаттау, түсіндіру, болжай сияқты басты әдістер көнінен қолданылады. Елдерге сипаттама беру барысында географияғының мәліметтеріне сүйену арқылы синергетикалық әдіс (грекше синергия «ынтымақтастық» деген мағына береді) қолданылады. Елтану бағытындағы сипаттаманың мағынасы өте күрделі болып келеді.

Қазіргі кезде дүние бөліктерін аймақтарға бөлудің әмбебаптық, өркениеттік, мәдени-тариҳи, геотарихи жіктеу үлгілері бар.

Әмбебаптық жіктеу бойынша дүние бөліктерін аймақтарға бөлу:

Еуропа: Батыс Еуропа, Солтүстік Еуропа, Оңтүстік Еуропа, Шығыс Еуропа, Британ аралдары;

Азия: Таяу Шығыс, Орта Азия, Оңтүстік Азия, Шығыс Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия;

Африка: Сахаралық Африка, Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка;

Америка: Солтүстік Америка, Орталық Америка, Оңтүстік Америка;

Басқа аймақтар: Ресей, Австралия және Жаңа Зеландия, Тынықмұхит аймағы, Полюстер.

Өркениеттік жіктеу бойынша дүние бөліктерін аймақтарға бөлу:

Еуропа: Батыс Еуропа, Орталық-Шығыс Еуропа;

Азия: Еуразиялық Ресей, Оңтүстік Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Шығыс Азия;

Африка: Орта Шығыс пен Солтүстік Африка, Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка;

Америка: Солтүстік Америка, Латын Америкасы;

Басқа аймақтар: Австралия.

Мәдени-тариҳи жіктеу бойынша дүние бөліктерін аймақтарға бөлу:

Еуропа; Батыс Еуропа;

Азия: Посткенестік аймақ, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия; Оңтүстік-Батыс Азия;

Африка: Солтүстік Африка, Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка;

Америка: Ағылшын-саксондық Америка, Латын Америкасы;

Басқа аймақтар: Австралия және Мұхиттық аралдар

Геотарихи жіктеу бойынша дүние бөліктерін аймақтарға бөлу:

Еуропа: Батыс Еуропа, Шығыс Еуропа;

Азия: Ресей, Алдыңғы Азия және Балқан, Оңтүстік Азия, Үнді-  
Қытай және аралдық Азия, Шығыс Азия, Орталық Азия, Таяу  
Шығыс;

Африка: Солтүстік Африка, Сахарарадан оңтүстікке қарайғы Аф-  
рика;

Америка: Ағылшын-саксондық Америка, Латын Америкасы;

Басқа аймақтар: Австралия және Мұхиттық Аралдар.

Сонымен қатар, аймақтарды сипаттаудың қандай әдістері қолданылады?  
жағдайының басты ерекшеліктері, тарихи дамуы, халқының  
қоныстануы мен шаруашылығының орналасу ерекшеліктері  
ескеріледі.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары**

1. Елтану бағытында сипаттаудың қандай әдістері қолданылады?
2. Әмбебаптық жіктеу түрлеріне мысал келтір.
3. Өркениеттік жіктеу дегеніміз не?
4. Мәдени-тарихи, геотарихи жіктеу үлгілеріне анықтама  
беріндер.

## **2-БӨЛІМ.**

### **ДҮНИЕ БӨЛІКТЕРІНЕ АЙМАҚТЫҚ ШОЛУ**

#### **3-ТАҚЫРЫП. ДҮНИЕЖҰЗІ АЙМАҚТАРЫНЫң БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

##### **3.1 Дүние бөліктерінің аймақтарға жіктелуі**

**Саяси картаның мазмұны.** Дүниежүзінің саяси картасында елдің әлемдегі орны, саяси-әкімшілік құрылымы бейнеледі. Сонымен қатар саяси картада басты саяси-географиялық өзгерістер: жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, елдердің саяси мәртебесінің ауысуы, шекаралары мен аумағының, ел атауы мен астанасының өзгеруі және т.б. көрініс табады. Дүниежүзінің саяси картасындағы заңдылықтар мен өзгерістерді географияның саяси география деп атаптатын саласы зерттейді. Мазмұны жағынан бір қарағанда қарапайым болып көрінетін саяси картада, әдетте, мемлекеттер мен олардың шекаралары, әкімшілік-аумақтық жіктелуі, астанасы мен ірі қалалары бейнеленеді. Мұның негізінде дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылымы мен басқару үлгілерінің таралу заңдылықтарына, мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарға, сондай-ақ мемлекеттік шекараларды анықтау мен халықтың қоныстануына байланысты болатын аумақтық қақтығыстарға қатысты күрделі мәселелер жатыр. Дүниежүзінің саяси картасы тарихи кезеңдерде үдайы өзгеріске түсуде. Оған әртүрлі факторлар ықпал етеді.

**Саяси картаның қалыптасу кезеңдері.** Дүниежүзінің қазіргі заманғы саяси картасының қалыптасуына қатысты оқиғаларды шартты түрде Жаңа (XVII ғасырдан Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін) және Ең жаңа кезең (Бірінші дүниежүзілік соғыстан бүгінгі күнге дейін) деп аталатын екі дәүірге топтастырады. Еуропалықтардың отарлау әрекеттері XV ғасырда португалдардың Солтустік Африкадағы аса маңызды сауда және көлік қатынасы орталықтары болып табылатын Сеута және Мелилья қалаларын жаулап алудын басталды.

Еуропалық отарлау кезеңі Жаңа Дүние мен Ескі Дүниенің көптеген аумактарын қамтыды. Еуропадағы жетекші мемлекеттердің жаңа жерлерді бөлісуі және ықпал ету аумактарын экономикалық, саяси жағынан басқару сипаты дүниежүзінің

саяси картасының едәүір өзгеріске түсінue алып келді. Осы өзгерістерге сәйкес, мемлекет құрылымы мен оны баскарудың жаңа формалары пайда болды. Біраз уақыт аса ірі отар иеленуші мемлекеттер-метрополиялар (грекше metropolis – кала) болып есептеліп келген Испания мен Португалияның қатарына кейіннен Ұлыбритания, Франция, Нидерланд, Германия келіп қосылды. Осылайша Америкада, Африка мен Азияда отарлық аумактар пайда болды. Мысалы, XX ғасырдың басына қарай отарлық иеліктер Африка жерінің 90%-ын, Азия аумағының 56%-ынан астамын, Америка жерінің 27%-ын алып жатты. XIX ғасырдың басында Латын Америкасында басталған ұлт-азаттық қозғалыс нәтижесінде Эквадор (1809 ж.), Колумбия (1810 ж.), Венесуэла, Парагвай (1811 ж.), Аргентина (1816 ж.), және т.б. жаңа тәуелсіз мемлекеттер қалыптасты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында дүниежүзіндегі жетекші метрополиялар арасында ықпал ету аймақтары үшін күрес шиеленісе түсті. Соның салдарынан әлемді Бірінші дүниежүзілік соғыстың орті шарпыды. 1914-1918 жылдар аралығында болған Бірінші дүниежүзілік соғыста Антанта (Англия, Франция және Ресей) мен Уштік одақ (Германия, Австрия-Венгрия, Италия) елдері бір-біріне қарсы соғысты. 1915 жылы Италия Уштік Одақтан шығып, Антантаға қосылды. Соғыс мемлекеттік шекараларды қайта орнатып, отарларды қайта бөліске салу мақсатынан келіп туындалды.

Жалпы алғанда, бұл соғысқа дүниежүзінің 38 мемлекеті (оның 34-i Антанта жағында соғысты) қатысты. Бірінші дүниежүзілік соғыстан соң болған ірі оқиғалар қатарына 1917 жылғы Қазан революциясы нәтижесінде Ресейде мемлекеттік құрылым мен басқару жүйесінің түбекейлі өзгеруі, Австрия-Венгрия монархиясы мен Осман империясының ыдырауы, Германияда монархияның құлатылуы және үкімет басына фашистердің келуі, Еуропада мемлекеттік шекаралардың өзгеруі жатады.

Дүниежүзінің саяси картасында КСРО, Чехословакия, Ирландия, Исландия, Ватикан сияқты жаңа мемлекеттер пайда болып, Финляндия, Польша, Балтық бойы елдері тәуелсіздігін жариялады. Бұл кезеңде Африкада тәуелсіз мемлекеттер қатары (Египет, Эфиопия, Либерия, ОАР) санаулы ғана болды.

Дүниежүзінің қазіргі заманғы саяси картасының қалыптасуында Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы мен одан соң болған маңызды өзгерістер, XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы отарлық жүйенің күйреуі, 80-90 жылдарындағы социалистік жүйенің ыдырауына

байланысты оқиғалар айрықша рөл атқарды. 1939-1940 жылдары Балтық бойы елдері мен көршілес аумақтарды қосып алу есебінен КСРО аумағы кеңейе түсті.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Польша, Югославия, Греция аумақтары бөліске түсіп, Германия Еуропаның көптеген елдерін басып алды. Соғыста жеңіліске ұшыраған Германияның, сондай-ақ Италияның, Югославияның Польша мен КСРО-ның мемлекеттік шекаралары өзгеріп, саяси картада Югославия Федеративтік Республикалар Одағы (ЮФРО), ГФР мен ГДР мемлекеттері пайда болды. Румыния, Болгария, Венгрия, Финляндияның соғысқа дейінгі шекаралары қалпына келтірілді. Шығыс Еуропада пайда болған социалистік мемлекеттер біртұтас блокқа бірікті. Еуропада осы жылдары басталған шекараларды қалпына келтіру жұмысы қазірге дейін жалғасын табуда.

Дүниежүзінің саяси картасының объектілері. Дүниежүзінің қазіргі саяси картасының объектілері қатарына мемлекеттік мәртебесі жарияланған және жарияланбаған 267 ел мен аумақ жатады. Оларды басты екі топқа: 1) мемлекет мәртебесі жарияланған, халықаралық деңгейде танылған тәуелсіз мемлекеттер; 2) дербес басқару мәртебесіне ие болмаган тәуелді аумақтар деп екіге бөледі. Олар бір-бірінен жерінің ауданы, халық саны, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарай айырмашылық жасайды.

### **3.2 Қазіргі дүние елдерінің көп түрлілігі**

**Елдердің типтері.** Қазіргі кезде жекелеген елдер мен аймақтар әлемдік экономикада алатын орны жөнінен бір-бірінен үлкен айырмашылық жасайды. Сондықтан елдердің нақты әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін салыстырып, сипаттауда сандық көрсеткіштер жүйесі кеңінен пайдаланылады. Жеке елдің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін сипаттауда: ел экономикасының типі, жерінің ауданы және оның игерілу деңгейі, халқының саны мен еңбек ресурстарының күрылымы, жалпы жиынтық өнімнің көлемі мен құрылымы, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы, елдің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны сияқты маңызды көрсеткіштердің жиынтығы қолданылады.

Елдердің жиынтық ішкі өнімнің көрсеткіштері:

Алдыңғы қатарлы елдер	ЖІӨ көрсеткіші, АҚШ долл.	Мешеу елдер	ЖІӨ көрсеткіші, АҚШ долл.
Люксембург	71 400	Мадагаскар	900
БАӘ	49 700	Ауганстан	800
Норвегия	46 300	Бурунди	700
АҚШ	44 000	Сомали	600
Дания	3 700	Малави	600

**Елдердің типтері.** Елдердің экономикалық даму деңгейіне, әлемдік экономикадағы орнына қарай экономикасы дамыған елдер, өтпелі экономика тән елдер және дамушы елдер деп үлкен үш топқа бөледі.

Экономикасы дамыған елдер тобын: жоғары дамыған елдер Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері және «қоныс аударған капитализм» елдері деп жіктеледі. Жоғары дамыған АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия, Ұлыбритания және Канада сияқты елдер әлемдік экономиканың Еуропалық, Америкалық және Азиялық атты басты орталықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл елдер арасында соңғы жылдары, әсіресе Жапонияның даму қарқыны айрықша қөзге түседі, ол қазіргі кезде аса ірі халықаралық қаржы және өнеркәсіп орталығына айналған.

Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері экономикасының даму деңгейінің ғана емес, халықтың әл-ауқатының да жоғары болуымен және саяси жағдайдың тұрақтылығымен ерекшеленеді. Әлемдік экономикада өзіндік орны бар бұл елдердің ЖІӨ құрылымында банк қызметі мен туризмнің үлесі едәуір жоғары.

Бұрын Ұлыбританияның отары болған Австралия Одағы, Израиль, Жаңа Зеландия және Оңтүстік Африка Республикасы «қоныс аударған капитализм» елдері болып табылады. Экономикасының даму ерекшелігіне байланысты бұл топқа жоғары дамыған елдер қатарына енетін Канаданы да жатқызуға болады. Аталған елдердің экономикасында әлемдік деңгейдегі экономика алпауыттары жетекші рөл атқарады. Басқа дамыған елдерге қарағанда бұл елдерде тау-кен өнеркәсібінің үлесі жоғары, экспортында шикізат пен ауылшаруашылық өнімдері басым.

Өтпелі экономика тән елдер тобын кезінде социалистік даму жолында болған елдер (Шығыс Еуропадағы және бұрын КСРО құрамында болған елдер, Қытай, Монголия, Вьетнам,

Лаос, Куба) құрайды. Экономиканың өтпелі сипаты бұл елдерде айқын көрінеді; оларда орталықтан жоспарланатын социалистік экономикадан нарықтық экономикаға өту жүзеге асырылуда. Дамушы елдер тобын саны жағынан көп, өте ала-құлалығымен ерекшеленетін елдер құрайды, олардың барлығы дерлік Азияда, Африка мен Латын Америкасында орналасқан. Бұл елдерге экономиканың көпсалалылығы, әлеуметтік және аумақтық айырмашылықтар, халықаралық еңбек бөлінісінде шикізатты өндіру мен сыртқа шығаруға мамандануы, отарлық экономика сарқыншақтарының сакталып қалуы тән. Дамушы елдер экономикасының ала-құлалығы, әсіресе қазіргі заманғы индустриялық елдер мен әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан артта қалған мешеу елдер экономикасындағы айырмашылықтардан айқын көрінеді. Дамушы елдерді экономикасының ауқымына, халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнына, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты алты топшага жіктейді:

### **1-кесте. Елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері**

<b>Елдер топшасы</b>	<b>Құрамы</b>	<b>Ерекшеліктері</b>
Жетекші дамушы елдер	Қытай, Үндістан	Халық санының көптігі; арзан еңбек ресурстары; экономикалық әлеуеттің жоғарылығы; жан басына шакқандағы экономикалық көрсеткіштердің тәмен болуы; шаруашылық құрылымның күрделілігі; бай мәдени қор
Жаңа индустриялық елдер	Корея Республикасы, Малайзия, Сингапур, Тайвань, Тайланд, Филиппин, Бразилия, Мексика, Аргентина	Шетел инвестициясы мен жоғарғы технологиялар, арзан жұмыс күші есебінен экономикасының, әсіресе өнеркәсіптің жоғары қарқынмен дамуы

Плантациялық шаруашылық елдері	Гватемала, Гондурас, Коста-Рика, Куба, Никарагуа, Сальвадор, Доминика Республикасы, Гаити, Шри-Ланка	Агрономиялық жағдайлардың қолайлығы; шетел қаржысының басымдылығы; саяси жағдайдың тұрақсыздығы; халықтың әл-ауқатының төмендігі
Мұнай экспорттауышы елдер	Парсы шығанағы елдері, Ливия, Венесуэла және т.б.	Жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуы; жоғары технологиялардың енгізілуі; қаржы экспортты
«Жалға пәтер беруші» елдер	Мальта, Кипр, Бахрейн, Либерия, Багам аралдары, Барбадос, Панама	Халықаралық маңызды көлік жолдары тоғысында орналасуы; салық жenілдігі; қаржы және қызмет көрсету орталықтарының қалыптасуы
Даму деңгейі төмен елдер	Мұхит аралдары, Африка, Азияда орналасқан 48 ел	Экономикалық даму деңгейінің және жан басына шаққандағы табыстың өте төмендігі; табиғи өсудің жоғарылығы; аграрлық сектордың басымдылығы; әлеуметтік жағдайдың нашарлығы

Сонымен, қазіргі заманғы елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша елдердің типологиясы анықталынады.

## **4-ТАҚЫРЫП. ЕУРОПА ДҮНИЕ БӨЛІГІ**

### **4.1 Еуропа**

**Еуропа** – (гр. *Europa*, семит тілінің “эреб” – “батыс” сөзінен шыққан, *Еуразия* құрлығының батысын алып жатқан дүние бөлігі. Аумағы 10 млн. км<sup>2</sup> жуық.

**Географиялық орны.** Азиямен арадағы шекарасы шартты түрде алынған. Ол құрлықта Орал тауы, Жем өзенін бойлай Каспий теңізіне дейін, одан әрі Кума және Маныч өзендері бойымен Донның сағасына жетіп, Азов, Қара теңіздерге ұласады. Одан арғы шекарасы Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі, Дарданелл бұғазы арқылы өтеді. Еуропа солтүстігінде Солтүстік Мұзды мұхитпен және оның Кара, Баренц, Ақ, Норвег теңіздерімен, батысы мен онтүстігінде Атлант мұхитымен және оның Балтық (Балт) пен Солтүстік теңізі, Ирланд, Жерорта теңіздерімен қоршалған. Онтүстік-шығысында түйік Каспий теңізі орналасқан. Дүние бөлігінің құрлықтағы қыыр шеттері: солтүстігінде – Нордкин мұйісі ( $71^{\circ}08'$  с. е.), онтүстігінде – *Марроки мұйісі* ( $36^{\circ}$  с. е.), батысында – *Рока мұйісі* ( $9^{\circ}31'$  б.б.), шығысында – Байдарацқ кірмесіне таяу Полюстік Оралдың шығыс жақ етегі ( $67^{\circ}20'$  ш. б.).


**Саяси картасы мен мемлекеттер құрылымы.** Еуропаның саяси құрылымы тарихи кезеңдерде көптеген ірі өзгерістерді бастаң кешірді. Қазіргі саяси картасында 40-тан астам ел бар. Олардың басым көшілігі экономикасы жоғары дәрежеде дамыған жетекші елдер қатарына жатады. Бір ғана аумақтық иелік бар, ол Ұлыбританияның иелігіндегі Гибралтар. Шпицберген аралы Норвегияның әкімшілік округты, ал Фарер аралдары Дания құрамындағы әкімшілік аумақ болып саналады.

Еуропа елдерінің 3/4-i республика, тарихи себептерге байланысты 12 мемлекетте монархиялық құрылым сақталған. Барлық монархиялар (Ватиканнан басқасы) конституциялық монархия, олардың көшілігінде мемлекет басшысы король (королева); Монако мен Лихтенштейнде князь, Люксембургте герцог болып табылады. Республикалардың басым көшілілігі унитарлы мемлекеттер, ал федерациялық елдердің саны мен құрылымы жиі өзгерістерге ұшырап отырады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тек Австрия мен Швейцария ғана өздерінің бұрынғы шекарасы мен мемлекеттік құрылымын сақтап қалды. Кейінрек федерациялық құрылымға

Бельгия мен Испания да көшті. Саяси картадағы ең соңғы өзгерістер 90-жылдары болды. Чехословакия бейбіт жолмен екі республикаға бөлінді. Германия біртұтас ел болды. Югославия құрамасы ыдырап, оның құрамында Сербия мен Черногория республикалары ғана қалды. Бұрын Кеңестер Одағының құрамында болған европалық мемлекеттер егемендік алғып, белініп шықты. Аталған мемлекеттер ішінде тек Ресей Федерациясы ғана аумақтық тұтастығын сақтап қалды.

Экономикалық-географиялық жағдайы. Еуропа елдерінің экономикалық-географиялық жағдайы мынадай белгілерімен сипатталады. Біріншіден, елдер өзара тығыз көршілік қарым-қатынаста және Солтүстік Африка мен Оңтүстік-Батыс Азия елдерімен көршілес болуы, арзан шикізатпен қамтамасыз етілуіне қолайлы жағдай жасайды. Екіншіден, елдердің басым көпшілігі теңіз жағалауында шоғырланған. Үшіншіден, жағалық сзығы өте күшті тілімденген, ол теңіз жолын барынша дамытуға мүмкіндік береді. Жағалық сзықтың тілімдену дәрежесі жөнінен Еуропа дүниежүзінде алдыңғы орында: оның жерінін 25%-ға жуығы түбектердің үлесіне тиеді. Жағалық сзықтың 1 км ұзындығына 245 км<sup>2</sup> аумак сәйкес келеді. Әсіресе, тілімдену Еуропаның батыс жағалық бөлігінде өте жоғары.

#### ШЕТЕЛДІК ЕУРОПА



1-сурет. Шетелдік Еуропа

**Жер бедері.** Еуропаға кіретін аралдар мен топаралдардың жалпы аумағы 730 мың км<sup>2</sup>. Ірілері: Жана Жер аралы, Франц-Иосиф жері, Шпицберген, Исландия, Британия, Ирландия, Корсика, Сардиния, Сицилия, Крит, т.б. Еуропаның жағалаулары (жалпы ұзындығы 38 мың км) қатты тілімденген. Тұбектер Еуропа аумағының 1/4-ін құрайды. Олар: Пиреней, Апеннин, Балқан, Скандинавия, Кола, Ютландия және Қырым тұбектері. Жағрапиялық ортасының координаттары: 47°56'18" N 24°11'18" Еуропа Су шекарасы Атлант және Арктика мұхиттары және олардың теңіздерімен шектеседі. Аралдардың аумағы шамамен 730 мың км. Орташа биіктігі 300 м, ең жоғарғы нүктө – 5642 м. (Мәнгі тау не Эльбрус *тауы*). Жер аумағының көбі – жазықтық (ірілері – Шығыс Еуропа, Орта Еуропа, Орта және Төменгі Дунай, Париж бассейні), таулары – жер аумағының 17 %-ын алғып жатыр (bastылары – Альпілар, Карпаттар, Пиренейлер, Апенниндер, Орал таулары, Скандинав таулары, Балқан тұбегі таулары). Сөнбекен жанартаулар Исландияда және Жерорта теңізіндегі аумағында орналасқан.

Еуропа жерінің басым көшілігін жазықтар мен қыраттар алғып жатыр. Биік таулар тек онтүстікте шоғырланған. Еуропаның орташа биіктігі - 320 м, теңіз деңгейінен ең биік жері - 4807 м (Альпідегі - Монблан), теңіз деңгейінен ең төмен жері - Каспий теңізіндегі деңгейі (-28 м). Еуропа жерінің 60%-ға жуығы теңіз деңгейінен 200 м-ге дейінгі ойпаттардан, 24%-ы 200 м-ден 500 м-ге дейінгі қыраттардан, 10%-ы 500 м-ден 1000 м-ге дейінгі ұстірттер мен таулы ұстірттерден тұрады, ал 6%-ы 1000 м-ден жоғары (оның ішінде 1,5%-ы 2000 м-ден биік) таулардың үлесіне тиеді. Жер бедерінің осындағы құрылымы ең алдымен Еуропаның геологиялық құрылымына байланысты болады. Еуропаның шығысындағы ұлан-байтақ жазық жерлер ежелгі платформалық құрылымға сәйкес келеді. Ол шығыста Орал тауына, онтүстікте Кавказ тауына дейін созылып жатыр. Еуропаның батысында палеозойлық, ал онтүстігінде альпілік геосинклиналды құрылымдар орналасқан. Еуропаның батысы мен онтүстігіндегі жер бедері құрылымының күрделілігі ондағы табиғат жағдайларының түрліше болуына тікелей әсер етеді.

**Пайдалы қазбалары.** Еуропаның жер қойнауында түрлі пайдалы қазбалар кездеседі, бірақ ұзақ уақыт өндіру барысында олардың қорлары біршама азайған. Рудалы пайдалы қазбалар Балтық қалқаны ауданында, ал жанғыш пайдалы қазбалар ежелгі платформаның қалың шөгінді жыныстары арасында шоғырланған. Ал онтүстіктерінде жас қатпарлы құрылымдар таралған аудандарда магмалық жолмен

де, шегінділік жолмен де қалыптасқан пайдалы қазбалар кездеседі.

Тас көмірдің ірі кен орындары Донец, Рур, Жоғарғы Силезия, Саар, Йоркшир, Уэльс алаптарында шоғырланған. Қоңыр көмір Эльба мен Висла аралығындағы Орта Еуропа жазығының шегінді жыныстары мен Мәскеу маңы алабында кездеседі.

Мұнай мен табиғи газ кен орындары Солтүстік теңіз бен Каспий теңізі қайрандары мен Карпат, Пиреней алды шеткі індерінен өндіріледі. Орта Еуропа жазығында калий және тас тұзының ірі ауданы орналасқан, ол 150 мың  $\text{km}^2$  жерді қамтиды, ондағы тұз қоры миллиардтаған тоннадан асады. Польшаның оңтүстігінен дүниежүзіндегі ірі күкірт кен орны (Тарнобжег) табылған. Темір кен орындары ежелгі фундамент тараптада аудандарда (КМА, Кривой Рог, Лотарингия, Карукаваре) және Орал тауында шоғырланған. Түсті металдар (мыс, кобальт, күміс және т.б.) герциндік құрылымдар тараптада Орта Еуропаның аласа таулары, Пиреней түбегі мен Орал тауларында көптеп кездеседі.

*Климаттық жағдайы.* Еуропа артикалық және субтропиктік климаттық белдеулер аралығында орналасқан. Жерінің негізгі белгі қоңыржай белдеуді алып жатқандықтан және ауа массаларының батыс тасымалы басым болғандықтан, батыста климат теңіздік сипат алып, шығысқа қарай қоңыржай континенттік сипатқа ауысады. Ал Оңтүстік Еуропа жағалауында Жерортатеніздік климат қалыптасады. Еуропаның қыыр солтүстігіндегі аралдардан басқа беліктерінде агроклиматтық ресурстар ауыл шаруашылығының барлық салаларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, климаты қолайлы жағажайлар мен әсем табиғатты тау баурайлары туристік-рекреациялық мүмкіншіліктер аясын көнектеді.

Аумақтың көбінде қоңыржай климат: батыста – теңіздік, шығыста – континенталды, солтүстік аралдарда – субартикалық және артикалық, Оңтүстік Еуропада – Жерортатеніздік климат жағдайы басым. Артика аралдарында, Исландияда, Скандинавия және Альпі тауларында – мұз басу аумағы 116 мың  $\text{km}^2$  жерді алып жатыр.

Ішкі сулары. Еуропа жерінде тұщы судың мол қоры жинақталған. Әсіресе Фенноскандия елдері сүмен өте жақсы қамтамасыз етілген, яғни аймақ бойынша 1 адамға шаққанда 25 мың  $\text{m}^3$ , ал Норвегияда 100 мың  $\text{m}^3$  артық су қорының үлесі тән. Ұлыбритания, Франция, Испания, Италия, Балқан елдері, Австрия, Швейцария елдеріндегі су қоры әр адамға шаққанда 10 мыңнан 2,5 мың  $\text{m}^3$ -ге дейін, Германия, Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния, Болгарияда 2,5 мыңнан 1 мың  $\text{m}^3$ -ге дейін азаяды. Тұщы су қоры ең аз елдерге Бельгия

мен Нидерланд жатады. Еуропа жерінде гидроэнергетикалық ресурстар да жеткілікті. Скандинавияның батысында гидроэнергетикалық қор 202 млрд. кВт/сағ., Альпіде 130 млрд. кВт/сағ., Балқан түбегінде 56 млрд. кВт/сағ., Пиренейде 30 млрд. кВт/сағатта жетеді. Бұл аймақтарда гидроэнергетикалық ресурстардың мол болуы биік таулы жер бедеріне, кристалдық жыныстардың басым таралуына байланысты беткі ағын үлесінің артуына және жылдық жауын-шашиң мөлшерінің мол болуына тікелей байланысты.

Негізгі өзендері: Еділ, Днепр, Дон, Печора, Солтүстік Двина, Дунай, Висла, Одра, Эльба, Рейн, Луара, Рона, Тахо. Негізгі көлдері: Ладога, Онега, Чуд, Венерн, Балатон, Женева

*Жер ресурсы.* Еуропадағы жер ресурсының үлесі де комакты, оның басым көпшілігі ежелден-ақ ауылшаруашылық мақсатта өндөліп келген. Жер қорының 30%-дан астамын жыртылған жерлер, 18% жайылымдар мен шабындықтар, 33%-ға жуығын орман, 19% елді мекендер, көлік жолдары, кеңіштер мен жарамсыз жерлер үлесіне тиеді. Қазіргі кездің өзінде шаруашылық мақсатқа қажетті жердің тапшылығы байқалуда. Сондықтан жер ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған шаралар кеңінен жүргізілуде. Әсіресе, орманды алқаптарда жыртылған жер үлесін азайту; мәдени шалғындық өсімдіктерді егу арқылы жайылымдық жерлерді ұлғайту; қолдан ағаш отырғызу есебінен орман ауқымын кеңейтү; шамадан тыс ылғалданған және ылғалдану дәрежесі төмен жерлерді неғұрлым тиімді пайдалану; топыраққа агротехникалық және химиялық әсерді барынша шектеу жұмыстарын атаяға болады.

*Табигат зоналары.* Артика аралдарында және Солтүстік Мұзды мұхиты жағалауында – арктикалық шөлдер және тундралар, оңтүстікке қарай – орманды тундралар, тайгалы, аралас және қылқан жапырақты ормандар, орманды далалар, далалар, субтропиктік жерортатеніздік қатты жапырақты мәңгі жасыл бұталы ормандар, ал, оңтүстік-шығысын шөлейтті зоналар алып жатыр.

Экологиялық жағдайы және табигат қорғау. Соңғы кездері Еуропаның көптеген бөліктерінде табиғи ортадағы көрі өзгерістер жиі байқалуда. Әсіресе, оның жекелеген компоненттерінде - топырак, су, ауа, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіндегі антропогендік ластана айрықша көзге түседі. Ауадағы күкіртті газ бен көмір қышқыл газы, азот тотықтары; судағы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қалдықтары; топырақтағы есепсіз пайдаланылған тыңайтыштар мен улы химиялық қосылыстар оған нақты дәлел. Осылай ластандыру көздері ландшафт пен адам денсаулығына зиянды қышқылдық

жаңбырлардың жаууына себепші болып отыр. Мысалы, жыл са-йын Скандинавияның онтүстігіне әрбір гектар жерге 10-15 кг, Ұлыбританияда 70 кг-ға дейін, ал Рур алабы маңында 100 кг артық күкірт жинақталады. Қышқылды жаңбырлар әсерінен Скандинавияда 20 мың көлдің тіршілігі жойылды.

Көптеген елдерде ормандар адам айтқысыз жылдамдықпен азайып барады. Еуропа елдерінде халық санының қарқынды өсуі, шаруашылықтың жаппай өркендеуі жағдайында арнайы қорғауға алынған жерлердің - ұлттық саябақтар, қорықтар, резерваттардың аумағын кеңеттігі туындалған отыр. Еуропадағы тек қана ұлттық саябақтардың жалпы саны бүтінде 100-ден асып отыр. Мұндай бағыттағы шаралар токтаусыз және үйымдастырылған түрде жүргізілуі қажет. Айналадағы орта ластануының арта түсүі, табиғат байлықтарының есепсіз пайдаланылуы, Еуропа елдерінде табиғатты қорғауға бағытталған біртұтас экологиялық шаралардың қажеттілігін көрсетті. Осы мақсатта табиғатты қорғаудың ұзақ мерзімдік бағдарламалары жасалды, ортақ зандар кабылданды, мемлекет аралық айып салу жүйесі мен қорғау үйымдары құрылды.

*Еуропаның халқы.* Еңбек ресурстары. 2010 жылғы мәлімет бойынша Еуропада 739 млн. адам тұрады. Еуропалықтардың орташа өмір жасының ұзақтығы 74 жас. Мың адамға шакқандағы туу көрсеткіші 10 адам болса, ал өлім-жітім көрсеткіші 11 адамға жетіп отыр. Соңғы уақытта халықтың өсуі баяулауда, өйткені табиғи өсу көрсеткіші өте төмен, кейбір елдерде (Германия, Венгрия, Болгария, Чехия, Латвия) бұл көрсеткіш теріс мәнге ие. Сондықтан халық саны кеміп, оның жас құрамы да өзгеріске түседе. Мысалы, халықтың жалпы санында егде адамдар үлесі 20-23%-ға дейін артса, керісінше балалардың үлес салмағы азайып, бар болғаны 16-17%-ға ғана жетеді. Бұл жағдайлар өз тарапынан халықтың сыртқы көшіп-қоныуының өзгерістеріне негіз болып отыр.

Ұлы географиялық ашылулар заманынан бері эмиграция ошағы болған Еуропа, қазіргі таңда еңбек иммиграциясының дүниежүзілік басты ауданына айналды. Қазіргі таңда Еуропада 14 млн-нан астам шетелдік жұмысшылар еңбек етеді, олардың басым көшілігі мейман жұмысшылар (немісше гастарбайтерлер). Олардың саны, әсіресе экономикалық даму дәрежесі жоғары елдерде өте көп.


*Ұлттық құрамы.* Еуропа жерінде 80-нен астам этнос өкілдері тұрады. Еуропа халқының басым көшілігі ұнді-европалық тіл семьясына жатады. Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропада славян тобының халықтары қоныстанған. Оларға орыстар, украин-

дар, белорустар, поляктар, чехтар, словактар, болгарлар, сербтер, хорваттар, македондықтар, словендер және т.б. жатады. Солтүстік және Орта Еуропада герман тіл тобына кіретін халықтар (немістер, ағылшындар, голландықтар, шведтер, даниялықтар, норвегтер, исландықтар және т.б.) басым қоныстанған. Қазіргі кезде Британ аралдарын ғана қоныстанған кельт тіл тобына ирландықтар, шотландықтар және уэльстіктерді (валлий) жатқызады. Батыс Еуропа мен оның онтүстік-батысын роман тіл тобына жататын халықтар (француздар, итальяндар, испандар, португалдар, каталондар, румындар және т.б.) қоныстанған. Балтық бойындағы латыштар мен литвалықтар осы әулеттің балтық тіл тобына жатады. Гректер мен албандар өзіндік тілдік ерекшеліктерімен көзге түсседі. Сол сияқты тілдік ерекшелігі нәтижесінде оқшауланған баск, валлон және т.б. халықтар да кездеседі.

Еуропада Орал тілдік әулеттің фин-угор тілдік тобына жататын венгр, фин, эстон, карел, саам, удмурт, коми-пермяк сияқты халықтар Скандинавиядан Балқан тұбегіне дейінгі аралықта және шығысқа қарай кең тараған. Алтай тіл әулеттің түркі тілдес тобына кіретін халықтар (татар, башқұрт, түрік, қазақ, гагауз және т.б.) Еділ бойы мен Орал маңын және Еуропаның онтүстік-шығысын қоныстанған. Семит тіл тобына кіретін мальталақтар (арабтар мен итальяндықтардың араласуынан қалыптасқан) және арабтар (Франция) Жерорта теңізі жағалауында қоныстанған.

Әр халықтың тілдік ерекшелігі сақталғанымен Еуропа халқы ұзақ жылдар бойғы миграция нәтижесінде өте күшті өзгерістерге ұшыраған. Әсіресе, миграцияның қарқынды жүрген кезеңі V-X ғасырларға сәйкес келеді. XVI ғасырдың ортасына қарай Еуропа халқын құрайтын этностардың барлығының дерлік негізі қаланды. Содан бері Еуропа халқының этностық кұрамында айтарлықтай өзгерістер бола қойған жоқ. Тіпті Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі болған миграциялық өзгерістер де оған онша әсерін тигізе алмады.

*Діни құрамы.* Еуропа христиан дінінің кең тараған орталығы болып саналады. Әсіресе, православие, католик және оның тармақтары болып табылғатын протестант шіркеулері мен діни ағымдары да кең қанат жайған. Православие Шығыс және Онтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде, ал католик діні Батыс және Онтүстік-Батыс Еуропа елдерін қамтиды. Еуропаның түркі тілдес халықтарының көпшілігі ислам, кейбіреуі иудаизм және будда діндерін ұстанады.



*2-сүрет. Еуропа дүние бөлігі*

Халықтың орналасуы және тығыздығы. Еуропа – дүниежүзіндегі халықтың тығыз қоныстанған аймақтарының бірі. Халықтың орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 100 адамнан келеді. Бірақ халық аумакта біркелкі орналаспаған: бұл көрсеткіштер 2 адамнан (Исландия) 350-380 адамға (Бельгия, Нидерланд) дейін өзгереді.

Еуропада халықтың орналасуы қалалар географиясына да байланысты. Еуропадағы урбандалу деңгейі дүниежүзіндегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып отыр. Бельгияда урбандалу деңгейі - 97%, Исландияда - 92%, Ұлыбританияда - 89%, Дания мен Германияда - 86%; Швецияда - 84%, Францияда - 74%. Қалалардың жалпы саны бірнеше мыңға жетеді және олар бір-біріне жиі орналасып, агломерациялар түзеді. Қала агломерацияларының саны АҚШ пен Жапония агломерацияларын қосқандағыдан әлдеқайда көп. Яғни 40-тан астам ірі агломерациялар бар, ең ірілері Мәскеу (халық саны 12 млн. адам), Париж (11 млн. адам), Рейн-Рур, Лондон (әрқайсысында 10 млн. адамнан астам). Соңғы жылдардың субурбандалу үрдісі, яғни серік қалалар мен қала маңының қарқынды өсуі байқалуда.

Еуропа елдерінің шаруашылығы. Ішкі айырмашылықтары. Шаруашылығының жалпы сипаты. Еуропа шаруашылығының қалыптасуы мен таралуы дүниежүзінің басқа аймақтарынан үлкен

айырмашылық жасайды. Оның өзіне тән басты екі белгісі бар. Біріншіден, Еуропа жерінде игерілмен бірде-бір бөлік қалған жоқ. Екіншіден, жерінің шағын болуы мен елдердің жақын көршілік жағдайы, шаруашылығының жоғары деңгейде дамуы Еуропада біртұтас экономикалық қеңістіктің түзілуіне негіз болды. Сондыктан да соңғы жылдары Атлантикадан Оралға дейін созылып жатқан біртұтас экономикалық қеңістік күру туралы пікірлер де айтылып жүр.

Еуропа шаруашылығының тарихи даму кезеңдерінде шаруашылық орталықтарының да, жетекші елдердің де орындарының ауысып отырганын байқауға болады. Біздің әрамыздың бас кезінен бастап Еуропа шаруашылығы тенізге жақын елдерде қаркынды дамыса, XVIII ғасырдан бастап табиғат ресурстары мен еңбек ресурсы жиі шоғырланған аудандарға қарай бет бүрді. Орта Еуропа елдері мен Ресей жерінде ең алғашқы өнеркәсіп аудандарының негізі XIX ғасырдың ортасында қалана бастады. Бұлар Еуропадағы байырғы өнеркәсіпті аудандар болып саналады. XX ғасырдың бірінші жартысында осы индустримальды аудандарды одан ері өркендету жұмыстары жүргізілді. Ең басты өзгеріс Еуропада социалистік индустрIALIZация бағытында бұрынғы Кеңестер Одағына қатысты аймақтарда жүргізілді. Мұнай өнеркәсібі мен машина жасаудың Еділ бойы жаңа ірі орталығы қалыптасты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Шығыс Еуропа елдерінде де экономикалық жандану басталды.

Қазіргі кезде Еуропадағы экономикалық жағдайдың басты белгісі – шаруашылықтың батыс пен орталықта басым шоғырланып, біртұтас Еуропалық экономикалық орталықтың құрылуы, соның нәтижесінде мемлекетаралық шекаралардың шартты жағдайға көшуі болып табылады. Тұгастай алғанда Еуропа елдері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өнімдері, тауарлар мен қызмет көрсету экспорты, алтын және валюта қоры, халықаралық туризмді дамыту көрсеткіштері жөнінен дүниежүзілік шаруашылықта бірінші орын алады.

Аймақтың экономикалық қуатын “Ұлken жетілікке” кіретін төрт ел Германия, Франция, Ұлыбритания және Италия анықтайды. Сол сияқты шағын капиталистік елдердің де экономикалық салмағы күннен-күнге артуда. Ал Шығыс Еуропа елдері болса өтпелі экономикалық жағдайды бастан кешіріп отыргандыктан, өзінің даму бағытында түрлі қызындықтарды бастан кешіріп отыр. Түрлі деңгейдегі даму ерекшеліктеріне қарамастан, Еуропа елдері өзара ынтымақтастық үдерісін тоқтаусыз жүргізуде.

Өнеркәсібі. Еуропадағы ең жетекші сала – машина жасау. Аймақта өндірілетін бүкіл өнеркәсіп өнімінің 30%-дан және оның экспорттының 70%-дан астамы осы саланың үлесіне тиеді. Машина жасаудың ғылыми базаға, еңбек қорларына бағдарланған электроника, электротехника, автомобиль, авиаракета-ғарыш, кеме, құралдар мен станок, тоқыма машиналарын жасау сияқты салалары басым таралған.

Еуропаның химия өнеркәсібі машина жасаудан кейінгі екінші жетекші орынды алады. Бұл салада тек осы аймақта ғана емес, бүкіл дүниежүзіндегі ең “химияландырылған” ел Германияның алатын орны ерекше. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін химия өнеркәсібі тас көмір мен қоңыр көмір, калий, ас тұздарына негізделіп келсе, соңғы кезеңдерде көмірсутекті шикізаттарға, яғни мұнайға ауысуы бұл өнеркәсіп салаларының Солтүстік теңіз бен Шығыс Еуропа елдеріне қарай ығысуына себепші болды. Солтүстік теңіз жағалауында орналасқан химия өнеркәсібінің өнімі бүкіл АҚШ пен Жапонияның химия өнеркәсіптерін қосып есептегендегі өнімге прапар болып келеді.

Отын-энергетикалық өнеркәсіпте Еуропаның көптеген елдерінде соңғы кезде мұнай мен газга ауысада. Мәселен, Германия мен Ұлыбританияда көмір өндіру күрт азайды, Нидерланд пен Бельгияда мүлдем тоқтатылды. Ал Шығыс Еуропа елдерінде әлі де көмірге бағдарлану сакталып отыр, тіпті тас көмірге ғана емес, қоңыр көмірге (Польша, Чехия) де сұраныс жоғары. Электр энергиясын өндіру мүмкіндігі 2 трлн. кВт/сағаттан артық. Электр энергиясын өндіруде Батыс Еуропа елдерінде АЭС-тің үлесі артуда. Әсіресе Франция, Бельгия, Германия, Ұлыбритания елдерінде, соңғы кезде Чехия, Словакия, Венгрия, Болгарияда АЭС-тер салу жаппай қолға алынуда. Қазір аймақтағы АЭС-тер саны 80-нен астам. Дунай мен оның салаларында, Рона, Рейн өзендерінде СЭС-тер мен олардың тұтас тізбектері салынған.

Сол сияқты Скандинавия елдерінде де электр энергиясын өндіру СЭС-терге негізделген. Ал жылу электр стансалары көмір өндірілетін аудандар мен теңіз порттарында сакталған. Соңғы жылдардағы ғылым жетістіктері нәтижесінде теңіз жағалауындағы елдер толысу, теңіз толқындары мен теңіз ағыстары энергиясын, Исландияда геотермалдық энергияны пайдалану шараларын жолға қоюда.

Металлургия өнеркәсібі, оның ішінде қара металлургия отын мен шикізат бар елдерде, яғни Германия, Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Польша, Чехия, Ресей және Украина да жақсы дамыған.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін негұрлым жоғары сапалы әрі арзан темір кені мен металл сынықтарын импорттауға негізделген металлургия комбинаттары көбөюде. Солардың ішіндегі ең ірісі Италияның Таранто қаласында орналасқан, жылына 10 млн. тоннадан астам сапалы болат қорытады. Соңғы кездерде машина жасау өнеркәсіптері маңында мини-зауыттар көптеп салынуда. Дегенмен, машина жасау өнеркәсібінде дайын прокатқа негізделу белең алуда.

Тұсті металлургияның аса маңызды салалары – алюминий мен мыс өнеркәсібі. Алюминий өнеркәсібі боксит қоры бар немесе арзан электр энергиясын көп өндіретін елдерде шоғырланған. Жетекші елдер қатарына Германия, Норвегия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Испания, Нидерланд жатады. Соңғы жылдары алюминий өнеркәсібі теңіз жолы арқылы дамушы елдерден келетін шикізатқа бағдарлануда. Мысалы: Франция соңғы 25 жылда боксит өндіруді 20 есе азайтты, бірақ алюминий балқытудан Еуропада үшінші орынды иеленеді. Мыс өнеркәсібі жергілікті және сырттан әкелінетін шикізатқа негізделген. Жетекші елдер қатарына Германия, Италия, Бельгия, Польша, Ресейді жатқызуға болады.

Ағаш өнеркәсібі жергілікті орман ресурстарына бағдарланған Швеция мен Финляндия өнеркәсібінің халықаралық маманданған саласына айналған. Сол сияқты Румыния, Югославия, Италия, Польша мен Белорусь елдері бағалы жиһаздар дайындау ісіне бет бұруда.

Еуропа жеңіл өнеркәсіп түрлері жақсы дамыған аймақтардың бірі болып табылады. Ең алғашқы жеңіл өнеркәсіп орталықтары (Ұлыбританиядағы Ланкашир мен Йоркшир, Бельгиядағы Фландрия, Франциядағы Лион, Италиядағы Милан, Польшадағы Лодзь, Ресейдегі Иваново) әлі де өз маңызын жойған жоқ. Бірақ соңғы кезде бұл өнеркәсіп саласы негұрлым арзан жұмыс күші бар Оңтүстік Еуропага қарай орын ауыстыруда. Мысалы: Португалия аймақтағы тігін өнеркәсібінің, Италия былғары аяқ күім шығару, Греция бағалы тері бұйымдарын тігу орталықтарына айналуда.

Ауыл шаруашылығы. Еуропа елдеріндегі ауыл шаруашылығының өзіне тән қалыптасу, даму кезеңдері мен белгілері бар. Көптеген елдер ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі түрлері жөнінен өздерінің мұқтаждығын толығымен қамтамасыз етеді және артық өнімді сыртқа шығаруға ынталы. Сондай-ақ екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген елдердің аграрлық құрылышында, жерді иемденуі мен пайдалануында айтарлықтай өзгерістер болды. Ұсақ шаруа қожалықтары біртінде жоғары мамандандырылған, сапалы өнім беретін шаруашылықтарға айналдырылды. Мұндай ірі

шаруашылықтар агробизнес жүйесіне енгізілді. Жоғары механизкаландырылған фермалар ауыл шаруашылық кәсіпорнының негізгі түріне айналды. Алайда Оңтүстік Еуропада әлі де помешкиткі жер иелену мен ұсақ жер пайдаланушы жалгер шаруалар басым.

Еуропа жерінде ауыл шаруашылығының барлық салалары өзара ұштаса отырып, оның барлық бөлігінде дерлік таралған. Бірақ та табиғи және тарихи жағдайлардың ықпалымен ауыл шаруашылығының үш аймақтық түрі қалыптасқан.

Солтүстік Еуропада интенсивті сүтті мал шаруашылығы дамыған. Оған қызмет ететін өсімдік шаруашылығында мал азықтық дақылдар мен қара бидай өсіріледі. Исландия, Норвегия, Дания сияқты елдер үшін балық аулау халықаралық маманданған салаға айналған.

Орта Еуропалық ауыл шаруашылық түріне сүтті және сүтті-етті бағыттағы мал шаруашылығы, сондай-ақ шошқа мен құс өсіру жатады. Өсімдік шаруашылығы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етумен қатар, мал азықтық дақылдарды өсірумен де айналысады. Ауыл шаруашылығының Оңтүстік Еуропалық түріне өсімдік шаруашылығының басым болуы тән, мал шаруашылығы қосалқы рөл атқарады. Егістікте дәнді дақылдардың көп өсірілуіне қарамастан, Оңтүстік Еуропаның халықаралық маманданған саласы жеміс, цитрус, жүзім, бадам, зәйтүн, жаңғақ, темекі, эфир майлы өсімдіктер өсіру болып табылады.

*Көлік жүйесі.* Еуропа көлік түрлері бойынша дүниежүзінде ең алдыңғы орында. Еуропада көлік түрлері мен тороптардың барлық түрі бар. Көлік желісімен қамтамасыз етілу дәрежесі жөнінен Еуропа дүниежүзінде бірінші орын алады. Көліктің қозғалыс жиілігі де өте жоғары. Халықаралық және транзит тасымалы да жаксы жолға қойылған. Аймақтағы көлік желісі өте күрделі болып келеді, бірақ оның негізін халықаралық маңызы бар ендік және меридиандық бағыттағы магистралдар күрайды.

Соңғы жылдары темір жолдан гөрі автокөлікті пайдалану үлесі артуда. Ол Еуропа жерінің біршама ықшамды болуымен, көздеңген жерге жедел жету қажеттілігінен туындал отыр. Қазір автокөлік жолаушылар тасымалдауда ғана емес, жүк тасымалында да басым орын алуша. Өзен жолдары да меридиандық (Рейн, Еділ) және ендік (Дунай) бағытта созылып жатыр. Әсіресе, жүк тасымалында Рейн өзенінің маңызы ерекше. Құрлық жолдары, ішкі су жолдары мен теңіз су жолдарының түйіскен жерлерінде ірі жол тораптары түзілген. Бұл тораптар халықаралық тасымал жүзеге асатын аса ірі теңіз порттарына сәйкес келеді. Лондон, Гамбург, Роттердам, Гавр, Щецин

сияқты және т.б. ірі порттар ішкі аудандарды теңіз жағалауымен байланыстырытын өзендердің сағаларында орналасқан. Олар біртұтас өнеркәсіптік порт комплекстерін құрайды. Ең ірі порт - Роттердам, оның жүк айналымы жылына 250-300 млн. тоннадан асады. Еуропа жерінде көптеген табиғи кедергілердің кесіп өтетін темір жол, авто және құбыр жолдары салынған. Ла-Манш бұғазы арқылы өтетін 50 км-лік су асты тоннелі Ұлыбритания мен Францияның жалғастырады.

*Өндірістік емес салалар.* Еуропа елдері ғылым мен техниканың ежелден дамыған ауданы болғандықтан, көптеген елдерде ғылыми-зерттеу жұмыстарына маманданған орталықтар пайда болған. Олардың ең ірілері Кембридж (Ұлыбритания), Мюнхен (Германия), Ницца, Лион (Франция) қалалары манында шоғырланған.

Дүниежүзіндегі аса ірі 200 банктің 60-тан астамы Еуропада орналасқан. Швейцария көптен бері банкир ел эталонына ие болған, дүниежүзіндегі құнды қағаздардың жартысы Швейцария банктерінде сактаулы. Аса ірі қаржы орталықтары ретінде Цюрих, Лондон, Люксембург қалалары ерекше көзге түседі.

Қазіргі кезде Еуропа – халықаралық туризмнің басты аудандарының бірі. Дүниежүзіндегі туристер ең көп баратын ел – Испания, оған жыл сайын 60 млн-ға жуық турист барады. Бұл әрбір испандыққа бірден артық шетелдік турист келеді деген сөз. Туристер жиі баратын жерлерге Жерорта, Қара теңіз жағалаулары мен Альпі және Карпат таулары, сол сияқты Еуропаның аса көрікті де тұнымал ірі қалалары жатады. Альпіде жылына 60 млн. турист болып қайтады. Туризмнің қарқынды дамуы оның қосалқы салаларының өркендеуіне себепші болады.

Экономикалық ынтымақтастық және ішкі айырмашылықтары. Еуропадағы экономикалық ынтымақтастық идеясы еуропалық нарықты америкалық өнімдердің “жауап алуынан” корғау қажеттілігінен туындағы. 1951 жылды Франция, ГФР, Италия, Бельгия, Нидерланд және Люксембургтің тас көмір, темір кенін өндіретін және металлургия орталықтарына бақылау жасайтын Еуропалық көмір және болат бірлестігі құрылды. 1957 жылды бұл бірлестікке енетін елдер Еуропалық экономикалық одақ (Ортақ нарық) пен атом энергиясы жөніндегі Еуропалық одақты (Евроатом) құру туралы Рим келісіміне қол қойды.

60-жылдардың аяғына қарай аталған үш ұйымның бірігінен жана ынтымақтасу тобы – Еуропалық қоғамдастық құрылды. Бұл келісім негізінде одаққа енетін елдер арасында кедендей шектеулер жойылып, ушинші топтағы елдерге қатысты ортақ экономикалық сая-

сат жүргізу және қаржы, тауар, жұмыс күшімен еркін алмасу, ауыл шаруашылығы саласында ортақ саясатты ұстану мен валюталық және саяси одақ құру мақсаты көзделді. 1973 жылы бұл ұйымға Ұлыбритания, Дания және Ирландия, ал 1981 жылы Греция, 1986 жылы Испания мен Португалия, 1995 жылы Австрия, Швеция, Финляндия енді.

1991 жылы бірыңғай экономикалық, валюталық және қаржылық кеңістік – Еуропалық Одақты құру туралы Маастрихт келісіміне қол қойылды. 1993 жылы 1 қарашадан бастап Еуропалық экономикалық одақ ресми түрде Еуропалық одақ (ЕО) деген атқа ие болды. Осы жылдың 1 қантарында Еуропаның сегіз елі – ГФР, Франция, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, Италия, Испания, Португалия – Шенген келісіміне қол қойды. Оның негізінде осы келісімге қол қойған елдер аумағында шекаралар арқылы еркін оту, білім алу мен жұмыс істеуге бірдей құқық берілуі, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімдеріне бірыңғай талаптардың қойылуы жүзеге асырылуда. 2001 жылдан бастап, бұл келісімге Дания, Финляндия, Швеция, Исландия, Норвегия қосылды.

1999 жылы 1 қантардан бастап ЕО кеңістігіндегі елдер арасындағы өзара есеп айырысу үшін ортақ валюта - еуро айналымға енгізілді. 2002 жылдың 1 қантарынан бастап еуро қолма-қол есеп айырысу құралы ретінде халықаралық денгейде колданыла бастады. Қазіргі кезде ЕО – дүниежүзіндегі аса ірі қаржы-экономикалық орталық.

Еуропалық Одақ катары осы ұйымға қабылдануға ресми өтініш берген елдер есебінен өсетін болады. ЕО құрамына қабылданудан үміткер елдер осы одақта мүше болу арқылы экономикалық өрлеуге, қомақты қаржыландыру мен бірыңғай валюталық жүйеге қол жеткізуді мақсат етеді. Біздің еліміз бен ЕО арасындағы сауда қатынастары өркендеу үстінде: 2010 жылы бұл елдерге Қазақстан экспортының 23%-ға жуығы, импортының 20%-дан астамы тиесілі болды.

Еуropa тарихи-географиялық жағынан Батыс және Шығыс Еуропаға ажыратылады. Шығыс Еуропаны бұрын социалистік жүйеде болған елдер алып жатыр. Батыс Еуропалық аймақ өзіндік ерекшеліктеріне қарай үш аумаққа ажыратылады: Солтүстік, Орта және Оңтүстік Еуропадан тұрады. Мұнда жоғары дамыған төрт ел (Ұлыбритания, Франция, Германия және Италия) және шағын капиталистік елдер орналасқан.

## 4.2. Солтүстік Еуропа

*Жалпы ерекшеліктері.* Солтүстік Еуропа елдері тұбектер мен аралдық аумақтарды алғып жатыр. Сондықтан олардың табигат жағдайларына, халқының қоныстануына, шаруашылық мамандануына теңіздің әсері үлкен. Географиялық жағдайының ерекшеліктеріне байланысты, Атлант теңізі арқылы АҚШ және Канадамен, Батыс Және Шығыс Еуропа елдерімен еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі бар. Жылы Гольфстрим ағысының әсерінен жағалауларын шайып жатқан теңіз сулары қатпайды; бұл өз кезегінде жыл бойы теңіз арқылы қатынас жасауға қолайлы жағдай жасайды.

Еуропа жерінің 17%-ын алғып жатқанымен, Солтүстік Еуропа аумағында халық сирек орналасқан: мұнда Еуропалықтардың тек 3%-ы ғана тұрады. Аймақта халық біркелкі қоныстанбаған; бұл табигат жағдайларының ерекшеліктерімен және тарихи-географиялық факторларға байланысты түсіндірледі. Тіршілік үшін қолайлы онтүстік бөлік пен жағалаулер бойы неғұрлым жақсы игерілген. Жеке елдердегі халықтың орташа тығыздығының көрсеткіштері бойынша мынадай жағдайды көруге болады: Данияда 1 км<sup>2</sup>-ге 121 адамнан, Швецияда 19, Финляндияда 15, Норвегияда 13, Исландияда 2-3 адамнан келеді.

Халықтың ұлттық құрамы онша күрделі емес: аймақтың негізгі халқын шведтер, дат және норвегтер, финндер, исландықтар, саами, фарерліктер құрайды. Протестант діні басым. Халықтың жеке табыс мөлшерінің жоғарылығы, тұрғын үйлердің сапасы, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің жетістіктері, қылмыс деңгейінің төмендігі халықтың өмір сүру деңгейінің өте жоғары болуына себепші болады. Солтүстік Еуропа тұрғындарының орташа өмір жасының ұзақтығы ер адамдарда 73 жас, әйелдер үшін 80 жасқа тең. Соғы онжылдықтарда туудың кемуі және қарт адамдар санының артуы себепті жекелеген елдерде (әсіресе, Швеция, Норвегия) үкімет тарапынан тууды қолдайтын әлеуметтік шаралар жүйесі жүзеге асырылуда.

Солтүстік Еуропа елдерінің экономикалық құрылымының қалыптасуы Еуропаның басқа аудандарына ұқсамайтын жолмен жүрді. Бұл елдерде бәсекеге төтеп беретіндей жоғары сапалы және еңбекті көп қажет ететін өнімдерді шығаруға маманданды.

Дүниежүзілік нарықта Солтүстік Еуропа елдерінің “үстем” болатын салаларына балық аулау мен кит кәсіпшілігі, ағаш өндеу мен целлюлоза-қағаз өндірісі, кеме жасау, сүт тағамдарын өндіру жата-

ды. Сонымен қатар, Швеция болат балқыту мен машина жасаудан, Норвегия электр энергиясын өндіру және түсті metallurgia женинен айрықша көзге түседі. Елдердің барлығында да теңіз көлігі жақсы дамыған, бірақ ірілігі мен жабдықталуы жағынан Норвегияның сауда флоты аймақта ғана емес, дүниежүзінде алдыңғы орын алады. “Әлемдік теңіз арбакеші” аталған норвег флотында 700-ден астам кеме бар.

Саны шектеулі бұл өндіріс салаларының күшті дамуы жергілікті шикізат негізінде және тұрғын халқытың дәстүрлі еңбек дағдыларын ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктерімен ұштастыра білудің нәтижесінде мүмкін болды. Экономиканың тұрақты дамуына аймақтағы өте қолайлы геосаяси жағдай да өз әсерін тигізді.

**Швеция (Швеция Корольдігі) – географиялық орны.** Еуропада орналасқан ел. Скандинавия елдерінің бірі. Швеция Корольдігі – Солтүстік Еуропадағы Скандинавия түбегінің шығысы мен оңтүстігін алып жатқан мемлекет. Солтүстік-батысында Норвегиямен, солтүстік-шығысында Финляндиямен шектеседі. Оңтүстік-шығысын Балтық теңізі, ал оңтүстік-батысын Эресунн бұғазы (Швецияны Даниядан бөліп тұр) мен Каттегат, Скагеррак бұғаздарының сулары шайып жатыр. Швецияның иелігіне сондай-ақ Балтық теңізіндегі Готланд пен Эланд аралдары мен бірнеше ұсақ аралдар да кіреді. Аумағы 449964 км<sup>2</sup>.

**Швецияның ұлттық құрамы** негізінен біртекті. Халқының 91%-ын шведтер құрайды. Сонымен бірге финндер (3%), саамдар, норвегтер, даттар (6%) тұрады. Ресми тілі – швед тілі. Дінге сенушілердің көпшілігі – лютеран шіркеуінің өкілдері (94%), католиктер (1,5%), мұсылмандар мен иудей дініндегілер де бар. Астанасы – Стокгольм қаласы. Ирі қалалары: Стокгольм, Гетеборг, Кальмар, Упсала, Мальме, Хельсингборг (қала халқының үлесі 83%-ды құрайды). Әкімшілік-аумақтық жағынан 21 ленге (губернияға) бөлінеді. Швеция тарихи-географиялық жағынан үшке: Геталанд (оңтүстігінде), Свеаланд (елдің орталық бөлігі), Норландқа (Швецияның ең үлкен аймағы, ел аумағының 60%-ын алып жатыр, солтүстік бөлігі) бөлінеді.

**Мемлекеттік құрылымы.** Швеция – конституциялық монархия. Мемлекет басшысы – король (Карл XVI Густав, 1973 жылдан). Жоғарғы заң шығарушы органы – бір палаталы парламент – риксдаг. Жоғарғы атқарушы органы – үкімет. Ұлттық мейрамы – швед туының Күні, 6 маусым (1503). Ақша бірлігі – швед кронасы. БҮҰ-

нын (1946), Солтүстік кеңестің (1952), Еуропа кеңесінің (1995) мүшесі.

**Жер бедері.** Жағалаулары негізінен онша биік емес, жартасты болып келеді. Ботния шығанағының солтүстік және оңтүстік-батыс шеттері аласа, аккумулятивті, күмдауытты жағалаулар. Оңтүстігінде, Сконе түбегінде абразиялы жағалаулар басым. Солтүстік және батыс аудандарын альпілік рельеф, жоталар мен тауішлік ойыс телімдері қыраттармен үйлесіп келетін Скандинавия таулары (білктігі 2123 м-ге дейін, Кебнекайсе тауы) алып жатыр. Оңтүстігінде Скандинавия тауларынан Ботния шығанағына қарай аласаратын Норланд (білктігі 200-800 м) қыраты орналасқан. Қырат терең бөлшектенген, өзен және көл аңгарлары бар. Оңтүстікке қарай Орта швед ойпаты орналасқан, мұнда көлдер көп. Мұздық рельеф формалары кең тараған. Елдің оңтүстігінде жазықтардың радиалдық жүйесімен жекелеген қырқалар мен массивтерге бөлшектенген Смоланд жоталары жатыр. Швеция Шығыс Еуропа платформасының Балтық қалқанының шегінде орналасқан.

**Пайдалы қазбалары.** Швецияның жер қойнауы металға бай болғанымен минералдық отынга кедей. Металл кентастары кен орындары магмалық және метаморфтық жыныстардың мол қорымен байланысқан. Шөгінді жыныстардың шектеулігіне байланысты тасқемірдің, мұнай мен табиғи газдың кен орындары жоққа тән. Темір кен орындары кентас қорларының мөлшері жөнінен дүниежүзіндегі еңбай кен орындарының қатарына жатады. Темір қорларының 80%-дан астамы шоғырланған негізгі аудан поляр шенберінің аргы жағында, Лапландияда орналасқан. Түсті металдардың негізгі кен орындары Норланд үстіртінде. Бұл құрамында мыс, мырыш, қорғасын, алтын, күміс, сұр колчедан, күшәла бар кешенді сульфид кентастарының Булиден Кристинеберг аудандағы кен орны, қорғасын (Лайсвалль) мен мыс (Аитик) кен орындары.

**Климаты.** Климаты Гольфстримнің күшті жылылық әсеріне ұшыраған қоңыржай. Елдің солтүстік аудандарындағы климат неғұрлым қаталдау. Орталық және оңтүстік аудандарындағы климат теңіздікten континенттікке ауыспалы (кей жерлерде – теңіздік). Оңтүстігінде қаңтардағы орташа температурасы 0-5°C, солтүстігінде - 6 – 14°C болады. Жазы салқындау, оңтүстігінде шілденің орташа температурасы 15-17°C, солтүстігінде 10-11°C шамасында. Бұкіл Швеция аумағындағы қыс ұзаққа созылып, жазы қысқа болады. Елдің барлық аумағына қар түседі, алайда қар жамылғысы Сконе-

де бар-жоғы 47 күн, ал Коресуандода 170-190 күн бойы сакталады. Таулардағы жылдық жауын-шашын мөлшері 1500-1700 мм-ді (кей жерлерде 2000 мм-ге дейін), елдің онтүстігіндегі жазықтарда 700-800 мм-ді, солтүстік-шығыста 300-600 мм-ді құрайды.

**Ішкі сулары.** Швецияда қыска, қар, жаңбыр суларымен толығатын өзендер көп (ең ірілері Доль-Эльвен, Турне-Эльв, Клар-Эльвен, т.б.). Өзендерінің көшілігі шығысқа карай ағып, Ботния шығанағы мен Балтық теңізіне құяды. Олар электр қуатын өндіруге кеңінен пайдаланылады (53%), Швецияда аумағы 1 км<sup>2</sup>-ден асатын 4 мыңдан аса көл бар. Негұрлым ірі көлдері: Венерн (аумағы 5585 км<sup>2</sup>), Веттерн, Ельмарен, Меларен, т.б. Норландтағы көптеген көлдер тектоникалық ойыстарда орналаскан.

**Флорасы.** Швеция Еуропаның Атлант мұхиты бойы аймағында, қоңыржай белдеудің солтүстік бөлігін тайга мен аралас ормандар, елдің киыр онтүстігін жалпақ жапырақты ормандар зоналары алып жатыр.

Ормандар ел аумағының жартысынан астамын алып жатыр. Онда негізінен қарағай мен шырша, қайың, көктерек, т.б. жапырақты ағаштар өседі. Онтүстікте аралас ормандар, ал Сконе түбегінде емен мен шамшаттан тұратын жалпақ жапырақты ормандар өседі. Ел аумағының 14%-ын батпактар алып жатыр. Скандинавия тауларында 900-950 м биіктікке дейін және солтүстікте 350-400 м биіктікке дейін тау-тайгалық өсімдіктер, одан жоғарырақ қызық дінді қайындар, тундралық өсімдіктер өседі (15%).

**Фаунасы.** Ормандарда бұлан, қоңыр аю, қасқыр, сілеусін, тұлкі, ақ тиін, сусар, ақ қоян, онтүстікте борсық, еуропалық кірпі, тундра-да сусар, қара тұлкі, леммингтер кездеседі. Суда жұзетін құстар кең тараған. 16 ұлттық саябақ пен 850 қорық жұмыс істейді (негізгілері: Абиску, Муддус, Пельекайсе, Сарек-Шефаллет, т.б.).

**Экономикасы.** Швеция – жоғары дамыған өнеркәсіпті ел. Швецияның кедей аграрлық елден қазіргі заманғы өнеркәсіптік қоғамға айналуы темір кентастарына, ағаш пен су қуатына байланысты болды. Ағаш материалдары, қағаз бен болат шығару үшін қолданылған бұл табиғи ресурстар экспортқа бейімделген өнеркәсіптің негізін қалады. «Швед социализмі» атанған бұл ұлттық экономикалық үлгі капиталистік және социалистік даму жолдарының ең озық қасиеттерін қамтыған жеке меншік үстемдігі бар аралас түрдегі нарықтық қатынастарға сүйенеді. Швецияның негізгі өнеркәсібі. Швеция өнеркәсібі

экспортқа бағытталған, сол себепті оның өнімі елдің барлық сыртқы саудасының негізін құрайды. Швеция негізінен әр түрлі құрылым материалдарын, жиһаз, құрастырылатын үйлер шығарады. Бұған қоса металлургия (сапалы және ариаулы болаттар шығару), машина жасау, ағаш өндіреу, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі, химия, тағам (негізінен сүт және ет өнімдерін шығару) өнеркәсібі неғұрлым жоғары дамыған.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі Ботния бұғазына құятын өзендердің бойына шоғырланған. Өндіріс орындарының көшілігі Швецияның орталық ауданында орналасқан. Ең ірі “Швед болат компаниясы” концерні мемлекет меншігінде. Машина жасау саласына барлық өнеркәсіп өнімдерінің 50%-ына жуығы тиеді. Автомобиль және аэроғарыш өнеркәсібінің зауыттары онтүстік және орталық Швецияда шоғырланған.

Автомобиль өнеркәсібі “Volvo” (“Вольво”) компаниясының зауыттары Гетеборгте, ал “Saab-Scania” (“Сааб-Шания”) компаниясының зауыттары Тролльхаттенде орналасқан. Дәрі-дәрмек жасау мен биотехнология салалары – швед экономикасының ең үрдісті және болашағы зор өнеркәсіп салалары. 1994-1996 жылдары Швециядағы дәрі-дәрмек рыногы 15%-ға есті. Швед компаниялары онкология, гастроэнтерология, кардиологияда қолданылатын дәрілерді шығаруға маманданған.

Электр және электрондық өнеркәсібі Стокгольм мен Вестерос қалаларына шоғырланған. Сондай-ақ Стокгольм телекоммуникация және тұрмыстық электр аспаптарын шыгаратын “Ericsson” (“Эрикссон”) және “Elektrolux” (“Электролюкс”) компаниялары бүкіл дүниежүзіне белгілі.

*Аграрлық жетекші саласы* – етті-сүтті ірі қара мал өсіру. Ірі қара мал бүкіл Швеция аумағында өсірілсе, шошқа мен үй құстары елдің онтүстігінде ғана өсіріледі.

*Егін шаруашылығы* үшін бүкіл ел аумағының 7%-ына жуығы пайдаланылады. Өндөлетін жерлердің басым бөлігі онтүстік аудандарда шоғырланған, мұнда бидай, сұлы, күнбағыс, картоп егіледі. Тиімді технологияның арқасында Швеция өзінің бидайға, қара бидай мен картопқа деген мұқтаждығын толық қанағаттандырады.

*Кеме жасау кәсіпорындары* Гетеборг, Мальме, Удевалль қалаларында орналасқан. Швеция – орман өнеркәсібі өндірісінің барлық түрлерін экспортқа мол шығаратын ел (Финляндиямен бірге бүкіл дүниежүзіндегі қағаз бен целлюлозаның 10-15%-ын өндіреді).

Ел аумағының 68%-ын ормандар алғып жатыр. Елде банк жүйесі мен туризм жақсы дамыған.

**Дания** – Солтүстік Еуропадағы мемлекет. *Географиялық орны.* Ол Юкатан түбегінде және Дания архипелагында орналасқан. Дания Орталық еуропа жазығының солтүстігінде Еуропа мен Скандинавия түбегі аралығында орналасқан. Бұл корольдік IX ғасырдан бастап өмір кешуде. Дания солтүстігінен оңтүстігіне қарай 360 км және шығыстан батысқа қарай 480 км созылған. Дания аумағы 43 093 км<sup>2</sup> (Гренландия мен Фарер аралын қоспағанда). Мемлекеттің үлкен бөлігі (29 776 км<sup>2</sup>) Ютландия түбегінде орналасқан. Дат архипелагына 500 аралдар кіреді. Олар негізінен Ютландия шығысында Балтық және Каттегат бұғазы аралығында орналасқан. Ауданы 12 729 км<sup>2</sup>, ал Борнхольм аралы Балтық теңізіндегі – 588 км<sup>2</sup>. Данияның жағалауының ұзындығы 7438 км құрайды.

Дания құрғак жер арқылы тек қана Германиямен шекараланады. Бұл шекара ұзындығы 68 км созылған. Шығысында Дания Швециямен шекараланады, ол Эресунн және Каттегат бұғаздары арқылы өтеді, солтүстігінде Скагеррак бұғазы Данияны Норвегиядан бөліп тұрады. Дания солтүстік теңіз шельфінің шығыс бөлігі болып табылады. Сонымен көтөр Дания құрамына алдынғы колонияларыда кіреді. Олар Фарер аралдары және Гренландия аралы, бұлардың парламентте өз өкілдері бар.

**Фарер аралы** Шотландияның солтүстігінде 375 км ұзақтықта орналасқан. Оның аумағы 1399 км<sup>2</sup> құрайды. Олар Дания билігінде 1380 жылдан бастап болған, тек қана 1948 жылдан өздерін басқару құқығын алды. Гренландия – көлемі жағынан ең үлкен арал, аумағы 2 175 600 км<sup>2</sup>, бірақ оның тек 341 700 км<sup>2</sup> мұздан арылған. Гренландия Данияның 1729 жылдан колониясы болған, 1953 жылы мемлекет бөлігі ретінде қабылдады, ал 1979 жылы автономия статусы берілді.

**Салалық өнеркәсіп құрылымы.** Жалпы ішкі өнімдегі ауылшаруашылық, орман шаруашылығы және балық ұксату салаларының көлемі – 3%, өнеркәсіп – 21%, қызмет көрсету – 76%.

**Халқы.** Дания халқы 5,5 мың адам (2010 жыл). 1980 жылдары халық саны тұрақты болған, ал 1990 жылдан бастап оның санының өсуі байқалды. Негізінен иммиграция есебінен (жылына 11 мың адам). Копенгаген қаласында, Фредериксберг және Гентофте коммуналарында шамамен 625,8 мың адам тұрады. Басқа ірі қалаларда – Орхус (275,5 мың), Оденсе (182,6 мың), Ольборг (159 мың), Эсбьерг

(82,6 мың.), Раннерс (64,4 мың), Коллинг (59,6 мың), Хернинг (57,7 мың), Хельсингёр (56,9 мың), Хорсенс (55,3 мың) және Вайле (52,3 мың). Копенгаген қаласы айналасында барлығы 2 млн. адам тұрады. Бұл елдегі 26% халық көрсеткіші.

**Зеландия аралында** 42% халық тұрады. Қала халқы 85% құрайды, 15 тұрғыны бар қалалар көтеп кездеседі. Фюн, Лолланн және Фальстер аралдарында 570 мың адам, ал Борнхольмде – 50 мың адам тұрады. Ютландия халқы 2,4 млн. адамды құрайды, халықтың орналасу тығыздығы 81 адамнан тұра келеді. Гренландия халқы 59 мың адам, оның 5 мыңы европалықтар, қалғаны - инуиты (эскимостар). Фарер аралының халқының саны 50 мың адам.

**Халқы.** Этникалық құрамы: даттар 98%, эскимостар, фарерлер, немістер. Евангелиялық лютерандықтар 91% құрайды, ал қалған протестанттар және католиктер 2% құрайды. Дания бір ұлтты мемлекет. Аз санды немістер еврейлер және поляктар ассимиляцияға ұшыраған.

Ресми тілі – дат тілі, норвег тіліне жақын. Ағылшын тілі неміс тіліне қарағанда кең тарамаған. Көшпенді Герман тайпалары – англы, саксы және дандан – Данияға бірінші ғасырда қоныс тепкен. Осы тайпалардан қазіргі Дания халқы құралып отыр. Сонымен қатар даниялықтар тілінде диалект бар, негізінен копенгагендік диалектте сөйлейді.

Діни сенімі. Евангелиялық Лютеран шіркеуі – ресми Данияның шіркеуі, мемлекет тараپынан қамтамасыз етіледі. Сонда да сенім бостандығы бар. Бұл шіркеуге кіргендер елде 87% құрайды. Маңызды аз санды діни қоғамдық бірлестіктерден мұсылмандар (74 мың адам). Қалғаны: католиктер (33 мың), баптистер (6 мың.), иудейлер (5 мың.) .

**Табиғаты.** Дания жер аумағының көп бөлігін толқынды онша биік болмаған жазықтықтардан қураған. Мемлекеттің ең биік нүктесі Идинг-Сковх тауы (173 м), Ютландияның шығысында орналасқан. Ең төменгі жері (12 м) – батыс бөлігінде орналасқан.

Жер бедері плейстоцендердің мұздық қабаттарының әрекеті нәтижесінде пайда болған. Жерінде көптеген қазаншұңқырлар бар, оларда көл және батпактар орналасқан. Елдің солтүстігінде қабатты теңіздік жазықтықтар тарқалған. Негізгі жынысы – әктастар, олар кейінгі бор және кайнозой әраларында пайда болған. Осы жыныстармен жер асты сулары тығыз байланысты. Данияның шығыс бөлігі көп терең-терең шұңқырлармен бөлінген. Батыс және солтүстік

бөлігі күмді төбелер кездеседі. Оңтүстік батысы теңіздік әрекеттер нәтижесінде пайда болған. Осы аралықта су тасқынынан коргайтын көптеген бөгөндер, дамбалар салынған.

Климаты. Дания климаты теңіздік әрі жұмсақ. Мұхиттың әсері қыста қатты байқалады. Ақпан айының орташа температурасы  $0^{\circ}$  С, шілде  $15-16^{\circ}$  С. Жыл бойы көптең жел соғады. Көбінесе батыстан. Қыста бұлтты күндер көп болады. Жазда болса күншуакты болып келеді. Көктем кеш түседі. Жылдық орташа жауын-шашын қолемі Ютландияның батысында 800 мм, Улкен Бельт бұғазында 450 мм. Көп мөлшерлі жауын-шашын күз және қыс уақытына тұра келеді. Жауын жаңбыр түрінде түседі.

Өзен мен көлдері. Мемлекеттің жер беті көптеген өзен торларамен алып жатыр. Олардың жылдамдығы баяу және ұзындығы қысқа болып келеді. Су тасқындар қыста болады. Ең үлкен өзені – Гудено Ютландияның шығысында орналасқан. Ұзындығы 158 км құрайды.

Экономикасы туралы жалпы мәлімет. Дания – жоғары деңгейде дамыған өнеркәсіптік, халқының өмір сүру дәрежесі жоғары болған әлемдегі дамыған мемлекет. Экономикасында жеке сектор басты орында. Дания өнеркәсібі көп салалы. Негізгі ерекше дамыған электронды құрылғылар өндірісі, тамак, кеме өндірісі және құрылыш.

Ауыл шаруашылығында басты рөлді балық аулау алады. Дания экономикасын екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана қалпына келтіре алды. Ауыл шаруашылығының ұлттық кірістегі үлесі 20% пайызға жеткен. Мемлекет шығыны 2010 жылы ЖІӨ 46% құрады, осының жартысы зейнетакы мен жәрдем ақыға белінген.

Сыртқы сауда. Экспорт және импорт ЖІӨ-нің 1/3 құрайды. 2/3 сыртқы сауда – бұл Еуро Одақ елдерімен, негізінен Германия, АҚШ және Жапониямен сауда карым-қатынасын жүргізеді. Өнеркәсіптік тауарлар экспорттың 75%-ын құрайды. Бұлар құрылғылар, химиялық өнімдер, ауылшаруашылық өнімдері. Ауылшаруашылығы экспорттың 15% құрайды. Қызмет көрсету экспортты 10% пайызды құрайды. Импорт бойынша 70% шикізаттық тауарлар құрайды. 30% экспортты тұрмыстық тауарлар, яғни автомобилдерде бар.

Қызмет көрсету саласы. Данияда экономикалық дамуында білімді халықтың арқасында қызмет көрсету арқылы үлкен табысқа ие болып отыр. 2010 жылы бұл сала 71% жұмыс орнына ие болған, ЖІӨ-де 72% (49% жеке сектор және 23% қоғамдық). Негізгі қызмет көрсету саласына банктер, туризм, қаржылық, транспорт және сау-

да. 2010 жылы шетелдік туристерден түсken қаржы көлемі 3,8 млрд. долл. құраган.

Көлігі. Данияда көлік өнеркәсібі дәстүрлі болып саналады. Ол негізгі шетелдік ақша түсүіне көмектеседі. Осы сала арқылы шетелдік ақшаның 90% ие болады. Теніз транспорттың 75% тасымалдау турал келеді. Автомобиль жолдары Дания қалаларын бір-бірімен байланыстырады. Сонымен қатар велосипедті транспорт әйгілі.

### 4.3 Батыс Еуропа

**Физикалық-географиялық аймақ. Батыс Еуропадағы аймақтану** ұдерісін табиғи ортасынан бастаған дұрыс. Физикалық-географиялық тұрғыдан Еуропа ірі континенттің түбегі болып табылады. Бұл ылғалды және жылы мемлекет қатпарлы және ұзын жағалау сызықты. Үйлесімді бөлінген территорияда ешқандай белгісіз табиғи барьері жоқ, бірақ биологиялық және әлеуметтік тіршіліктің көптүрлілігіне сай келеді.

Батыс Еуропадағы экономикалық және әлеуметтік-мәдени саладағы көптеген айырмашылық аздаған табиғи айырмашылықтармен, ландшафттық жіктелүмен тікелей және жанама байланысты. Мысалы, Солтүстік Еуропа ішінде негізінен төмендегідей өзіндік ерекшелігі бар физикалық-географиялық аймақтарға болінеді: 1) Шпицберген архипелагы; 2) остров Исландия аралдары және 3) Фенноскандия.

*Шпицберген архипелагы* 76,5 и 80,5°с.е. арасында орналасқан аралдар тобын (Норвегия) көрсетеді. Нөлдік радиационды баланс пен жалғаспалы полярлық тұн қуатты мұздық, көпжылдық тоң мен сирек тундралық өсімдіктердің жамылғысының бар екендігін дәлелдейді. Жылы ағыс архипелагтың табиғи жағдайын біраз «жұмысартады», ол бұл жерге аз да болса халықтың орнығуына және тіпті көмір кенін пайдалануға мүмкіндік берді.

*Исландия аралы тундра зонасында орналасқан*. Бұл физикалық-географиялық ерекшелігі оның дәл ортасында Атлант мұхитының қыстық бари депрессиясы («желді, жаңбарлы және тұманды мемлекеттер»), қазіргі кездегі мұздықтану, белсенді вулкандық әрекеттермен (жердің бетіне газдардың, ыстық көздердің және гейзерлердің шығуы) анықталады.

*Фенноскандияның* физикалық-географиялық аймағына келсек, ол Батыс Еуропамен шектелмейді, Скандинавия түбегі Финляндиядан басқа өзінің құрамына сонымен қатар Карелия және

Кольский түбектерін енгізеді. Ол қатаң табиғи жағдайымен, тайга орманы мен таулы тундраның ескі кристаллды жыныстарының таралуымен, батыс жағалауының күшті бөлшектенуімен сипатталады (яғни көптеген еңсіз тар, ұзы, қатпарлы, ирек фьорд қалыптасуымен).

*Орта Еуропа ішінде* (солтүстік шекара ретінде Солтүстік және Балтық теңіздерінің оңтүстік жағалауы, оңтүстік шекара ретінде - Пиренеевтің солтүстік етегі, Падан жазығының оңтүстік шеті және Дунай мен Сава өзендерінің кеңінен ағысы есептеледі) әдетте келесідей физикалық-географиялық аймақтарға ажыратылады:

- 1) Британ аралдары;
- 2) Орта Еуропаның солтүстік жазығы;
- 3) Орташа білктегі таулар аймағы;
- 4) Альпі және альпілік жазықтар.

*Британ топаралдарының табигат жағдайы* - Орта Еуропаға кіретін аралдар аймағында Скандинавиядан Орта Еуропаға ауысатын белгілері байқалады. Арктиканың қатаң климаттық жағдайының ықпалы, жағалауларының күшті тілімденуі, орманның жоқтығы, антропогенді ландшафттардың кеңінен таралуы аралдардың климаттық жағдайының басты ерекшеліктерін айқындайды.

Солтүстік жазық ендік бағытында Рейн ағысының төменгі жағынан Балтық маңы елдеріне дейін созылып жатқан жағалауларды, Нидерландияның барлық жерін, Данияны, солтүстікте Германия мен Польшаныда қамтиды. Шығыс бағытына қарай жазық елеулі кеңейеді, жауын-шашынның жылдық мөлшері азаяды, орман көбейеді және т.б.

*Орташа білктікке таулар аймағы* Франция жеріндегі Альпі мен Пиренейді, Бельгияның оңтүстік бөлігін, Германияның ортаңғы бөлігін, Чехия мен Польша аумақтарына дейін созыла орналасады. Жер бедерінің қатты тілімденуі климаттық жағдайлардың үнемі өзгеруіне, бастыстан шығысқа қарай қозғалыс барысында континенталдық жағдайдың арта түсүіне себебін тигізеді.

*Альпінің физикалық-географиялық аймағы* (Альпі тау жүйесінен басқа, тау етегіндегі Падан ойпаты және т.б. енеді) Швейцария, Австрия, Германия, Франция, Италия және басқа мемлекеттер (соның ішінде, Шығыс Еуропалық) территориясын жарым-жартылай немесе толықтай қамтиды.

*Оңтүстік Еуропа ішінде* (Еуропалық Жерорта теңізі) жеке физикалық-географиялық бірлік ретінде қарастыралады:

1) Апеннин түбегі (Корсика, Сардиния және Сицилия, Эльба, Липара және т.б.);

2) Пиреней түбегі

**Саяси аймақтар.** Батыс Еуропаның өзіндік тарихы бар. Бұғанде Батыс Еуропаның Франциямен, Бельгиямен және Нидерландиямен ғана байланысы жалғасуда. XX ғасырдың аяғында Батыс Еуропаға 20-дан аса мемлекеттер, оның құрамына Ватикан, Андорра, Монако, Сан-Марино микромемлекеттер, сонымен қатар Ұлыбританияның иелігі - Гибралтар жатады. Мұның барлығы «Еуропа» және «Батыс Еуропа» мәдени-тарихи ұғымдардың мазмұнының соңғы екі жүзжылдықта қатты өзгергендігін көрсетеді. Егер бұрын негізгі қоғамдық шекаралар рөлін дін атқарса, буржуазиялық француздық ағартушылық, сосын «пролетарлық» орыс революциясы нәтижесінде «Еуропаға» зиялды ұғым болды.

Батыс Еуропаның шекарасы бұғанде XX ғ. екінші жартысында КСРО орбитасында болған Шығыс Еуропалық мемлекеттердің есебінен Шығысқа қарай жылжуда. Оған Еуропалық Одаққа Чехия, Венгрия, Польша, Словения, Эстония, Латвия, Литваны қабылдау және Батыс Еуропаның бірегей әлеуметтік-экономикалық және мәдени кеңістігіне біргінде басқа да мемлекеттердің ықпалдасуы дәлел болады.

Еуропаны арнайы аймақтарға бөлу жалпы географиялық сипатқа ие және оның этномәдени және әлеуметтік-экономикалық дамының нәтижесі болып табылады.

Шығыс Еуропаның геосаяси жоспарында – бұл бұрынғы Еуропалық социалистік мемлекеттер мен Балтық маңы мемлекеттері Латвия, Литва, Эстония ерекше орын алады.

Алuan түрлі экономикалық және қуатты орталықтардың, әркениеттік ағымдардың, діни, әлеуметтік және саяси мәдениет жүйелерінің тоғысында орналасқан Шығыс Еуропалық аймақ әрқашанда бір саланың ықпалымен басқасына өтудегі күрестің объектісі болды.

Еуропа аймақтарындағы оқиғалардың барысы жалпы Еуропалық жағдайларға және онда Ресей қандай орын алатынына байланысты дамыды. Батыс Еуропа, Шығыс Еуропа мен Ресей мемлекеті мен халықтарына қатысты жаңа және жаңа уақыт барысында жеңіл болмады. Бірақ бұдан басқа көптеген келенсіз жағдайлар және Еуропа халықтарының ұлттық бостандығы мен шаруашылық қалыптасуы үшін болған күрестерді Ресей қолдады.

Еуропаның стратегиялық жоспарында бірегей интеграциялық

кеңістік құруға қызығушылығы болды. Сондықтан аймактандырудың бұл үдерісі Еуропалық бірліктің терендегітілуін, Еуропалық мәдениеттің көптүрлілігін және ерекшелігін сактайды.

**Мәдени-тариҳи аймақтар.** **Батыс Еуропаның** этномәдени және саяси-әкімшілік саласындағы **аймақтық жіктелуінің** көптеген үдерістері ертедегі локалды мәдени-тариҳи ошактарының қалыптасуы – саяси-әкімшілік бөлінүлеріне, мәселен, облыс, провинция, жер қазіргі шекараларының сәйкес келмеуіне тікелей әсер етті.

Олардың Батыс Еуропалық қоғамның аймақтық жіктелуінде басты рөл атқаратын мемлекеттер қатарына Ұлыбритания, Франция, Германия, Испания және Италия жатады.

Ұлыбританияда сол сияқты «ошақтар» көздеріне алдымен Шотландия мен Уэльсті жатқызамыз. Шотландия – айқын бірегейлігімен көрінетін мәдени-тариҳи провинция. Мекендейтін кельттердің үрпактары (ежелгі гэлдер), ол XVIIIғ. басына дейін дербес мемлекет болды және ағылшын жауап алушыларына ұзақ қарсылық көрсеткен. Тек 1707ж. Шотландия бірегей британ мемлекетінің құрамды бөлігі болды. Өзінің ана тілін, толық жоғалтқанына қармастан, шотландықтар (бірінші кезекте – зиялыштарда) ұлттық сана-сезім, мәдениеттің кейбір өзіндік сипаттары мен белгілері сакталды. Шотландияның ұлттық ұйымдары (Солтүстік Ирландия мен Уэльспен бірдей) Ұлыбританияның федеральды құрылымы туралы мәселесіне назарылық білдіреді.

ХХғ. сонында Солтүстік Шотланд тауына жақын аралдардың солтүстік-батыс белгін мекендереген халықтардың ішінен ирландтықтарға жақын келетін гэль тілінде сөйлейтін (XVIII ғ. ирландтар мен шотландықтардың әдеби тілдері жалпы ортақ болған. был общий литературный язык) адамдар тұрған. Оларды ойпаттарда тұратын лоулэндердан ажыратып, үнемі хайлэндер деп атаған.

Уэльс әкімшілік жағынан Англиямен тұтастықты құрайды. Бірақ бұл ежелгі кельт тілдік топ – уэльс немесе валлийліктер қоныстанған және белгілі бір өзіндік ерекшелігі сақталған Ұлыбританияның тариҳи аймақтарының бірі. Ұзак уақыттық ағылшындандыруға қарамастан көптеген уэльстіктер ұлттық санасын, өзінің мәдениетін, дәстүрін және аздап ана тілін сақтады. Ал барлық Ұлыбритания бойынша ана тілінде сөйлейтіндер саны жүздеген мың адам (негізінен ауылдық жерде тұратындар арасында – ескі дәстүрді сақтаушылар).

*Францияда бір-бірінен елеулі ажыратылатын мәдени-тариҳи «ошақтарға»* Лотарингию, Эльзас, Бретань, Корсика, Бургундио,

Прованс, Лангедок және т.б. жатады. Бүгінде эльзастықтардың көпшілігі неміс, оңтүстігі провансаль, Бретань түбегінде тұратын халықтың біраз бөлігі бретон, Пиреней бөктерінде тұратындар баск тілдерінде сөйлейді.

Лотарингия – Францияның Германиямен шекарадас (оның атауы 855 ж. таққа отырған император Лотаря II есімімен байланысты шыққан) шығыс тарихи аймағы. Эльзас Жоғары Рейн ойпатының сол жағалауын және шығыс баурайы Вогез және оның тау етегімен шектеседі. Эльзастықтардың мәдени-этникалық ерекшеліктері айқын көрсетілген.

*Германияның 16 жері*, атап айтқанда Баден-Вюртемберг, Бавария, Берлин, Бранденбург, Бремен, Гамбург, Гессен, Мекленбург - Передняя Померания, Нижняя Саксония, Рейн-ланд-Пфальц, Солтүстік Рейн-Вестфалия, Саар, Саксония, Саксония-Анхальт, Тюриングия және Шлезвиг-Гольштейн, соның ішінде жекелігін Бавария сақтап қалған.

Бавария – елдің оңтүстігіндегі тарихи жер. Мәдени ерекшелігі оңтүстігінде Альпімен, солтүстік-шығысында Богем орманымен шектеседі. Бавариядағы Ниорнберг, Германия мен Италияның жолдарының қылышында орналасса да, Рейн елдерінен Дунай бассейні елдеріне XIIIғ. ірі сауда және қолөнер орталығы (астанасы Мюнхен, жас қала), ері Бавария өзінің ауылшарушалық өнімімен көпке дейін белгілі болды.

*Испанияның ерекше бейнелі тарихи аймақтары*: Басков, Андалузия, Арагон, Астурия, Валенсия, Галисия, Кастилия, Каталония, Наварра, Эстремадура және т.б. елдер. Олардың көпшілігінің шекарасы қазіргі әкімшілік провинциялар шекарасымен сәйкес келмейді. Испанияның жеке аймақтары (Каталония, Арагон, Андалузия, Валенсия және т.б.) кастиль династиясын ұстанып, тәуелсіздікті талап етеді.

Басков территориясы Испания мен Франция арасында бөлінген. Испанияда баскілер мынадай аудандарға қоныстанған: Бискайя, Гипускоа, Алава және Наварра провинциясының қалалары: Бильбао, Сан-Себастия-но, Витория. Францияда баскілер орналасқан аудандар: Лабур, Ла-бурдан, Суда, негізгі орталығы – Байони. Баскілер жоғары ұлттық санаасымен байланысты өзінің дербестігіне құқығын талап етті.

Каталония Испанияның (Франция шекарасы жағында) солтүстік-шығысында орналасқан. Каталонияның халықтары каталон тілінде сөйлейді, олардың өзіндік мемлекеттік дәстүрі қалыптасқан. 1931

жылды Барселонияда Каталонияның тәуелсіздігі турады айтылған.

*Италия өзінің жекелігімен ерекшеленетін мәдени-тарихи аймақ, «улкен жетеліліктің ішіндегі» жалғыз ел.*

Экономикалық аймақтар мен аймақтық саясат. Батыс Еуропа мемлекеттерінің экономикалық-географиялық жағдайының алуан түрлі: табиғи-ресурстық әлеуеті, ЖІӨ – жалпы ішкі өнім көлемі, өндірістік бағытта мамандандырылуы, ЖІӨ – жалпы ішкі өнімнің адам басына шаққандағы көлемі және т.б. (2-кесте) көрсетіледі.

## 2-кесте. Батыс Еуропаның жетекші мемлекеттері

Мемлекеттер	Ауданы, мын. км <sup>2</sup>	Халқы, млн адам.	Табиғи өсімдік, %	Өмір сұру ұзақтығы, жас		Тұтыну ккал/сут	Жалпы ішкі өнім	
				ер	әйел		жалпы, млрд долл.	1 адам, долл.
Ұлыбритания	244,9	60,4	0,28	75	80	3318	1867	32900
Германия	357,0	82,4	-0,02	75	81	3411	2446	29700
Италия	301,3	58,1	0,04	77	83	3 629	1665	28300
Франция	551,6	60,7	0,35	76	83	3 628	1816	29900

Батыс Еуропа – интеграциялық үдерістердің ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған аймақтық саясатты жүргізуін негізгі орталығы болып табылады.

Батыс аймақтық саясаттың ежелден сақталып келе жатқан дәстүрінің бірі – мемлекеттің өндірістік күштерін тең ұстауға талпыну. Бұл идеяны жүзеге асыруда негізінен келесі тетіктер қолданылады:

- 1) жеке инвестицияны орналастыруды бақылау;
- 2) жеке капитал үшін женілдік шарттарын құрастыру;
- 3) мемлекеттік мекемелерді шоғырландыру.

Еуропалық Одақ (ЕО) мемлекеттері интеграциясының жаңа кезеңі мемлекеттік әрі, аймақтық түрғыдан да іске асырылады. Сондықтан халықтың аймақтық санасын дамыту аймақ және тұтас мемлекет үшін маңызды міндеттер болып есептеледі.

Германия Федеративті Республикасы. Батыс Еуропаның эко-

номикалық және саяси «ауа райы» «үлкен сегіздікке» кіретін елдердің бірі. Соның бірі – Германия (ФРГ) – халқының саны жөнінен Ресейден (80 млн. адамнан аса) және қолемі жағынан Еуропа мемлекеттерінен экономикалық қуаты бойынша (АҚШ, ҚХР және Жапония) әлемнің төртінші мемлекеті. Герман халқының жуздеген бөлшектенуі көп жағдайда елдің қазіргі федеративті құрылымымен дәлелденеді, 16 жердің әрқайсының өзінің Конституяциясы, парламенті және өкіметі бар.

Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде Германия екі мемлекетке бөлінді - ФРГ және ГДР, сонымен қатар Германия жерінің шығыс болігі біраз уақыт Польша мен ССРО басқаруында болған (Померания, Силезия, Шығыс Пруссия). 1990 жылы Германия қайта қосылды, сондыктан Германия өзінің бірегей шекарасын Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін белгіледі.

Германия – орталығы айқын емес ел. Астаналық қызметті Берлин және Бонн, Карлсрудегі Федералды Конституциялық сот, Франкфурттегі Бундесбанк, Мюнхендегі Федералды Салық соты, Висбадендегі Федералды Статистикалық басқарма атқарады.

**Географиялық жағдайы мен табигаты. Германияның Еуропадағы орталық жағдайы ірі сауда серіктестері** (Бельгия, Люксембург, Нидерландия, Франция) ретінде қатысадын немесе олармен этникалық және лингвистикалық туыстық қатынастағы (Австрия, Швейцария) **көрші-мемлекеттердің жоғары санымен (олар 9) дәлелденеді.**

Көрші елдер Германияның Еуропаның барлық аймақтарына шығын қамтамасыз етеді. Еуропалық аймақтардың орталығындағы жағдай Германияның тарихи және шаруашылық дамуының өзіндік сипатына және салалық кеңеюіне мүмкіндік туғызды. Солтүстігінде ел Балтық және Солтүстік теңізге шыға алады.

XIX ғ. аяғында осы аймақта Германияның әскери-теңіз портты қаласы Кильдің өркендер өсуіне мүмкіндік туғызатын Киль каналы соғылды.

**Германияның ендік және бойлық бағыттағы Еуропалық су жолының жолында орналасуы шаруашылығын дамытудың ең басты факторларының бірі екендігін дәлелдейді.**

Германияның құрлықтағы территориясында онтүстік белгігін есептемегендеге географиялық шекаралар жоқ. Елдің территориясының солтүстігінен онтүстігінен бес ландшафттық зоналар қатарласып орналасады: Солтүстік-Герман ойпаты, Орташа биіктіктері таулары, Батыс-Герман тау жоталарының

қатпарлы фундаменті, Оңтүстік Герман таулы қыраты және Бавария Альпісі. Солтүстігінде ел шекарасы Балтық және Солтүстік теңіздерімен ұласады.

Климаты. Жауын-шашының жеткілікті мөлшері мен жұмсақ климат экономиқаның дамуына (әсіресе, ауыл шаруашылығы) және адамдардың жұмыс істеуі мен демалысына қолайлы жағдай жасайды. Ауданының жартысынан көбі ауылшаруашылық пайдаланылатын жер (сары топырақты Рейн мен Дунай алқабы), 30% орман. Оңтүстікten және оңтүстік-шығыстан ағатын өзендер ішкі ауданының теңізben байланысын қамтамасыз етеді, олар каналдармен жалғасқан, кеме қатынасына жағдайды жеңілдетеді (Орта Герман каналы солтүстігінде және Рейн-Майн – Дунай каналдарына Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерімен байланысты жүзеге асырады).

Халқы. Немістердің ата-бабасы – тевтондар туралы антикалық уақытта белгілі болған. Ежелгі герман тайпалары солтүстік герман, батысгерман және шығыстерман деп бөлінеді. Алдыңғылары Рейнде, солтүстік теңіз жағалауында және Эльбада тұрды. Екіншілері Скандинавияның оңтүстігі мен қазіргі Дания территориясында өмір сүрді. Балтикада Одер сағасында Шығыс Герман тайпалары - *вандалдар* (вандалии) қоныстанды. Германдықтар жауынгер, ержүрек және осы қасиеттерімен көршілерінен ажыратылады. Бірегей неміс ұлты Еуропадағы ең жас ұлт, оларға көне сөздер (архаизм) жат болып келеді. Еңбексүйгіштік, ұқыптылық және тәртіптілік ұлттық тарихтың қызын кезеңдерін женуге және неміс қоғамның гүлденуіне көмектесті.

Германия халқының саны жөнінен (80 млн аса адам) шетелдік Еуропада көшбасшы. Халқының 90 % немістер. Қалғандары – түріктер, итальяндықтар, гректер, хорваттар, сербтар, датдықтар (50 мың жуық). Германияда халықтың құрамына неміс азаматтығы жок, бірақ сол елде тұратын әрі жұмыс істейтін шетелдіктерде кіреді. Қазіргі уақытта олардың үлесі 9 % (7,3 млн адам) жеткен.

Немістер тез қартаятын халықтарға жатады. 2040 ж. 60 жастан жоғары адамдар үлесі 21-ден 32%-ға өседі. Қазіргі Германияда қоныстану салыстырмалы тең мөлшерлі сипатқа ие. Қоныстанудың түйнекті тірегінің элементтері қалалық агломерация мен әлемдік қалалар (Гамбург, Мюнхен, Кёльн, Штутгарт), ұлттық (Бремен, Ганновер, Дрезден, Лейпциг) және аймақтық (Киль, Кассель, Вюрцбург, Магдебург) маңыздар болып табылады. Құрылымның сзықтық элементі ретінде негізгі көліктік коммуникация қатысады. Бұл жүйеде

мемлекеттің астанасы, қазіргі Германияны біріктіретін түйінді рөлді атақаруши *Берлин* (3,6 млн адам) қаласының орны ерекше.

Германия – протестанттар мен католиктер мекені. Олардың арақатынасын көбінесе жер таңдау нәтижесі анықтайды және мемлекеттегі саяси күштердің аймақтық арақатынасына ықпал етеді.

*Берлин* – XII ғ. соны мен XIII ғ. басында Шпрее өзенінің қолайлы қызылсызында Эльба және Одер өзендерінің арасындағы Балтық теңізінің жағалауынан 177 км орналасқан кішігірім сауда отралығы болған. Алдында ол екі түрлі селодан тұрған: Кёльн Шпрее өзенінің аралында және Берлин одан солтүстікке қарай орналасқан, 1307 ж. одаққа кірді, ал 1432 ж. біріктірілген. 1470 ж. Берлин - Кёльн Бранденбургтың астанасы болды. 1871 ж. Пруссияның франко-прусс соғысЫнан кейін Берлин қайтадан құрылған Герман империясының астанасы болды.

Шығыс және Батыс Берлин арасындағы шекара ескі қаланың ортасы арқылы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жүргізді, ары қарай Берлин қабырғасымен қоршалды (1961). Берлин қабырғасы 1990 ж. бұзылды. Германия біріккеннен кейін бөлінген Берлин қайтадан қалпына келтірілді мемлекеттің астанасы болды. Қазіргі Берлин сонымен бірге федералды жер және қала болып табылады.

Тарихы. Германия патшалығы X ғасыр басында пайдада болды. Ол Рейн мен Эльба арасында, Альпі аралында, Дунай мен Солтүстік теңіз орта арасындағы аумақты алып жатыр. 962 ж. Рим империясы құрылады, неміс ұлты Еуропадағы жетекші держава болады. Империя бір-біріне тәуелді және егемен монархиялар конгломераты 1806 ж. дейін болды.

Герман патшағылығының негізі (Шығыс-Франкско) әртүрлі белгіленеді – 833, 843, 919 жж. Бұл даталардың барлығы шартты түрде алынған. «Тевтондар патшалығы» (яғни немістер) деген атап 919 ж. қолданылды.

1871 ж. Германия Пруссияның басшылығымен орталықтан-дышылған мемлекетке қосылады. Сол уақытта индустрIALIZАЦИЯ кезеңі басталады. Мемлекет қарқынды дамып, саяси іс-эрекеттің белсенді жузеге асырады. Мемлекет үшін алғашқы сынақ бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-1918), Германия талқандалып, женілісті басынан өткізді. Соғыс аяқталған соң 1919 ж. Германия Веймар республикасы деп жарияланады. 1920 ж. аяғы мен 1930 ж. басында терең экономикалық дағдарыс жағдайында мемлекетте билікке фашистер келеді.

Мемлекетті Гитлердің террористік диктатурасы – Үшінші рейх

басқарады. Фашистердің мақсаты әлемдік жаңа соғысқа дайындық болып табылады. Екінші дүниежүзілік соғысты (1939-1945ж.) шешіп, Германия әлемге соғыс жариялады. Бұл соғыстағы женіліске Германияның бұзылуына, бөлінуіне, басып алуына алып келді.

1949 ж. екі Герман мемлекеті пайда болады: Германия Федеративті Республикасы (ФРГ-ГФР, немесе американцық, британдық және француздық басып алған зоналарды біріктіретін Батыс Германия) және Герман Демократиялық Республикасы (ГДР, немесе басып алған зоналарын біріктіретін Шығыс Германия). Берлин женіліске үшіраған рейхтің астанасы ретінде Батыс және Шығыс секторға бөлінеді. Шығыс Берлин ГДР астанасы болады. Батыс Берлин ГДР терриориясының орталығында орналасқандықтан, АҚШ, Ұлыбритания мен Францияның арасындағы төртжақты шартты реттейтін мәртебе ие болады.

XX ғ. екінші жартысында Батыс және Шығыс Германия бір-біріне қарсы тұрады. КСРО-ның және әлемдік социалистік жүйенің қираву Орталық-Шығыс Еуропаның мемлекетіндегі кеңестік режимнің құлдырауына алып келді. Нәтижесінде 1990 жылы қазан айында Германия бірікті, ГДР мен Батыс Берлин (ФРГ) – ГФР-ның құрамына енді.

**Экономикасы. Германия** – постиндустриалды экономикалы мемлекет, 2/3 – қызмет көрсету саласына, 1/3 – өнеркәсіп және 1 % ауылшаруашылық, орман шаруашылығы мен балық шаруашылығы жатады. Қазіргі кезде Германияның экономикасы жағынан Еуропадағы бірінші және әлемдегі төртінші (АҚШ, Қытай және Жапониядан кейінгі) орында.

Батыс Германия және Шығыс Германия біріккенге дейін алуан түрлі шаруашылығы жүйесін игерді. Германия «социалистік нарық шаруашылығы» бойынша экономикалық үлгіге ие болуы нарықтық экономиканың тиімділігін және барлық халықтардың өмір сүруінің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Электр энергетикасы жылу және атом электр станциясында орналасқан. Мемлекеттегі өндірілген электр энергиясының үштен бірі (540 млрд кВт-сағаттан жоғары) атом станциясының үлесіне тиеді. Соңғы жылдары мемлекет бойынша желдік электр қондырығысын пайдалану кен өріс алды.

Өндөлетін өнеркәсіп мемлекет индустриясының жетекшісі болып табылады. Қара металлургия кәсіпорны (болат - 45 млн т. Германия әлемдегі төртінші орынды алады) Солтүстік Рейн - Вест-

фалия (Дуйсбург, Дортмунд) орналасқан. Шикізат ретінде металл сынықтары пайдаланылады, ол саланың сұранысының жартысын қамтамасыз етеді. Болат, құрыш түрінде тасымалданады.

Тұрлі-түсті металлургия саласы әкелінген шикізат және түсті металдар сынықтарымен жұмыс істейді (мысалы, мыс бойынша - 90 %). Германия Еуропада алғашқы алюминийді өндіру бойынша (655 мын. т) бірінші орынды алады. Тұтас алғанда Германияның металл өнеркәсібі қазіргі уақытта металл сынықтарынан металдарды қайта өндіруге жұмылдырылған. Саланы импорттық шикізатқа ауыстыру, порттық сауданың жүруіне мүмкіндік туғызады. Сондықтан Гамбург және Бремен ірі металл өндіру орталығы болды.

*Машина жасау – өнеркәсіптің негізгі саласы, ол мемлекеттің экспорт көлемінің 50% қамтамасыз етеді.* Сала жалпы машина, автомобиль және электр техникасын жасаумен айналысады. Бавария, Баден-Вюртембергте және Солтүстік Рейн – Вестфалияда жалпы машина жасау өнеркәсіптік кәсіпорындар мен электр станцияларына жаңа және жоғары өнімді құралдарды жасайды. Автомобиль өнеркәсібі жылына 6 млн автомобиль шығарады.

Химия өнеркәсібі – индустрия саласының маңызы бойынша екінші. Жоғары технологиялық өнім номенклатуrasesы кеңірек – қышқылдар, минералды тыңайтқыштар, бояулар, лактар, дәрілік препараты, мұнай өнімдері. Химиялық заттар мөлшері Германияның барлық өнеркәсіптер мен экспорттардың балдық көлемі бойынша 10 %. «Байер», «Хехст», «БАСФ» жетекші компаниялар болып табылады. Рур ауданында және теңіз порттарында маңызды кәсіпорын салалары орналасқан. Весселингте (Көльн маңында), Гельзенкирхенте (Рур ауданы), Гамбургте, Карлсруэ, Инголштадте ірі мұнай шығаратын заводтар құрылды салынған. Леверкузен, Франкфурт-на-Майне, Людвигсхафен химия өнеркәсібінің жаңа орталығы болып саналады.

Жеңіл және тамақ өнеркәсіптері жоғары дамыған болып табылады. Жеңіл өнеркәсіп тері аяқ-кіим және тоқыма өнеркәсібімен белгілі. Тамақ өнеркәсібінде сыра қайнату мен темекі бөлініп көрсетіледі. Көптеген салалар толығымен және ңегізінен отандық шикізатпен жұмыс істейді, басқалары импортқа байланысты.

Шикізат жеңіл және тамақ өнеркәсібінің бағытын анықтайды. Германия үшін фарфор-фаянс өнімдері (әлемге белгілі майсен фарфоры), қағаздар (Саксония, Бранденбург) дәстүрлі деп саналады. Мемлекеттің аграрлық саласында 500 мың фермерлік шаруашылық,

онда 1,3 млн адам жумыс істейді. Германия барлық уақытта ауыл шаруашылығының жоғары дамыған деңгейімен және оның ақша айналысымен ажыратылады.

Аграрлық сектордың ақша айналымы көпшілік жерлерді суландыру мен елеулі мөлшердегі тыңайтыштарды (органикалық және минералды) себүмен айқындалады.

Германияның ауыл шаруашылығының салалық құрылымында мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы климаттық жағдайларға байланысты жақсы дамыған. Әсіресе, мал шаруашылығына мән беруде, оның құрылымында ірі қара мал мен шошқа шаруашылдықтары бөліп көрсетіледі.

Өсімдік шаруашылығының ішінде бидай, қара бидай, арпа, картоп, сонымен бірге сұлы, бүршак және қант қызылшасы бөліп көрсетіледі. Вюртемберг пен Бавария бидай өнімін, Бранденбург, Брауншвайг және Ганновер арпа, ортаңғы Германия қант қызылшасын өсіретін аудандар болып табылады.

Жем-шөп дақылдары, картоп, арпа мен сұлы бірге өсіріледі. Жалпы территориалдық бөлуде өсірілетін өсімдіктерді бөлуде маңызды рөлді табиғи жағдайлар (жылу ресурстарын, ылғал мен топырак) мал шаруашылығы – қажетті азықтардың болуы.

Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы көнсалалы тاماқ өнеркәсібінің дамуын қамтамасыз етеді. Олардың кейбіреулері өнімді шығару көлемі бойынша әлемдегі жетекші орынға шықты. Бірінші кезекте бұл сұт, ет, сыра және қант өндіруге қатысты.

Көлігі. Германия қазіргі жоғары дамыған *транспорттық кешенге ие*. Мемлекет транспорттық магистраль жағынан әлемдік көшбасшылар қатарына жатады. Жетекші рөлді адам тасымалдайтын және жүк тасушы көліктер атқарады. Мемлекеттегі автомобилдер саны 50 млн құрайды, оның 40 млн жеңіл автокөліктер. Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 231 мың км, оның ішінде 11 мың км федералды автобандар. Темір жол транспорттары екінші орын алады. Теміржолдар ұзындығы 80 мың км жетеді.

Кейбір бөліктерде жоғары жылдамдықты қозғалыстар ұйымдастырылған (мысалы, Гамбург-Берлин).

Iрі теңіз порттары - Гамбург, Бремен, Вильгельмсхафен, Росток. Сауда-саттық флоты - 850 кеме. Ишкі су транспортты жүк тасымалдау бойынша теміржолдар транспорттарынан кейінгі орынға ие. Каналдардың кеңейген жүйесіндегі су жолы Рейн – Майн – Дунай торабының маңызы зор.

Әуежол торабына Франкфурт-на-Майне (Еуропадағы жолаушы

тасымалдаудан алғашқы орын), Мюнхен, Дюссельдорф, Берлин әуежайлары жатады. Авиациялық паркте 1,4 мың самолеттер, оның ішіндегі 400 лайнерлер бар.

*Сыртқы экономикалық байланысы. Германияның шаруашылық жүйесінің маңызды болып табылады. Мемлекет экспорт пен импорт көлемі бойынша әлемде екінші орын алады. Сауда-саттық байланыстары негізінен ЕО мемлекеттері бойынша жүзеге асырылады. Тауар құрылымында экспорт пен импорттың тауарлық құрылымында дайын өнімдер, сонымен қатар азық-түлік, жартылай фабрикаттар, шикізаттар бар.*

АҚШ, Нидерландия, Швейцария, Франция, Ұлыбритания инвестициялық іс-әрекетте маңызды серіктестер болып табылады. Сыртқы экономикалық байланыстардың басқа формалары, түрлері дамуда.

**Ішкі интеграциялық үдерістер мен аймақтық саясат.** **Жұздеген жылдар барысында** Германия алуан түрлі категориядағы және территориясы бойынша шиеленісіп жатқан иеліктерге бөлшектенді: князьдық, графтық, герцогтық, епископтық, азат қалалар. Германияның қазіргі қоғамдастыру үшінде мәдениеттің, өмір салтын, шаруашылық ерекшелігін сақтап қалды.

Германияның шығыс бөлігінің экономикасының нарықтық қатынасқа көшуі оның шаруашылық құрылымын өзгеріске ұшыратты. Қоғамдастыру мен мекемелер өндірісінің көлемін азайтты, өндірістік тауарлардың түрлерін ауыстырды немесе сұраныска ие болмады. «Кедейшілік зонасы» деп аталатын аумақтар қатары пайда болды - Саксония, Саксония-Анхальт, Тюрингия.

Бұрынғы ГДР-ның отын-энергетика кешені қайтадан құрылды. Қоңыр көмірді өндіру бірнеше есеге қысқартылды. Электр энергиясы жаңа техникалық деңгейде қайтадан ұйымдастырылды.

Германияның шығысында өндірісті жаппай қысқартудан кейір салалар сақталып қалды және дамуға бағыт алды. Бұл машина жасауда саласына тән болды. Айзенах, Цвикау және Людвигсфельдтегі зауыттар (жөніл автомобильдер «Вартбур», «Трабант» және жук көліктерін шығарған) қайтадан құрылғаннан кейін «Опель», «Фольксваген» және «Дайм-лер-Бенц» автомобилдерін шығара бастады. Лейпциг және Хемницте «БМВ» және «Фольксваген» компанияларының филиалдары орналасып ірі орталықтарға айналды. Электротехникалық өндіріс Саксонияда пайда болды. Біріккен Германияның астанасы Берлин қарқынды даму үстінде.

Интеграцияның маңызды шарты мемлекеттің транспорттық

жүйесін біріктіру болды. Мемлекеттің батыс және шығыс бөліктерінде автомобиль, теміржол, су және ауа жолдарының арасы қайта қалпына келтірілді. Ең ірі транспорттық торап Берлинде пайдада болды. Бірігудің алғашқы жылдары экономикалық өсім шығыс жерлеріндегі 10% -ға жетті.

Қазіргі уақытта бұл қарқын азайды және батысгермандық көрсеткіштер төмен бола бастады. Сондықтан ЖІӨ деңгейі шығыс елдің халқының жеке басына 60% құрайды. Жұмыссыздық деңгейі шығыста батысқа қарағанда 2 есе жоғары. Германияның нақты бірігуі үшін елеулі уақыт және қосымша субсидия қажет.

Франция (Француз Республикасы) – отарлы империяның бұрынғы иегері, әлемде экономикалық қуат бойынша екінші держава, бүгінде әлемдік саяси, экономикалық және мәдени «элита»-га жатады. Ол ядролық қаруды меңгеріп, дербес космостық зерттеу жүргізеді.

Еуро Одактың ірі қаласы, әрі астана Париж – әлемдік мәдениет мойындаған орталықтардың бірі, батысевропалық коммуникацияның («барлық жолдар Парижге апарады») барлық жүйесінің маңызды орталығы, туристер сұранысындағы әлемдік қалалардың бірі, мұнда ЮНЕСКО-ның негізгі резиденциясы орналасқан және т.б.

Францияны әлемдік аренага шығару сыйығы оның экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің терең тарихи тәжірибесін және мемлекеттің саяси үлгіге қабілеттілігін көрсетеді.

Ұлыбритания сияқты Францияның да мүмкіндіктері бар: колониалды империялар (Гваделупа, Мартиника, Реюньон, Француздық Гвиана, Француздық Полинезия, Жаңа Кaledония, Уолрис және Футуна, Оңтүстік және Антартикалық аралдар, Майотта, Сен-Пьер және Микелон). Француздық Гвианада белгілі француз космодромы Куру салынған.

**Географиялық орны.** Ауданы бойынша Франция – Шетелдік Еуропаның екінші мемлекеті. Материктік территориядан басқа Францияға Корсика және ұсақ аралдар жатады. Францияның географиялық орнының басты ерекшелігі – халықаралық жолдар қызылсызында орналасуы, теніз шекарасының екі фронтын менгеруі (Атлантық және Жерортатеңіздік), Бельгия мен Швейцарияның французтілдік бөлігімен көршілестігі, Африка мемлекеттерімен жақындығы болып табылады.

Францияның шекарасында микромемлекеттер – Монако (Лазур аймағында) және Андорра (Пиреней) орналасқан. Елдің жер аумағы

әкімшілік жағынан 95 департаментке және айрықша аумақтық-әкімшілік бірлік – Корсикаға, сол сиякты теңізден арғы 4 департамент (Гвиана, Гваделупа, Мартиника, Реюньон) мен 4 аумаққа (Жаңа Каледония, Француз Полинезиясы, Оңтүстік Антарктикалық француз аумақтары, Уоллс пен Футуна аралдары) және арнаулы аумақтық бірліктерге (Майотта, Сен-Пьер және Микелон аралдары) бөлінеді.

**Табиғаты және табиғи ресурстары. Жерінің көп болігі төбелі-жазықты болып келеді.** Альпі мен Юра тауы Францияны Италия мен Швейцариядан бөліп тұратын географиялық шекара болып саналады.

Францияда Альпі шындарының биіктігі 4000 м., Монблан тауы (4 807 м) Еуропадағы ең биігі болып саналады, Юра таулары биіктігі 1700 м, біртіндеп төмендейді.

Солтүстік-шығысқа француз-герман шекарасы Рейн бойынша өтеді. Францияның бұл бөлігінде тау тізбегі бар. Вогездердің биіктігі 1 424 м. Франция мен Испанияның арасындағы табиғи барьерді құрайтын Пиреней Франция жағында 3 298 м. Орталық массив таудан Рона алқабының оңтүстік-шығысына соғады. Жазықтық ауданы жағынан Франция территориясында ең үлкені.

Мұнда Сена, Луара және Гаронна өзендері ағады. Францияда көлдер аз, ең негізгісі – Женева көлі (Леман көлі ретінде белгілі), оның көп болігі Швейцария территориясына жатады.

*Минералды ресурстары елеулі және алушан түрлі.* Франция Батыс Еуропада темір рудаларының, бокситтердің, калий мен тас тұздарының, уран рудаларының коры жөнінен ірісі болып табылады.

Пайдалы кен қазбалары негізінен Францияның солтүстігінде, солтүстік-шығысында және оңтүстігінде шоғырланған. Отын ресурстарының шектелуі тау өзендерінің гсуэнерго потенциалымен орнын толтырады. Франция көлемі бойынша шетелдік Еуропада Норвегия мен Балкан мемлекеттеріне орын береді.

**Табиғи-рекреациялық әлеуеті** үлкен маңызға ие. *Эсіреле,* Францияда Альпі көптеген шанғы курорттарымен және альпинистік лагерьлермен, сонымен бірге Жерорта теңізіндегі жағажаймен (Ницца-де) ерекшеленеді.

Ниццаға жакын орналасқан Каниде үлкен көрермендер мен туристерді қызықтыратын белгілі халықаралық кинофестиваль өткізіледі.

**Халқы.** Кейде Францияны ескіше *Галлией деп атайды, ал оның тұрғындарын* – галламилер деп атайды. Бұл атау қазір орынсыз, себебі ежелгі Галлия қазіргі Франциядан өте үлкен территорияны

қамтыған, Бельгия, Люксембург, Нидерландия мен Швейцарияның бір бөлігін, Италияның солтустігін, ал галлалар көптеген кельттер тайпасынан құралған.

Тарихы. Б.э.д. 58-51 жж. Галлияны Римдіктер жауап алған және Рим мәдениеті негізінде галло-роман халқы құрылған. Б.э.д. III ғ. бастап мұнда Герман тайпасы *франктер басып крігісі* келген. Рим империясының ыдырауына дейін олар Галлияның көп бөлігін басып алды. VI ғ. Испаниядан Галлияның оңтүстігіне басқондар келді, тұрғылықты тайпалармен *бірігін ерекше* этникалық топ гаскондықтар пайда болды. Жоғары галло-роман мәдениетінің ықпалымен герман тілді франктердің мәдениеті жергілікті тұрғындардың әсерімен өзгерілді және өзінің тілі мен дәстүрін жоғалтты. 843 ж. романдықтарға айналған франктер құшті королдік құрды, оларды Франция деп атады.

Осыған байланысты Францияның халықтарын қалыптастыруды солтүстік пен оңтүстікте әртүрлі этникалық компоненттер қатыстырылды және романдықтарға айналдыру дәрежесі осы екі аудандар бірдей болмады, оларда екі түрлі, бірақ бір-біріне жақын солтүстік француз және арапас этностар құрылды. Осы себепке байланысты француздарда екі түрлі сана-сезім қазіргі кезге дейін сақталған.

Француздар қазіргі Франция халқының 90% құрайды. Мемлекеттің шеткегі аймақтарында бретондар (1,5 млн адам), эль-застар (1 млн), фламанд, корсиқандықтар, баскілер, каталондықтар және т.б. этникалық топтар тілі мен мәдениет жағынан ажыратылады. Мемлекетте 5 млн иммигрант тұрады, Солтүстік Африка мен басқа бұрынғы француз отарлары тұрғындарымен бірге португалдар, итальяндықтар, түріктер мекендейді.

Мемлекеттегі халықтар санының 2/3 бөлігі шығыста – Гавр, Марсельде қоныстанған. Мұнда Францияның ірі қалалары – Париж, Лион, Марсель, Лилль, Тулуса, Ницца, Страсбург. Басқа ірі қалалары – Нант, Бордо. Мемлекет тұрғындарының 90% католиктер.

Париж – Францияның әкімшілік, мәдени және саяси өмірінің орталығы. Қала Францияның басқа қалаларына ұқсамайды, оны қебінесе «өз зандары бар қала-мемлекет» деп атайды.

Париждің әрбір көшесінің өзіндік тарихы бар, ал ескерткіштері мен музейлері әлемге әйгілі.

Аймақтық айырмашылық және аймақтық саясат. Осындаидай кең және бай тарихи оқигалары бар мемлекетте аймақтық айырмашылық аз емес. Оның әлеуметтік-экономикалық географияға қатыстысы атап көрсетіледі:

- Париж және астаналық агломерация ұлттық экономикада, ғылымда және мәдениетте басты рөл атқарады;
- Ұлттық кеңістіктің негізгі өзегі Париж – Лион – Марсель сзығымен етеді;
- Француз халықтарының құрамы бретандықтар, корсиандықтар, эльзастықтар, баскілер, валлондар, каталондықтар, олар Француз республикасының шеткі аймақтарында орналасқан.

Аймақтық зерттеулерде мемлекеттің территориясы үш ірі аймақтан тұратыны анықталды. *Солтүстік аймақта Францияның солтүстік бөлігі*, соның ішінде Париж агломерациясы (экономикалық аймақ Иль-де-Франс), Лотарингия, Эльзас кіреді.

Шаруашылық және аймақтың басқа да іс-әрекет саласында аймақ дәстүрлі басымдық рөл атқарады. Мұнда мемлекет халқының жартысы және өнеркәсіп өнімінің негізгі көлемі шоғырланған.

Оңтүстік-Шығыс аймақтарының құрамына Рона өзені, Жерорта теңізінің жағалауы, Альпі тауының батыс бөлігі кіреді.

Аймақта ауыл шаруашылығы, жүзім, бау-бақша дақылдары және мал шаруашылығы қарқынды дамыған. Жетекші рөлді Жерорта теңізі жағалауының шығыс бөлігіндегі туристік кешендер атқарады.

Батыс аймақ мемлекеттің жарты ауданын қамтиды, бірақ өнеркәсіп өндірісінің бестен бір бөлігін ғана береді. Батыс экономикалық дамудың ең төменгі деңгейіне ие (Орталық массив ауданы). Оның мамандандырылуы көбінесе ауыл шаруашылығын, сонымен бірге жеңіл және тамақ өнеркәсібін анықтайды. Сондықтан өнеркәсіп өндірістері ірі қалаларда – Бордо, Тулуса, Нант, Сен-Назер шоғырланған. Бұл қалаларда әскери өнеркәсіп (әуе-ракета, зарокосмос және т.б.), мамандандырылған кеме құрылышы, химиялық өнім өндірісі дамыған.

Францияның аймақтық саясаты. Аймақтық саясатты жүзеге асыратын негізгі құрал мемлекеттік сектор, оларда көрші елдерге қарағанда тұрақты ұстанымы қалыптасқан. XX ғ. 80 жылдарының басында мемлекетке 20% өндіріс куаты (оның  $\frac{3}{4}$  ірі ұлттық компаниялардың сегіздігіне енді), мемлекеттік банктер –  $\frac{3}{4}$  депозиттік және кредиттік операциялар, мемлекеттік секторда  $\frac{1}{4}$  жұмысшылар мен қызметкерлермен қамтамасыз етеді. Сондықтан мемлекет электр энергия мен газ өндірісі, транспорт, байланыс, кеме жасау, «самолет жасау» және т.б. өндіреді.

Франция нарықтық бағыттағы байырғы мемлекет. Елдегі аймақтардың алуан түрлілігі өндірісті дамыту деңгейінде және халықтың әлеуметтік өмірінде ерекше болды.

**Ұлыбритания. Аумағы** Мемлекеттің реңми аталуы – Ұлыбритана-

ния және Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі. XIX ғ. аяғына дейін бұл ел капитализмнің отаны (нарықтық экономика) және ерте өнеркәсіптік революция жасаған әлемнің қуатты империясы болып табылады. Негізгі жағдайы Ла-Манш және Па-де-Кале бұғазы арқылы өтетін, кеме саласы мен әлемдік саудада маңызды, Жер шарының барлық аймақтарымен кеңірек байланысты қамтамасыз еткен.

XXғ. басында бұл қуатын жоғалтып, Ұлыбритания дамыған индустримальды держава болып қалады. Бұл Британдық ұлттар достығының негізін салушы, құрамына бүгіндегі 50-ге жуық Ұлыбританияның бұрынғы доминиондары мен отарлары кіретін ядролық держава. Ұлыбританияға қарайтын аралдар: Англия, Бермуд, Британ, Виргинск, Кайманов, Терке және Кайкос, Монтсеррат, Фолкленд, Питкерн, Хендерсон және т.б.

Астанасы – Лондон. Жер аумағы – 244,1 мың шаршы км. Халқының саны - 62,2 млн адам. Ирландиямен құрлықтағы шекарасы – 360 км-ге жетеді. Жағалау сыйығының ұзындығы - 12439 км.

Ұлыбритания Британ аралында орналасқан, Ұлыбритания аралын, Ирландияның солтүстік-шығыс бөлігін, сонымен бірге көптеген жақын жатқан кіші аралдарды (Англия, Мэн, Уайт және т.б.) және төрт аралдар тобын - Гебрид, Оркней Шетланд (Атлант мұхитындағы), Норманд (Ла-Манш бұғазындағы) тұтасымен алғы жатыр.

Ұлыбритания территориясы төрт тарихи-географиялық аймақтарға бөлінеді: Англия, Уэльс, Шотландия және Солтүстік Ирландия (Ольстер) (3-кесте).

### 3-кесте. Ұлыбританияның тарихи-географиялық аймақтары

Тарихи-географиялық аймақтар	Ауданы, мың км	Халқы, млн адам	Әкімшілік орталығы
Англия	131	49,5	Лондон
Уэльс	20,8	3,0	Кардифф
Шотландия	78,8	5,5	Эдинбург
Солтүстік Ирландия	14,2	1,7	Белфаст

Англияға елдің ауданының жартысы мен оның халқының негізгі бөлігі кіреді. Ұлыбританияның қарамағында Гибралтар бұғазының Еуропалық жағалауындағы мүйісі Гибралтар және ондаған теніздің арғы жағындағы (қазіргі тәуелсіз) территориясы, негізінен Атлант мұхитындағы аралдар қалады.

Елдін біршеттілік жағдайының бұрын аздаған стратегиялық пайдаласы да болған. Еуропадан бөлінген Ла-Манш бұғазы (Англия каналы) және Па-де-Кале (Дуврский) бұғазы Ұлыбританияны көп уақытқа дейін күтпеген жағдайлардан құтқарған.

Ұлыбритания теніз флотын дамытуға көңіл боліп, өзінің терриориясының қауіпсіздігін сақтау мүмкіндігіне ие болды және жетекші теніз державасына айналып, кең байтақ әрі бай колонияны басып алып, өзінің Еуропадан тыс ықпалын кеңейтті.

ХХ ғасырда Ұлыбритания өзінің қауіпсіз стратегиялық жағдайын және бұрынғы мәнін жоғалтты. Өйткені қазіргі жаһандану жағдайында басқа елдермен және аймақтармен қатынасты кеңейту маңызды болып табылады.

Ұлыбритания аумағының жер бедері екі типке бөлінеді: солтүстік-батысы таулы, ал онтүстік және онтүстік-шығысы жазықты болып келеді. Ұлыбританияның өзендері қыска, бірақ мол сулылығымен ерекшеленеді. Олардың тек екеуінің – Темза мен Северн ұзындығы 300 км. асады. Өзен сулары бөгендер арқылы бір-бірімен жалғастырылады.

Транспорттық маңызы орасан, оларда ірі порттар орналасқан. Теңіз порттарының құрылышы шығанақтар мен теніздің кіші шығанақтарын аралдар жағалау сыйығымен бөлуге мүмкіндік туғызады.

Ұлыбританияның климаты – теңіздік, маусым бойынша температуралың амплитудалық тербелуі әлсіз ылғалды. Қысы жұмысақ, жазы салқын. Қар мен аптап, қапырық аз, оның есесіне жаңбыр мен жауын-шашын көп түседі.

Пайдалы қазбаларға онша бай емес. Тас көмір ресурстары едәуір көп (Орталық Йорк, Шотландия, Онтүстік-Уэльс бассейндері), мұнай мен табиғи газ (Солтүстік теңіз қайрандарында) ішкі сұранысқа, аздаған белігі шетке шығарылады.

Ұлыбританиядның орталық белгінде темір рудаларының кеңі, Корнуэлл түбегінде қалайы мен мыстың аздаған кеңі орналасқан. Каолинді топырақ пен алуан түрлі құрылыш материалдары кеңінен тарапған. Ағылшындардың өмірінде теңіз үлкен рөл атқарады.

Мемлекет халқын жағалаудан бөліп тұратын қашықтық – 100-120 км. Ұлыбританияның әрбір халық қоныс тепкен жері теңізben байланысты, оның табиғи байлығын пайдаланады.

Халқы. Британ аралдарын ертеде кельт тайпалары бриттар қоныстанған. Біздің дәуіріміздің басында Ұлыбританияны Римдіктер жауап алады. V ғасырда аралға Эльба, Рейн және Ютландияда тұрған Герман тайпалары англ, сакс және ют басып кіреді. Олар жергілікті кельт халықтарын арал территориясының солтүстігі

мен батысына ығыстырады және орталықта англосаксон мемлекетін құрады. IX ғасырда англосаксон мемлекетінің шығыс бөлігін даттар жеңіп алғып, батыс бөлігі ағылшындар билігінде болады. Осыған байланысты алғашқы мемлекет – Англия пайда болды. Арапды соңғы жеңіп алушылар даттар біртіндеп англосаксондармен араласып кетеді. XIII ғасырда. Англия Уэльсті, XVII ғасырда Ирландия мен Шотландияны күшпен біріктіреді.

Сондықтан ағылшындар – англосаксондар мен нормандардың (даттар) кельт тайпаларымен араласуынан пайда болған халық. Тарихи-географиялық жағдайлар ағылшындарда ұлттық қасиеттерді ерік-жігер күші, тұрақтылық пен энергия ретінде қалыптастырып тәрбиелеуге өсерін тигізді. Себебі бұл қасиеттерсіз орасан зор колониалды империяны және әлемдік англосаксондық диаспораны қалыптастыру мүмкін емес еді.

Англияда, Уэльсте және Шотландияның онтустігінде тұратын ағылшындар казіргі Ұлыбритания халқының - 81%, Шотландықтар - 9 % құрайды, ал қалғандары - ирландықтар, уэльстер (валлий).

Ұлыбритания – халқы тығыз орналасқан әлемдегі урбанизация дәрежесі ең жоғары мемлекет. Қалада халықтың 80% тұрады, оның жартысы үлкен қалалық және қалалық агломерацияда шоғырланған. Бұл агломерациялар (Ұлыбританияның конурбациясы деп аталатын) Англияның урбанизацияланған белдеуін (ағылшин мегаполисі) құрды және мына агломерацияларды қамтыды: Лондон (7,2 млн адам), Манчестер (2,4 млн адам), Бирмингем (2,3 млн адам), Лидс (1,7 млн адам) және Ливерпуль (1,4 млн адам). Оның сыртында екі млн. конурбация тұр: теңіздік солтүстік-шығыс (орталығы - Ньюкасл) және шотландтық эстуария Клайд өзенінде (орталығы - Глазго).

Ұлыбританияның негізгі қаласы – Лондон. Қалада биік үйлер аз. Онда корольдік парктер - Гайд-парк, Кенсингтон бауы, Рид-жентс-парк және т.б. Қаланың тарихи езегі - Сити іскерлік орталығы. Мұнда б.э.д. 45 ж. салынған римдік қабырғалар және т.б. ескерткіштер сакталған. Өзінің тарихында Сити бірнеше рет өртенген. Ситидің символы - орасан зор құрылым Павл шіркеуі.

Темза өзенінің жоғарғы ағысының бойымен қаланың екінші тарихи орталығы – Вестминстер орналасқан, онда ағылшын королдерінің резиденциясы Букингем сарайы, парламент мекемелері және т.б. бар.

Сити мен Вестминстерге Лондонның солтүстік-батыс бөлігі – Вест-Энд жалғасады, мұнда бүрын ағылшын зиялышары қоныс

тепкен. Бұгінде ұлы империяның орасандығын сезінуге әсер ететін алуан түрлі, атап айтқанда Британ музейі, онда фараондар алтындары жиналған, Парфенон мраморы, ассириялық қазынасы және т.б. мекемелер орны алған.

Темзаның төменгі ағысында - Ист-Энд порты және өнеркәсіп ауданы орналасқан. Лондон порты өзен ағысы бойымен 70 км-ге созылып жатыр.

**Мемлекеттік құрылышы.** Ұлыбритания – парламенттік монархия. Мемлекетте бірегей негізгі заң түріндегі конституция жоқ. База ретінде мемлекетте құқық туралы *Биљ қабылданған* (1689 жылы), сонымен қатар парламенттік заңдар, қоғамдық келісім мен дәстүрлер қызмет етеді. Мемлекет басшысы - король (королева). Королдік билік өмірлік деп есептеледі және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Король (королева) орындалатын билікті *Жоғары алып жүруші*, сottар жүйесінің басшысы, Жоғары Қарулы құштердің басшысы, мемлекеттік ағылшын шіркеуінің және Достықтың басшысы болып саналады.

Корольдік басқарудың жоғары органы – *Құпия* кеңес болып есептеледі, оның құрамына беделді адамдар өмірлік мүше болып кіреді.

Заңды биліктің жоғары органы – парламент, көпгасырлық дәстүрі бар. Парламент монархтан, Палаты лордтар палатасынан (өмірлік және тұқымқуалайтын лордтар – 618 адам) және қауым Палатасы (659 депутаттан тұратын сайлау органы, *мажоритарлы жүйе бойыниша 5 жылға сайланады*).

Ұлыбритания өкіметі партия лидері арқылы қалыптасады. Ұлыбритания – *унитарлы мемлекет*, 4 тарихи аймақ, облыстан тұрады – Англия, Уэльс, Солтүстік Ирландия және Шотландия.

Әкімшілік қатынасқа байланысты Ұлыбритания: *графтық* (Англия, Уэльс), *округ* (Солтүстік Ирландия), *аудандар немесе аралдар территориясы* (Шотландия) болып бөлінеді. Мэн (Ирланд тенізі) және Норманд аралдары дербес әкімшілік бірлік болып табылады.

**Экономикасы.** XX ғасырда әлемдік экономикада өзінің кейір ұстанымдарын жоғалтып алуына қарамастан, Ұлыбританияның рөлі әлі де зор. Мемлекет әлі де шетелде АҚШ-тан кейінгі «шаруашылық империясы» болып табылады, өзінің стратегиялық мақсаттарына жетуде халықтар Достығы механизмін пайдалану мүмкіндігі бар. Ғылым өндірісі, экономика құрылымы саласында ұстанымдар бекітіліп, постиндустриалды сипатқа ие болды (70% -қызмет көрсету саласы, 20% - өндіріс, 2% - ауыл, орман және балық шаруашылықтары).

Британдық индустрия құрылымы әлемнің дамыған мемлекеттегінен тән. Басты рөлді құрделі машинажасау өндірісі атқарады (Лондон, Ковентри, Бирмингем және т.б.). Әсіресе, электртехникалық құралдар, электроника, сонымен бірге транспорттық құралдар ерекше дамыған. Кәсіпорын салалары мемлекеттің барлық аудандарында орналастырылған, соның ішінде, Лондон, Орталық және Солтүстік Англия (станокжасау, приборжасау, электроника, автомобилъжасау және авиажасау), Шотландия (ауыр машинажасау) бөлініп көрсетіледі.

Дәстүрлісі қара *металлургия*, металлургиялық кәсіпорындар мен тасқемір, темір рудалар қені және портты аудандарда орналасқан. Әқелінетін шикізаттарды қамтамасыз ететін түсті *металлургия дамыған*.

Англияның, Оңтүстік Уэльстің, Темзаның сағасы сияқты порттарды ерекше бөліп көрсетуге болады. Алюминий балқыту шотланд ГЭС-де шоғырланған.

Химия өнеркәсібі белсенді дамыған. Синтетикалық талшықтар, жібек талшығы, пластмассаның жаңа түрлері, бояғыштар, минералды тыңайтқыштар және фармацевтикалық заттарды өндіру ірі масштабта бөлініп көрсетіледі. Химия өнеркәсібінің негізгі аудандары - Орталық және Солтүстік Англия, Оңтүстік Уэльс. Әлемдік танылмал өнеркәсіп - мата-мақта (әсіресе, жұн) болып саналады.

Электрэнергетикасы жылу электрстанцияларына (газтурбаларының қондырғысы) негізделеді, ол Орталық Англия мен оңтүстік-шығыста орналасқан Шотландияда гидравликалық станция бар. ЖЭС (ТЭС) және СЭС (ГЭС) АЭС толықтырады, олар Англияда шоғырланған.

Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы негізгі салалардың бірінен саналады. Өсімдік шаруашылығы да дамыған, астық түкімдары (бидай, қара бидай, арпа), қант қызылшасы, дақылдар, жеміс-жидектер.

Ұлыбританияның жоғары дамыған транспорттық жүйесі бар, әлемде бірінші орынға ие. Жүктасымаудаудың негізгі көлемі автомобиль транспорты арқылы етеді. Ла-Манш арқылы теміржол туннелі Европаға апарады. Теніз транспорты сыртқы экономикалық байланыстарға қызмет етеді.

Әлемдік масштабтағы порттар – Лондон, Ливерпуль. Ұлттық маңыздығы порттар – Глазго, Бристоль, Гуль, Ньюкасл. Халықаралық тасымалдауда авиациялық транспорт маңызды орын алады. Мемлекетте 150-ден аса азаматтық аэроромдар жұмыс істейді.

Ұлыбритания халықаралық экономикалық қатынаста ең алдыңғы орындарды иеленген.

Ұлыбританияның тауарлардың әлемдік экспорты мен қызмет көрсетуде де өзіндік орны бар. Тауарлық күрылымда негізгі орынды машина жасау алады. Мұнай мен азық-түлік заттар қатары бойынша да жетекші ірі экспортер. Ұлыбританияның сауда серіктестері ЕО мемлекеттері, АҚШ, Индия, Малайзия, Бразилия, Қытай.

**Аймақтық айырмашылық пен аймақтық саясат.** Ұлыбританияда табиғи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени контрасттардың тез өзгерісі байқалмайды: бір климат типі, аймақтық айрмашылықтың жоқтығы, халықты әлеуметтік қамтамасыздандыруда аймақтық айырмашылықтың жоқтығы және т.б.

*Грампанс таулары солтүстікте ең биік нүктесі* Бен-Невис (1 343 м) онтүстіктің жағалаулық ойпаттарымен, солтүстікте 1 600 мм жауын-шашын, 800 мм жауын-шашын шығыста, Шотландияның жайылымы Оңтүстік Англияның айдалған жерімен диссонанс стала-ды (үйлесімсіз).

Британ мемлекеттерінің орталығы - Англия, ол Оңтүстік, Орталық және Солтүстік аймақтарға бөлінеді.

*Оңтүстік Англия* ірі аймақ болып саналады, ол мемлекет терриориясының 26% құрайды, халықтың 40%-ы қоныстанған, өнеркәсіптің 33%-ы орналасқан, ауылшаруашылық өнімінің 40%-ы шығарылады.

*Орталық Англия.* Ұлыбритания территориясының бестен бір бөлігін алып жатыр. Мұнда Ұлыбританияның алғашқы өнеркәсіп орындары пайда болған. Қазір индустріалды зоналар терриориясы - Мидленда (Бирмингем, Шеффилд, Ковентри), Ланкашира (Манчестер, Ливерпуль), Йоркшира (Бредфорл, Лидс). Мұнда металургия, машинажасау, химия өнеркәсібі, мақта-мақта, т.б. дамыған.

*Солтүстік Англияда мұнай мен табиғи газ өндірісі, атом электр-энергетикасы, атом электрстанциясы, т.б. дамыған. Барлық сала өнімдері шығарылады.*

*Шеткі аймақтар ретінде Шотландия, Уэльс және Солтүстік Ирландия есептеледі. Шотландия мемлекеттерриориясының 32 % алып жатыр. Уэльс және Солтүстік Ирландия Англияның шикізат, тасқомір, түсті металдар, ауыл шаруашылығы шикізаттары мен азық-түлік және т.б. өндіретін аймагы болып саналады.*

*Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:*

1. Батыс Еуропаның физикалық-географиялық жағдайы.
2. Батыс Еуропаның экономикалық аймақтары.
3. Батыс Еропа аймағына кіретін елдер.
4. Германияның табиғат жағдайының басты ерекшеліктері.
5. Германиядағы атом электр станциялары қайда орналасқан?
6. Германияның ірі мұнай шығаратын зауыттары.
7. Германияның көлік индустриясы.
8. Германияның химия өнеркәсібі.
9. Германияның сыртқы экономикалық байланыстары.
10. Германияның ішкі интеграциялық үрдістері.
11. Францияның географиялық орны, табиғаты және ресурстары.
12. Ұлыбританияның тарихи аймақтары.

#### **4.4 Шығыс Еуропа**

Аймақ құрамы: Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Югославия, Словения, Хорватия, Босния және Герцеговина, Македония, Албания, Балтық бойы елдері Латвия, Литва, Эстония.

Аумағы. Табиғат жағдайлары және ресурстары. Орталық-Шығыс Еуропа (ОШЕ) аймағы 15 постсоциалистік мемлекеттерді қамтиды: Эстония, Латвия, Литва, Польша, Чех Республикасы (Чехославакия), Словакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Сербия мен Черногория Федерациясы (Югославия Кеңестік Республикасы), Словения, Хорватия, Босния және Герцеговина, Македония, Албания. Аймақтың ауданы 1,3 млн шаршы км.

Аймақтың құрайтындардың ішінде ірі европалық мемлекеттер тобына Польша мен Румыния кіреді, қалған мемлекеттер салыстырмалы кіші мөлшерде (территориясы 20 - 110 мың. км.).

Еуропаның бұл аймағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудың күрделі жолынан өткен.

ОШЕ мемлекеттері Батыс Еуропа мен КСРО-ға кіретін (1992 ж. дейін) республикалар арасында орналасқан. Осымен нарық шаруашылығына көшу кезеңінде саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер пайда болды.

Аймақтың Балтық, Қара теңізіне және Адриаттық теңіздеріне шығатын жері бар.

Табиғат ресурстарын бағалауда қоныстандыру ерекшеліктері мен аудандық айырмашылықтарының қазіргі ОШЕ мемлекеттерінің территориясында шаруашылық іс-әрекеттерінде оның жер бедерінің маңызды құрылымдық-морфологиялық белгілері ұсынылады.

Аймақ солтүстігінде (Балтық маңы, Польша) Еуропа жазығының бір бөлігін, герциндік орташа биіктікегі таулар мен жоталы қыраттар (Чехия), Альпі-Карпат тауларын қамтиды.

Экономикалық-географиялық және геосаяси жағдайы. Шығыс Еуропа елдері, әсіресе XX ғасырда өздерінің тарихи-әлеуметтік және экономикалық даму жағдайының ортақ болуымен ерекшеленеді.

Аймақтың саяси картасының қалыптасуына негізинен XX ғасырдағы, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан соңғы кезеңдегі саяси оқиғалар себепші болды. 1945 ж. Югославияда монархиялық билік құлатылып, б республикадан тұратын Югославия Кеңестік Федерациялық Республикасы жарияланды. 1944-1945 жж. Польшаның шекаралары анықталды. 1946 ж. Албания, 1947 ж. Болгария мен Румыния республика ретінде жарияланды. Румыния, Болгария, Венгрияның Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі шекаралары қалпына келтірілді. 1989-1990 жж. Болгария, Румыния, Чехословакия, Польша, Венгрияда саяси жүйе түбекейлі өзгерді. 1990 ж. ГФР мен ГДР біркіті. 1991 ж. КСРО ыдырауы нәтижесінде Эстония, Литва, Латвия тәуелсіздігін жариялады. Югославия ыдырап, оның орнында Хорватия, Словения, Македония, Босния мен Герцеговина, Югославия Одактас Республикасы пайда болды. 1993 ж. Чехословакия Чехия және Словакия Республикасына бөлінді.

Шығыс Еуропа елдері Балтық, Адриат және Қара теңіздері аралығындағы біртұтас территориялық болікті алғып жа-тыр. Аймақтың бес елі арқылы Дунай өзені ағып отеді, ол Венгрия мен Словакия елдерінің мұхитқа шығу мүмкіндігін туғызады. Аймақ елдерінің тағы бір ерекшелігі - экономикалық даму деңгейі жоғары Батыс Еуропа елдері мен ТМД елдері аралығындағы орны, аймақ арқылы транзиттік темір жол мен автомобиль жолдарының, электр және байланыс желілерінің өтуі елдердің халықаралық еңбек бөлінісіндегі даму бағыттарын анықтайды, қолайлы экономикалық-географиялық жағдай жасайды. Қазіргі кезде Шығыс Еуропа елдері барлығы дерлік өздерінің экономикалық және әлеуметтік құрылымында түбірлі өзгерістер жасап, нарықтық экономикаға түбекейлі бет buquerque.

Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Шығыс Еуропа жерінің көп

бөлігін Шығыс Еуропа платформасы алып жатқандықтан жер бедері жазық болып келеді. Ирі жазықтарға Балтық бойы, Польша, Орта және Төменгі Дунай ойпаттары жатады. Аймақтың орта бөлігінде Судет, Морава сияқты палеозойлық аласа таулар, ал оңтүстігінде Альпі қатпарлығы кезінде көтерілген орта биіктікегі Карпат, Динар, Стара-Планина, Родоп таулары орналасқан.

**Климат жағдайы.** Шығыс Еуропа жерінде климат қоныржай континентті сипатқа ауысады. Қысқы ауа райы көбінесе ашық, аязды болып келеді, аяз  $-20^{\circ}$ ,  $-30^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді. Ал жаз өте ыстық, Дунай ойпаттарында орташа ауа температурасы  $+28^{\circ}$ ,  $+29^{\circ}\text{C}$  дейін көтеріледі. Жауын-шашынның жылдық мөлшері Орта Еуропаның аласа тауларында 2000 мм-ден Орта Дунай ойпатында 500 мм-ге дейін төмендейді. Агроклиматтық көрсеткіштері жөнінен бұл аймақ елдерінде ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендетуге толық мүмкіндік бар.

**Табиғат ресурстарының таралуы жағынан да аймақ елдерінің бір-бірінен үлкен айырмашылықтары бар.** Отын-энергетикалық ресурстардан тас көмір - Польша мен Чехияда; мұнай мен газ - Румынияда; су-энергетикалық ресурстары - Балқан елдерінде шоғырланған. Темір рудалары - Югославия, Румыния, Словакия; боксит - Венгрия; мыс - Польша, Румыния; хромит - Албания; полиметалл - Балқан елдерінде таралған. Польша жерінен - тұздың, құқірттің және күмістің аса маңызды мол қоры анықталған. Аймақтағы қойнауы минералды ресурстарға ең жұтақ аудан Балтық бойы елдері болып табылады.

**Жер ресурсы.** Жер ресурстарының қоры жөнінен Батыс Еуропамен салыстырғанда аймақтағы өндөлетін құнарлы жерлердің үлес салмағы біршама жоғары. Сонымен қатар Румыния, Югославия және Албания елдерінде орман алқаптарының үлесі де жеткілікті дәрежеде. Осы аймақтағы табиғат байлықтары елдердің экономикасын дамытуына қолайлы мүмкіндік береді.

**Халқы.** Аймақта Батыс Еуропамен салыстырғанда халықтың жалпы саны онша көп емес, шамамен 135 млн-ға жуық халық тұрады. Халқы ең көп ел - Польша (40 млн. адам шамасында), халқы ең аз ел - Эстония (1,5 млн. адам шамасында).

Аймақ халқының этностық құрамының басты ерекшелігі - славян тобындағы халықтың басым қоныстануы. Оларға поляктар, чехтар, словактар, болгарлар, сербтер, хорваттар, македондықтар, словендіктер жатады. Сонымен қатар роман тіл тобына жататын румындар; фин-угор тіл тобындағы венгр, эстон; балтық тіл тобындағы

латыштар мен литвальцтар; өзіндік жеке тіл тобына ажыратылатын албандықтар қоныстанған. Негұрлым саны жағынан көп халықтар румындар, поляктар, албандықтар, венгрлер мен литвальцтар.

Аймақ халқының санына Екінші Дүниежүзілік соғыс өте зор нүксан келтірді. Сонымен катар саяси-әлеуметтік өзгерістер де сыртқы миграцияның жаппай жүруіне әкеліп соқты. Соғыстан кейінгі мемлекеттік дәрежеде жүргізілген демографиялық саясат пен халықтың әл-ауқатының көтерілуі халық санының біршама өсуіне жағдай жасады. Соңғы жылдары болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер Шығыс Еуропаның көптеген елдеріндегі демографиялық жағдайды нашарлатты. Индустріяландыру үрдісінің жаппай белең алуына байланысты халық үнемі ауылдық жерлерден қалаға ағылды. Сол себепті аймақ елдерінде соғыстан кейін қалалардың өсу қарқыны жеделдеді. Урбандалу дәрежесі өте жоғары елдер қатарына Чехия, Эстония, Латвия жатады. Олардағы халықтың 70%-дан астамы қалада тұрады. Аймақтың көптеген елдерінде ірі қалалармен қатар тарихи қалыптасқан шағын қалалар мен елді мекендер, ал Балтық бойы елдеріне хутторлар тән.

Халқы. Аймақтағы елдердің басым көшілігі ұлттық құрамы жағынан біртекtes болып келеді. Оларға Польша, Албания, Венгрия, Болгария, Словения, Словакия, Чехия, Литва, Румыния, Хорватия елдері жатады. Бұл аймақтағы ең көп ұлтты мемлекет Югославия болған, онда 20-дан астам ұлт өкілдері тұратын. Олардың арасындағы ұлт араздығы бұл федерацияның тарап, олардың орында бірнеше жеке мемлекеттердің құрылуына негіз болды.

**Діни наимы.** Аймақтағы халықтың көшілігі діни ұстанымдары жағынан католиктер; латыштар - протестанттар, ал Балқан елдерінде православия діні басым. Сонымен қатар, ислам дініндегі халықтар да барышылық.

Шығыс Еуропа елдері дәл қазіргі кезенде өзінің даму бағытында көптеген қындықтарға тап болып отыр. Ол ең алдымен социалистік ортақ экономикалық бірлестіктердің жойылуымен (ӨКК), Кеңестер Одағы, Чехословакия, Югославия сияқты федерациялық мемлекеттердің тарауымен, елдер арасындағы әлеуметтік және саяси мәселелердің курделенуімен түсіндіріледі. Сол сияқты жекелеген елдердің дүниежүзілік шаруашылық пен еңбек бөлінісіндегі бағыт-бағдарының өзгеруі де өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Соған қарамастан аймақ шаруашылығының дамуында ғылыми-техникалық прогрессің тигізген әсері айқын байқалады. Әсіресе, электр энергетикасы, машина жасау, химия өнеркәсіптері қарқынды дамуда және

ол өндіріс орындары елдердің негұрлым артта қалған аудандарының деңгейін көтеруге бағытталған.

**Өнеркәсібі.** Отын-энергетика өнеркәсібі мұнай тапшылығына байланысты тас қемір мен қоңыр қемірге негізделген. Тас қемірдің аса ірі қоры Польша жеріндегі Жогарғы Силезия мен Чехиядағы Острава-Корвин, Болгариядағы Шығыс Марица кен орындарында шоғырланған. Соңғы кезде атом энергетикасы қеңінен қолданылуда. Оларға дүниежүзіндегі ірі Козлодуй (Болгария), Трнава (Словакия), Пакш (Венгрия) атом электр стансалары жатады. Сонымен қатар Румыния мен Югославия бірлесіп жасаған Дунайдагы “Темір қақпа” деп аталатын су электр стансалар жүйесін (оның қуаты 2,1 млн квт., өндіретін электр энергиясы 11 млрд. квт.) жатқызуға болады.

Металлургия өнеркәсібі соғыстан кейінгі кезеңде аймақ елдерінің (Балтық бойы елдерінен басқа) барлығында дерлік қарқынды дамыды. Тұсті металлургия жергілікті шикізатты, ал қара металлургия өнеркәсібі сырттан әкелінетін шикізатты пайдаланды. Польшадағы Krakow пен Катовице, Чехиядағы Острава мен Орталық Чехия металлургия базасы, Словакияның Кошице қаласындағы Шығыс Словакия комбинаты, Венгриядағы Дунауиворош комбинаты, Румынияның Галац қаласындағы толық циклді комбинаттары аймақтағы ең басты қара металлургия базалары болып табылады. Венгрия әлемге ірі боксит-алюминий өнеркәсібімен әйгілі. Ол боксит өндіру, глинозем шығару, алюминий қорыту және одан әртүрлі бұйымдар жасау сияқты төрт сатыдан тұрады. Сондай-ақ алюминий өндірісі Словенияда (Драва өзеніндегі СЭС-тер тізбектері қасында) да жақсы жолға қойылған.

Машина жасау өнеркәсібі аймақтағы ең маңызды өнеркәсіп саласы. Әсіресе, Чехияда машина жасау өнеркәсіптің маманданған жетекші саласы, сыртқа машина жасау өнімдерінен прокат стандарты, ұста-пресс, кәсіпорындарға қажетті құрал-жабдықтар, есептеу техникалары, тұрмысқа қажетті техника түрлерін көтеп шығарады. Ирі орталықтары Прага, Пльзень және Брно қалалары. Пльзеньде аса ірі Шкода комбинаты орналасқан. Польша ауыр машина түрлері, станоктар, жолаушы және жүк вагондары, кеме жасау, электронды жабдықтар (ірі орталықтары – Варшава, Познань, Вроцлав, Гданьск); ал Румыния – тракторлар мен комбайндар, электровоз, автомобиль, мұнай өнеркәсібіне қажетті бұрғылау кондырғылары (ірі орталықтары Бухарест пен Брашов); Венгрия электровоз, жолаушы вагоны, өзен кемелері, дизельді пойыз, автобус (Икарус), электротехникалық және электронды есептеуіш машиналар жасауға

маманданған. Болгарияда әртүрлі машиналар жасау орталығы - София, кеме жасау - Варна, ауыл шаруашылық машиналарын жасау - Рузе қаласында орналасқан. Балтық бойы елдері электротехника, тұрмысқа қажетті техникалық бұйымдар шығаруға маманданған.

Химия өнеркәсібі өзінің дамуы жөнінен Батыс Еуропа елдерінен әлдеқайда төмен дәрежеде. Негұрлым тиімді шикізат мұнай мен газға кешуіне байланысты кенжелеп қалған өнеркәсіп тез кетерілуде. Әсіресе, Венгриядағы химия-фармацевтика, Польшадағы мұнай-химия, Болгариядағы мұнай-химия кәсіпорындары тез қарқынмен дамуда. Олардың барлығы Ресейден келетін мұнай құбырлары жолындағы қалаларда орналасқан.

Жеңіл өнеркәсіп салалары аймақта біршама жақсы дамыған. Тоқыма өнеркәсіп өнімдерін шығарудан Польша мен Венгрия; көркемдік шыны түрлері мен әшекей заттар, карындаш (атақты Кох-и-нор) шығарудан Чехия; тері заттарын шығарудан Болгария; спорттық құрал-жабдықтар шығарудан Польша елдерін ерекше атауға болады. Сондай-ақ аймақ елдері тамақ өнеркәсібінің жеміс-көкөніс консервілері, шырындар, жұзім шарабы мен темекі сияқты өнімдерін өндіруден де ерекше көзге түседі (аймақтағы әр елдің маманданған салаларына мысал келтіріндер).

**Ауыл шаруашылығы.** Шығыс Еуропа жерінің табиғат жағдайы өте қолайлы болғандықтан ауыл шаруашылығының барлық салаларын дамытуға мүмкіндік бар. Жер бедерінің жазық болып келуі және агроклиматтық ресурстары бұл аймақта қоныржай белдеуге тән барлық дақылдарды өсіруге жағдай жасайды. Сондықтан аймақта өсімдік шаруашылығы жақсы жолға қойылған, аймақ елдері халқын азық-түлікпен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ете алады. Ауыл шаруашылығы салаларын дамытуда интенсивті бағыт басым белен алуда. Ол дақылдардың түсімділігін жоғарылатудан, мал тұқымын асылдандыру мен оның өнімділігін көтеруден және механикаландырудың кеңінен өріс алуынан көрінеді.

Ауыл шаруашылығының интенсивті бағыты басым Чехия, Словакия, Венгрия, Польша және Балтық бойы елдерінде мал шаруашылығының үлес салмағы да, оның өнімділігі де жоғары. Ал қалған елдерде мал шаруашылығы өсімдік шаруашылығымен салыстырғанда ілгерінді-кейінді сипатта дамуда. Өсімдік шаруашылығының мамандануы мен оның түсім мөлшерінің артуы топырақтың құнарлылығы мен агроклиматтық ресурстарға тәуелді. Сондықтан солтүстікке қарай орналасқан Польша мен Балтық бойы елдерінде қара бидай мен картоп, ал оңтүстікке қарай орналасқан

Болгария, Венгрия, Албания және бұрынғы Югославия елдерінде бактар мен жүзімдіктердің улесі артады.

Жерортатеңіздік климат жағдайындағы Адриат теңізі жағалауындағы елдерде субтропиктік өсімдіктерді (зәйтүн, інжір, цитрустар) өсіруге мүмкіндік бар. Сонымен катар көкеніс, темекі, қант қызылшасы, зығыр, эфир майлы өсімдіктерді (раушан, жалбыз, лаванда) өсірудің де маңызы зор. Раушан гүлінің майын алу және оны сыртқа шығарудан Болгария дүниежүзіне әйгілі.

Мал шаруашылығы. Аймақтың неғұрлым солтүстікке қарай орналасқан елдерінде сүт және сүт-ет бағытындағы ірі қара мен шошқа шаруашылығы, ал онтүстікке қарай тау жайылымдық (қой мен ешкі) мал шаруашылығы дамыған. Ол жергілікті жердің табиғат жағдайымен де, тарихи қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық болғандығымен де тығыз байланысты.

Көлік және байланыс географиясы. Аймақ елдеріндегі ең басты көлік түрі – темір жол. Автомобиль мен су көлігі түрлерінің қарқынды дамуына қарамастан, темір жолдағы жүк айналымының улесі әлі де жоғары. Темір жолмен ең көп тасылатын жүк көмір мен металл рудалары. Негізгі магистральдардың барлығы дерлік ендік бағытта салынған, тек Карпат таулары маңындаған иілістер жасайды.

Сыртқы сауда байланыстарын жүзеге асыруда теңіз көлігінің маңызы күннен-күнге жоғарылауда. Жүк айналымы өте жоғары қыста қатпайтын Бургас, Варна, Констанца, Сплит, Риека, Гданьск, Щецин, Клайпеда, Лиепая, Вентспилс және қыста қысқа мерзімге қататын Рига, Таллинн сияқты портты қалаларының транзиттік рөлі де айрықша маңызды. Сондай-ақ бұл порттарда кеме жасау, кеме жөндеу және балық аулау кәсіпшілігі де жолға қойылада. Дунай өзені Дунай бойындағы елдердің жүктерін транзиттік түрде тасымалдау мен тиеп-түсіру үшін кеңінен пайдаланылады. Аймақ елдері арасындағы өзара байланысты дамытуда автокөліктің маңызы күннен-күнге артуда. Аймақ жері арқылы Ресейден шығатын ірі мұнай және газ құбырлары өтеді.

Аймақ елдерінде демалыс-сауықтыру орындары мен туризмнің мүмкіншілігін жоғары деңгейге көтеруге толық жағдай бар. Әсіресе, Карпат, Судет және Балқан түбегінің таулары баурайында; Балтық, Қара және Адриат теңізі жағалаулары мен Дунай бойында орналасқан демалыс орындары ерекше көзге түседі. Оларда дүниежүзінің түкпір-түкпірінен жылына сан мындаған адамдар демалып, денсаулығын түзеп қайтады.

Ішкі экономикалық айырмашылықтары. Аймақ елдері ежелден-ақ Шығыс Еуропа деп аталғанымен, әрбір елдің географиялық орны, табиғат жағдайлары мен ресурстарының қоры жөнінен және саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары жағынан бір-бірінен түбегейлі айырмашылықтары бар. Сондыктан да оларды шартты түрде үш топқа бөліп қарастырады. Солтүстік немесе Балтық бойы елдері тобына Польша, Латвия, Литва және Эстония жатады. Бұл елдер тобы арасында соншалықты тығыз байланыстың болмауына қарамастан, оларды бір топқа біріктіруші басты мәселе - экономикасы мен шаруашылығын өркендешу жолдарының ортақтығы. Ол ең алдымен теңізді игеру және теңізге қатысты кәсіпшіліктерді менгеру. Бұл топтағы елдердің ішінде өзінің табиғат ресурстарының қоры мен экономикалық көрсеткіштері жөнінен жетекші рөлді Польша мемлекеті алады.

Орталық немесе ішкі континенттік елдер тобына дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алмайтын елдер Чехия, Словакия және Венгрия кіреді. Бұл елдер тобы аймактағы өнеркәсіп аса қарқынды дамыған аудан болып есептеледі. Әсіресе, қара metallurgия мен машина жасау жақсы жолға қойылған. Ауыл шаруашылығы интенсивті жолмен өркендер, бұл елдер сыртқа азық-түлік өнімдерін де көптеп шығарады.

Бұл топтағы жетекші ел – Чехия, оның өзіне тән ертеден келе жатқан дәстүрлі өнеркәсіп шаруашылығы бар. Чехия өнеркәсіп өнімдерінің жан басына шакқандағы мөлшері бойынша Шығыс Еуропа елдері арасында бірінші орынды иеленеді. Сол сияқты ауыл шаруашылығын интенсивтіндіру дәрежесі де аймақ бойынша ең жоғары көрсеткішке ие.

Оңтүстік елдер тобына Румыния, Болгария, бұрынғы Югославия орнында қалыптасқан жаңа елдер мен Албания кіреді. Көш басында Румыния мен Болгария тұр, оларда өнеркәсіп біршама дамыған, ауыл шаруашылығы интенсивті сипатқа ауысада. Елдер экономикасын дамытуда Дунай бойында орналасуы қолайлы экономикалық-географиялық жағдай туғызады. Ал жаңа қалыптасып жатқан Балқан елдері мен Албания экономикалық көрсеткіштері жөнінен әлі де төмен дәрежеде. Оған елдер арасындағы саяси-әлеуметтік жағдайлардың дұрыс шешімін таппауы өз кедергісін тигізуде.

**Чехия.** Аумақтық құрамы және экономикалық-географиялық жағдайы. Чехия Республикасы Еуропаның дәл ортасында орналасқан. Солтүстігінде Польшамен, шығысында Словакиямен, оңтүстігінде Австриямен, батысында Германиямен шектеседі. Че-

хия жері ежелден-ақ үш тарихи-географиялық аймаққа жіктеледі: Чехия, Моравия және Силезияның орталықтары Прага, Борно және Острава қалалары. Экономикалық-географиялық жағдайының ең басты ерекшелігі – Еуропаның орталығында орналасуы, Пльзень қаласына таяу жерде “Еуропаның орталығы” деген жазуы бар гранитті ескерткіш орнатылған. Чехия жері арқылы көптеген маңызды еуропааралық көлік желілері өтеді. Алайда елдің ішкі континенттік жағдайы, яғни тенізге шығатын тұра жолының болмауы шаруашылықты дамытуда кейбір қолайсыздықтарды туғызады.

Мемлекеттік құрылымы. X ғасырда құрылған Прага княздігі феодалдық Чехия мемлекетінің негізі болып саналады. XII ғасырдың екінші жартысында Чехия Әулие Рим империясы құрамындағы корольдік болып саналды. XV ғасырдың бірінші жартысында Чехия жерінде феодалдық езгіге қарсы Ян Гус басқарған халықтық көтеріліс басталды. Бірақ қatal дін шырмауындағы халық жеңіліске ұшырады. XVI ғасырдан бастап Чехия жері Австриялық Габсбург әулетінің қол астына өтті. 1620 жылы Габсбургтерге қарсы көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін, Чехия 1918 жылға дейін тәуелсіздігінен толық айырылды. Осы жылы Австро-Венгрия ыдырағаннан кейін, Прагадағы Үлттық кенес құрамы Чехия мен Словакиядан тұратын жаңа мемлекеттің құрылғанын жариялады. Тек қана 1993 жылы 1-ші қантардағы федерациялық жынын шешімі бойынша Чехия жеке егеменді ел болып, құрамындағы Словакиядан бейбіт жолмен бөлінді. Чехия 1993 жылдан БҮҮ-ның (Чехословакия 1945 жылдан мүшесі, 1993 жылдан ЕО-ның мүшесі болып табылады.

Табигат жағдайлары және табигат ресурстары. Чехия жері түгелімен дерлік Орта Еуропаның аласа таулы бөліктерін алып жатыр. Олар: солтустігінде Рудный (Крушне) және Судет таулары; шығысында Орлик және онтустік-шығысында Карпат таулары; онтустігінде Шумава және онтустік-батысында Чех орманы аласа таулары. Чехияның климаттық жағдайы ете қолайлы. Жаз аса ыстық емес, ауаның орташа температурасы  $21^{\circ}\text{C}$  шамасында, күз қазан айынан басталады. Қыс жылы, көбінесе қар жамылғысы тұрақты емес. Аса қатты аязды күндері температура  $-15^{\circ}\text{C}$ -ге дейін төмөндейді, бірақ мұндай құбылыс 10 жылда бір рет қайталауды мүмкін. Қысқы орташа ауа температурасы  $0^{\circ}\text{C}$  шамасында. Мұндай климаттық жағдайдың қалыптасуы жан-жагынан аласа таулармен қоршалып жатуына байланысты. Жылдық орташа жауын-шашын

мөлшері жазық жерлерде 550 мм-ден таулы аудандарда 1400 мм-ге дейін жетеді.

Чехия жері арқылы Солтүстік, Балтық және Қара теңіздеріне құятын өзендердің басты су айрығы өтеді. Ирі өзендері Эльба немесе Лаба (357 км) және оның саласы Влтава елдің батыс болігі арқылы, ал шығысы арқылы Морава (329 км) өзені ағып өтеді.

Чехия жері қойнауында минералды ыстық сулар мен емдік батпактар кең тараған. Ол аудандарда емдеу-сауықтыру орындары көптеп салынған. Олардың ішіндегі ең маңыздысы - Карлова Вара гейзері, ол тәулігіне 3 млн. литр минералды су береді, судың температурасы 35-72°C-ге жетеді. Бұл курортта жылына 100 мыңдан астам адам дем алады.

Пайдалы қазбалардан, әсіресе тас көмір мен қоңыр көмір шоғырланған Солтүстік Чехия және Острава-Карвин бассейндері, каолин, графит, шыны дайындастын жоғары сапалы кварцті құм сияқты кен орындары ерекшеленеді. Чехия жері орман ресурстарымен де біршама жақсы қамтамасыз етілген. Елде жалпы ауданы 9270 км<sup>2</sup> (жерінің 12%-ы) шамасында болатын 1351 қорық бар, оның үшеуі ірі ұлттық саябақтар болып табылады. Оның ауданы 1111,2 км<sup>2</sup>. Чехия мемлекеті – табигат қорғау және табигат ресурстарын тиімді пайдалану шараларын ежелден-ақ басты назарда ұстап келе жатқан ел. Сондықтан да оның көп жерінде тылсым табигат қаймағы бұзылмастан сақталған және халықаралық туризмнің көпшілікке танымал ауданы болып саналады.

**Халқы.** Чехияда 2010 жылғы мәлімет бойынша 10,3 млн. халық тұрады. Чехия бір ұлтты ел, халқының 95%-ға жуығы чехтар. Халықтың ұдайы есу сипаты жөнінен Чехия қазіргі типке жатады, яғни табиги есу көрсеткіші өте төмен 0,2%, сабилер өлімі 4,6%, адамдардың өмір жасының орташа ұзақтығы 75 жас. Чехияда соңғы кезде енбек ресурстарының жетіспеушілігі байқалуда. Халықтың басым көпшілігі қалада тұрады, Чехияда шағын және орташа қалалар өте көп. Урбандалу дәрежесі жөнінен Чехия Еуропадағы алдыңғы елдер қатарында, оның көрсеткіші 77%. Елді мекендердің желісі өте жиілігімен көзге түседі, қоныстардың арасы орта мөлшермен 2-3 км ғана. Ауылдық елді мекендер арасында тұрғындары 100-200 адамнан аспайтын кішігірім деревнялар көп кездеседі. Халықтың орташа тығыздығы 1км<sup>2</sup>-ге 130 адамнан келеді.

**Шаруашылығы.** Чехия индустримальы, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы қарқынды дамыған ел. Чехия шаруашылығы көп салалы құрылымымен көзге түседі, бірақ жетекші рөлді өнеркәсіп

атқарады. Халықаралық еңбек бөлінісінде Чехия ең алдымен машина жасау өнеркәсібімен ерекше көзге түседі. Оның ірі орталыктары Прага, Пльзень және Брно қалалары. Әсіресе, металды көп қажет ететін прокат стандарты, ұста-пресс, кен өндіру мен энергетикаға қажетті жабдықтар жасау жақсы жолға қойылған.

Соңғы жылдары өндірісті мамандандырудың жетілдірілуіне байланысты жеңіл автокөлік шығаруға бет бұрды. Оған “Шкода” автокөлігінің Фольксваген тобына теңестірілген “Фелиция”, “Октавия” және ”Фабия” сиякты соңғы үлгілерінің әлем жүртшылығына танымал болуы дәлел. Машина жасау өнеркәсібін қажетті өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында отын-энергетика мен қара metallургия өнеркәсібі де ерекше қарқынмен дамуда. Елде оның екі үлкен орталығы қалыптасқан, олар Острава және Орталық Чехия базалары. Темір рудасының басым көпшілігі сырттан тасымалданады. Чехия сондай-ақ жеңіл және тамак өнеркәсібінің кейбір дәстүрлі салалары арқылы да дүниежүзіне мәлім. Әсіресе, чех шынысын шығарудан Яблонец, чех сыралыны жасаудан Пльзень, ал әйгілі “Кох-и-нор” қарындашын шығарудан Ческе-Будевице қалаларының данкы әлемге танымал. Чехия ауыл шаруашылығының даму деңгейі жөнінен де Еуропада жетекші орында. Әсіресе, ірі қара мал өсіру жақсы жолға қойылған. Өсімдік шаруашылығында бидай мен сыра қайнату үшін пайдаланылатын жоғары сапалы арпа, қант қызылшасы, құлмақ өсіріледі. Сондай-ақ бау-бақша, онтүстікке қарай жүзім шаруашылығы кеңінен тараған. Чехия жерінде көлік тораптары темір жол мен тас жолдар желісінің жиілігімен көзге түседі. Олардың басым көпшілігі ендік бағыттағы жол тораптары (“Көлік географиясы” тақырыбын қарандар) болып табылады. Өзен су жолы арқылы сыртқы экономикалық байланыстар жүзеге асырылады. Бұл байланыстарды поляк порты Щецинге тіркелген Чехия теңіз флоты да жүзеге асырады.

Мемлекет қазынасын толықтыруда туризмнің улесі күннен-күнге артуда. Чехияға жылына 10 млн-ға жуық туристер келеді. Туристердің, әсіресе көп баратын жері - Чехияның астанасы Прага қаласы. Прага қаласының негізі біздің жыл санауымызға дейін қалана бастаған. Х ғасырдан бастап Чехия мемлекетінің астанасы болып есептеледі. 1348 жылы Прагада Орталық Еуропадағы ең ежелгі университет құрылды (қазіргі Карл университеті). Бүгінгі Прага 1784 жылы алты қаланың бірігүйен құрылған. Оның елтаңбасында “Прага қалалар анасы” деген сез жазылған.

Прага мындаған жылдар бойы тарих қойнауынан чех, неміс және еврей мәдениетінің озық үлгілерін жинақтап, бүгінгі ұрпакқа барлық сән-салтанатымен ұсынып отыр. Влтава өзені бойындағы жеті төбе басында шоғырланған жүзден астам алтындалған әсем мұнаралары күнмен шағылысып, мың құбыла көз ұялтқан, Моцарт әуенімен мәнгілік тербелген готика, ренессанс, барокко сәулет өнерінің үлгісіндегі ежелгі тас қамалдар мен құзырлы сарайлар кімкімді де бей-жай қалдырмайтындығы даусыз. Сондықтан да Прагага ат басын бұрып, қаланды тамашалау әрбір адамның арманы.

Сыртқы экономикалық байланыстары. Чехияның шаруашылығында сыртқы экономикалық байланыстардың ауқымы өте кең. Елдің басты сауда әріптестері көршілес елдер, яғни Германия, Словакия, Австрия және Ресей. Сыртқа шығаратын өнімдері арасында машиналар мен жабдықтар және халық тұтынатын өнеркәсіп тауарлары басымдық көрсетеді. Соңғы жылдары Чехия мен Қазақстан арасындағы экономикалық қатынастар жақсаруда.

Польша Республикасы – Орталық-Шығыс Еуропада ауданы және халқы бойынша маңызды орын алатын Балтық маңындағы мемлекет. Германия мен төрт шығыс Еуропалық мемлекеттер – Ресей (Калининград облысы), Литва, Белорусь және Украина арасында орналасқан. Экономикалық-географиялық және геосаяси жағдайлары қолайлы. Оңтүстігінде орташа биіктіктең Судет және Карпат таулары алып жатыр.

Польша Чехия, Словакия және Венгриямен бірге 1992 жылы Кедендей Орталық-Еуропалық одак құрды, 1995 ж. Словения, кейіннен Румыния мен Болгария кірді.

Польшаның қазіргі территориясының үштен екісін 1918-1920 жж. оларға жататын ескі жерлер, 1/3 үштен бірін біріккен батыс және солтүстік құрайды.

Польша Балтикаға 500 км. теңіз шекарасының фронтымен енеді.

Табиғат жағдайы мен ресурстары. Мемлекет ауданының  $\frac{3}{4}$  бөлігін ойпат алып жатыр, орта сыйығы мен солтүстігіне жазық жота тән.

Польшаның климаты жұмсақ. Варшавада (52 с.ш.) жер жаңғақ, абрикос, персик есіріледі. Қар жамылғысы батыста 1 ай, ал шығыста 1,5-2 ай жатады. Мемлекеттің орта сыйығында жауын-шашын аз түседі, Варшава мен Познанью арасында жылына 500 мм .

Жауын-шашынның орташа мөлшері бойынша (600 мм) және өзен су ағыны 1 км<sup>2</sup>, Польша Еуропалық мемлекеттердің ішінде соңғы орында тұр. Жылдық өзен су ағының 9/10 Вила (2/3) және Орда

арқылы өтеді. Бұл бір жағынан, Карпаттағы жаздық жаңбырдан болатын су тасқынын, екінші жағынан, каларды сүмен қамтамасыз етудегі су тапшылығын, сонымен бірге Вила үшін кеме қатынасының қолжетімсіздігін көрсетеді. Өзеннің ластанған бөлігі (биологиялық өлшемдері бойынша) жалпы бойлықтың  $\frac{3}{4}$  бөлігін алғып жатыр.

Топырағының құнарлығы аз, женіл құмайт топырақты, күлгін типті және қоныр түсті. Орталығы мен солтүстігі жоғары табиғи құнарлы қара топыракты. Мұндай топырақ Күявияда кездеседі. Мемлекеттің онтүстік-батысында топырақ жағдайы анағұрлым жақсы.

Польшадан тәмен орман (28%), орман ауданының  $\frac{3}{5}$  қарагай орманы, яғни Судетте (шырша), Карпатта (қарағай, шамшат, шырша) алғып жатыр. Орманның  $\frac{4}{5}$  қышқыл жаңбырмен зақымданған.

Польша қарағай материалдарын экспортқа шығарады, бірақ целлюлоза-қағаз өнеркәсібі үшін шикізатты (шыршаны) импорттайды (шетелден экеледі). Территорияның 8%-н 17 ұлттық парк, атап айтқанда, Татранский, Карконошский (Судетте), Кампинонский (Вашавада), Белодежский және т.б. алғып жатыр.

Жалпы алғанда, номенклатура бойынша табиғат ресурстары орташа, бірақ пайдалы қазбалардың ішінде тас қемір мен қоныр қемір, қорғасын-мырыш рудалары, мыс пен құміс рудалары кенине, ас тұзына, табиғи құқіртке бай, сондықтан осылардың қорынан Еуропада бірінші орынға ие. Рентабельді өндіру үшін қолжетімді тасқемір қорынан Польша Еуропада бірінші, жалпы қоры бойынша Ұлыбритания мен ФРГ орын береді.

Халқы. Польшада соғыстан кейінгі халықты миграциялау аяқталды: немістерді Батысқа (8 млн. адам), полшалықтарды Шығысқа (2,5 млн. адам) және україндықтарды Шығысқа (0,5 млн адам). Жоғары табиғи есімнен тұрғындар саны 1.5 есе өсті, оның  $\frac{2}{3}$  қалалықтар үлесіне тиесілі.

**Діни науымы.** Шіркеулік есеп бойынша ПР халқының 96% - католиктер, оның ішінде 0,8%. Грек католиктері, православлықтар – 1,4%-ын құрады. Халықтың басым бөлігі дінге сенеді, католок шіркеуі олардың өміріне елеулі ықпал етті.

Халықтың  $\frac{3}{5}$  экономикалық белсенділер, жеке секторларда жұмыс істеді, оның  $\frac{2}{5}$  ұсақ жекеменшіктер, крестьяндар.

Халықтың 62% қалада (42), оның ішінде ірі бес қалада – Варшава, Лодзи, Krakova, Вроцлава, Познани тұрады.

**Мемлекеттік құрылышы.** Қазіргі Польша – екі палаталы парламентті, президенттің тікелей сайлауы бойынша сейма мен сенаттан тұратын республика.

**Өнеркәсібі.** Қазіргі Польша экономикалық даму деңгейі бойынша еуропалық мемлекеттердің ішінде Балкан елдері мен Румыниядан асып түсіп, үшінші ондық құрамындағы индустриялды-аграрлы мемлекет. Оның экономикалық белсенділігінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының үлесі бірдей ( $1/4$ ), ЖІӨ бойынша анағұрлым жоғары.

Тасқөмір өндіру бойынша Польша Еуропада бірінші орында, оның негізгі бассейні – Верхнесилезский, территориялық құрылымда маңызды.

Мемлекеттің электрэнергетикасы тас көмірге негізделеді, бұрынғы жылдармен салыстырғанда  $\frac{1}{4}$  жетті. Қоңыр көмір кенінің орны – Белхатувский (Лодзиден оңтүстікке), онда шетелдік Еуропалық ЖЭС (ТЭС) жұмыс істейді. СЭС (ГЭС) 3% электрэнергиясын өндіреді. Қолданылатын мұнайдың 98%-ы Ресейден әкелінеді.

XXI ғасырдан бастап мемлекетке Ресейден келетін табиғи газ оның территориясы арқылы өтетін Ямал-Батыс Еуропа газқұбырының есебінен көбейтілді.

Шойын балқыту, түсті металлургия, машинажасау, электротехника, химия өнеркәсіптері бойынша елеулі орындарды иеленеді. Женіл өнеркәсіптің ішінен текстиль, тамақ салалары ерекше.

**Ауыл шаруашылығы.** Мемлекет сыртқы саудада азық-тұлік заттарынан (ет, жеміс-жидек, бау-бақша дақылдары, т.б.) оң сальдоға (кіріс пен шығыс айырмасы) ие. Негізгі астық дақылдары – бидай мен арпа, қара бидай (өнімнің түсімі – 34 ц/га); сүт (3500л); картофель (199 ц/т), және т.б. Ауыл шаруашылығының жоғары қарқындылығы орталық-батыста жоғары, солтустік-шығыста анағұрлым төмен.

**Транспорт.** Мемлекет ішінде жүк тасымалдау (жылына 50млн. т.) мен жолаушы тасу темір жол арқылы өтеді. Негізгі темір жол торабы – Верхнесилезский, ірі қалалармен, порттармен байланыстырады. Бұл және Krakow торабы астанамен тез жылдамдықтағы поездармен (170 км/сағ.) байланысады. Польшаның теніз флотымен жүктасымалдау (3 млн. т. дедвейт).

Сыртқы экономикалық байланыстары. Батыс Еуропаның сыртқы сауда айналымының  $\frac{3}{4}$  Польшаның,  $1/3$  Германияның үлесіне тиесілі.

Аудан бойынша шолу. Польшаның аудандары бойынша негізгі көрсеткіштері 4-кестеде көрсетілген.

#### 4-кесте. Польшаның аудандары

Көрсеткіштері	Аудандары								
	Орталық	Орталық-Батыс	Оңтүстік	Оңтүстік-Батыс	Солтүстік	Солтүстік-Шығыс	Шығыс	Оңтүстік-Шығыс	Тұғас Польша
Ауданы, %	17,2	15,9	6,9	10,9	20,9	6,5	8,0	14,3	100
Халқы, %	20,0	14,1	15,4	13,5	14,8	3,2	5,8	14,5	100
1 км <sup>2</sup> халықтың тығыздығы	144	111	275	119	82	61	89	149	124
Қалалық үлесі, %	65	60	75	70	60	58	47	50	61,9
Өнеркәсіп өнімінің үлесі, %	24,8	15,5	21,1	8,6	12,1	1,8	3,0	13,2	100
Ауыл шаруашылығы б/ша мемлекеттік ж/е көперақтивтік секторлар үлесі, %	5,5	18,7	18,0	31,0	35,0	6,2	7,6	9,0	16,5

Болгария Республикасы – Шығыс Еуропадағы мемлекет. Табиғат жағдайлары, бұрынғы тарихы және қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды белгілері Балкан аралындағы басқа мемлекеттермен ортақтыққа ие.

Солтүстігінде шекарасы Дунай бойымен Румыниямен жалғасады. Батыста Болгария Сербия және Македониямен, оңтүстігінде Греция және Турциямен шектеседі. Бұл шекаралар негізінен қолайлы асулары бар тау жотасымен өтеді. Марица өзені арқылы өтетіні Еуропа елдерінің Кіші Азиямен және Таяу және Орталық Шығыспен байланыстыратын ең жақын жол. Шығысында мемлекет Қара теңізге шығады, оның ұзындығы 378 км. Бұл белгіленіп көрсетілген географиялық жағдайлар территорияны транзиттік жүк тасу мен жолаушы тасымалында көнінен пайдалану үшін қолайлы жағдайлардың алғышарттары болып табылады.

Болгария территориясы мөлшерінің кішілігіне қарамастан, алушан түрлі табиғат жағдайларымен сипатталады. Географиялық құрылымы мен рельефі ерекшеліктерінің қатары бойынша топырақ-климаттық жағдайлары, есімдік жамылғысы және Болгария өзендерінің режимі Румыния мен Сербияға ұқсас, жазықтары мен жоталар көністігі қара топырақты, орманды және шалғынды болып келеді. Мемлекет территориясының 2/3 теңіз деңгейінен 500 м биіктікте орналасқан, 1/3 таулы, тек 13 % ғана 1000 м биіктікте орналасқан.

Жер бедері батыстан шығысқа қарай төмендейді. Негізгі таулы жоталар мен жазықтар ендік бағытында созылып жатыр. Стара-Планина (Балкан) тау жүйесі мемлекетті еki бірдей бөлікке – Солтүстік және Оңтүстік Болгарияға бөледі. Оңтүстік-шығыс Жоғарғыфракия (немесе Марицкий) құнарлы ойпатты болып келеді. Оңтүстікбатыста Рила-Родопский таулы массиві бар. Мұнда ең биік нүктесі Балкан тубегіндегі Мусала қаласы (2925м.).

Жоталар арасында құнарлы шатқалдар, оның бірі 550-650 м биікте орналасқан мемлекет астанасы – София. Солтүстік Болгария – бұл Дунайск жоталы жазығы, ормансыз және халық көп қоныстанған жер. Кара теңіз жағалауы жалаңаш, топырақты пляж.

Болгарияның минералды ресурстары көп емес, Родопский тауында қорғасын-мырыш рудасының қоры, Средна-Горы және Стара-Планина аралдарында, мыс, Софиядан шығысқа, Верныдан батысқа қарай тас тұзы қорлары бар. Болгария жылу-энергетикалық ресурсқа кедей, сондықтан мұнай, газ, тасқөмірді шетелден тасиды (импорттайды). Мемлекеттің оңтүстік-шығысында қоңыр көмір (лигнит), 4 млрд. т. өнеркәсіп қоры бар. Мемлекетте минералдар көздері көп.

Климаты қоңыржай белдеулік, оңтүстігінде – жерортатеңіздікке алмасады. Дунайский жазығында және Верхнефракийский ойпатауда (жылына орташа есеппен 500-600 мм жауын-шашын, тауда 1000-1200 мм түседі. Жазықтарда вегетациялық кезеңде жогары температураға байланысты өсімдіктерге ылғал жетіспейді.

Сондықтан өндөлген ауданның жартысы қолдан суаруды қажет етеді. Жер суарудың негізгі көзі – өзендер, әсіресе Дунай және жер асты сулары. Жерді суаруга қажетті су қорын қамтамасыз ету, СЭС тұрақты жұмысы үшін көптеген су қоймаларын жасау қажет.

БР ауданының 30% орман, (негізінен шамшат және емен, Рила-Родопский тауында – қылқан жапырақты). Орман массивтерінің 15% өнеркәсіптік маңызы бар. Осындағы қолайлы жағдайлар курорттық істер мен туризмнің дамуына мүмкіндік туғызды.

**Халқы.** Мемлекетте негізінен болгарлар, оңтүстігінде славян халықтары қоныстанған. Болгар тілі славян азбукасы мен «кириллица»-ны қолданады, дәстүрлі дін – шығыс-славяндық дінге сену. Түріктердің бесғасырлық басқаруынан болгарлардың біраз бөлігі мұсылмандықты қабылдаған. Бірнеше жуздеген түріктер Болгарияның оңтүстігінде Грекиямен, солтүстік-шығысында Шығыс Родоп елдерімен шекаралас тұрады.

Шаруашылықтың негізгі белгілері. Болгария Балкан аралындағы басқа да мемлекеттер секілді Осман империясынан босатылған

соң экономикасы жөнінен артта қалды. Кейіннен еуропалық мемлекеттердің экономикалық дамыған елдеріне тәуелді болды. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында негізгі сала ауыл шаруашылығының аз өнімді төмен заттары болды. Соғыстан кейінгі маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселе жалпы даму деңгейін көтеру, индустрIALIZАЦИЯНЫ қүшешту болды. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының арақатынасы ЖІӨ бойынша өзгерді.

Өнеркәсіп құрылымында елеулі өзгерістер болды. Машинажасау өнеркәсібі (30%), химия өнеркәсібі (10%). Болгария Еуропаның басқа мемлекеттеріне қараганда тамақ өнеркәсібін модернизациялауда маңызды рөл атқарды.

ИндустрIALIZАЦИЯ барысында жергілікті минаралдық ресурстар базасында төрт тауөнеркәсіптік кешен құрылды: Шығыс-Марицкий тасқөмір-электрэнрегетикалық; Родопский рудалы-метеллургиялық; Креминковский рудалы-метеллургиялық; Среднегорский рудалы-металлургиялық. Импорттық шикізат негізінде мұнай өндеу өнеркәсіп орны құрылды (орталығы – Балкан түбегіндегі Буртас).

Ауыл шаруашылығындағы құрылымдық өзгерістер мал шаруашылығының дамуына алып келді. Соған байланысты астық дақылдарының мөлшері азайтылып, орнына жем-шөп мөлшері көбейтілді. Болгария Еуропада астық өсіруден, жүзім. Жеміс-жидектен маңызды орында болды.

Мемлекеттің транспорт жүйесінде үлкен өзгерістер болды: автомобиль және теңіз транспорттары дамыды, темір жолдары электрлендірілді (9/10 темір жол жүктептіктері электрмен тасымалданды).

Су транспортты (Қара және Дунай теңіздері арқылы) сыртқы экономикалық жүктасымауда жетекші орын алды, негізгі теңіз порттары – Верна мен Буртас, Рус және Лом. Болгария территориясы бойынша халықаралық транспорт магистралы өтеді. Олардың негізгілері – Белградтан Софияға – Пловдив – Адрианополь – Стамбул.

#### 4.5 Оңтүстік Еуропа

Оңтүстік Еуропа үш дүние бөлігі аралығын жалғастырып жатқан айрықша аймақ. Бұл топқа жататын елдер негізінен Жерорта теңізіне сұғына еніп жатқан Пиреней және Балкан түбектерін алып жатыр. Ал ережейлі мемлекеттер Аппенин түбегінде, Жерорта теңізі жағалауы мен алабында орналасқан.

Теңіздің жылы сулары шайып жатқан бұл аймақ ежелден адамзат өркениетінің ошағы болған. Біздің заманымызға дейінгі XX ғасырда

Жерорта теңізі алаңында бүкіл Еуропаның, жалпы адамзаттың алға басуына себепші болған жерортатеңіздік өркениеттің негізі қаланды. Оның өркендеуі Ежелгі Греция мен Римде шарықтау шегіне жетсе, кейінгі дамуы жаңа замандағы Ұлы географиялық ашылуларға себепші болды. Өзінің сипаты жағынан таулық немесе өзен бойы өркениеттерінен айырмашылық жасайтын теңіздік өркениеттің экономикалық негізін осы алапта тұратын ежелгі халықтардың теңізде жузу шеберлігі қалыптастырыды.

Орта ғасырларда осы аймақтың ержүрек теңізшілері Жаңа Дүниені ашып, игере бастады. Соның нәтижесінде Оңтүстік Еуропа жаппай қоныс аударудың ошағына айналды. Қоныс аударушылар легі Америкаға ағылып, жаңа жерлердің нәсілдік және ұлттық құрамын құшті өзгеріске түсірді.

Оңтүстік Еуропа халықтары Үнді-еуропа тіл семьясына сметін тілдерде (грек тілі, роман тілдері) сөйлейді. Аймақта католик дініндеңілер басым, Греция халқы православие дінін ұстанады. Халықаралық географиялық еңбек белінісінде Оңтүстік Еуропа елдерінің маманданған салалары: халықаралық туризм, субтропиктік дақылдарды немесе олардан алынатын өнімдерді (зәйтүн майы, шырындар мен консервтер) сыртқа шығару, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін ондіру. Оңтүстік Еуропадағы аса ірі келесі ел - Италия.

*Италия* - әлемнің ежелгі елдерінің бірі. Сонымен бірге салыстырмалы түрғыдан алғанда саяси картада 1871 ж. бұрынғы жеке герцог мен корольдік соңғы бірігуден кейін пайда болған жас мемлекет. Қазіргі Италия «евро-үштікпен» (Германия, Ұлыбритания, Франция) ірі әлемдік державалар «сегіздікке» кіретін «үлкен батысевропалық төрттікті» құрайды. Италия фашистік режим Муссолиннің басқару кезеңін бастан өткізген соң дәстүрлі достық байланысты қолдайтын демократиялық парламенттік республикаға айналды. Италия әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері қатары бойынша Ұлыбритания, Франция және Германиямен салыстыруға болады. Бірақ олардан айырмашылығы бұл жерде Оңтүстіктің дамуындағы кешеуілдеп қалған мемлекетті «артқа тартатын» күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселе бар (Осыдан «индустриалды солтүстік және экономикалық әлсіз дамыған оңтүстік» деген алғашқы сөз қалыптасқан).

**Географикалық орналасуы, табиғаты және ресурстары.** Италия – Оңтүстік Еуропаның мемлекеті, Жерорта теңізіндегі көрнектісі, Апеннинский түбегінде солтүстіктен Паданский жазықтығымен, Алъпі тауымен, сонымен қатар бірнеше аралдар-

мен, оның ішіндегі ірілері – Сицилия және Сардиниямен ұштасады. Мемлекет территориясының кез келген нұктесінен теңіз жағалауына дейін 230 км. Мұндай орын алғашқы өркениет уақытынан бері Египетте, Финики мен Грецияда олардың мәдениеттерінің сіңірліуіне мүмкіндік туғызады, ал келесі ғасырлар да оған жерорта теңізі мен континенталды Еуропаның халықтарымен тығыз қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

**Италия** - Оңтүстік Еуропаның орталық бөлімінде орналасқан жерортатеңіздік мемлекет. Солтүстігінде материктік бөлігінде Италия Франция, Швейцария, Австрия және Словениямен шекарласады. Италияның ішкі территориясында екі микромемлекет бар - Сан-Марино мен Ватикан.

Оңтүстігінде ол Африкамен көршілес, Апеннин түбегі Жероортатеңізіне еніп жатады. Италияның батысында – Лигур және Тиррен, ал оңтүстігінде - Ион, шығыста - Адриат теңіздерімен ұласады.

Жерорта теңізі бассейнінің ортасында Италияның орналасуы Батыс пен Шығыс сауда жолдары мемлекет өмірінде маңызды рөл атқарады. XXғ. Италия Таяу Шығыстан мұнай кен орындарымен Еуропаның индустримальды аудандарына тасымалдауда аса маңызға ие болды. Италияның авиациялық транспортның дамуы Еуропа, Америка, Азия мен Африка мемлекеттерінің арасын қосатын әлемдік әуе жолдарына көмек көрсетті.

Италияның географикалық жағдайы НАТО-ның стратегиялық қатынасы үшін аса маңызды болды. Италия – бұл әскери блоктың белсенді қатысушысы. Ол таулы мемлекет (мемлекет территориясының 4/5). Солтүстікте Альпінің оңтүстік баурайы Еуропаның ең биік нұктесі Монблан (Монте Бианко, 4 807 м).

Жер бедере. Альпі ірі иінімен батыстан шығысқа қарай жыл бойы қол жетімді немесе қыста аз уақытқа жабылатын көптеген асулар мен алқаптармен тілімделген 1200 км созылып жатыр. Асу арқылы автомобиль және темір жол көліктегі, таулы жерлерде тауды тесіп өтетін туннельдер арқылы өтеді.

На юго-западе Альпі оңтүстік-батыста Апеннинский тауларына алмасады, ары қарай Апеннинский түбегімен ұштасады. Апенниндер – Жердегі ең жас таулар. Бійктегі Альпіні (1500 км) басып озады, олардың ең биік нұктесі Корно тауы, 2 914 м. Между Альпі мен Апеннин арасында Падан жазығы мен өзендер алабы орналасқан.

Италия – жер сілкініс көп болатын Еуропалық мемлекеттердің бірі. XX ғ. мемлекетте 150 аса ірі жер сілкінісі болды. Сейсмикалық белсенді зонаға Италияның Орталық және Оңтүстік аймағы жата-

ды. Италия сонымен бірге европалық аймактардағы вулкандары бар жағыз мемлекет. Олардың әрекет ететіндегі - Везувий (1 277 м) Неполь мен Эtnаға жақын (3 323 м), Сицилия аралында орналасқан. Апеннинский тубектерінің рельефи Сицилия мен Сардиния аралдарына ұқсас, ерекшелігі таулар мен жазықтық жағалаулары бар. Италияның негізгі өзендері По және Тибр. Мемлекетте көптеген өзендер бер, ең ірілері - Гарда, Лаго-Маджоре, Комо.

Италияның солтүстікten оңтүстікке созылып жатуы (1200 км) мемлекеттің жеке аудандарының арасындағы климаттық айырмашылықтарға байланысты қоныржай жылы климат Падан жазығында, субтропиктік Сицилия аралында кездеседі. Италияның өсімдік жамылғысы алуан түрлі, мәдени ландшафтты. Мұнда субтропиктік өсімдіктердің түрлері – цитрус, олив, миндаль, гранат, инжир өседі.

Пайдалы қазбалары. Мемлекет жылу ресурстары мен рудалық шикізаттармен, әсіресе қара металлургиямен аз қамтамасыз етілген. Соған қарамастан Италияда сынап, полиметалл рудалары және молибден, суръма, боксит кен орындары бар. Химиялық шикізат – күкірт, пирит, калий және тас тұздарының коры көп. Әлемге әйгілі ақ каррарский мрамор бар, оны өртедегі римдіктер скульптура жасауда қолданған. Барлық құрылым материалдары кездеседі. Тас және қоңыр көмір, темір рудалары, мұнай мен табиғи газдар коры аз. Энергетикалық база қуатты суэнергоресурстар, алдымен альпі өзендері болып табылады.

**Халқы.** Италия халықтарының ажыратылатын белгісі – ұлттық құрамының біртектілігі. Итальяндықтар мемлекеттің жалпы тұрғындарының 97% қурайды. Бұл Еуропадағы роман тілді топтардың ішіндегі ең көбі. Итальян халқы Еуропа мен Азияның тайпалары мен халықтары Апеннинский түбегіндегі тұрғылықты халықпен араласуының нәтижесінде пайда болды. Итальяндық этностиң ежелгі негізі этрускілер болды, оларға грек және финикий мәдениеті және латиндар (римдіктер), б.э.д. сексен жыл бұрынғы салынған Рим қаласы мен оның қуатты империясы көп ықпал етті.

Италия халқының құрылымы мен санының өсуіне ішкі ерекше мәнді миграция ықпал етеді. Италия ұзақ уақыт бұқаралық жаппай эмиграция жүрген мемлекет болды. Бұғандегі мемлекеттен тыс 10 млн этникалық итальяндықтар тұрады, соның ішінде, АҚШ пен Канада да (5 млн адамнан аса), Франция мен Германияда (2 млн адам), Аргентина мен Бразилияда (1,5 млн адамнан жоғары).

Итальяндықтардың өміріне көбінесе католиктік шіркеулер ықпал

*етеді. Мұнда итальяндық астанада орналасқан - Ватикан маңызды рөл атқарады.*

Мемлекет бойынша халықты қоныстандыру бірдей емес. Италияның халық тығыз орналасқан жері – солтүстік жазық пен мемлекеттің орталық бөлігі. Бұл жер шаруашылығын, алуан түрлі өнеркәсіптерді, порттардың іс-әрекеті мен туризмді қарқынды дамыту үшін қолайлы жағдайларға байланысты түсіндірледі.

Сонғы он жылда Италияда, әсіресе солтүстік бөлігінде урбанизация үдерісі қарқынды өтуде. Мемлекетте халқы 100 мың, адамнан асатын қалалар саны көбеюде және жаңа қалалық агломерация кеңейіп жатыр. Мемлекет халқының 12% астамы төрт ірі қалада орналасқан, олардың әрқайсысында 1 млн аса тұрғындар тұрады: Римде (2,9 млн адам), Миланда (1,7 млн адам), Неаполде (1,2 млн адам) және Туринде (1,1 млн адам).

*Рим* – Италияның және Лацио облысының астанасы, мемлекеттегі ірі, әлемдегі туристер ең көп келетін қалалардың бірі. Рим жеті төбеде, Тибр өзенінің екі жағында, Тирренский теңізінің сағасына жақын орналасқан. Оның территориясының шеңберінде Ватикан қала-мемлекеттің орналасуы оның әлемдік католик науымының орталығы екенін көрсетеді. Қазіргі уақытта Римде проживает 3 млн адамға жуық тұрады. Римнің халқының саны қаланың шетіндегі ауылдармен қосқанда 3,9 млн жуық адамды құрайды.

Рим – әлемдегі ««Мәңгі қала»» ретінде тарихқа енген және ежелгі әрі ұлы қалардың бірі. Б.э.д 753 ж. Рим империясының орталығы, сосын Папа мемлекеттің қаласы, 1871 ж. біріккен Италияның астанасы.

Римнің мәдениетін бағалау мүмкін емес. Онда әртүрлі дәуірдегі бай архитектурлық кешендер бар: римдік және императорлық форумдардың құлаған орны - Пантеон (б.э.д. 27 ж.), Колизей (64), Триумфальды арка Тита (81), колонна Траяна (111 – 114), термы (бани) Каракаллы. Сонымен бірге ерте христиандық катакомба – христиандардың тығыллатын орны. Римнің жетістіктеріне Корсо Витторио Эммануэл даңғылын жатқызуға болады. Осы даңғылдан Мәңгі қаланың сарайлары басталады.

Көптеген римдік монументтердің ішінен Виктор Эммануил II ескерткішін, ол Итальян королевствасының бірінші монархы болған және т.б ерекше атауга болады. Антикалық және Қайта өрлеу дәуіріндегі мәдениет қайраткерлерінің ескерткіштерін және олардың туындылары. XIX ғ. суретшілер С. Ф. Щедрин, А. А. Иванов, К. П. Брюлов, О. А. Кипренский, жазушы Н. В. Гоголь және т.б. Римде

көптеген музейлер, онда тарихи дәуірден бері жинақталған картина, скульптура мен басқа өнер туындылары және т.б.

Еуропаның ертедегі білім беру мекемесінің бірі – Рим университеті (XIV ғ. басында ашылған); Қазіргі уақытта мұнда 180 мың студент білім алады. Рим ғылымның ірі орталығы болып табылады.

Осыған байланысты қалада көптеген шетелдік мемлекеттердің ғылыми үйімдары – Франция, Германия, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ, онда археологтар мен ғалымдар, ежелгі дәуірдің өнерді зерттеген адамдар; медицина ғылымдары, ұлттық ядролық физика институты, астрономиялық обсерватория, ғылыми қоғам, ғылым мен өнердің мамандандырылған әртүрлі саласындағы жетістіктер. Римде театрлар, алуан түрлі эпоха мен жанрлар бар.

**Орта ғасырда** Италия феодалдық бөлінумен сипатталды. XV ғасыр аяғында итальяндықтар жері Еуропада лидерлік үшін Испания, Австрия және Франция арасындағы соғыс алаңы болды.

Наполеон соғысында мемлекет территориясы Францияның қол астында болды, ол 1814 жылы соқылды. 1860 жылы соңында Италия Италия королевствасымен біргеді. 1870 жылы Италия ұлтты мемлекет болып құрылды. 1922 жылы мемлекетте Муссолинидің фашистік режимі орнатылды. 1940 жылы Италия Германия гитлері жағынан екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты. 1943 жылы Италия өзінің капитуляциясын жариялады, бірақ неміс әскерлері басып алды. 1944 жылы англо-американдық одақтық күші Италияны босатты. 1946 ж. Италия өзін республика деп жариялады.

Италия – *парламенттік республика*, мемлекет басшысы – президент. Италиядағы негізгі партиялар: Сол күштердің демократиялық партиясы және Итальян халықтық партиясы

Әкімшілік-территориалдық түрғыдан Италия 20 облыстан тұрады, оның құрамына провинциялар (94) және коммуналар (8 101) кіреді. Бес облыс (Сицилия, Сардиния, Трентино-Альто-Адидже, Валле-д, Аоста и Фриуле-Венеция-Джулия) автономды статусқа ие.

Италияның ішкі саясатының стратегиялық бағыты «атланттық» және «европалық» курқа байланысты.

**Экономикасы.** Италия экономикалық көрсеткіштері бойынша күшті европалық және әлемдік державалар тобына жататын жоғары дамыған мемлекет. Италияның экономикасы үшін сыртқы экономикалық байланыстар мен әлемдік шаурашылық қатынастар маңызды.

Италия экономикасының маңызды ерекшелігі – шаруашылық өмірді реттеу және ынталандыру бойынша мемлекеттік белсенді

іс-әрекет. Экономикаға елеулі мөлшердегі мемлекеттік ықпалдың формасы мен сипаты әлеуметтік-саяси факторлармен анықталады. Оның бірі – солтүстік пен артта қалған оңтүстік аймақтар арасында әлеуметтік-экономикалық өмірдегі территориалды айырмашылық.

Италяндық өнеркәсіптің құрылымы үшін тау-кен өнеркәсібі аз мәнді. Мемлекеттің пайдалы қазбаларының ішінде өзінің өнеркәсіптік және экспорттық маңызына қарай табиғи газ, полиметалл рудалары, пирииттер, калий тұздары, синаяп, мрамор, асбест және т.б. құрылыш материалдары бөліп көрсетіледі. Мемлекетте қолданыстағы минералды ресурстар 70% және 84% энергия тасымалдаушылар импортқа өндіріледі (мұнай – 95%, табиғи газ, – 77%, тас көмір – 97 %).

Электрэнергетикасы техникалық қатынастасы дамыған өнеркәсіп салаларының бірі. Мемлекет суэлектр ресурстарын толық пайдаланады. Оның орасан зор бөлігі Альпі тауында шоғырланған.

Өндірілетін өнеркәсістерге металлургия, машина жасау, химиялық және женіл, тамақ және т.б. салалары жатады. *Металлургия* импорттық ресурстарға байланысты. *Машина жасау* өнеркәсіптік өндірістердің ішіндегі жетекшісі, онда автомобиль жасау боліп көрсетіледі. Италия автомобилдерді әлемдік нарыққа жеткізіп беретіндердің бірі. *Химия* өнеркәсістерінің кәсіпорындары – мұнайтехника комбинаты және жеке заводтары бар.

Италияның ауыл шаруашылығы ұсақ тәмениң шығыны аз шаруашылықтармен сипатталды. Бір шаруашылықтың орташа мөлшері ЖІӨ бойынша 6 га 18,5 га. Өсімдік шаруашылығынан жерорта теңіздік типтер – цитрус, жүзім, оливки, жеміс-жидек, көкөніс өнімдері өндіріледі. Жүзім мен оливки жинаудан Италия әлем ең алдыңғы қатарлы мемлекет.

Астық дақылдары – бидай, жүгері өсіріледі. Күріш жинаудан Италия Еуропада бірінші орын алады, оның өнімнің түсімі жөнінен әлемдегі күріш шаруашылығының жетекші елдерінің қатарына жатады. Күріш Паданской жазығының өңделген жеріне отырғызылады. Негізгі техникалық дақылдар – қант қызылшасы, макта, зығыр.

Мал шаруашылығының да рөлі артып келеді. Сүт және ет өнімдері мемлекеттің солтүстік бөлігінде басым. Италияда салыстырмалы тұрғыдан балық шаруашылығы нашар дамыған.

Географиялық шолуда италияның экономикасы транспорт және сыртқы экономикалық байланыстармен сипатталды. Италияда ав-

*тотобиль транспортның рөлі зор: құрлықтағы жүк тасымалының 2/3; автомобиль жолының жартысы (300 мың. км); темір жол транспортты (20 мың. км). Ишкі және сыртқы жүк тасымалдауда теңіз транспортты маңызды рөл атқарады, Италияда 144 теңіз портыбар. Ең ірілері – Генуя, Триест. Италияда әуе жолдары, яғни авиациялық транспорт тез дамып келеді. Iрі аэропорттар - Рим, Милан. Сауда Франция және Германия арасында жүреді.*

Италияға жылына 50 млн шетелдік туристер Германия, Франция, АҚШ-тан келеді. Италияның осындай мөлшердегі туристерді қабылдауға материалдық базасы қалыптасқан. Мейманханадағы орындар саны бойынша Еуропада бірінші орында тұр.

**Ишкі айырмашылығы және аймақтық саясаты. Итальяндық экономиканың әлсіз орны** «солтүстік-оңтүстік» жүйесіндегі өндірістік күштерді орналастырумен байланысты болып табылады. Территориялық және халықтың орналасуы пропорциясы арасында Италияның солтүстігі мен оңтүстігі «диссонантталмайды» (солтүстіктің үлесіне 60% территория және 65% халық, оңтүстікке 40 және 35% тиесілі), шаруашылық салмағы да бірдей емес. Мемлекеттің артта қалған оңтүстігі қуаты мен тиімділігі аз өндірістік аппараттармен және соған сай аз қаржылық мүмкіндіктер мен шаруашылық өсімнің төмөндігін көрсетеді.

Солтүстікте ірі индустриалды орталықтар – *Милан, Генуя, Турин, Венеция* және т.б. Италияның оңтүстік белгіндегі маңызды өнеркәсіп және мәдениет орталығы – *Неаполь. Мұнда мемлекет астанасы – Рим.*

Италия үш аймаққа бөлінеді: Солтүстік, Орталық, Оңтүстік. Олар өзіндік ерекше географиялық орнласауымен, табиғат жағдайымен және әлеуметтік-экономикалық дамуымен ажыратылады.

*Солтүстік аймақ мемлекеттің өмірінде шешуші рөл атқарады. Мұнда оның терриориясының 2/5 халықтың жартысы тұрады, мұнда өнеркәсіптің 2/3 шоғырланған. Өндірістің тығыздығы Милан – Турин – Генуя байқалады. Ол Еуропаның аса индустриализацияланған терриориясына жатады. Солтүстік аймақ, алдымен Паданская ойпаты, мұнда астық, дақылдар, т.б.; мал шаруашылығынан сүт және ет өнімдері; негізгі транспорттық аймақ ретінде ол арқылы Италияның сыртқы саудасының негізгі белгі өтеді.*

*Орталық аймақ экономикалық даму деңгейі бойынша солтүстік пен оңтүстіктің арасында тұр. Оның үлесіне терриория халқының және мемлекеттегі өндірілетін өнімнің 1/5 тиесілі. Бұл аймақтағы өнеркәсіп көпсалалы, бірақ бірде-бір сала Италия масштабында*

ерекші ъөлініп көрсетілмейді. Ауданың және мемлекеттің ірі қаласы - Рим. Ол мәдени-тарихи, шаруашылық және саяси қызметтерімен қатар ірі транспорттық және сауда – қаржы орталығында маңызды рөл атқарады.

Оңтүстік аймақ улесіне мемлекет ауданының 2/5 және халықтың үштен бірі тиесілі. Жалпы дамуда артта қалуы бойынша оңтүстік Италияның солтүстігі мен орталығымен салыстырғанда біртекті емес. Тубек жағы арал жағына қарағанда дамыған. Аймақ цитрус және басқа да ауылшаруашылық дақылдары өнімдерін өндіруден бөлініп көрсетіледі.

Өнеркәсіптің негізгі саласы – тамақ өнеркәсібі. Соңғы жылдары ауыр өнеркәсіптің кейбір салалары мемлекеттің қолдауымен дамып келеді және ұлттық маңыздығы ірі кәсіпорындар саны өсуде. Жолдар торабының ұзындығы екі есе өсті. Италияның оңтүстігіндегі халықтың өмір сүру сапасы солтүстікке қарағанда төмен. Оңтүстікегі қалалардың шінде Неаполь – мемлекеттегі ірі және аудандағы экономикалық және мәдени орталық ретінде жетекші.

Италияның аймақтық саясатының негізгі өзегі оңтүстік ауданын, мемлекеттің ең артта қалған ауданы ретінде Сицилия мен Сардинияның экономикасын көтеру болып табылады.

**Испания.** Еуропаның оңтүстік-батысында орналасқан бұл мемлекет жерінің ауданы (505 мың км<sup>2</sup>) жөнінен Еуропада Франциядан кейінгі екінші орынды алады. Оның аумағына Пиреней түбегінің басым бөлігі (85%), Жерорта теңізіндегі Балеар және Атлант мұхитындағы Канар аралдары енеді. Африканың солтүстік-батысындағы Мелилья және Сеут қалалары Испанияның қарамағында сақталып қалған.

Мемлекет құрамы мен құрылымы. Астанасы Мадрид елдің орталық бөлігінде орналасқан. Мемлекеттік құрылышы жөнінен парламенттік монархия болып табылатын Испанияның мемлекет басшысы король. Оның құқығы ел Конституциясында нақты көрсетілген. Заң шығару билігін екі палатадан тұратын парламент (Бас кортес) жүзеге асырады. Үкімет іс жүзінде атқару билігіне ие. Әкімшілік-аумақтық жағынан ел 17 автономиялық облысқа біріккен 50 провинциядан тұрады. Испания БҰҰ-ның, 1982 жылдан бері НАТО-ның, 1986 жылдан бастап ЕО-тың мүшесі.

**Табиғат жағдайлары мен ресурстары.** Табиғат жағдайлары айрықша алуан түрлі: елдің солтүстік-батысы Еуропадағы жауын-шашын өте мол аймақ болса, оңтүстігі аса құрғақтығымен көзге түседі. Жер бедері жағынан Испанияны Еуропаның Австриядан

кейінгі таулы елі деуге болады; оның аумағының 90% жуығын таулы ұстірттер (Месета) мен таулар алып жатыр. Шындарын қар мен мұз басқан, көлдерге бай, айрықша әдемі Пиреней таулеры ірі халықаралық туризм ауданы болып табылады. Мұнда альпинизм, тау шаңғысы және т.б. спорт түрлерімен айналысуға қолайлы жағдайлар бар. Ең ірі жазықтары онтүстік-батыста орналасқан Андалузия, солтүстік-шығыстағы Арагон. Ел аумағы, әсіресе шеткі тау жоталары пайдалы қазбаларға бай: минералды шикізаттың 100-ге тарта түрі барланған. Солтүстік провинцияларда тас көмірдің, елдің көпшілік бөлігіндегі темірдің, түсті металдардың, уранның, синаптың мол қоры бар.

Елдің климаттық жағдайларын басты табиғи ресурс қатарына жатқызуға болады. Аумағының басым бөлігі субтропиктік белдеуде орналасқандықтан, қысы жұмсақ, жаңбырлы, жазы ыстық және құрғақ болады. Онтүстікте жылына 200 күн бойы орташа тәуліктік температура  $25^{\circ}\text{C}$ -тан төмен түспейді. Елдің бұл бөлігі Еуропадағы ең ыстық жерлер: Севилья қаласында абсолютті температура  $+47^{\circ}\text{C}$  жеткен. Жылу мөлшерінің мол болуы алуан түрлі субтропиктік дақылдарды есіруге мүмкіндік береді. Жауын-шашын мөлшері жөнінен елді “ылғалды” (солтүстік пен солтүстік-батыс) және “құрғақ” (орталық, онтүстік және шығыс) аймақтарға бөледі. Ылғалды бөлігінде алуан түрлі ағаштармен қатар, шалғындар өсетіндікten ірі қара мал өсіруге өте қолайлы. Құрғақ аудандарда егістіктер мен бау-бақшалар қолдан суарылады. Елдегі ірі өзендер: Эбро, Тахо, Гвадиана, Дуэро, Гвадалкивир, олардың көліктік маңызы жоқтың касы. Онтүстікте жаз кезінде судың жетіспеуі байкалады. Бұл проблеманы шешу үшін өзендер бойында су қоймаларын салып, жер асты суларының аса мол қорлары пайдаланылуда.

Табиғат жағдайлары тынығуға аса қолайлы Балеар және Канар аралдары, Жерорта теңізі жағалауы қазіргі кезде аса ірі халықаралық туризм орталықтарына айналған.

**Халқы.** Испанияда халық санағы 1857 жылдан бері үзбей жүргізіліп келеді. Еуропаның көптеген елдерінде қарағанда халық тығыздығы төмен ( $1 \text{ km}^2$ -ге 78 адам) болғанымен, ел аумағында халық біркелкі қоныстанбаған. Биік таулы аудандарда (Пиреней, Орталық Кордильера, Кантабрия)  $1 \text{ km}^2$ -ге 10 адамнан да келмейді; ал керісінше жағалаулардағы портты қалалар маңында  $1 \text{ km}^2$ -ге 100 адамнан асып кетеді. Қалаларда ел халқының 64% тұрады, тұрғындарының саны 10 мыңнан асатын елді мекен қала деп есептеледі. Сыртқы келбеті

Еуропаның басқа қалаларына ұқсамайтын испан қалаларында араб, рим сәулет өнерінің де үлгілері сақталған.

Испанияда қалалардың бірнеше типтері бар:

- шикізат өндеге маманданған қалалар; олардың тұрмыс-тіршілігі өндөлетін шикізат түріне сұраныспен тығыз байланысты;
- суармалы алқаптардың орталықтары (уэрттер);
- Жерорта теңізі жағалауындағы курортты қалалар;
- ірі қалалар маңындағы “жатын” қалалар;
- ірі өнеркәсіп тораптарына айналған портты қалалар.

Қала халқының 1/4 бөлігі ірі қалаларда шоғырланған. Ірі қалалары: Мадрид (3,8 млн. адам), Барселона (1,8 млн. адам), Валенсия (780 мың адам) және Севилья (650 мың адам). Қалалар тізбегі аса ірі Барселона, Валенсия, Севилья урбандалған зоналарын құрайды.

Батыс Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда, халықтың ұлттық құрамы алуан түрлі. Ел тұрғындарының 3/4 бөлігін испандар құрайды. Шеткі аймақтарда каталондықтар, басктер, кастилиялықтар, валенсиялықтар, андалузиялықтар және галисиялықтар тұрады. Негізінен испан, баск, каталон және галисия тілдері кеңінен тараған. Баск тілі Пиреней түбегіндегі ең ежелгі, шығу тегі белгісіз тіл. Аталған тілдер Каталония, Басктер Елі және Галисия тарихи облыстарында мемлекеттік испан тілімен қатар, ресми статус алған. Ел тұрғындарының барлығы дерлік католиктер. Шіркеудің елдегі саяси ахуалға ықпалы әлі де зор.

**Өнеркәсібі.** Испания өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен Батыс Еуропада 5-ші орын алады. Экономикада мемлекеттік сектордың орны айрықша, оның үлесіне жалпы өнімнің 30% келеді. Басты өнеркәсіп салалары автомобиль және кеме жасау, электротехника және химиялық өнеркәсіп, дәстүрлі тоқымда өнеркәсібі. Өнеркәсіп ұлттық жиынтық өнімнің 33%-дан астамын береді.

Энергетикалық ресурстар жетіспегендіктен басқа энергия көздерін (күн және геотермалдық және т.б.) пайдалану артып келеді. Қазіргі кезде 4 АЭС жұмыс істейді. Жергілікті мұнай коры ел қажетінің 10% ғана қамтамасыз ете алады. Мұнай Испания импортындағы маңызды шикізаттың бірі.

Тау-кен саласының дамуы қазір баяулап отыр, елдегі алуан түрлі пайдалы қазбаның тек 16 түрі ғана нақты өндіріледі. Шеттен алюминий шикізаты, марганец, никель сатып алынады. Қара металлургия кәсіпорындары елдің шикізат көзі мен тасымалдауға ыңғайлы порттары бар солтустігінде (Астурия, Бильбао маңы) орналасқан. Түсті металлургия кәсіпорындары жергілікті қорғасын кен орында-

ры негізінде солтүстік-батыста, мырыш пен алюминий солтүстіктең портты қалалар маңында шоғырланған.

Машина жасау өнеркәсібінің автомобиль, кеме және локомотив жасау салалары күшті дамыған. Мадрид, Барселона, Вальядоли қалаларында шетелдік “Фиат”, “Рено”, “Фольксваген,” “Крайслер” компанияларының автомобиль заводтары орналасқан. Испания автомобиль жасаудан дүниежүзінде 6-шы орын алды. Жылына 2 млн.-нан артық автомобиль шығарылады, оның 3/4 жуығы экспортқа жіберіледі. Экспортқа шығарылатын тағы бір өнім түрі – аса жүрдек испан пойыздары. Мұнда АВЕ және ТАЛЬГО пойыздары жасалынған, оларды тек Еуропа мен Азия елдері ғана емес, АҚШ та сатып алған. Қазақстанда да аса жайлыш испан вагондары жоғары бағаланады.

Елде 30-ға жуық кеме жасау компаниясы жұмыс істейді, олар негізінен солтүстіктең Бильбао, Хихон порттарында, шығыстағы Барселона, Картхахена, Валенсия қалаларында және Балеар аралда-рында орналасқан.

Дәстүрлі салалар болып табылатын тоқыма, дәм-татымдық және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары барлық аудандарда да бар. Экспорттық маңызы зор шарап жасау, зәйтүн майын өндіру, жеміс және балық консервілерін дайындау кәсіпорындарының техникалық жасакталуы жоғары. Бұл кәсіпорындар шикізат көзінде орналасады.

**Ауыл шаруашылығы.** Испан шаруашылығының маңызды саласы болып отырған ауыл шаруашылығының құрылымында өсімдік шаруашылығына – 53%, мал шаруашылығына – 41%, ал орман шаруашылығы мен басқа салаларға 6% тиесілі. Ел аумағының тек 10% ғана ауыл шаруашылығына жарамды. Бұл жерлердің жартысына жуығы негізінен оңтүстік және батыс аудандарда шоғырланған ірі шаруашылықтар (латифундиялар) үлесіне тиеді. Ирі помещиктер мен латифундистер жерді жалға беру арқылы пайда табады. Еуропаның басқа елдеріне қарағанда ауыл шаруашылығының тиімділігі мен механикаландыру дәрежесі темен, тыңайтқыштар ете аз пайдаланылады.

Дәнді дақылдар егістіктері елдің орталық бөлігі (Месета) мен солтүстігінде (Арагон жазығы), оңтүстік-батысындағы Андалузияда шоғырланған. Өзен аңғарларында күріштен мол өнім алынады. Андалузияда жергілікті халықтың негізгі қорегінің бірі бұршақ тұқымдастар, Эбро аңғарында бақша дақылдары (бұрыш, томат, баклажан, салат, шпинат және т.б.) өсіріледі. Экспортқа бағдарланған жүзім, өрік және цитрус дақылдарының плантациялары біршама

аумакты қамтиды. Жүзімдіктер барлық жерде бар, әсіресе Эбро мен Дуэро өзендерінің алаптарындағы кішігірім шаруашылықтар көзге түседі. Испандық херес, малагу, этиель және т.б. шарап түрлері дүниежүзіне әйгілі. Зәйтүн тогайлары Андалузия, солтүстік-шығыс жағалаудағы ірі латифундияларда тараған. Цитрус дақылдары Жерорта теңізі жағалауы мен Балеар аралдарында өсіріледі. Солтүстікегі жеміс бақтарында алма, алмұрт, өрік, шие күтіп-банталады. Техникалық дақылдар (қант құрағы, күнбағыс, мақта, темекі және қант қызылшасы) суармалы алқаптарда таралған.

Мал шаруашылығы басқа Еуропа елдерінде қарағанда Испанияда нашар дамыған. Бұған табиғи жайылымдардың құнарсыздығы, азықтың жетіспеуі және т.б. себепші болады. Құргақ аудандардағы латифундияларда қой бағылады, солтүстік пен солтүстік-батыстың ұсак шаруашылықтарында ірі қара мал ұстайды.

**Көлік географиясы. Сыртқы экономикалық байланыстар.** Ел ішіндегі жүк және жолаушы тасымалының негізінен автомобиль және темір жол атқарады. Негізгі тас жолдар елдің солтүстігі мен онтүстігін батыстан шығысқа қарай кесіп өтеді. Олардың жалпы ұзындығы 317 мың км. Темір жолдардың жалпы ұзындығы 13 мың км. Олардың басым бөлігі ( $3/4$ ) таулы аудандар арқылы өтеді, мұнда ұзын тоннелдер жүйесі бар. Ен ірісі - ұзындығы 6 км-лік Подернело тоннелі. Мадрид пен Севилья аралығында жүрдек пойыздар сағатына 250 км жылдамдықпен жүреді.

Испанияда сыртқы жүк тасымалының 93% теңіз көлігінің үлесіне тиеді. Елдің теңіз флотында 400-ден аса кеме бар, испан жалауының астында жылына 50 млн. тоннаға дейін жүк тасымалданады. 100-ге жуық порттың жолаушы және жүк тасымалын жүзеге асыруға лицензиясы бар. Аса маңызды порттары Бильбао, Барселона, Валенсия, Картахена, Малага, Кадис және Балеар аралдарындағы Пальма де Мальорка, Канар аралдарындағы Тенерифе. Испанияда көптеген континент аралық әуе жолдары тоғысады. Елдің ең ірі әуежайлары Мадрид, Барселона және Канар аралдарындағы Лас-Пальмас.

Испания экономикасында АҚШ, ГФР; Ұлыбритания, Швейцария және Францияның күрделі каржысының маңызы зор. Испанияның сыртқы экономикалық байланыстарында сыртқы сауда маңызы айрықша. Мысалы, соңғы 20 жыл ішінде сыртқы сауда айналымы 17 есе есken. Экспортқа қарағанда импорт көлемінің артуы байқалуда. Сыртқы саудада ЕО елдері, АҚШ, Таяу Шығыс және Латын Америкасы елдері жетекші орын алады. Қазіргі кезде елдің сыртқы экономикалық байланыстарында халықаралық туризмнің маңызы

айрықша артып отыр. Жылына Испания жеріне 60 млн-нан астам турист келеді. Туризмнен түсे�тін пайда елдің ұлттық табысы қөлемінің 15% құрайды. Халықаралық туризмнің дамуы валюта түсімін арттырумен (жылына 18 млрд. АҚШ доллары) қатар, елдің туризм дамыған Жерорта теңізі жағалауы, Балеар және Канар аралдарын қазіргі заманғы демалыс орындарына айналдырыды. Бұл аудандарда тас жолдар, сәулетті қонақүйлер мен кемпингтер салынып, туристерге қажетті инфрақұрылым жедел дамуда. Бір кезде балықшылар ғана тұратын көптеген елді мекендер соңғы жылдарды дүниежүзіне белгілі курорттарға айналды. Олардың қатарында Коста-Брава (“коста” испан тілінен аударғанда “жағалау” деген сөз), Коста-Бланка, Коста-дель-Соль, Коста-Дорада және т.б. қалалар бар. Елдегі тарихи ескерткіштерімен әйгілі Толедо, Гранада, Сеговия қалаларына да шетел туристері жиі барады.

## **5-ТАҚЫРЫП. АЗИЯ ДУНИЕ БӨЛІГІ**

### **5.1 Оңтүстік-Батыс Азия**

Азия барлық жарты шарда бірдей орналасқан ең үлкен дүние бөлігі, оның алып жатқан ауданы 44 млн. км<sup>2</sup>-ді құрайды. Мұнда Жер шары халқының жартысынан астамы тұрады және 40-қа жуық мемлекет орналасқан. Осы айрықша аумақтың саяси картасының қалыптасуы да ұзақ тарихи кезеңді қамтитын күрделі процесс болды.

Саяси картасының қалыптасу кезеңдері. Азиядағы ежелгі мемлекеттер негізінен ірі өзендер аңғарында қалыптасты. Адамзат тарихындағы төрт ұлы “өзендік” өркениеттің үшеуі Азияда пайда болды. Ежелгі Азия мемлекеттерінде шаруашылықтың жергілікті табиғат жағдайларына мейлінше бейімделген салалары дамытылып, осыдан 4 мың жылдай бұрын Тигр және Евфрат өзендерінің аралығында (Месопотамия) адамзат тарихындағы алғашқы қалалар пайда болды. Галымдардың болжауынша, осындағы аса ірі Вавилон қаласында біздің заманымызға дейінгі VII ғасырдың өзінде 1 млн-га жуық адам тұрған.

Сондай-ақ, Азия айрықша “көшпенді” өркениеттің бесігі болды: Қара теңіз және Сары теңіз аралығында созылып жатқан шетсіз-шексіз Ұлы далада көшпендердің ежелгі Хунн мемлекеті қалыптасты. Қазақстанның байырғы халқы - қазақтар осы ұлы өркениеттің бір тармағын құрайды. Сонымен, ежелгі кезеңдерде және орта ғасырларда Азия жерінде әлемдік тарихта өз ізін қалдырған отырықшы және көшпендердің өркениеттің көптеген ірі мемлекеттік құрылымдары болды. Дегенмен де Азияның қазіргі саяси картасының қалыптасуына аса ірі батыс мемлекеттерінің осы дүние бөлігіне енетін жерлерді отарландыруы және кейіннен отарлардың азаттық алуы негіз болды.


Азияны отарлау кезеңі XV ғасырда Васко да Гаманың Үндістанға баратын жолды ашуынан басталды. 1511 жылы португалдықтар Малакка тубегін басып алды (картадан табындар), ал осы ғасырдың аяғында Испания Филиппин аралдарын иеленді. Осы кезеңде күшті теңіз державаларына айналған Ұлыбритания мен Нидерланды Азиядағы көшшілік аумақтарды өз иеліктері ретінде жариялады. Кейіннен бұл дүние бөлігінде Франция, Португалия, Ресейдің, АҚШ пен Жапонияның отарлары пайда болды. Сонымен, XX

ғасырдың басында Азия жерінің 56%-ы отарланып бітті. Отарлаушы мемлекеттер арасында иеліктерінің аумағы мен саны жөнінен Ұлыбритания алдыңғы орынға шықты. Дамыған елдердің Азиядағы отарлары XX ғасырдың ортасына дейін сақталды. Отарлық жүйенің Екінші дүниежүзілік соғыстан соң басталған ыдырауы иеліктердің көпшілігінің тәуелсіздік алуына алып келді. Қазіргі кезде Үнді мұхитындағы кейбір бытыраңқы ұсақ аралдық аумақтар ғана иеліктер түрінде сақталып қалған.

Тарихи-географиялық аймақтары. Мемлекеттер құрылсы. Дүниенің ешбір бөлігінде Азиядағыдай айқын ажыратылатын аймақтар жоқ. Азия аумағында әлеуметтік-экономикалық, географиялық жағынан мүлде ұқсамайтын төрт тарихи-географиялық аймақ ажыратады:

1. Оңтүстік-Батыс Азия
2. Оңтүстік Азия
3. Оңтүстік-Шығыс Азия
4. Орталық және Шығыс Азия

Әр аймақтың өзіндік бет-бейнесінің қалыптасуына біріншіден, географиялық орнының ерекшеліктері; екіншіден, табигат жағдайлары мен ресурстарының әркелкі болуы; үшіншіден, тарихи тағдырларының әрқиылдығы; төртіншіден, әлеуметтік-мәдени айырмашылыктар; бесіншіден, экономикалық даму жолының түрліше болуы ықпал етті.



3-сурет. Шетелдік Азия

Оңтүстік-Батыс Азия құрамына 16 ел енетін, тарихи қалыптасқан аймақ, түгелімен Таяу және Орта Шығыс деп аталатын тарихи мәдени облысқа енеді. Араб географиясында бұл аймақты “Машриқ” (Шығыс) деп те атайды. Біртұтас мәдени облыс түзетін араб әлемінің Солтүстік Африка жеріндегі бөлігі “Мағриб” (Батыс) деп аталады.

Аймақ құрамындағы елдердің мемлекеттік құрылышы мен басқару формасы алуан түрлі: мұнда республикалар (Израиль, Ирак, Иран, Йемен, Ливан, Кипр, Сирия, Түркия, Ауғанстан) басым, сонымен қатар конституциялық (Иордания) және абсолютті (Бахрейн, Катар, Кувейт, Біріккен Араб Әмірліктері, Оман, Сауд Арабиясы) монархиялар бар

Аймақтың үш дүние бөлігі тоғысқан торапта орналасуы, аса маңызды халықаралық су жолдарының тоғысында жатуы және көпшілік аумағының мұнай қорына бай болуы бұл топтағы елдердің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтаушы басты факторға айналды. Суэц каналының іске қосылуы және Берлин-Бағдат темір жолының салынуы аймақтың геосаяси жағдайын нығайта түсті.

1948 жылы БҮҮ-ның шешімімен Палестина жерінде Израиль мемлекеті құрылды. Тарихи кезеңде бұл мемлекеттің шекаралары бірнеше рет өзгеріске түсті. Кезінде ұлттық, діни айырмашылықтар ескерілмей тағайындалған мемлекеттік шекаралар, ішкі ұлт араздығы бұл аймақта ХХ ғасырдың екінші жартысында бірнеше рет соғыс өртін туғызыды. Олардың ең бастылары ретінде Израилдің көршілес араб елдеріне (Египет, Иордания, Сирия, Ливан) қарсы агрессиясын, Палестина-Израиль жанжалын, Ирактың Кувейтке шабуылын, Ауғанстандағы ұзақ жылғы соғысты және т.б. атауга болады.

Оңтүстік Азия Гималай тауларынан оңтүстікке қарай орналасқан 7 елді қамтиды. Аумағы жөнінен жер шарының бар болғаны 4%-ын ғана алғып жатқан бұл аймақта адамзаттың 1/5 бөлігі, яғни 1 млрд-тан астам халық тұрады. Аймақтың Үнді мұхиты жағалауында орналасуы мұндағы елдердің ежелден-ақ мемлекетаралық сауда қатынастарына еркін енүіне жағдай жасаған. Қазіргі кезде бұл жағалау арқылы Еуропа мен Африканы Азия елдерімен және Австралиямен байланыстыратын халықаралық қатынас жолдары өтеді.

XVII ғасырдан бастап Оңтүстік Азия аймағын иелену мақсатында Еуропаның сол кезеңдегі жетекші елдері арасында бәсекелестік өрши түсті. Ақыр сонында Ұлыбритания басымдылық көрсетіп, XIX ғасырдың ортасына қарай ең ірі отар - Британдық Үндістан пайда

болды. Ұлт-азаттық қозғалыс нәтижесінде елдердің басым көпшілігі Екінші дүниежүзілік соғыстан соң тәуелсіздігін алды.

Мемлекеттік құрылышы мен басқару формасы бойынша республикалар (Үндістан, Пакистан, Бангладеш, Шри-Ланка, Мальдивтер) басым, тек Непал мен Бутан конституциялық монархиялар болып табылады.

Оңтүстік-Шығыс Азия аймағына Үндіқтай түбегі мен Малай архипелагында орналасқан 10 ел кіреді. Көне өркениет орталықтары болып саналатын Қытай мен Үндістан аралығында орналасуы және аса маңызды теңіз жолдары тоғысатын алапта жатуы аймақтың саяси картасының қалыптасуына, халқының құрамына, шаруашылығының дамуына өзіндік әсерін тигізді.

Еуропалық мемлекеттердің Оңтүстік-Шығыс Азия аумағын басып алуы Ұлы географиялық ашылулар кезеңінде басталды. Тек Екінші дүниежүзілік соғыстан соң ғана бүрынғы иеліктер тәуелсіздікке қол жеткізді. Мемлекеттің құрылышы және басқару формасы жонінен республикалар (Вьетнам, Индонезия, Лаос, Мьянма, Сингапур, Филиппин) басым болғанымен, абсолюттік (Бруней) және конституциялық (Малайзия, Таиланд, Камбоджа) монархиялар да бар.

Орталық және Шығыс Азия аймағына Жапония, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Қытай, Тайвань, Корея Республикасы, Монголия енеді. Сонымен қатар, Қытайдың арнайы әкімшілік аудандары болып есептелетін Гонконг (Сянган) пен Аомынь (Макао) да осы аймақта орналасқан.

Аймақ елдері ұзақ уақыт бойы тек сыртқы отарлаушылардың ғана емес, көршілес орналасқан Жапония мемлекетінің де езгісінде болды. Көпшілік иеліктер Екінші дүниежүзілік соғыстан соң тәуелсіздігін алды; Қытай ие болды. Елдердің кейбірінің саяси-әкімшілік жағдайында XX ғасырдың соңғы онжылдығында да үлкен өзгерістер болды: 1993 жылы Камбоджа мемлекетті басқарудың республикалық формасынан монархиялық билік жүйесіне көшті; Қытай аумағына арнайы әкімшілік аудандар ретінде 1997 жылы Гонконг (Сянган), 1999 жылы Аомынь (Макао) енгізілген. XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап, Тайвань мен Қытайдың “бір мемлекет - екі жүйе” принципі негізінде қайта бірігуі туралы мәселе талқылануда.

Азияның саяси картасы қазіргі кезде де ұдайы өзгерістерге түсude. Аймақ халқының ұлттық және діни құрамының құрделілігі, елдердің шекаралық мәселелерінің түбегейлі шешілмеуі, әлеуметтік-

экономикалық дамуындағы алшақтық бұл процеске өзіндік ықпалын тигізуде.

**Табиғат жағдайлары.** Азия дүниежүзінде табиғат жағдайының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл ең алдымен оның алып жатқан ауданының ете ауқымды болуымен, жер бедері мен климаттық жағдайының аса күрделілігімен тұсіндіріледі. Жер бедерінің 75%-ын таулар мен таулы үстірттер алып жатыр. Орташа биіктігі жағынан Антарктидадан кейінгі 2-ші орында (950 метр). Теніз деңгейінен ең биік жатқан жері 848 метр Джомолунгма шыны, әлемдегі ең биік нұкте болып табылады. Осы шың биік нұктесі болып табылатын Гималай тауында 11 асқар шының биіктігі 8000 метрден асады, оннан астамы 7000 метрге жетеді, ал тау асуларының орташа биіктігі 5000 метр шамасында. Азиядағы ең төмен жер - Әлі деңгейі, теніз деңгейінен 403 метр төмен орналасқан.

Азиядағы ірі тау жүйелері екі белдеу құрайды: бірі - ендік бағытындағы Кіші Азия түбегінен басталып, Малакка түбегі арқылы Тынық мұхит жағалауына дейін созылып жатқан Азияның биік таулары. Мұндағы ең биік таулар мен таулы қыраттар Орталық Азия жерінде шоғырланған. Кейде оларды Биік Азия деп те атайды. Олар: Памир, Гиндукуш, Қарақорым, Тянь-Шань, Куньлунь, Тибет таулы қыраты, Гималай. Екіншісі - Тянь-Шань тауынан Чукот түбегіне дейін созылатын Солтүстік-Шығыс тау белдеуі, оның құрамына Алтай, Саян, Байқал маңы және Байқал сырты таулары мен Солтүстік-Шығыс Сібір таулары кіреді. Бұл таулар ертеректе көтерілген, сондықтан салыстырмалы түрде аласа болып келеді. Азияның Тынық мұхит жағалауын және аралдар тізбегін бойлай Тынық мұхит геосинклинальды белдеуіне кіретін, әлі толық қалыптасып бітпеген, жас қатпарлы аймақ орналасқан. Бұл өнірде қазіргі жанартау атқылау мен құшті жер сілкіністері жиі болатын құбылыс. Азия жерінің қалған бөлігін (25%-ы) жазық жерлер алып жатыр. Олардың ең ірілерінің қатарына Батыс Сібір, Тұран, Ұлы Қытай, Үнді-Ганг және Месопотамия жазықтары жатады.

Азия жерінде солтүстік жарты шарға тән барлық климаттық белдеулер мен климат сипаттары кездеседі.

**Табиғат ресурстары.** Азия жер қыртысының аса күрделі құрылымдардан құралуы, оның қойнауында көптеген минералды ресурстар жиынтығының кездесуіне негіз болады. Ежелгі платформалардың қалқанды құрылымдары жер бетіне шығып жатқан бөліктердеrudалы пайдалы қазбалар басым таралады.

Магмалық жолмен түзілген темір рудалары Үндістан түбегі мен Қытайдың солтүстік-шығысында; түсті және сирек кездесетін металдар белдеуі Азияның оңтүстік-шығысында шоғырланған. Көмір кен орындары тұтас алаптар түрінде палеозойлық құрылымдар таралған аудандарда (әсіресе, Қытай мен Үндістан жерінде) көпtek кездеседі. Азияның халықаралық географиялық еңбек бөлінісіндегі орнын анықтайтын басты байлығы – мұнай. Азия елдерінің көпшілігінде мұнай мен табиғи газдың мол қоры барланғанына қарамастан, олардың негізгі кен орындары Парсы шығанағы жағалауы елдерінде (Иран, Ирак, Сауд Арабиясы, Кувейт, Бахрейн, Біріккен Араб Әмірлігі, Катар және т.б.) шоғырланған. Бұкіл дүниежүзінде барланған алып 30 мұнай кен орнының 15-і осы аймақта тән, оның ішінде Сауд Арабиясындағы 12 млрд. т мұнай қоры бар Гавар және 9 млрд. т мұнай қоры бар Әл-Буркан секілді алпауыт кен орындары ерекше көзге түседі. Соңғы жылдарда Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия жағалауындағы қайрандардан мұнай мен табиғи газды іздестіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Дүниежүзі бойынша мұнай өндіруден Сауд Арабиясы 1-ші орынды; табиғи газ өндіруден Индонезия 4-ші орынды; тас көмір мен темір, қалайы және вольфрам рудаларын өндіруден Қытай 1-ші орынды; хром рудасын өндіруден Үндістан 3-ші орынды иеленеді. Тұздардың аса ірі қоры Арабия түбегінің Жерортта теңізі жағалауында шоғырланған. Атакты Өлі теңіз сусы кальций, магний, калий, натрий және бром хлоридтерінің тұнбасы болып табылады.

Азия жері су қорына бай болғанымен, ол аумақ бойынша біркелкі тараалмаған. Су ресурсымен, әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері жақсы қамтамасыз етілген, ал қалған бөліктер оның жетіспеушілігінен зардал шегеді. Азияда тұщы су қорының 90%-ға жуығы ирригация үшін пайдаланылады. Гидроэнегетикалық ресурстар таулы аудандарда шоғырланған, бірақ муссондық климат жағдайында су деңгейін тұрақты ұстап тұру киындық туғызатындықтан, бұл ресурстар өз дәрежесінде қолданылмай келеді. Жапон, Филиппин аралдары, Корея түбегі мен Оңтүстік-Шығыс Азияда бұл потенциал мүмкіндігінше пайдаланылуда.

Орман ресурсы Азияның Шығыс, Оңтүстік-Шығыс бөліктерінде тараалған. Бұл аймақты ылғалды мәңгі жасыл троопиктік ормандар алып жатыр. Мұнда сүрегі аса бағалы деп есептелеғін, ылғалды бойына сіңірмейтін темір, палисандр, қызыл және қара ағашы; сондай-

ак құрамында эфир майы мен шайыр бар камфара, қызыл және ак сандал ағаштары кең тарапланған.

Азияның көптеген елдері тәніз жағалық орны мен аса биік таулар аймағында орналасуына сәйкес рекреациялық ресурстардың алудан түрлі жыныстырының кездесуімен де ерекшеленеді.

Азияның айрықша орны ең алдымен азиялықтардың адамзаттың материалдық және рухани мәдениетіндегі үлесімен анықталады. Азия аумағында дүниеге келіп, дамудың шырқау шегіне жеткен көне өркениеттер мұрасы күні бүгінге дейін осы дүние бөлігінде тұратындардың өмір салты мен шаруашылық сипатынан айқын көрінеді.

**Халқының құрамы.** Азия халқының ұлттық құрамы алудан түрлі.

Дүниежүзіндегі кең тараған тілдер мен саны жағынан ірі халықтар тізімінде Азия елдері айрықша орынға ие.

Халқының ұлттық құрамы бойынша Азия бір ұлтты (Жапония, Корея Республикасы мен КХДР, Арабия түбегі елдері) және көп ұлтты (Үндістан, Пакистан, Ауғанстан, Бангладеш, Непал, Бутан), сондай ақ бір ұлт басым болатын көп ұлтты елдерден тұрады. Қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдай этностардың қалыптасу процесіне әсерін тигізеді. Мысалы, қазіргі Үндістан жерінде тұратын бенгалдықтар мен Бангладештің жергілікті халқы кезінде біртұтас ұлт болатын; екі ел бөлінген соң жаңа бангладеш ұлты қалыптаса бастады.

Азия халқының діни құрамы да өте күрделі. Әлемдік үш діннің (буддизм, христиан діні, ислам) және көптеген этностық діни ағымдардың ошагы болған Азияны шын мәнінде адамзаттың рухани бесігі деуге болады.

Біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырларда Үндістанның солтүстік-шығысында, Непалмен шекарада буддизм пайда болды. Біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығында буддизм негізінде индуизм, ал XVI ғасырда ламаизм қалыптасты. Буддизм қытай және жапон халықтарының ұлттық діндерінің (даосизм, синтоизм, конфуциандық) қалыптасуына да елеулі ықпал етті.

Біздің заманымыздың басында Оңтүстік-Батыс Азияда иудаизм мен христиан діні қалыптасты. Христиан діні тез арада Азия шенберінен шығып, дүниенің барлық бөлігіне дерлік тарады. VI-VII ғасырларда Арабия түбегінде ислам діні қалыптасты. Көп ұзамай таралуы жағынан әлемдік дінге айналған бұл дінді ұстанушылар барлық дүние бөлігінде бар.

Азиядағы 17 елде ислам басым дін болып табылады; оның ағымдарының (суннит және шиит) таралуы әркелкі.

**Демографиялық жағдайы.** Халықтың жас құрылымына өмір жасының ұзақтығы да әсер етеді. Азиялықтардың орташа есеппен алғанда өмір жасының ұзақтығы 66 жас, дегенмен жеке елдер мен аймақтар бойынша үлкен алшақтықты байқауға болады. Мысалы, Жапония бұл көрсеткіш (жалпы 77 жас, әйелдерде 83 жас) бойынша тек Азияда ғана емес, дүниежүзінде алдынғы орындардың бірін алады. Керісінше Азияның мешеу елдерінде адамның өмір жасы өте қысқа (Ауғанстанда – 46, Лаоста – 51 жас). Азия халқының басқа дүние бөліктегінің халқынан басты айырмашылығының бірі – ер адамдар санының әйелдерден басым болуы. Оңтүстік-Батыс Азияның мұнай өндіретін елдерде сырттан келетін жұмысшы күші есебінен ерлер саны әйелдерден 1,5 еседей артқан. Азияда орташа есеппен алғанда, ер адамдар мен әйелдердің ара қатынасы 105:100. Бұл жағдайды демограф ғалымдар әйелдердің іс жүзінде қоғамдағы теңсіздігімен, ерте некелесуімен, балалар санының көп болуымен және медициналық қызмет көрсету деңгейінің төмендігімен түсіндіреді. Тек Жапония мен Вьетнамда әйелдер санының басым болуы байқалады.

Халықтың тығыздығы. Табиғат жағдайларының алуан түрлі болуына және әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты Азия аумағында халық өте әркелкі орналасқан. Азияда халық қоныстануының 3 типі де таралған: қалалық, ауылдық және көшпенді қоныстану.

Азия бойынша халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы км-ге 70 адамнан келеді. Халықтың ең тығыз орналасқан аудандарына Бангладеш, Үндістан, Жапония, Корея Республикасының аумақтары мен Шығыс Қытай, Ява және Мальдив аралдары жатады. Мысалы, Бангладеш пен Мальдив Республикасында халық тығыздығы 1 шаршы км-ге 800 адамға жетеді. Кіші мемлекеттерде бұл көрсеткіш тіптен жоғары: Сингапурда халық тығыздығы 1 шаршы км-ге 4 мың адамнан келеді. Әдетте табиғат жағдайлары қолайсыз аудандарда халық сирек қоныстанған. Мысалы, Монголияда әр шаршы км-ге 2 адамнан келеді, ал Арабия тұбегінің ішкергі аудандарында тұрақты халық жоқ.

**Урбандалу.** Азияны әдетте “үлкен ауыл” деп атайды, өйткені мұндағы қала халқының үлесі 35% ғана. Азияда урбандалу деңгейі төмен болғанымен, оның ауқымы өте кең; қалада тұратын азиялықтардың жалпы саны 1 млрд. 289 млн. адамды құрайды. Бұл көрсеткіш бүкіл Америка, Еуропа және Австралиядағы қала халқын қоса есептегеннен асып түседі. Азия аумағында урбандалу

жөнінен ішкі айырмашылықтар айқын байқалады. Мәселен, Парсы шығанағы елдерінде мұнай экспортынан түсken пайда қазіргі заманғы қалаларды салуға мүмкіндік берген. Сондықтан Кувейт халқының 90%-дан астамы, БАӘ тұрғындарының 80%-ы қалада тұрады. Азияның жетекші елдерінің бірі - Қытайда урбандалу 30% шамасында, ал Непал тұрғындарының 10%-ы ғана қалаларда тұрады. Осыған қарамастан, Азияның кейбір қала агломерациялары халық саны мен инфрақұрылымы жөнінен айрықша көзге түседі. Мәселен, дүниежүзіндегі аса ірі он қаланың бесеуі Азияда орналасқан. 20 қала агломерациясын біріктіретін Токайдо (Токио-Осака) мегалополисінде 55 млн. адам тұрады. Токайдо халқының саны мен тығыздығы (1 км<sup>2</sup>-ге 800 адам) жөнінен әлем мегалополистері арасында 1-ші орын алады. XX ғасырдың соңына қарай халқы миллионнан асатын агломерациялар саны Қытайда 50, ал Үндістанда 30-ға жетті.

**Әлеуметтік-экономикалық даму үлгілері.** Азияның экономикалық кеңістігінде әлеуметтік-экономикалық дамудың бірнеше айрықша үлгілері бар. Дамудың әрбір үлгісінде дәстүрлі және қазіргі заманғы элементтер өзіндік үйлесімін тапқан.

1. Жапондық немесе шығыс азиялық даму үлгісі Жапония мен Шығыс Азияның жаңа индустриялық елдерінің экономикасына тән болады. Мұнда нарықтық экономика жағдайында міндетті түрде басшылыққа алышатын ұстанымдар: экономиканы қатаң түрде мемлекеттік тұрғыдан реттеу, экспортқа бағдарлану, шетелдік күрделі каржыны кеңінен тарту және сыртқы нарықта бәсекелесу мүмкіндігі бар ірі ұлттық монополиялардың құрылуы көрініс тапқан. Шығыс Азия елдерінде мұнымен қоса, жергілікті халықтың ұзак уақыт бойы философиялық, діни және адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптасқан еңбекке деген дәстүрлі көзқарасы есепке алынады. Шығыс Азия халықтарына тән айрықша еңбексүйгіштік, еңбек тәртібінің қатаң сақталуы, төзімділік пен ұқыптылық, материалдық қажеттіліктің шектеулі болуы экономиканы ұйымдастыру және басқару ісіне өте қолайлы. Бұл елдерде білім беру және мамандарды дайындау ісіне айрықша қоңіл белгінетіндіктен еңбек ресурстарының көсіби шеберлігі де өте жоғары.

**Аймақтардың шаруашылық мамандану салалары.** Халықаралық еңбек бөлінісінде Азия елдерінің өзіндік орны бар. Олар дүниежүзілік нарыққа металургия, кеме және автомобиль жасау сияқты дәстүрлі салалардың ғана емес, ғылымға негізделген жаңа салалардың (электр техникасын жасау, электроника және т.б.)

өнімдерін; ауыл шаруашылық өнімдерін (шай, табиғи каучук, джут, тропиктік және субтропиктік дақылдар, дәм-татымдық қоспалар) шығарады.

Оңтүстік-Батыс Азия елдері минералды шикізат өндіруден айрықша көзге түседі. Әсіресе, мұнай өндіруден дүниежүзінде Оңтүстік-Батыс Азияға тең келер аймақ жоқ; мұнай өндіруші араб елдерінің экономикасы осы шикізат түрін өндіру және өндеуге негізделген. Түркия хромит рудаларын өндіруден дүниежүзінде алдыңғы орындардың бірін алады. Дүниежүзілік нарыққа аймақ елдері минералды шикізаттан басқа қаракөл елтірісін (Ауғанстан), кұрма, бадам (Ирак, Иран), кептірілген жемістер мен жаңғақтар (Түркия), “мокко” кофесін (Йемен) шығарады.

Оңтүстік Азия елдерінің экономикасына негізінен артта қалушылық тән. Тек аймақтың басты елі саналатын Үндістан мен көршілес Пакістанда қазіргі заманғы өнеркәсіп өндірісі қалыптасқан. Ауыл шаруашылығы құрылымында өсімдік шаруашылығы басым; өндеуге жарамды жерлер түгелге жуық пайдаланылады. Дүниежүзілік нарыққа джут пен джут өнімдері (Бангладеш, Үндістан), шай (Үндістан, Шри-Ланка), табиғи каучук, кокос пальмасынан алынатын өнімдер және дәм-татымдық қоспалар шығарылады.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдері дүниежүзілік нарыққа минералды шикізат (қалайы – Малайзия мен Индонезия; вольфрам, сурьма – Таиланд; хром - Филиппин; мұнай – Индонезия, Бруней, Малайзия) шығарумен көзге түседі. Сонымен қатар, аймақтағы Сингапур, Малайзия және Филиппин сияқты алдыңғы қатарлы елдер электр техникасы мен электроника өнімдерін сыртқа шығарады. Оңтүстік-Батыс Азия - әлемдегі ең ірі күрішті аймақ. Күріш алқаптары Индонезия аумағының жартысынан астамын алып жатса, Филиппиндегі өндөлеттін жерлердің 90%-ға жуығы осы дақыл егістігіне тиесілі. Аймақта күріштен басқа дәм-татымдық өсімдіктер (қызыл және кара бұрыш, имбирь, қалампыр, ваниль), табиғи каучук (дүниежүзіндегі жиналатын өнімінің жартысы Малайзияның үлесіне тиесілі) өсіріледі; сонымен қатар көптеген елдерге кокос майы, шай, хина ағашының қабығы шығарылады.

Шығыс және Орталық Азия елдері аса күрделі шаруашылық құрылымымен көзге түседі. Мұнда орналасқан Жапония, Қытай және Корея Республикасы экономикасымен сендер алдыңғы уақытта жете танысадын боласындар. Елдердің сыртқы шаруашылық қатынастарының дамуына аймақтың географиялық орны қолайлы

әсер етеді. Азияның Тынық мұхит жағалауында орналасқан Жапония, Қытай, Корея Республикасы және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері әлемдегі даму болашағы мен мүмкіндігі зор орталыққа айналып келеді. Бұл елдерде туындастырылады. Осылайша, Азиялық Тынықмұхиттық аймақтағы (АТА) Мьянма, Вьетнам, Лаос тәрізді мешеу елдердің өзінде соңғы жылдары экономикалық өрлеу байқалуда.

**Елдерді топтастыру.** Азия қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері жөнінен бір-бірінен күрт айырмашылық жасайтын елдердің жиынтығынан тұрады. Осылайша, сәйкес елдердің бірнеше топтарын ажыратады:

1. Әлемдегі аса жоғары дамыған елдердің бірден-бір азиялық өкілі - Жапония, ол дүниежүзілік нарықта ірі өнеркәсіп және қаржы орталығы ретінде көзге түседі.

2. Жаңа индустримальық елдер - халықаралық экономикалық және қаржы үйімдары, бұл топқа Корея Республикасын, Тайвань, Сингапур, Малайзия және реңми түрде Қытай аумағына енетін, бірақ мемлекеттік жүйесін сақтап қалған Гонконгты (Сянган) жатқызады. Жаңа индустримальық елдер соңғы онжылдықтарда шетел инвестициясы мен алдыңғы қатарлы технологияларын енгізуінде және салыстырмалы түрде арзан, білікті жұмыс күшінің арқасында жоғары қарқынмен дами бастады. Экономикалық “секірісті” бастаң кешірген бұл елдерді “Азия жолбарыстары” деп те атайды. Бұл топтағы елдерге экономикасы экспортқа бағдарланған Таиланд, Филиппин елдері жақын тұр.

3. Жетекші дамушы елдер қатарына сан салалы экономикасының даму қарқыны жөнінен дүниежүзілік шаруашылықта өзіндік орны бар азиялық алыптар Қытай мен Үндістан жатады.

4. “Коныс аударған” капитализм елі - Израиль. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының шешімімен 1948 ж. құрылған бұл елдің халқы тарихи отанына қайта оралған еврейлер есебінен қалыптасты. Репатрианттар жаңа елдің экономикасын нарықтық қатынастарға сәйкес дамыта бастады. Көп ұзамай-ақ Израиль Азиядағы алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылды.

5. Мұнай экспорттаушы елдер тобына Сауд Арабиясы, Катар, Кувейт, Біріккен Араб Әмірліктері, Оман, Бахрейн, Иран, Ирак жатады. Соңғы онжылдықтарда бұл елдерде мұнайдың жергілікті мол қорын игерудің арқасында әлеуметтік-экономикалық жағдай күрт жақсарды.

6. Үлттық табысы төмен дамушы елдер тобын халқының саны көп (Вьетнамнан басқалары), бірақ әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елдер (Индонезия, Пакистан, Бангладеш және Вьетнам) құрайды. Экономикасының ауқымы жөнінен ірі ел болып табылатын Индонезияда жалпы жиынтық өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші төмен. Сонымен қатар, ел аумағы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың ала-құлалығы айқын байқалады.

Бұл топқа агроклиматтық жағдайлары қолайлы болғандықтан плантациялық шаруашылыққа маманданған, халық саны шағын Шри-Ланка да енеді.

7. Мешеу елдер тобына Ауғанстан, Бутан, Йемен, Камбоджа, Лаос, Мальдив, Мьянма, Непал жатады. Бұл елдерге экономиканың ауыл шаруашылығына тәуелділігі және баяу дамуы, халықтың табиғи өсімінің жоғарылығы тән болады.

**Түркия Республикасы.** Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет. Жер көлемі - 783,562 км<sup>2</sup>. Тәуелсіздігін 1923 жылы алған. Осман империясының ыдырауының нәтижесінде пайда болды. Кіші Азия түбегінде орналасқан, оны Қара, Жерорта, Эгей мен Мәрмәр теңіздері жан-жақтан қоршайды. Шығыста Гүржістан мен, Әзіrbайжанмен, Иранмен, Әрменстанмен, батыста Болгариямен, Грекиямен, онтүстікте Ирак пен Сириямен шекаралас.

Географиялық орны, табиғат жағдайы. Түркия дүниенің екі белгілінде орналасқан мемлекет. Жерінің 97 % -ы Азияда, ал 3 %-ы Еуропада жатыр. Батысы мен шығысы 1600 км-ге, солтүстігі мен онтүстігі 550 км-ге созылған. Жағалауын солтүстігінде Қара теңіз, батысында Эгей теңізі, онтүстігінде Жерорта теңізі сулары шайып жатыр. Жағрафиялық орнының ерекшелігі Еуропа мен Азия құрлықтың тоғысқан жерінде орналасқандығы. Босфор бұғазы үстінде салынған көпір Азия мен Еуропа құрлықтың жалғастырып тұр. Көпір 1973 жылы қазан айының 30-да Түрік Республикасының 50 жылдық құрметтіне ашылған. Ұзындығы 1074 м, биіктігі 64 м. Оның құрылышында түріктермен қатар ағылшындар, немістер, жапондықтар еңбек етті. Босфор, Дарданелл бұғаздары мен Мәрмәр теңізі халықаралық маңызы бар су жолы. Босфор, Дарданелл бұғаздары тек Азия мен Еуропа арасындағы шекара емес, сонымен қатар Қара теңізді Дүниежүзілік мұхитпен жалғастырып жатқан су көлігі жүйесі. Босфор бұғазының жарлауытты жағалауларында Түркияның үлкен ірі портты қаласы Ыстанбұл орналасқан.

Елдің астанасы Ыстанбұлдан Анкараға көшірілді. Түркияның

құрлықтағы шекарасының ұзындығы 618 км, шығысында Эрменстан, Гүржістан, Әзіrbайжан, Иранмен, оңтүстігінде Ирак, Сириямен, батысында Грекия, Болгариямен, солтүстігінде Қара теңіз арқылы Румыния, Украина, Ресей Федерациясымен шектеседі.

**Жер бедері.** Түркияның Еуропадағы Шығыс Фракия немесе Румеслей деп аталатын бөлігі биіктігі 1000 м-дегі үстіртті төбелі болып келеді. Кіші Азия түбегін түгелдей Кіші Азия таулы қыраты алып жатыр. Елде ойпатты жерлер аз, тек теңіз жағалаулары мен өзен атырауларындағы жағын жерлерді қамтиды. Қара теңіз жағалауына қатарласа ұзындығы 1000 км-ге созылған Понти таулары алып жатыр. Понти тауларының орташа биіктігі 2500 м., шығысындағы Качкар тауының биіктігі 3931 м. жартасты болып келетін альпілік шатқал тармақтарын асып өтетін тау аңғарларының болмауы елді мекендердің карым-қатынасын қынданатады.

Түркияның оңтүстігінде Жерортта теңізі жағалауында Тавр құрделі тау жотасы орналасқан. Тавр таулары Батыс, Орталық және Шығыс Тавр жоталары болып бөлінеді. Батыс Тавр таулары. Анталья бұғазы мен ойпатын доға тәрізді қоршап жатыр. Ең биік жері Бедағ (3086 м.) тауы. Тау жоталары арасында тұщы көлдерден Бейшехир, Эгридир, Сугла, ал тұзды көлдерден Аджигөл, Ақшекер бар. Орталық Тавр тау жоталары Батыс Тавр тауларына қараганда жер бедері альпілік және биік болып келеді. Көптеген тау жоталарының биіктігі 3000 м-ден биік батысында Жерортта теңізіне жарасты болып құлай енеді. Мерсин тауының оңтүстігінде Адана аллювиальды ойпаты орналасқан.

**Шығыс Тавр.** Тау жоталары Мұрат өзені мен Ван көлінен Шығыс шекараға дейінгі аралықта жатыр. Осы аралықта Джиле тау торабының биіктігі 4168 м. Тау жоталары Фырат және Джиле өзендерінің аңғарымен тілімделген. Шығыс Таврдан оңтүстікке қарай кең алқапты Диярбақыр қазаншұңқыры алып жатыр. Шығыс Анадолының табиғаты әсем, теңіз деңгейінен 1720 м биіктікте Ван көлі орналасқан.

Елдің солтүстік шығысында Эрменстан Республикасымен шекаралас ауданда Түркия Республикасының ең биік шыңы Улкен Ағры тауы орналасқан. Ол сөнген жанартай, оның биіктігі 5165 м. Улкен Ағры тауының қасында тағы бір сөнген жанартай Кіші Ағры (3925 м.) орналасқан. Түркия аумағының көп жер бөлігі сейсмкалық аймакқа жатады. Эгей теңізі аумағы мен елдің шығысында жер сілкінүү жиі болып тұрады.

**Пайдалы қазбалары. Түркия жерінде 100 түрлі пайдалы**

**қазбалар кездеседі. Олар: хром, мұнай, тас қөмір және т.б. Елде темір, қорғасын, мырыш, сынап кен көп. Тұз көлінде көп тұз кендер бар.**

Климаты. Түркия – тау елі, сондықтан Континенттік климат қалыптасқан. Елдің орталығының климаты шұғыл-континенттік. Қыста сүйк болады, ал жазда ыстық. Тек қана теңіз жаңында климат субтропикалық болады. Жерорта мен Эгей теңізінде ауа райы өте ыстық болады. Жаздың орташа температурасы + 29-31 С° құрайды. Қыста жауын-шашын көп жауады. Ауа температурасы +15 С° құрайды. Ашық күн болмайды. Ауасы салқын болу мүмкін. Қар өте сирек жауады. Жерорта теңізінің орташа температурасы +18 С°. Эгей теңізде ауа райы салқын тек қана қыс айларында болады. Жазда өте ыстық. Орташа ылғалдылық 60% жетеді. Қара теңізде климаты қоныржай-теңіздік. Мұнда көп жауын-шашын болады. Жазда ашық күн көп болады, ал қыста жиі-жиі жауын-шашын жауады. Оңтүстік-шығыста Тропикалық климаты тұр. Мұнда жауын-шашын өте аз болады және жыл бойы ыстық болуы мүмкін.

Ішкі сулары. Түркияның жер бедерінің әртүрлі болуына байланысты ішкі су да әркелкі келеді. Республика аумағында ішкі сулар бірнеше түрге бөлінеді. Олар: өзендер, көлдер, жер асты суы, мұздықтар және бөгендер мен каналдар.

Түркия аумағында ірілі-ұсақты көп өзен бар. Олардың ішінде 1 өзен (Қызылърма құзындығы 1000 км-ден асады. Басқа өзендер: Ефрат, Сакария, Мұрат, Қарасу, Тигр). Барлық өзендер Қара және Эгей теңіздеріне құяды.

Елдің 11% аумақтары Көл және батпақтарда орналасады. Бұл көлдердің көпшілігі Мәрмәр және Жерорта теңіздер, Орталық және Шығыс Анатолий өлкелеріне сәйкес келеді. Ірі көлдері - бұл Эрчек, Чылдыр және Хазар, Ван жатады. Ауданының негізгі суаттары - Бейшехир, Эгирдир бұл тұщы көлдер. Сонымен бірге Аджигөль және Бурдурдің соры, Сапанджа, Изник, Улубат, Маньяс, Теркос, Кючюкчекмедже және Бююкчекмедже көлдері Мәрмәр теңізінің өлкесінде орналасқан. Орталық көл майда және өте тұзды.

Есімдіктері мен жануарлары. Түркияда есімдіктердің 6700 түрі кездеседі. Үштен екісі тек қана осы жерде өседі. Қара теңіз жағасында қалың орман өсіп тұр. Осы жерде Армян емені, сәнді үйенкі және шамшат өседі. Жерорта теңіз жағасында бұта көп және Жерорта қарағайлары өседі. Ал грек жанғақ, бадам және емен сирек кездеседі. Эгей теңізде көп мәңгі жасыл ағаштар өсіп тұр.

Жануарлардың түрлері өте көп. Таулы ормандарда марал, кербұғы, елік, жабайы шошқа, қабылан мен аюлар кездеседі. Далада бауырымен жоргалашылар бар.

**Иран** (1935 жылға дейін Парсы елі), Иран Ислам Республикасы – Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі 1,648 млн. шаршы км.

**Халқының ұлттық құрамы:** парсылар (51%), әзіrbайжандар (27%), курдтер (5%), арабтар, түркмендер, белуджилер, армяндар, еврейлер, т.б. Қала халқы 58,3%. Астанасы - Тегеран қаласы. (12 млн. астам). Одан басқа Мешхед (1,5 млн.), Исфаһан (1 млн.), Тебриз (852 мың), Шираз (800 мың) сияқты ірі қалалар бар. Ресми тілі - парсы тілі. Мемлекеттік діні - ислам дінінің шиит тармағы. Иран - діни мемлекет. Жоғарғы заң шығарушы орган - бір палаталы парламент - Ислам кеңесі жиналышы (меджлис) 4 жыл сайын сайланып отыратын 270 депутаттан тұрады. Ұлттық ақша бірлігі – риал.

**Табиғаты.** Иран Армян таулы қыратының оңтүстік-шығысы мен Иран таулы қыратының батыс бөлігінде орналасқан. Шет жақтарында Солтүстік Иран (Эльбурс, Түркмен - Хорасан), Оңтүстік Иран (Загрос, Мекран), Шығысы Иран (Серхед, Пеленган, Боран, Келат) таулары, ортасында Кухруд жотасы, Деште-Кевир, Деште-Лух шөлдері орналасқан. Солтүстік-батысын Оңтүстік Каспий және Кура-Аракс ойпаттары, солтүстік-шығысын Горган жазығы, оңтүстігін - Гермезир шөлі алып жатыр. Жері, негізінен, таулы.

**Пайдалы қазбалары.** Мұнай, газ, тас көмір, темір, хромит және т.б.

Климаты субтропиктік, континенттік, жазы ыстық, қысы солтүстігінде салқын, оңтүстігінде жылы. Парсы және Оман шығанақтары жағалауларының климаты тропиктік. Қаңтардағы орташа температура  $2^{\circ}\text{C}$ -тан  $19,4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, шілде айында  $29,4 - 32,5^{\circ}\text{C}$ . Жауын-шашының жылдық мөлшері 500 мм. Эльбурс тауы беткейінде 2000 мм, Систан ойысында 50 - 60 мм.

Өзендері - Карун, Сефидруд, Гильменд. Қызыр солтүстігінде Атрек, Аракс өзендері бар. Таулы аудандарда көптеген көлдер кездеседі.

Топырағы сары, қоңыр және қызыл топырақты. Тау беткейлері орманды, өзендер бойы шалғын, ішкі аудандары шөл, шөлейт.

Жануарларынан сүтқоректілердің 100-ге тарта, құстардың 400-ге жуық, бауырымен жоргалашылардың 80-ге жуық түрі бар. Теніз жағалауларынан балық ауланады.

**Тарихы.** Иран жеріне адамдар ерте заманнан бері қоныстанған.

Б.з.б. 3-мыңжылдықта қазіргі Иранның оңтүстік-батысында алғашқы мемлекеттер құрыла бастады. Б.з.б. 2-мыңжылдықта бұл аймакқа Орталық Азиядан арий тайпалары келіп қоныстанды. 1979 ж. 1 сәуірден бастап Иран Ислам Республикасы болып жарияланды. Қазіргі кезде Иран үкіметі Батыс елдері қолданып отырған оқшаулау саясаты ықпалын бәсендете үшін белсенді сыртқы саясат жүргізуде.

**Шаруашылығы.** Ел экономикасының негізі мұнай және мұнай мен газ өндіре өнеркәсіппері. Мемлекеттік кірістің 1/3 және экспорттың 90%-ына жуығы осы салалардан алынады. Елде жыл сайын 180 млн. т-ға жуық мұнай, 58 млрд. м<sup>3</sup> газ (қоры 14 трл. м<sup>3</sup> шамасында) өндіріледі. Экономиканың басқа салалары да дамыған, бірақ сыртқы экономикалық байланыстардың нашарлығынан және қаржы жетіспеушілігінен толық қуатымен жұмыс істей алмауда. Өнеркәсіпке қажетті құрал-саймандар 90%-ға дейін шеттеп әкелінеді.

Ауыл шаруашылығы нашар дамыған. Тұрғындар үшін бидай, күріш, қант, өсімдік майы, т.б. шеттеп әкелінеді. Соңғы жылдары туризм дами бастады. Ұлттық байлықтың 36%-ы өнеркәсіптен, 22%-ы ауыл шаруашылығынан, қалғаны қызмет көрсету секторынан тұрады. Мұнай экспортынан жыл сайын 16,3 млрд. АҚШ доллары түседі. Ұлттық табыс 75 млрд. АҚШ доллар көлемінде, жан басына шаққанда - 1250 долл. шамасында. Елдегі басты проблеманың бірі - жұмыссыздық (3,5 млн. адам). Мұнайдан басқа экспортқа кейбір өнеркәсіп тауарлары, ауыл шаруашылығы өнімдері, кілем, халық тұтыну тауарлары шығарылады. Шеттеп азық-түлік өнімдері (30%), машина, құрал-жабдықтар, кейбір өнеркәсіп шикізаттары әкелінеді. Негізгі сауда серіктестері: Германия, Жапония, Ұлыбритания, Италия, араб елдері, Иранмен Қазақстан арасындағы дипломатиялық және экономикалық байланыс 1992 ж. орнады. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев екі рет (1992; 1996) Иранда болып қайтты. Сол кезеңінде Иран басшылары да (1993 ж. А. Хашеми Рафсанджани, 1998 ж. М. Хатами) Қазақстанда болды. Екі жақ арасында 40-қа жуық келісімдерге қол қойылған, соның ішінде ең маңыздылары мұнай мен газды Иран арқылы шетке шығару, жаңа астанадағы құрылышқа Иран жағының катысыуы, Каспий теңізі мәртебесін шешу, т.б. мәселелер. 2002 ж. Алматы-Тегеран бағытында темір жол байланысы орнатылды.

## **Такырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Шетелдік Азия қандай аймақтарға бөлінеді?
2. Оңтүстік-Батыс Азияның басты ерекшеліктері қандай?
3. Оңтүстік-Батыс Азияның құрамына қандай елдер кіреді?
4. Түркияның географиялық орнының басты ерекшелігі қандай?
5. Түркияның табиғат жағдайының шаруашылықты дамытуға әсері.
6. Иран жеріндегі табиғи ресурстардың түрлері.
7. Иран мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстар.

### **5.2 Оңтүстік Азия**

**Үндістан** – Оңтүстік Азияда Үндістан түбегінде орналасқан мемлекет. Үндістан – өзінің аса бай мәдениетімен және ежелгі өркениетімен әйгілі ел.

Үндістан Республикасы – Үнді мұхиты алабында, Гималай тау-ларынан оңтүстікке қарай Оңтүстік, Оңтүстік-Батыс Азия елдерін Еуропа және Африкамен байланыстыратын маңызды теңіз және әуе жолдарының торабында жатыр. Батыс жағалаулары Араб теңізінің, шығыс жағалаулары Бенгал шығанағының суларымен қоршалған. Аумағы 3,3 млн. шаршы км (Лаккадив, Андаман және Никобар аралдарын қоса есептегендे). Астанасы - Дели (Нью-Дели) қаласы. Халқының 9/10 бөлігін ірі ұлттар: хиндустандықтар (31%), бихарлықтар, бенгалдықтар, телугулар, маратхилер, тамильдер, гуджараттар, малаялилер, каннара, ориялар, пенджабдықтар, раджастхан/раджастхандар, ассамдықтар, кашмирліктер, т.б. құрайды.

Діни құрамы:

- индуизм дініне табынатындар – 80,3%;
- мұсылмандар – 11%;
- мәсіхшілік дініндеңілер – 4%-дай;
- сикхтар – 2,8%, т.б.

Ресми тілдері – хинди және ағылшын, сондай-ақ штаттарда 18 тіл ресми болып есептеледі. Халық Инд-Ганг ойпатындағы аудандар мен теңіз жағалауларында тығыз, солтүстіктегі таулы және шөлді аудандарда сирек қоныстанған. Халқы негізінен ауылды жерлерді мекендейді. Сондықтан табиғи есімі жоғары. Қала тұрғындары халықтың 28%-ын құрайды.

Iрі қалалары: Калькутта, Бомбей (Мумбаи), Дели, Ченнаи (Мадрас), Бангалор, Ахмадабад, Хайдарабад, Пуна, Канпур, Нагпур, Джайпур, Лакхнау.

**Әкімшілік-аумақтық бөлінуі.** Үндістан – федеративті республика, құрамына 25 штат пен 7 одақтық аумақ кіреді. Мемлекет басшысы - президент. Заң шығарушы жоғарғы органы – президент және қос палатадан (халық палатасы мен штаттар кеңесі) тұратын парламент. Жоғарғы атқарушы органы – Министрлер кеңесі, оны премьер-министр басқарады. Ұлттық мейрамдары: Республика күні – 26 қантар (1950) және Тәуелсіздік күні (15 тамыз).

Британ Достастығының құрамына кіреді, БҮҮ-ның мүшесі (1945). Акша бірлігі – үндістан рупиясы.

**Экономикасы.** Үндістан – аграрлы-өнеркәсіпті ел. Экономикасы көп құрылымды. Тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі уақыт ішінде Үндістан бұрынғы отардан экономикалық жағынан қуатты елдердің қатарына қосылды. 1961 жылы басталған реформа өз жемісін берді. Қыска мерзім ішінде ауыр және жеңіл өнеркәсіп, станок жасау салалары құрылды. Атом, ғылым мен ғарыш техникасы, ауыл шаруашылығы мен энергетика салаларында үлкен нәтижелерге қол жеткізілді. Экономикадағы табыстар ішкі және жалпы жиынтық өнімнің мөлшері бойынша Үндістанға әлемдегі алғашқы он елдің қатарына қосылуына мүмкіндік берді. Салық жүйесіне өзгерістер енгізу, банк-қаржылық секторға бақылауды күшету, мемлекеттік бюджет зәрулігін қысқарту, экономикадағы өнеркәсіп саласын реттеу мен нарықтық қатынастарға бейімдеу, сауда-тариф жүйесіне өзгерістер енгізу, т.б. шаралар жүзеге асырылды. Инфляцияға қарсы саясат табысты жүргізілді. Үндістан экономикасына тән көрсеткіш – шетелдік инвестицияларды мол тарту болып табылады. Оның көпшілік білігі экономикалық даму процесін айқындастырып экспортқа бағытталған жоғарғы технологиялық салаларды дамытуға жұмысалды. Негізгі табиғи ресурстары: тас көмір, темір, мыс, хром кентастары, боксит, алтын, марганец, мырыш, қорғасын, мұнай, табиғи газ, алмас.

Ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің 55,9%-ы егіншілік үшін жыртылады. Құріш, бидай, тары, майлы дақылдар, кофе, шай, қант құрағы, мақта өсіріледі. Iрі қара мал, ешкі, қой, шошқа, түье, құс өсіру дамыған. Сыртқа шай (дүниежүзінде бірінші орын алады), кофе, балық, темір мен болат, тері, тігін бұйымдарын, киім-

кешек, асыл тастар, қолмен тоқылған кілемдер, күрделі техника, химия өнеркәсібі өнімдерін шығарады. Сырттан ауыр машина жасау өнімдерін, минералдық отын мен майлар, маржан, қымбат, жартылай қымбат тастар, химия өнеркәсібі өнімдерін, көліктік құрал-жабдықтарын алады. Еңбек ресурстарының 64%-ы ауыл шаруашылығына, 16%-ы өнеркәсіпке қамтылған. Сауда серіктестері: АҚШ, ТМД елдері, Ұлыбритания, Германия. Қазір Қазақстанда үнді компаниялары мен фирмаларының 30-дан астам өкілдіктері жұмыс істейді. Үндістанның “Испат Интернәшнл” компаниясы Қарағанды металлургия комбинатын, бірқатар көмір кеніштері мен электр энергиясы нысандарын өз басқаруына алды. “Аджанта-Фарма” Қазақстан-Үндістан бірлескен кәсіпорны Алматы қаласында фармацевтика затты құрылышын жүргізуде.

### **Такырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Оңтүстік Азияның географиялық орнының ерекшелігі.
2. Оңтүстік Азияның құрамы қандай?
3. Үндістанның табиғат жағдайлары қандай?

### **5.3 Оңтүстік-Шығыс Азия**

**Малайзия** – Калимантан (Борнео) аралының солтүстік және Малакка түбегінің оңтүстік бөлігін алғып жатқан Оңтүстік Шығыс Азиядағы мемлекет. Малайзияның солтүстік жағалауы Оңтүстік Қытай, солтүстік шығыста Сулу және шығыста Сулавеси теңіздерінің суларымен шайылады. Малакка түбегінде Таиландпен, Калимантан аралында Индонезия және Брунеймен шектеседі. Малайзияны Сингапурдан Джохор бұғазы ажыратуда. Шекараның жалпы ұзындығы 2 669 км, жалаудың ұзындығы 4 675 км.

**Табиғат жағдайы. Малайзия** экваторлық белдеуде орналасқан. Батыс аумағын солтүстіктен оңтүстікке қарай таулы белдеу кесіп өтсе, шығысын жағалаулық жазықтық алғып жатыр. Климаты оңтүстігінде экваторлық, солтүстігінде субэкваторлық, муссондық. Орташа жылдық температурасы 25-28°C. Жауын-шашын мөлшері жылына жағалаулық өнірлерде 2000-2500 мм, таулы аймақта 4000-5000 мм. Iрі өзендері- Раужанг, Бором, Кинабатонлон. Малайзия жерінің жартысына жуығын мәнгі жасыл ылғалды тропиктік орман алғып жатыр.

**Мемлекеттік құрылымы.** Конституциялық монархиялы ел. Елдің негізгі заңы – 1957 жылғы Федералдық Конституция. Штаттарды басқарушы 9 сұltанның қатарынан басшылар Кеңесімен кезектесіп 5 жылға сайланады. 4 штаттың Губернаторлары сайлауға қатыспайды. Ел басшысы конституциялық монархқа тән дәстүрлі артықшылықтарды қолданады. Оның Парламентті шақыруға және таратуға құқығы бар (Министрлер кабинетінің ұсынысы бойынша). Сонымен қатар патша қабылданатын заңдарға тыйым салу құқығына ие және де Парламент алдында жыл сағын жолдаумен сөз сөйлейді. 2006 жылдың желтоқсанынан бері Малайзияның Жоғарғы басшысы Янг ди-Пертуан Агонг XIII Мизан Зайнал Абидин Ибни Элмархум Сұлтан Махмұд әл-Мұқтафи Биллах Шах. Малайзияның Парламенті екі палатадан тұрады – Сенат және Әкілдер палатасы. Сенат 70 адамнан тұрады. Оның ішінде 44 сенатор Премьер-министрдің ұсынысы бойынша Жоғарғы басшымен тағайындалады, ал қалған 26 сенатор штаттардың заң шығарушы ас-самблеяларымен жіберіледі (әр штаттан 2 адам). Тағайындалған сенаторлар жеті жыл бойы қызмет атқарады. 2009 жылдың 7 шілдесінде Сенаттың Президенті болып Дато Вон Фун Менг сайланды. Әкілдер палатасы кеңірек өкілеттіктерге иеленіп 219 депутаттан тұрады. Депутаттар жалпы сайлау құқығының негізінде бірмандатты өнірлерде 5 жылға сайланады. 2008 жылдың 28 сәуірде Әкілдер палатасының төрағасы болып Тан Сри Пандикар Амин Мулия сайланды. Жалпы сайлау нәтижесінде Әкілдер палатасында басым орын алған партияның жетекшісі Премьер-министр лауазымына тағайындалып Министрлер кабинетін басқарады. 2008 жылдың наурыз айынан бері Малайзияның Премьер-министрі «Біріккен Малай ұлттық ұйымы» (БМҰҰ) саяси партиясының төрағасы Наджиб Тун Разак. Малайзияның үкіметінде 33 федералды министрлік бар.

Халқы. 2020 жылы әлемнің ең дамыған елдері қатарына қосылуды мақсат етіп отырған 28,9 миллион тұрғыны бар Малайзия - көпұлтты мемлекет. Оның ішінде тұрғылықты мекендеушілер – малайлықтар мен оранг-асли 65,1%, қытайлықтар – 26%, үнділер – 7,7%. Халықтың 65 пайызы қалалы аймақтарда өмір сүруде. Өмір ұзақтығының орта шеңі: ер азаматтар – 71,8 жас, эйел азаматтар – 76,3 жас. Малайзиялық тұрғындардың 60%-ын мұсылмандар құрайды. Сонымен қатар елде буддистер, даосистер, христиандар тұрады.

**Малайзия экономикасы.** Малайзия – қарқынды дамушы

индустриалды-аграрлық мемлекет. 2011 жылы Малайзияның Жалпы Ішкі Өнімі (ЖІӨ) 5,2%-ға есті, сөйтіп 247,7 млрд. АҚШ долл. құрады. Халықтың Адам басына бүл көрсеткіш 9 575 долл. құрайды (2011 ж.) және аймақтағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. ЖІӨ құрылымы келесі түрде бөлінген: ауыл шаруашылығы – 9,7%, өнеркәсіп – 44,6%, қызмет көрсету саласы – 45,7% (2008 ж.). Соңғы жеті жылда елдің алтын валюталық қоры үнемі үлгайып келді және 2011 жылы 133 млрд. АҚШ долл. құрады. Еңбекке жарамды халықтың саны – 12,7 млн.адам (2011 жылғы мәліметтер бойынша), олардың 13%-ы ауылшаруашылық саласында, өнеркәсіп саласында – 36%, қызмет көрсету саласында - 51%. ІЖӨ ең үлкен үлесі қызмет көрсету саласына тиесілі, оның басым бөлігі үстеме және бөлшектеме сауда, сондай-ақ қаржы қызметі; сақтандыру және жылжымайтын мүлік алу. Жұмыссыздық деңгейі 3%, үйсіз халықтың саны 5,1% құрайды. 2008 жылы бюджеттік кіріс 44,32 млрд-қа тең болды, ал бюджеттік шығыс – 55,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Тікелей шетелдік инвестициялар ағымы 2008 жылы ІЖӨ 20,7% құрады, ал дағдарыс деңгейі 5,8% пайызды құрайды. Сыртқы қарызы – ІЖӨ 42,7% құрады (2008 ж.). Экономиканың аса қарқынды секторы – өндіре өнеркәсібі. Ел интегралды жобалардың, кондиционерлердің, радио және телеаппаратура шығарушы әлемдік негізгі елдер қатарына кіреді.

Малайзия – АСЕАН елдерінің ішінде өз автомобиль құрылымы бар жалғыз ел. («Протон», «Перодуа», «Наза», «Хайком», «Буфори» сияқты маркалар бар). Өнеркәсіп өндірісі негізінен Кланг өзенінің маңайына шоғырланған.

**Малайзия** тарарапынан наразылықсız аралдағы теңіз маяғын пайдаланғанына сүйенді. Ал Малайзия 100 жылдан астам уақыт бойы Педра Бранкада ешқандай шаруашылық қызметін жүргізуге ынта білдірмеген. АҚШ Мемлекеттік департаменті есебінде «2009 жыл бойынша Адам саудасы жөнінде», Малайзия ең төмен, тізімдегі үшінші деңгейде болды (2007 ж. Малайзия 2-ші деңгейде болды). Бүл 2000 жылы «Адам саудасының құрбандарын корғау туралы» (TVPA) АҚШ Заңымен бекітілген стандарттар бойынша жүргізіледі. Минималды стандарттарды сақтау үшін аса күш білдірмеген елдер 3-ші деңгейге жатады. Мұндай баға Америка Құрама Штаттарын бүл мемлекеттерге гуманитарлық және сауда мәселелерінен басқа сауалдарда көмегін тоқтатуға итермелуеі мүмкін. «2-ші деңгейдегі бақылау тізімі» үкіметтері TVPA минималды стандарттарын толықтай

сақтамаған, бірақ бұл мәселеге аса күш жұмысайтын елдер үшін арналған. Малайзиялық сыртқы саясатының қосымша қоздыргышы жыл сайынғы 2008 жыл бойынша Малайзиядағы саяси жағдай тура-лы Халықаралық құқықкоргаушы «Freedom House» үйімінің есебі жөнде демократия, рыноғтық экономика және саяси жүйетің дамуы жөніндегі «Bertelsmann-Stiftung» (Германия) фондының мәлімдемесі болып отыр. Жоғарыда айттылған мәлімдемесін сәйкес, елдегі саяси реформалар жеткіліксіз, қогамның этно-діни құрылымымен байла-нысты мәселелері бар, билік жүйесіндегі коррупцияның болуы аса қауіп тұғызуда. 2009 жылы «Freedom House» анықтамасы бойынша «Әлемдегі еркіндік жағдайы - 2008» (Freedom in the World) рейтингіне сәйкес, Малайзия «толықтай емес еркін мемлекеттер» категориясына енді (салыстырмалы түрде, Индонезия «Еркін мемлекеттер» то-бына кірді). 2009 жылдың қантарынан бастап Малайзия СІМ шұғыл стратегиялық жоспарлау жүйесі енгізілді. 2009-2015 жж. аралығына бекітілген бұл жүйе, институциялық потенциал және сыртқы саяси мекемесінің адамзат қорының дамуы мен пығаюның бағытталған. Аталған мақсаттар қызметкерлерлі қазіргі дипломатиядағы тиісті білім мен тәжірибемен қамтамасыз етуді көздейді, атап айтқанда – саяси және экономикалық анализ, кризис басқаруы, экономикалық дипломатия және стратегиялық жоспарлау амалдарын зерттеуді қамтиды. Шетел тілдерін менгеру жәліс келіссөздер жүргізу тәжірибесін арттыру мәселесіне баса назар аударылады.

### Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Оңтүстік-Шығыс Азияның басты ерекшеліктері қандай?
2. Оңтүстік-Шығыс Азия құрамына кіретін елдер.
3. Малайзия мемлекетінің табигат жағдайы қандай?
4. Малайзия шаруашылығының басты бағыттары.
5. Малайзияның туристік-демалыс орындары.

## 5.4 Орталық және Шығыс Азия

Қазақстан Республикасы – Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Жер колемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-орын алады (2 724 900 км<sup>2</sup>). Батысында Еділдің томенгі ағысынан, шығысында Алтай тауларына дейін 3000 км-ге, солтүстікегі Батыс-

Сібір жазығынан, оңтүстікте Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне 1 600 км-ге созылып жатыр. Қазақстан Каспий теңізі арқылы Әзіrbайжан, Иран елдеріне, Еділ өзені және Еділ-Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Мұхитка тікелей шыға алмайтын мемлекеттердің ішінде Қазақстан – ең үлкені.

Бес мемлекетпен көршілес, солтүстігінде Ресеймен – 6 467 км, оңтүстігінде – Түркіменстан – 380 км, Өзбекстан – 2 300 км және Қыргызстан – 980 км, ал шығысында – Қытаймен – 1 460 км шектеседі. Жалпы құрлық шекарасының ұзындығы – 13392,6 км. Батыста Каспий теңізімен, оңтүстік батыста Арал теңізімен шайылады.

1991 жылы Қазақстан үлесіне қорғасын, мырыш, титан, магний, қалайыны өндіруде одактық өндірістің 70 пайызы, фосфор мен хром өндірісінің 90 пайызы, күміс пен молибденнің 60 пайыздан астамы тиесілі болды. Қазақстан дәнді дақылдардың ірі өндірушісі болды.

Табиғаты. Қазақстан Республикасының аумағы Еділ өзені ала-бынан шығысында Алтай тауы шындарына дейін, Батыс Сібір жазығынан (Солтүстік Қазақстан жазығы) оңтүстігінде Тянь-Шань тауына дейін созылып жатыр. Аумағының 10%-ы биік таулы өнірлер, қалған бөлігі ойпат, жазық, үстірт, қырат жерлер. Қазақстанның ең биік жері – Хантәнірі шыны (6995 м). Ол Тянь-Шань тау жүйесінде орналасқан. Каспий теңізінің шығыс жағалауында елдің ең төмен жері Қаракия (Қаракие) ойысы теңіз деңгейінен 132 м төмен орналасқан. Климаты. Қазақстанның солтүстік өнірлерінде қыс ұзак, қарлы әрі суық, аяз кей уақыттарда -45-50°C-қа жетеді. Жазы қоңыржай жылы, дегенмен кейде ауа температурасы 35-40°C-қа жетеді. Оңтүстік аймақтарда қысы жылы, дегенмен кейбір күндері мұнда да 30-35°C аяздар байқалады. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері жазық жерлерде 100-200 мм болса, тау бөктерінде 500 - 600 мм-ге жетеді.

**Ішкі сулары.** Қазақстанның жер бедерінің әртүрлі болуына байланысты ішкі су да әркелкі келеді. Шөл мен шолейт зонасында қолдер мен өзендер аз, ал таулы жерлер мен дала және орманды дала зонасында едәүір мол. Республика аумағында ішкі сулар бірнеше түрге болінеді. Олар: өзендер, қолдер, жер асты суы, мұздықтар және бөгендер мен каналдар.

Қазақстан жерінде өзен, қол, мұздықтар мен жер асты суының таралуы және олардың деңгейлік ерекшеліктері ең алдымен климат факторларына, жер бетіне түсетін жылу мен ылғалдың

аракатынасына тәуелді. Су қорларының ішінде, өсіреке, өзен және көл ағындарының маңызы аса күшті. Бірақ көпшілік өзен-көлдердің деңгейлері үнемі күрт ауытқып отырады: кей жылдары су мөлшері қалыпты орташа деңгейден 2–4 есе артық болса, қуанышылық жылдары көптеген айдындар мұлдем құргап қалады. Аридтік аймакта орналасқан жерінің маңызды табиғи қорларының бірі – жер асты суы. Су қорлары кең-байтақ аумақта біркелкі тарапмаған.

Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мың өзен бар. Олардың ішінде 7 өзеннің (Ертіс, Тобыл, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле, Шу) ұзындығы 1000 км-ден асады.

Республиканың барлық өзендері Солтүстік Мұзды мұхит және ішкі тұйық көлдер алаптарына құяды. Екі алап арасындағы суайрық Сауыр-Тарбағатай тау жүйесінің қырқасы мен Сарыарқа, Торғай үстірті арқылы етіп, Оңтүстік Оралға тіреледі.

Қазақстандағы ең суы мол өзен – Ертіс. Оның республика жеріндегі ұзындығы 1700 км, жалпы ұзындығы 4248 км. Онда көптеген су электр станциялары (СЭС) орналасқан. Жоғарғы бөлігіндегі ағыны 2 ірі су электр станцияларымен (Бұқтырма және Өскемен су электр станциясы) реттелген. Өзен суының біраз бөлігі Ертіс-Қарағанды каналы арқылы Орталық Қазақстанға бұрылған. Ұзындығы мен суының молдығы жөнінен республикадағы екінші өзен – Сырдария. Қазақстандағы ұзындығы 1400 км, жалпы ұзындығы 2219 км. Егін суаруға қарқынды пайдалануына байланысты ағыны кейбір жылдары Арал теңізіне жетпей тартылып қалады. Балқаш көлі атырабындағы ең ірі өзен - Ілеңің республика шегіндегі ұзындығы 815 км (жалпы ұзындығы 1001 км). Оның ірі салаларының бірі Шілік өзенінен бастап, Шамалған өзенінен дейін ұзындығы 200 км-ге жуық Үлкен Алматы каналы салынған. Ал Батыс Қазақстанды, негізінен, Жайық өзені суландырады. Ол республика жерінен тыс Оңтүстік Оралдан басталаады. Қазақстандағы ұзындығы 1082 км, жалпы ұзындығы 2428 км. Бұлардан басқа ірі өзендерге Есіл, Тобыл, Елек, Шу, Талас өзені, Торғай өзені, Үргыз, Сарысу, Нұра, Ойыл, Жем, т.б. жатады. Бірақ бұлардың кейбіреуінің деңгейі жазда тым төмендеп, кейбіреуі мұлдем тартылып қалады, ал көктемде қар суымен толысып тасиды.

Көлдері және бөгендери. Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 48 мыңнан астам көлдер және 3 мыңға жуық бөгендер бар. Климат жағдайына байланысты көлдердің көбі Қазақстанның солтүстігіне қарай орналасқан. Олардың ішінде Каспий теңізі, Арал теңізі және

Балқаш, Зайсан, Алакөл, Қорғалжын, Марқакөл, Теніз көлі сиякты ірі көлдерден басқа, көбі (94%) көлемі бір шаршы километрден кем шағын көлдер. Көлдердің көпшілігі түйік көлдер. Көбінің суы тұзды, олардан тұз өндіріледі. Қазақстанда ауданы 100 шаршы километрден астам 22 көл бар. Олар республикадағы көлдердің бүкіл ауданының 60%-ын алғып жатыр. Қазақстанның жалпы 48 262 көл айдынының 45 248-і шағын (ауд. 1  $\text{km}^2$ -ге дейінгілер) көлдер қатарына жатады. Ауд. 10  $\text{km}^2$ -ден астам ірі көлдер саны 296, ал 100  $\text{km}^2$ -ден астам аса ірі көлдер 21 (бұл 21 айдын үлесіне Қазақстандағы барлық көлдердің жалпы ауданының 60%-ы тиеді). Қазақстан аумағы бойынша көлдер біркелкі тараалмаған. Кейде бұлар бір-бірінен жүздеген километр алшақ жатады, кейбір өңірде жиі орналасып, біртұтас көлдер жүйесін құрайды. Солт. Қазақстанда жалпы ауд. 15 623  $\text{km}^2$  болатын 21 580 көл болса, бүкіл Орталық және Оңтүстік Қазақстанда жалпы ауд. 4658  $\text{km}^2$  болатын 17 554 көл ғана бар. Солтүстік Қазақстанда 100  $\text{km}^2$ -лік аймаққа 3  $\text{km}^2$  көлемдік көл айдындары болса, бұл көрсеткіш Орталық және Оңтүстік Қазақстанда 0,23 және 0,53  $\text{km}^2$ -ге дейін кемиді.

Көлдері пайда болуы жағынан алғанда тектоникалық және экзогендік түрлерге бөлінеді. Қаспий және Арал теңіздері, Балқаш, Алакөл, Теніз, Сасықкөл, Марқакөл, т.б. ірі көлдер тектоникалық қазаншұңқырларда қалыптасқан. Экзогендік көлдерге Сілетітеңіз, Теке, Жалаулы, Қызылқаң, Үлкен Қараой, т.б. жатады. Орманды дала және дала белдемдері көлге бай. Жалпы республика айдындарының көпшілігі абсолюттік биіктіктері 100 м-ден 3500 м-ге дейінгі борпылдақ төрттік шөгінділердің үстінде орналасқан. Көлдердің су жинайтын алаптарының ауданы көбінесе 10-нан 320  $\text{km}^2$ -ге дейін, ал шөлейт және шөл белдемдерінде бұдан да аумакты келеді. Қазақстан көлдері шарасында 190  $\text{km}^3$  су жиналған. Көктемде көлдер деңгейі 0,2 м-ден 6 м-ге дейін көтеріледі. Жаздың ортасына қарай сіңу және булану мөлшерінің артуына байланысты көлдердің деңгейлері күрт төмендейді, ал кейбіреуі кеуіп қалады. Төменгі деңгейі қазан - қараша айларында байқалады. Көшілік көлдер деңгейінің ортаса жылдық ауытқу амплитудасы 1 м шамасында. Ағынсыз көлдер су балансының шығымы түгелдей дерлік булануға кетеді. Көлдердің су балансындағы жалпы кірістің 10 - 90%-ы жер беті ағынынан, 12 - 40%-ы жауын-шашыннан құралады. Шарасы граниттік жыныстар үстінде қалыптасқан көлдер баланстары кірісінің 40%-ы жер асты суы ағынынан қалыптасады. Республика көлдері су көлемінің

87%-дан астамы сульфатты (Балқаш, Алакөл, Теніз көлдері, т.б.), ал қалғаны карбонатты немесе хлорлы келеді.

Бөгендер Қазақстан аумағында жер беті ағындарын реттеу мақсатында өзен арналарын бөгөу арқылы жасалады. Егер көлемі кіші ойыстарды бөгейтін болса, оларды тоған деп атайды. Бөгендер ауданына қарай келесі бөліктерге бөлінеді:

- 50 км<sup>2</sup>-ге дейін - кіші
- 250 км<sup>2</sup>-ге дейін - орта
- 1000 км<sup>2</sup>-ге дейін - ірі
- одан үлкендері - аса ірі бөгендер.

Қазақстанда қазір 4 мыңдай бөгендер мен тоғандар бар. Алып жатқан ауданы 10 мың км<sup>2</sup>. Оларда 90 км<sup>2</sup> тұщы су жиналған. Бөгендердің көбі Орталық, Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда шоғырланған. Олар: Бұқтырма, Қапшағай, Шардара, Самарқан, Беген, Ақкөл, Шерубай-Нұра, Кенгір және т.б.

**Теніз.** Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс жағын, еліміздегі ірі тұйық су айдындары – Каспий және Аral теңіздері шайып жатыр. Каспий теңізі – солтүстік (терендігі 4–8 м), орта (780 м-ге дейін) және оңтүстік (терендігі 1000 м-ден астам) бөліктерге ажыратылады. Арал теңізінің шарасы Тұран тақтасының төмен қарай иілген тұсында қалыптасқан. Денгей қарқынды төмендеуде.

**Жер асты сусы.** Алаптағы не кендері су сыйыстырушы жыныстардың сипатына байланысты – жарықшақтық, жарықшақтық-қабаттық және қабаттық (пластық) жер асты сулары болып бөлінеді. Жарықшақтық су таулы, қыратты және ұсақ шоқылы аймақтарда кенінен тараған. Құрамы әртүрлі атпа, шөгінді, метаморфтық жыныстардың жер бетіне жуық үгілу аумағында (30–50 м-ге дейінгі терендікте) қалыптасады. Бұлар жер бетіне көбіне минералдары төмен (0,1–0,1 г/л), су шығыны мардымсыз шағын бұлақтар түрінде кездеседі. Тектоникалық жарылыштар мен жааралу тегі әртүрлі жыныстардың жапсарларын бойлай қуалаған бұлақтар мен тайыз ұнғымалардың су өнімдері 5–7, кейде 10–15 л/с-ке жетеді.

Жарықшақтық-қабаттық жер асты сулары Маңғыстаудың таулы бөлігіндегі, Мұғалжардағы, Сарыарқадағы, Оңтүстік және Шығыс Қазақстандағы шағын құрылымдардың құраушы, палеозой мен төменгі мезозойдың әлсіз цементтелген терригендік және карбонаттық жыныстарының кат-қабаттарында қалыптасады. Жер бетінде бұлақтар түрінде кездеседі, не тайыз ұнғымалармен (су шығымы 5 л/с-ке дейін) шығарылады. Карстық құбылыс молынан

дамыған әктасты қабаттардағы бұлактардың су шығымы кейде 10–35 л/с-ке жетеді. Жезқазған – Ұлытау ауданы мен Үлкен Қаратаяудағы (Мырғалымсай, Келтемашат, т.б.) кен қазбалары мен ұнғымаларға жарықшактық-қабаттық су көп жиналады. Жарықшактық және жарықшактық-қабаттық сулар молаудың қолайлы жағдайларында едәүір су қорын жинаиды. Қабаттық жер асты сулары негізінен жазық аймактардағы баяу цементтелген және цементтеген антропоген-нен палеозойға дейінгі терригендік және карбонаттық жыныстардың қат-қабаттарынан орын алған. Қабаттық су жиналатын жыныстардың қалындығы өзен аңғарларында бірнеше метрге, биіктеу өнірлерде 0,5–1,5 км-ге, Шу-Сарысу, Араг маңы, Сырдария, Манғыстау – Үстірт өнірлерінде 3–6 км-ге, Каспий ойпатында 10–23 км-ге жетеді. Сулы жыныстардың жоғарғы қабаттарында арынсыз گрунт сулары, төменіректе арыны жоғары артезиан сулары қалыптасады. Тұщы және қышқылтым сулар өзен аңғарларында, зөлдік құм алқаптарында, су айырықтық құмдық түзлімдерде және сонымен бірге Каспий ойпатының шығыс бөлігіндегі, Солтүстік Араг, Ортағы Манғыстау, Сырдария, Шу-Сарысу, Іле, Ертіс маңы ойпаттарындағы бор шөгінділерінде, пермь-триас, юра, палеоген-неоген шөгінділері жиылған жекелеген телімдерінде бірнеше метр тереңдіктен 500–1000 м (Іле ойсында 2700 м-ге дейін) тереңдіктерде кездеседі.

**Қазақстан флорасы.** Қазақстанда осімдіктердің 15 мындаған түрі бар. Оның 2 мындан астамы балдырлар, 5 мындағы – саңырауқұлақтар, 600-ге жуығы – қыналар, 500-ге жуығы мүк тәрізділер және 6 мындан астамы – жоғары сатыдағы тұтікті осімдіктер. Қазақстан микрофлорасының (саңырауқұлақтар) құрамындағы түрлердің 4,8%-ы эндемик болып табылады. Жоғары сатыдағы осімдіктердің түр байлығы, интродукцияланған, мәдени дақылдар мен кездейсоқ әкелінген 500-ден аса түрлерді қоспағанда, 161 тұқымдасқа, 1120 туысқа жататын 6100-ге жуық түрден тұрады. Оның ішіндегі 730 түр тек Қазақстанда өсетін – эндемиктер. Бұлардың ішіндегі ең ерекше 12 монотипті туыс бар: физандра, рафидофитон, жалған шелмасақ, жалған шандра, боченцевия, канкриниелла, тобылғыгул, птеригостемон, пастернаковник, тогайя, недзвеция, шолақтауия. Қазақстан флорасындағы түрлердің басым бөлігі 15 тұқымдасқа топтасқан.

**Қазақстан фаунасы.** Қазақстан жерінде сұткоректілердің 180, құстарын 500, бауырымен жорғалаушылардың 52,

қосмекенділердің 12, балықтын 104-ке жуық түрі бар. Омыртқасыз жәндіктер шаян тәрізділер, ұлулар, құрттар, т.б.) бұдан да көп. Тек жәндіктер түрлерінің өзі-ақ 30 мыңдан асады.

Қазақстанның солтүстігіндегі орманды дала белдемінде бұлан, елік, ақ қоян, сұр тышқан, су егеуқұйрығы, орман тышқаны, бұлдырық, ақ кекілік, көл айдындарын су құстары – акку, каз, үйрек, шағала, тарғак, қасқалдақ мекендерген. Еділ өзені жағалауынан Алтай тауы бөктеріне дейінгі астық тұқымдас шөп пен жусан, бетеге өскен далалық белдемде суыр, дала алақоржыны, сүйірбас сұр тышқан, кәдімгі сұр тышқан, дала тышқаны, саршұнақ, ал құстан – дуадақ, безгелдек, жылқышы, сұнқар, бозторғайлар, қыранқара, дала құланы кездеседі.

Жапония. Жапония – аралды мемлекет, бір тілді, халықтың біртекті құрамымен ерекшеленеді.

Жапония ірі төрт аралдар (*Хоккайдо, Хонсю, Сикоку и Кюсю*) және мыңдаған кіші батыста Жапон теңізімен, шығыста Тынық мұхитымен ұласатын аралдардан тұрады.

Бір жағынан аралдық жағдай «теңіз» экономикасының қарқынды дамуына, Жапонияның ішкі және сыртқы байланыстар сипатына, жапондықтар менталитетіне ықпал етеді. Екінші жағынан, жапон аралдары сеймикалық қауіпті зонаға, сонымен қатар күзгі муссондар уақытында өтетін тайфундар – урагандар қозғалысына жатады. Жер сілкінісі мен тайфундар жапондықтарға көптеген бақытсыздықтар тудырды.

Жапонияның әлемдік экономикалық орталықтарының бірі ретінде XX ғ. екінші жартысындағы талаптанып даму мемлекеттің индустріалды державаға айналуына мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы Жапония – бұл ғылыми-техникалық өркениеттің жоғары үлгілерінің ежелгі және өзіндік тұрмыстық мәдениетпен үйлесімділігі. Жапонияның мұндай өзіндік ерекшелігі алдымен Күншығыс елдерінің даму үдерісіне терең ықпал ететін табиғи, тарихи, этномәдени, әлеуметтік-саяси және халықаралық факторлардың бірлігімен түсіндірледі.

Мемлекеттің тарихи атауы *Ниппон* (*Нихон*) VII ғасырдың ортасында пайда болды. Еуропалық атауы мемлекетте кейіннен пайда болды. Олар «малай сөзі «Джапунг», португалдар мен испандықтар өзгерти. Португалдықтар Жапонияны Жапан, испандықтар - Хапон, ағылшындар – Джапэн, француздар – Жапон, голландықтар. Соңғы орыс атауы – Япония деп атайды.

**Географиялық орналасуы, табиғаты және ресурстары. Жа-**

**пония төрт ірі және бірнеше мың ұсақ аралдармен бөлінген архипелагты қорсетеді. Олар келесі топтарға бөлінеді:** 1) Орталық Жапония (немесе есکі) феодалдық уақытта Ниппон деп аталып, өзіне үш негізгі аралды - Хонсю, Сикоку, Кюсю және оған қоса кіші аралдарды біріктірген; 2) Солтүстік Жапония о.Хоккайдо деп ұсынылған, XIX ғасырдың 70-жылдары игеріле бастады. 3) Оңтүстік Жапония, Рюкю көлін енгізетін, оның ең үлкені – Окинавада орналасқан.

Жапонияның аралдық жағдайы оны Ұлыбританиямен салыстыруға негіз болады. Бірақ Жапонияны Азия материгінен бөліп тұратын, Корей бұғазы Ла-Манштан б есе кең. Осы себептерге байланысты тарихта Жапонияда жат елдік адамдардың араласуы кездеспеген.

1274 жылы Қытайдың монголдық билеушісі Хубилай Жапонияны жауап алуға әрекет жасады, бірақ ала алмады.

Жапон архипелагы бүгілген тізбекпен солтүстіктен оңтүстікке қарай Шығыс Азия жағалауымен 3 400 км созылып жатыр.

Әлемнің басқа жерінде сейсминалық іс-әрекеттің дәл осындағы қарқынды дамуы байқалмайды. Бұл үш факторлар - аралдық жағдай, географиялық ендіктері елеулі айырмашылық және сейсминалық Жапонияның табиғат жағдайының әрекше типін дәлелдейді.

Жапония вулкандар мен жер сілкінісі мемлекеті, таулы-қыратты және жер үшін пайдасы аз шеттен тыс қызылсықан жер бедерімен сипатталады.

Жапонияда 200 жуық вулкан бар, оның 15-і әрекет ететін вулкандар. Вулкандық аймақтар мемлекет ауданының 1/3 алып жатыр Жапонияда жылына мыңдаған жер сілкінісі тіркеледі. Әсіресе, 1923 жылы қатты жер сілкінісі болды.

Жапон аралдарының жогарғы нұктесі деп есептелетін Фудзияма (3778 м) сөнбеген вулканы бір мезгілде мемлекеттің ұлттық символы болып табылады. Оның аппақ тәжін Токия шығанағының жағалауында орналасқан ең үлкен Хонсю жазықтығы және Конто, немесе Токиялық (17 мың. км<sup>2</sup>) жазықтықтар киеді. Бұл жерде астана және ірі қалалар қатары орналасқан. Екінші елеулі жазықтық Ноби, немесе Нагоя, ол да Тынық мұхит жағалауында Исс шығанағында орналасқан. Онда негізгі экономикалық орталық Нагоя қаласы орналасқан.

Маңызы бойынша үшінші жазықтық Кинки немесе Осака, ол Хонсюдың оңтүстік-батысында орналасқан. Мұнда ежелгі жапондық астаналар . Нара мен Киото және ірі өнеркәсіп орталығы Осака орналасқан. Жапонияда басқа жазықтар мен ойпаттар жок.

Аралдардың жағалау сыйықтары алуан түрлілігі мен өнеркәсіптік мемлекеттік мәннен ажыратылады. Ұзын жағалау сыйығы мемлекет территориясының теңізбен терен байланысын көрсетеді. Бұл жағдай жалғыз ірі өндіріс территориясы, халық тығызы қоныстанған орталық тар жағалаулық жазықтық зоналары болып табылатын фактімен де дәлелденеді.

Қазіргі уақытта «өмірлік кеңістік» тапшылығы көбінесе өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық нысандарды орналастыру үшін құрылған шайып әкелінген қабаттар территориялармен орны толтырылады.

Жапон аралдарының ішкі бөлігі бойлық бағытта жүретін таулы тізбектермен, әдемі ормандармен немесе таулы шалғындық өсімдіктермен және халықтың аз қоныстануымен сипатталады. Жеке аралдардың ендік айырмашылығы мемлекеттің климаттық, сонымен қатар флорасы мен фаунасы арқылы ажыратылады.

Мемлекетте пайдалы қазбалар аз (орташа сападағы көмірдің, алтынның, мыс және құкірттің аздаған қоры кезедседі), керісінше жылу мен ылғал Оңтүстік Жапонияның субтропиктік және тропиктік аймақтарында жылына екі рет өнім (күріш және бақша дақылдары) алуға мүмкіндік береді. Территорияның 2/3 бөлігін алып жатқан ормандар рекше құнды болып келеді. Қоپтеген өзендер табалдырықты және аз ұзындықты болғандықтан, құрлық қатынасына жарамсыз, бірақ суэнергиясы мен алқаптарды суарудың көзі болып табылады. Жапония фаунасы бай және алуан түрлі.

**Халқы.** Жапон архипелагы бір жағынан, континентке, екінші жағынан көптеген азия халықтары қозғалысы қылышатын аймақ Тынық мұхитына жатады. Аралдың ежелгі тұрғындары шығыс Азияның ежелгі тайпасының өкілі *айнайлар* болып есептеледі. *Тарихи кезеңде олар* Кореядан, Малайск архипелагы мен Океаниядан Жапон аралдарына сінген этникалық топтарға кірген. Әртүрлі тайпадан, оның ішінде монголдық-малайскілік және қытай-тунгусстық типтерінің араласуынан біртекті жапон халқы қалыптасқан. Жапондықтар қазіргі мемлекет халқының 99%-ы, қалғандары – корейліктер, қытайлықтар, айналар (соңғысы 20 мың адам).

Аралдардағы жалғыздық пен ұзақ уақыттық тұйықтық өз бетімен тірішілік ететін халықтың өзіндік ерекше және құрделі тілін, жазба жазуын және ерекше психикалық құрылымын қалыптастыруды. Қазіргі заманғы жағдайда Жапонияда батыстық және шығыстық мәдениет жетістіктерін – ұтымдылық, пайдалылық пен интуицияны, қатыгездік пен икемділікті, кеңістік пен уақытты сезінуді біріктіру

жүріп жатыр. Жапондықтарда екі өркениеттік азаматтықпен туылып жатқан адамдар көп.

Жапония Қытай сиякты өзінің ерекше мәртебесі мен мінез-құлқының та біткен өзіндік санасының теренділігімен сипатталып мемлекет-ұлт болып табылады. Оның тарихының терендігі алдымен жекеленгенін, сосын европалық империяны үлгі етіп, өзін қорғағанын, еңбексүйгіш және тәртіпті, салауатты өмір салтын ұстанатын, Азия кеңістігінде өзінің жеке империясын құруға талаптанатын жапондықтарды сипаттайтын. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі апат, қирау жапондықтардың экономикалық өрлеу міндеттеріне назарын аударды.

Жапонияның қазіргі халқы жоғары емес туылумен байланысты ете төменгі табиги өсіммен ажыратылады (1%).

Жапония өмір сүру ұзақтығы бойынша әлемдік рекордтың көш басында – 73 жас ер адам үшін, 84,9 жас әйел адам үшін. Мемлекетте 100 және одан да көп жастан асатын 20 500 адам бар. Жапондық саяси лексиконда «кога» – қоршаған ортаны ластау, көбінесе «ро^ай»; қогамды ластау – урбанизация үдерісінің нағылжесіндегі өткен онжылдықтарда күштейтілді. Сондықтан жапонияда халық онтүстікте солтүстікке қарағанда көбірек қоныстанған. Қала халқы Жапонияның барлық халқының 80 % қоныстандырған. Мемлекетте 12 миллионер - қалалар бар (5-кесте).

### 5-кесте. Жапонияның ірі қалалары

Қалалары	Адам саны, млн	Қалалар	Адам саны
Токио	8,1	Киото	1,4
Иокогама	3,4	Фукуока	1,3
Осака	2,6	Кавасаки	1,2
Нагоя	2,1	Хиросима	1,1
Саппоро	1,8	Китакюсю	1,0
Кобе	1,5	Сендай	1,0

Токайдода (70 мың км<sup>2</sup>) Хонсюдің онтүстік жағалауында 70 млн адам немесе Жапонияның барлық халқының 56%-ы қоныстанған.

Жапон қалаларының ішінде мемлекеттің онтүстігінде орналасқан Хиросима мен Нагасаки қалалары ерекшеленеді. Бұл қалаларда 1945 жылы тамызда американдықтардың атом бомбасын жаруы қирадушылық сипатта болды. Апарттан 215 мың, астам адам қайтыс болды.

*Токио – Жапонияның астанасы. Қала Канто жазығының елеулі бөлігін алып жатыр және Тынық мұхитының Токия шығанағының жағалауында орналасқан. Астана территориясы арқылы Тама, Сумида, Аракава, Эдогава теңіздері ағып өтеді. Токидан солтүстікке және батысқа қарай таулар орналасқан. Мегаполисте субтропикалық климат басымдылық көрсетеді. Оның сипатын маусымдық жеддер – муссондар анықтайды. Мегаполис қатерлі табиғи катаклизмге ұшыраған, соның ішінде жер сілкінісі. Кейде олар бұзушылық сипаттқа ие. Қала 1457 жылы салынған. Фасырлар барысында Токионың өзіндік ерекше бейнесі қалыптасты. Ол сан алуан стилдердің эклективті үйлесімділігімен ажыратылады. Токио Жаңа және ескі қала деп белінеді.*

Астананың тарихи өзегі – Нихонбаси ауданы. Онда императордың резиденциясы орналасқан. Астананың бейнесіне XVII – XIX<sup>ғғ</sup>. салынған Будда ғибадатханалары ерекше сән береді. Кейбір ежелгі синтоисттік әулиелер жақсы сақталған. Токио – ежелгілік қазіргі заманмен, европалық мәдениет – шығыстықпен, тасты ормандар – ескі храмдармен көрішелестік, үйлесімділікті көрсететін түстердің қарама-қарсылығы, контрасттар қаласы.

Қазір Токио – мемлекеттің жетекші экономикалық, мәдени және ғылыми-білім ортасы. XX<sup>ғ</sup>. 80-ші жылдарының басында қала пост-индустриалды әлемнің ірі қаржы-инвестициялық және ақпараттық орталығы, әрине «жаңа» Азияның экономикалық астанасы болды. Жапония астанасының бұл мәртебесі бүтінгі күнге дейін өзінің ерекшілігін сақатап келеді.

Жапонияда басқа экономикалық дамыған мемлекеттердегі сияқты қалалық агломерация қарқынды қалыптасуда. Жетекші рөлді астаналық Токио, Иокогаму, Кавасаки және Тибу енетін Кейхин агломерациясы, Осакидың айналасында жинақталған Хансин агломерациясы және Нагою мен оның спутниктерін қамтыған Тюкё агломерациясы атқарады. Бұл үш агломерация әлемдегі ең ірі мегаполисті құрайды.

Жапонияның дәстүрлі мәдени құндылығы адал еңбек пен білім деп есептелінеді. Кейбір мемлекеттер Жапония сияқты алдыңғы қатарлы және тиімді білім беру жүйесіне ие. Мемлекетте сауатсыз адамдар жоқ. Жапондықтар қолайлы бақуатты өмір білімнен бастау алатынына сенімді. Жапондықтардың ұлттық дәстүрлерінің бірі қоршаған ортаға ұқыптылық қатынас болып табылады. Оған табиғи жолмен енуге және оның сипатын сезінуге талпыныс тарихи уақыттан бері халықтың санасында сақталған. Сыртқы ортамен

мәдени бірегейлену негізінен символдар тілі және жесттері арқылы өтеді.

Мұндай бірегейленуге жататын: *икебана* – *түстердің* оранжировкасы өнері; *бонсай* - карлик ағаштарын отырғызу, өсіру өнері; шай ішу салтанаты; оригиналды храм және бау-бақша-парк архитектурасы, әдебиет дәстүрі, ұлттық күрес турлері және т.б. жапондық монархтың мәртебесін бөліп көрсетіп, мемлекеттің символы мен халықтың бірлігі болды.

Жапониядағы негізгі діндер - синтоизм және буддизм.

Жапония – конституциялық монархия. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі капитуляцияда мемлекетті американ әскері басып алды. Жапонияның Жоғары билігі және одақтастармен келісім бойынша американдық әскери әкімшілік мемлекеттің демилитаризация мен демократизациясы міндеттерін жүзеге асырды.

Осы үдеріс шенберінде Жапонияда жаңа Конституция жасалып, 1946 жылы қазанда қабылданды және 1947 жылы мамырда өз күшіне енді. Конституция мемлекет тарихында алғаш рет ұлттық тәуелсіздікті және негізгі демократиялық еркіндікті жариялады және жалпы сайлау құқығын енгізді. Мемлекетті басқарудың негізгі концепциясы ретінде құқықтық мемлекет концепциясы қабылданды және класикалық демократияның негізгі қағидасының бірі ретінде билікті бөлу қағидасын ұсынды.

Жапониядағы мемлекеттік биліктің Жоғары органды - парламент болып табылады. Сол уақыттан бері қазіргі Жапония АҚШ-тан қауіпсіздік саласы бойынша тәуелсіздікке байланысты саяси шектелген мемлекет болып қалды.

Жапония аймақтарын әкімшілік-территориалды бөлу және экономикалық аймақтары.

Жапония XX ғ. дейін европалықтар көздерінен таса болды. Біздің республиканың кейбір азаматтары үшін ол автомобилдер «Ниссан», «Тайота», видеотехника, каратэ, сакура, икебана шай ішу салтанатымен, рикша, гейша және якудзамен (жапон гангстерлері) және т.б. байланыстырылады. Бірақ бұл көрші ұлы державаның стереотипі, әлемде барлық жоғары технология салалары, ВВП көлемі мен өндіру бойынша жетекші орынды иеленген.

Жапония – жоғары дамыған индустримальды держава. Жер шары халқының 2% және 0,25 % ауданын ала отырып, ол қазіргі уақытта экономикалық қуаты бойынша 2-ші орынға ие (АҚШ-тан кейінгі). Жапонияның ЖІӨ әлемдік 9% ие. Жапондық қаржы топтары мен өнеркәсіптік корпорациялар әлемдегі ірі компаниялар қатарына жа-

тады. Қазіргі Жапония әлемдік экономикада лидерлік орынға талаптануда. Жапония Азиядағы әлеуметтік-экономикалық биіктікке алғашқылардың бірі болып кол жеткізді, оның артынан Гонконг, Корея, Сингапур, Тайвань және басқа да азиялық мемлекеттер қадам жасады.

Жапония феномен ретінде алуан түрлі әрекет ететін жағдаймен және олардың ерекше үйлесуімен түсіндіріледі. Мұнда Жапонияның мәдени-тарихи (өркениеттік) дамуын ерекше белгілеу қажет. Жапон дәстүрінің негізгі аспектісі еңбек пен білімге өзіндік ерекше қатынас болып табылады.

Жапондықтарға тапсырылған жұмысты өте жақсы орындауды өмірдің мәні деп түсіну тән. Сонымен бірге маңыздысы осы қасиетті жапондық қоғамның «топтық санасына» сіңіру болып табылады.

Қазіргі әлемдік шаруашылық жүйесінде Жапония «Ларап»-«Корпорация Жапония» ретінде белгілі. Бұл үдерісте мемлекеттің белсенді рөлін ерекше атап өту қажет, ол мемлекет экономикасының корпоративті сипаты үлттых қызығушылық идеясына жинақталады. Жапониядағы шаруашылық механизмдерінің мәні корпоративті философиямен анықталады. Сондықтан негізін қалаушы құндылықтар ретінде сапа, *синергия* (өзара әрекеттестік), *жасаапкершілік және жаңашылдық* (новаторство) қатысады.

**Экономикасы.** Бүгінгі таңда Жапония АҚШ, ҚХР және Батыс Еуропаның басқа мемлекеттерімен әлемдік экономикада жетекші бағытты ұстанды. Әлемдік өнеркәсіптік өндірістің 12% Жапонияның үлесіне тиеді.

Жапония энергия ресурсы жағынан кедей. Тек тас көмірдің азғантай мөлшері практикалық тұрғыдан маңызға ие. Жапон энергетикасының 80% астамы импорттың энергия-тасымалдаушылалага байланысты (мұнай, табиги газ, көмір, уран). Энергобаланстың жартысынан көбі мұнайға кетеді. Бұл уақытта электр энергетикасы атом станциясын жылдамдатып дамытумен жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда мемлекеттегі өндірілетін электр энергиясының үштен бірі АЭС арқылы өндіріледі. Жылу станциялары мемлекеттің энергетика жүйесінің базалық жүктемесін (барлық электроэнергиясының 60%) өндіреді.

**Жапония ауыл шаруашылығы** ЖІӨ 2%-ын құрайды. Мұнда экономикалық белсенді халықтың 7% жұмыспен қамтылған. Жапония азияның муссонды аймақ бөлігі, 95% күріш өнім беретін әлемдегі ірі өндіріс.

Жапония халықаралық еңбек бөлінісіне белсенді қатысады. Мемлекетті сыртқы экономикалық байланысын бекітудің маңызды

тетігі капиталды экспортқа шығару болып саналады. Жапондық инвестиция шикізат салаларын және өнеркәсіп пен экономикалық орталыктардың инфрақұрылымын өндіретін мемлекеттерге бағытталады. Жапондық сыртқы экономикалық әрекеттер Азия-Тынық мұхиттық аймақта (АТР-АТА) жүзеге асырылады. Осы жерде әлемдік тауарлар мен капиталдар ағысы қылышады. Жапония сыртқы экономикалық байланыста халықаралық сауданың маңызы сақталады. Экспорттың негізгілері автомобилдер, өндіріс құралдары, металдар, ұзақ уақыттық сұраныстағы тауарлар, химиялық өнімдер болып табылады. Жапония сыртқы сауда айналымының мөлшер бойынша әлемдегі көшбасшылардың бірі. Оның негізгі сауда жағынан серіктестері – Оңтүстік-Шығыс Азия, АҚШ, Қытай, Еуропалық Одақ мемлекеттері.

**Ішкі әртүрлілік және аймақтық саясат.** Жапония Батыс Еуропа мемлекеттерімен өндірістің территориялық тығыздығы ете жоғары деңгейімен ажыратылады. Жапония территориясындағы он экономикалық аймақтың алтауы Тынық мұхит белдеуінде орналасқан. Төртеуі барлық белдеулерге тән. Жапонияның аймақтық саясатының өзіндік ерекшелігі индикативті сипаттағы жалпы мемлекеттік жоспарлаумен тығыз байланыста көрінеді.

Сонымен мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік географиясының негізгі ерекшеліктері бөліп көрсетіледі:

- Жапония – сейсмикалық қауіпті және «тайфунды» зонада орналасқан, минералдық ресурстармен аз қамтамасыз етілген аралды, таулы мемлекет;
- тұтас алғанда, бірәтносты мемлекет болып табылады, басқа елдерден халқының тығызы қоныстануы бойынша ажыратылады (1 км<sup>2</sup> 300 адамнан) және қалалықтардың жоғары үлесі (80%) Тынық мұхиттының мегаполисінде (Токайдо) тұрады;
- мегаполис территориясы көбінесе Тынық мұхиттық өнеркәсіп белдеуіне, солтүстікке Токия шығанағынан оңтүстікке Осака шығанағына дейін созылып жатуы сәйкес келеді. Оның шекарасында мемлекеттің өндірістік қуатының 80% (соның ішінде көптеген технополистер – ғылым қаласы) орналасқан;
- мемлекет территориясының 13% өндөлінетін жерлер, бірақ алқап ауданы үлкен (сондықтан жылына 2-3 өнім жинайды); ауыл шаруашылығы өнімдері өсімдіктекті сипатта ие (70%);
- Жапония халықаралық енбек бөлінісінде әлемдік қаржы орталыктарының бірі, сонымен қатар өнеркәсіптің ғылыми саласының өнімдерін жабдықтаушы.

**Қытай Халық Республикасы** саяси картада 1949 жылы 1-ші казанда пайда болды. Бірақ қытай өркениеті өзінің ерекшелігі жағынан Ежелгі Египетке орын бермейтін мемлекет ретінде б.э.д. мың. жыл Хуанхэ өзенінің орта ағысында пайда болды.

Өнеркәсіптің өсуіне байланысты соңғы жылдары Қытай дайын өнімді сыртқа шығаратын жектекші экспортер және шикізат тауарларын шығарудың жетекші импортері болды. Қытайға мұнайды 8 %, электроэнергияны 10%, алюминий мен мыс 20%, шойын 27 %, көмір пен мақта әлемдік қолданудың үштен бірі сәйкес келеді.

Мемлекеттің экономикалық өсуі металургияны, мұнай өндіреуді, химиялық өнеркәсіпті қамтамсыз етеді, бұл жағдайда өзінің ресурстары жетпейді, ал олардың импортқа шығаруы өседі.

Қазіргі Қытай – кең территорияны игерген, экономикалық және әскери потенциалды менгерген әлемдік держава. Қытай ядролы держава, БҮҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі. Сондықтан Қытай сабактастықты сақтаған, әлемдегі ежелгі мемлекет.

**Географиялық орналасуы, табигат жағдайы мен табиғи ресурстары.** Қытай территориясы шығыстан батысқа 5 700 км, солтүстіктен оңтүстікке – 3 650 км, 9,6 млн км<sup>2</sup> (Ресей мен Канададан кейінгі ) құрайды. XX ғ. соңында Қытай Ұлыбритания мен Португалияның бұрынғы колониялары – Сянган (Гонконг) және Аомынь (Макао) өзінің тәуелсіздігін қайтадан қайтарып берді. Кең байтақ, бірақ тығыз Қытай территориясы көптеген елдермен шекарасын негіздеді. Олардың кейбіреуі жоғары тау арқылы, сондықтан қолжетімді емес, басқалары тау арқылы, бірақ тауаралық шұнқырлар халықаралық байланыстарға кедергі келтірмейді.

ҚХР-ның Тынық мұхитына шығуы қолайлы және сырты әлеммен байланыс үшін мүмкіндігі бар. Сары, Шығыс-Қытай және Оңтүстік Қытай теңіздерінде орналасқан 5 мың аралдар көрші мемлекеттерге жатқанымен, Қытай оны өзінікі деп есептейді. Олардың ішіндегі ең ірілері - Тайвань және Хайнань.

Ресми түрде Тайвань аралы ҚХР провинциясы болып саналады, бірақ территория тәуелсіз. Ауданы – 36 мың. км<sup>2</sup>, халқы 23,2 млн адам. Әкімшілік орталығы – Тайбэй ( 2 млн аса тұрғыны бар). Қытай континентінен арал ені 150-300 км. бұғаз арқылы бөлініп тұр. Арал Тынық және Үнді мұхиттары мемлекеттерін жалғастырып тұратын теңіз жолы. Ол Қытайға шығыстан, Жапонияға оңтүстік-батыстан және Филиппинге солтүстіктен кіретін маңайын бақылайды. Тайбэйде екі халықаралық аэропорт орналасқан. Тайванның негізгі теңіз қақпасы – Цзилун. Тайвань индустріалды емес территорияға

жатады (азиаттық «жолбарыс»). Соңғы онжылдықта тұрақты даму аркылы Тайвань әлемдік экономикалық орталықтармен үзілген қарым-қатынасты жалғастырып, адам капиталын белсенді өсіруге көл жеткізді.

ҚХР территориясының қөлемі бойынша шетелдік Азиядағы ең ірі және әлемдегі үшінші мемлекет.

Қытайдың жер бедері батыстан шығысқа қарай еніс, Тибеттен Тынық мұхитына үлкен баспалдақтармен түседі. Рельефі елеулі алауан түрлілігімен ажыратылады. Солтүстікten онтүстікке және шығыстан батысқа өтетін құрылымдық бағыттар Қытайды жеке бөліктерге бөле отырып, өзара қызылсады. Рельефтің үш зонасын беліп көрсетуге болады: онтүстік-батыс, солтүстік-батыс және шығыс. Біріншісіне Тибет таулы өлкесі 4000 - 4 500 м биіктікке дейінгі жазық және 5000 - 6000 м тау жотасы кіреді.

Таулы өлкесі биік тау жүйесімен Гималай (8000м жоғары), Каракорым, Куньлуным, Наньшан жиектелген. Шығыс бөлігінде таулы өлкесі Сычуан шұңқырымен ұштасады. Екніші зонасы Қашқар және Жонғар жазығымен, Тянь-Шань тауымен, Гоби, Алашань, Ордос шөлдерімен бөлінген. Ордостан онтүстікке қарай жыра, аңғар, саймен және каньондармен бөлінген сары топыракты үстірт бар.

Үшінші, шығыс үлкен-үлкен жазықтармен, тау тізбектерімен және олардың сілемдерімен жалғасып жатқан зона болып табылады. Солтүстік-шығыста халқы тығыз қоныстанған Дунбэйс жазығы Улкен және Кіші Хинган және Чанбайшан тау жүйесімен қоршалған. Сары теңізді бойлай байтақ Ұлы Қытай жазығы созылып жатыр. Дунбэй жазығынан Сары теңізінің Ляодунск шығанағын бойлай созылған Шанхайгуань коридорымен жалғасады. Қытайдың Онтүстік-Шығыс ауданы өзендердің шұңқырлары мен алқаптары арқылы кезектесіп жатқан тау тізбектері және төбелерінен тұрады.

Солтүстікте теңіз жағалаулары негізінен аз тілімденген ойпаттар (Янцзы өзенінің сағасына дейін). Шаньдун және Ляодун тубектері биік, жартасты, құзды. Янцзы өзенінің жағалаулық сыйығы күшті тілімденген.

Қытайда өзендер көп. Оның көвшілігі рельефке қарай шығыстан ағып, Тынық мұхитына құяды. Ең ірілеріне Янцзы, Хуанхэ, Хейлунцзян, Чжуцзян, Ляохэ, Хайхэ жатады. Мемлекетте сонымен қатар қөлдер, әсіресе Янцзының ортаңғы және төменгі ағысы және солтүстікте Тибет таулы өлкесі аудандарында көп.

Қытайда ормандар аз. Онымен тек мемлекет территориясының оннан бір бөлігі жамылған. Шығыс зонаның барлығы муссонды

климат саласында орналасқан. Қыста Сібір мен Монголиядан мұнда өте салқын ауаның ағысы келеді. Соған қарамастан бұл аудандар ені бойынша Италия мен Солтүстік Африкада орналасқан, қысы суық (мысалы, Шенъянде, Риммен бір ендікте болса да қантарда суық болады). Қантарда Мәскеуде де суық болады; Пекиннің қысы Санкт-Петербургке ұқсас, тіпті Гуанчжоу Солтүстік тропиктен оңтүстікке қарай орналасқан).

Қытайда пайдалы қазбалар алуан түрлі. Олардың қоры бойынша мемлекет әлемдік масштабта бөлініп көрсетіледі. Аса көп мөлшерде отын-энергетикамен қамтамасыздандырылады. Олардың ішінде тас қемір. Ең үлкен тас қемір бассейні солтүстіктегі, солтүстік-шығыста және мемлекеттің орталық бөлгінде орналасқан. Солтүстік-шығыста, сонымен қатар теңіз жағасындағы провинцияда және Сары теңіздің шельфтерінде мұнайдың өте көп қоры сакталған, бірақ өте жылдам дамып жатқан экономикаға жетпейді. Мұнаймен бірге табиғи газдар шығып жатқан кездер де болады. Мемлекетте жанғыш тақтатастар мен ядерлік отындар қоры бар.

Темір рудаларының (олар кебінесе тасқемір шығатын орындарда, соның ішінде кокстердө), марганец пен вольфрамның елеулі қоры бар. Молибден ресурсы да көп. Осы айтылған шикізаттар қоры бойынша Қытай әлемде көшбасшы. Соған қарамастан хром мен никел қоры өте аз.

Қытайда түсті металлургия үшін шикізат көп. Мемлекет шетел мемлекеттер арасында қалайы мен сурьма бойынша бірінші орынды алады, мыстың, полиметалдар, сынап және басқа рудалардың кені бар. Алюминий шикізатының да қоры жеткілікті. Уран кен орны ашылған. Сонымен бірге кобальт, титан, цирконий, тантал, висмут, алтын, күміс, платина сияқты бағалы металдар айтралықтай көп емес.

Рудалы емес пайдалы қазбалардың ішінде ас тұзы көп өндіріледі. Магнезит, фосфорит және графит кендері көп.

Қытайдың минералды ресурстарының өзіндік географиялық шекарасы хребет Циньлин тау жотасы болып табылады. Одан солтүстікке қарай тас қемір, мұнай, табиғи газ, жанғыш тақтатастар, сонымен бірге темір, марганец рудалары және магнезиттің кендері орналасқан. Жотадан оңтүстікке қарай негізінен вольфрам, басқа түсті және сирек металдар, фосфорит, боксит, алунит кендері шоғырланған.

Қытайдың басқа табиғи байлыктарының бірі суэлектр ресурстарының қоры болып саналады. Мемлекет суэнергетикалық қоры бойынша әлемде жетекші орынды алады.

Тұтас алғанда Қытайдың табиғи жағдайы мен ресурстары мемлекеттің көпсалалы шаруашылығын дамытуға мүмкіндік туғызады.

Соған қарамастан Қытайда адам басына шаққанда жер ресурстары ете аз.

Қытайда адам басына шаққанда әлемдегі орташа мөлшерден айдалған жер 12-13 есе аз. Мемлекеттің жер шаруашылығы аудандарында бұл одан да көп. Жалпы алғанда ҚХР-да әлемдік өндөлгөн жер массивінің 7%-ы, бірақ планета тұрғындарының 20%-ы мемлекетте тұрады.

**Халқы. Қытай** - әлемдегі халқының саны ең көп мемлекет. Жердегі әрбір 5-ші адам ҚХР азаматы, халқының жалпы саны 1,3 млрд адам. Халық санының осылай көп болуы, біріншіден, үлкен еңбек ресурстарын анықтаса, екіншіден, халықтың кірісін арттыруды қыннадатады, тұргын үй мен азық-түлік мәселелерін шиеленістіреді, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін төмендетеді және т.б. Міне сондықтан да XX ғасыр ортасында Қытайда тууды шектеу орын алды (Ондаған жылдар бойы «Отбасыда 1 бала» лозунгысы өзекті болды). Қытайдың табиғи ресурстары мен экономикалық мүмкіндіктері жағынан 1,5 млрд адамды қамтамасыз ете алады. Сондықтан демографиялық фактор мемлекеттің ішкі саясатында жетекші болды. ҚХР-н халық санының көптігі еңбек және оған жұмылдыратын ресурстарға ие, еңбекке жарамдылары 820 млн адам. Балалар мен жастар (30 жас) мемлекет халқының тең жартысын құрайды (6-кесте).

#### 6-кесте. Қытай халық санының динамикалық өсімі

Жылдар	Халықтың жалпы саны, млн адам	Түзулы коэффициенті, %	Қайтыс болу коэффициенті %	Табиғи өсу коэффициенті %	Абсолютті өсуі, млн адам.
1950	551,9	37	18	19	10,5
1975	924,2	23	7	16	14,8
2000	1264,5	15	6	9	11,4
2025 (болжам)	1431,1	-	-	-	-

Халықты қоныстандырудың да өзіндік ерекшілігі бар. Шығысқа қарай  $105^{\circ}$  ш.e. 40 % мемлекет терриориясында халықтың

90% туралы. Халықтың тығыз орналасуы күрделі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді тудырады. Өз кезегінде батыс аудандарда адамның аз болуы шаруашылықты менгеруіне мүмкіндік туғызбайды.

Урбанизацияланудың ерекше сипатымен ажыратылады. Қытайда мындаған қалалар бар, онда барлық халықтың үштен бірі тұрады. Қытайда қала тұрғындарының үлесі жоғары дамыған мемлекеттермен салыстырғанда көп емес, бірақ қалалықтардың абсолютті саны бойынша (400 млн адам) ҚХР әлем мемлекеттерін басып озады. Қытайда 30 қаланың млн. тұрғыны бар, тұра сондай қала 500 мың -1 млн. адам және 200 қалада – 100-500 мың адам. Ірі қалалары: Шанхай (14,2 млн адам), Пекин (12,6 млн адам), Тяньцзинь (9,5 млн адам), Шэньян (5,1 млн адам).

*Қалалары. Пекин* Щзи б.э.д. 1121 жылы негізі қаланған. Бейізин (орынша транскрипциясы - Пекин, «солтүстік астана») қазіргі атауы 1420 жылы берілген және XX ғасыр Қытайға бекітіліп берілді. Қала Сары теңіз жағалауынан 160 км орналасқан. Ауданы 17 мың. км<sup>2</sup>, Пекин - әлемнің ең үлкен қаласы. Қаланың орталығы Тяньаньмәнъ аланы болып табылады. Бұл әлемдегі ең үлкен алаң (44 га, 1 млн адам).

Пекин – ірі ғылыми, мәдени және өнеркәсіпті орталық, оның маңызы транспорттық торап. Қалада көптеген архитектурлық мәдени ескерткіштер салынған. Олардың көшілігінің маңызын бағалау мүмкін емес – бұл Император сарайы мен Тыйым салынған қаладағы гармония Павильоны, көптеген ғибадатханалар (пагоды) және парк-храм ансамбльдері. Қалада көптеген мұражайлар мен театрлар, әлемге әйгілі қытай циркі жұмыс істейді. Астана – мемлекеттің жетекші ғылыми-білім орталығы.

Пекин – дербес әкімшілік биілік. Бұғінде Пекин әлемдегі қолайлы қаланың бірі. Жыл сайын Пекинге жүздеген млн. қытай және ондаған млн. шетелдік туристер келеді. Қала қарқынды өсуде және қоғамдық дамудың барлық бағыттарында белсенділік танытады.

Қытай халқы – көпүлтты. 91% қытайлықтар құрайды. 60 басқа ұлттар мен ұлыстар тұрады (чжуан, үйғырлар, монголдар, тибеттіктер, хуэй, корейлер, т.б.). Қытай емес халықтардың саны 110 млн адам.

Қытайда үш дін кең таралған: конфуций, буддизм, даосизм. Оларды алдымен қытайлардың өзі тәубә келтіреді. Осы діндерді ұстанатын адамдардың нақты санын білу оқай емес, барлығы да негізгі діндер. Сондықтан аса ықпал ететіні конфуций. Одан басқа діндер де бар.

**Аймақтық айырмашылығы мен аймақтық саясат.** ҚХР территориялық контрасы өте айқын. Ол табиғатына, экономикасына, өмір сүру деңгейіне байланысты. Қытай өзіндік ерекшелігі бар 23 провинцияға, 5 автономда ауданға, 4 қалалық орталыққа және 2 ерекше әкімшілік ауданға (Сянган және Аомынь) бөлінеді. Бұдан басқа Қытайда 30 автономды округ және 124 автономды уезд (сомона) бар.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Орталық және Шығыс Азияның кұрамы қандай?
2. Қазақстан Республикасының географиялық орнындағы басты ерекшеліктер.
3. Қазақстанның табиғат жағдайлары қандай?
4. Жапонияның халқының салт-дәстүрлері.
5. Жапонияның шаруашылығының басты ерекшелігі.
6. Жапонияның әлемдік нарықтағы алатын орны.
7. Қытайдың табиғи ресурстары.
8. Қытайдың демографиялық проблемалары.
9. Қытайдың әлемдік нарықтағы алатын орны.
10. Тайваннның экономикасының басты ерекшеліктері.

## 6-ТАҚЫРЫП. АФРИКАДАҒЫ ДАМУШЫ ЕЛДЕР

### 6.1 Солтүстік Африка

Саяси картасының қалыптасуы және қазіргі геосаяси жағдайы. Африка Жер шарындағы Еуразиядан кейінгі екінші үлкен материк, ол құрлықтың 1/5-ін алғып жатыр. Аумағы солтүстіктен онтүстікке қарай 8 мың км-ге, батыстан шығысқа қарай ең енді белгі 7,5 мың км-ге созылып жатыр. Жерінің жалпы ауданы аралдарымен қоса есептегендеге 30,3 млн. км<sup>2</sup>, халқының саны 800 млн. адамнан асады.

Саяси картасының қалыптасу кезеңдері. Адамзат дамуында айрықша орны бар Африка жерінде алғашқы ірі мемлекеттер б.з.д. IV-III мыңжылдықтарда дамудың шырқау шегіне жеткен ежелгі Египет (Нил) өркениеті негізінде қалыптасты. Африкадағы қалалардың қалыптасуы қалалар “бесігі” деп есептелетін Месопотамиямен бір мезгілде жүрді. Б.з.д. III-I мыңжылдықтарда Сенегал, Нигер жәнен Конго өзендері алаптарында жоғары дәрежеде дамыған мемлекеттер қалыптасты. Кейінгі ғасырларда Батыс Африка аумағында Гана, Сонгаи, Мали тәрізді ірі мемлекеттер (“империялар”) пайда болып, дамыды. Біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығының басында Солтүстік Африка жеріне жерортатеніздік халықтар (финикиялықтар, гректер, римдіктер) иелік етсе, VII ғасырда арабтар басып кірді.

Африканың шығысында Аксум, ал онтүстік-шығысында Мономотапа феодалдық мемлекеті пайда болды. Орта ғасырларда көршілес аймақтарға ықпалы күшті болған бұл мемлекеттер еуропалықтар келердің алдында әлсіреп, феодалдық бытыраңқы жағдайға көшкен болатын.

Африканың қазіргі саяси картасының қалыптасуына еуропалық отарлау және кейіннен отар елдердің тәуелсіздігін алуы басты ықпал етті. XV-XIX ғасырларда Африка жағалаулары мен ішкегі аудандарын қамтыған географиялық зерттеулер аумақты экономикалық жағынан игеру және саяси үстемдік орнатуды көзделген отарлау саясатына бастама болды. 1415 жылы португалдар Африканың солтүстік-батысында орналасқан аса ірі сауда орталығы, бай порты қала Сеутаны (қазіргі кезде қала Испанияның иелігінде) басып алды. Африканы отарлауды жағалаулар мен аралдардан бастаган Португалия 1420 жылы Мадейра аралдарын, 1432 жылы Азор, 1446 жылы Жасыл Мұйіс аралдарын, 1473 жылы экватор бойындағы

Сан-Томе және Принсипи аралдарын бағындырыды. Ал XV ғасырдың орта шенінде Мавритания жерінен Португалияға алғашқы құлдар жеткізілді. Бұл төрт ғасырга созылған құл саудасына бастама болды.

XV ғасырдың сонында Батыс Африка жағалауын бойлай жүзген испандар материктің онтүстігіне дейін жетті. Африканың онтүстігіне 1652 жылы келіп жеткен голландтар Үндістанға баар жолдағы бекет ретінде Кейптаун қаласының іргетасын қалады. Осылайша Оңтүстік Африкада Голландия отары Кап провинциясы пайда болды. Ағылшындар Африканың ішкегі аудандарын отарлаудан бұрын арнайы жасақталған ғылыми-зерттеу экспедицияларын жіберіп, барлау жұмыстарын жүргізді. Материктің ішкі аудандары жайлы нақты ғылыми деректердің аздығы, европалық отарлаушылар назарының Азия мен Америкаға ауып кетуі Африканың жаппай отарлануын кешеуілдettі; XIX ғасырдың ортасына қарай материктің бар болғаны 1/10 бөлігі ғана отарланды. Еуропалықтардың Африканың ішкегі аудандарына емін-еркін енуіне безгек ауруына қарсы дәрі-дәрмектің болмауы да әсер етті; XIX ғасырдың сонына қарай безгекке қарсы хининнің ашылуы бұл кедергіні “алып таставы”.

Қарқынды даму үстіндегі шаруашылығына жаңа шикізат көздері қажет болған Еуропаның ірі елдері 1885 жылы болған Берлин конференциясында Африканы ықпал ету аймақтарына бөлді. Бұл аймақтардың шекараларын анықтауда аумақтың географиялық және этностық ерекшеліктері ескерілмеді. Қазіргі кездегі африкалық елдердің мемлекеттік шекараларының басым көшілігінің ендіктер мен бойлықтар бойымен өтуін осымен түсіндіруге болады. Сонымен, XX ғасырдың басында Африка аумағының 90%-ы европалық отарларға айналды. Көсемдерден сатып алып, азаттық алған құлдарды қоныстандырыған аумақта 1847 жылы Либерия Республикасы пайда болды. Ұлт-азаттық құрестің қарқынды сипат алуы отарлық жүйенің ыдырай бастауына алып келді. Соның нәтижесінде XX ғасырдың 60-жылдарына қарай Африкада он тәуелсіз мемлекет болды: Египет, Эфиопия, Либерия, ОАР, Ливия, Марокко, Тунис, Судан, Гана, Гвинея. Тарихқа “Африка жылы” ретінде енген 1960 жылы 17 отар өз тәуелсіздігін алды. Отарлық бұғаудан босауға бағытталған қурес Африка жерінде 90-жылдардың ортасына дейін жалғасын тапты.

Қазіргі кезде БҮҰ-ның айрықша статусына ие Батыс Сахара да тәуелсіздік үшін қурес жалғасуда. Әлі күнге дейін сақталып қалған европалық иеліктер катарына Реюньон аралы (Франция), Әгулие Елена аралы (Ұлыбритания), Сеута және Мелилья қалалары (Испания)

жатады. Африканың көптеген елдерінде мемлекеттердің әкімшілік шекаралары анықталғанымен, ұлт араздығы және азаматтық соғыс өрши тусуде. Экономикасы артта қалған Мозамбик, Бурунди, Руанда, Ангола, Сомали тәрізді мешеу елдерде соғыс қымылдарының әсерінен жергілікті халық арасында жүқпалы аурулар көнінен таралып, аштық әсерінен өлім-жітім көбеюде. Саяси жағдайдың тұрақсыздығы Африканың дамушы елдерінің экономикалық өрлеуіне кедергі жасап отыр.

**Елдердің мемлекеттік құрылымы.** XXI ғасыр табалдырығында Африкада 55-тен астам мемлекет болды. Олардың көпшілігі мемлекеттік құрылымы жөнінен унитарлық республикалар. Ал федерациялық республикалар қатарына Нигерия, ОАР, Комор Арапдары Федерациялық Республикасы, Эфиопия жатады. Африка аумағында бар болғаны үш монархия (Лесото, Свазиленд, Марокко) сақталып қалған. Ал Ботсвана, Гана, Гамбия, Замбия, Зимбабве, Камерун, Кения, Лесото, Маврикий, Малави, Намибия, Свазиленд, Сейшель арапдары, Съерра-Леоне, Танзания, Уганда, ОАР, Мозамбик тәрізді елдер Британ Бірлестігінің мүшелері болып табылады.

**Жер бедері.** Жерорта теңізі жағалауында Африкадағы ең жас тау жүйесі – Атлас тауы орналасқан. Африка біршама көтерінкі дуние бөлігі, оның орташа биіктігі 750 метр. Оның 70%-дан астам жерін биік баспалдақты жазықтар, үстірттер, таулы үстірттер мен таулы қыраттар; 20%-ын биік таулар; ал қалған 10%-ын ғана ойпаттар алып жатыр.

Африканың жер қойнауы минералды ресурстарға, яғни пайдалы қазбаларға ерекше бай. Мұнай мен газдың ірі кен орындары Ливия (барланған қоры 4 млрд т), Нигерия (2,8 млрд т), Алжир (1,3 млрд т), Египет жерінде; ал тас көмірдің мол қоры Оңтүстік Африка жерінде шоғырланған. Кобальт пен мыстың аса ірі қоры Замбия мен Конгода; марганец Оңтүстік Африка мен Зимбабведе; боксит Гвинея мен Камерунда; платина, алтын және темір Оңтүстік Африкада (алтын өндіруден дүниежүзінде 1-ші орында); алмас Конго, Ботсвана, ОАР, Намибия, Ангола, Ганада; фосфорит Марокко, Тунис, ОАР-да; уран Нигер, ОАР, Намибияда орналасқан. Минералдық шикізаттар сапасы жоғары әрі ашық әдіспен өндіріледі.

**Климаттық жағдайы.** Африканың ең ыстық материк екені белгілі. Ол Африканың дәл ортасы арқылы экватор сзызығының өтуімен байланысты. Жылдық орташа ауа температурасы барлық жерде дерлік +20°C-дан жоғары, ең салқын деген жерлерде +8°C-

ден төмен болмайды. Яғни, вегетациялық кезең бүкіл жыл бойына созылады. Африка климатындағы басты айырмашылық жылдық жауын-шашын мөлшері мен оның тұсу режимінен айқын көрінеді. Экватор маңында жауын-шашын жыл бойы 2000-3000 мм-ге (максимум Камерун тауының онтүстік-батысында 9000 мм-ден артық) дейін жетсе, ал тропиктік шөл аудандарында ол 50-150 мм шамасындаған кездесе соқ жаңбырлар түрінде жауады. Батыс пен шығыс жағалаудағы ылғал айырмашылығы әсерінен белдеу ішінде климат ылғалды сипаттан континенттік шөлді сипатқа дейін ауысады. Бұл жағдай өз тарапынан елдердегі агроклиматтық жағдайдың үлкен айырмашылығын тутызады. Жылу қорымен жеткілікті, тіпті артығымен қамтамасыз етілуіне қарамастан Африканың агроклиматтық ресурстары шаруашылықты барынша дамытуға мүмкіндік бермейді. Ол, әсіресе шөлді аудандарда су ресурстарының жетіспеушілігімен түсіндіріледі.

Жалпы Африка жерінде су ресурстарының қоры жеткілікті, бірақ оның материк бойынша таралуы біркелкі емес. Материктегі су ресурстарының тең жартысы Конго (Заир) өзенінің үлесіне тиеді, сондай-ақ Ніл, Нигер, Замбези, Оранж өзендерінің де су ресурстары едәүір. Өзен сулары жер суаруға кеңінен пайдаланылады, өзен ағысы бөгеттер арқылы регтеліп отырады.

Ірі өзен бойларында су көлемі 15 км<sup>3</sup>-қа жететін 12 бөген салынған. Ең ірілері Нілдегі Насер және Кариба, Замбезидегі Кабора-Басса бөгендері. 1971 жылы Асуан бөгеті іске қосылғаннан кейін пайда болған Насер бөгени сүймен 800 мың гектардай жерді қосымша суарып, егістік жерлерден жылына екі-үш рет өнім алуға мүмкіндік туды. Құрғак аудандарда жер асты сүйнің маңызы артады. 1300 метрлік терендейктен Сахарадан табылған (жалпы қоры 70 млрд.м<sup>3</sup> астам) тұщы судың аса үлкен қоры бүкіл Сахара жерін 500 жыл бойы таза сумен қамтамасыз ете алады. Аса ірі артезиан алаптары Алжир және Ливия Сахарасына тән (“Саворнина” тәңізі, су қоры 50 млрл м<sup>3</sup>).

Африка өзендерінде аса зор гидроэнергетикалық ресурстар жинақталған, яғни дүниежүзі өзендеріндегі жалпы қордың 1/3-не жуығы, яғни 780 млн кВт-ы осында. Конго өзенінде 390 млн.кВт, Замбезиде 137 млн.кВт, Нілде 50 млн.кВт, Оранж өзенінде 31 млн.кВт, ал Батыс Африка өзендерінде 130 млн.кВт-қа дейін гидроэнергетикалық қор жинақталған. Бірақ бұл ресурс әлі өз дәрежесінде пайдаланылмай келеді. Конго өзені Амазонкамен салыстырғанда мұхитқа

бес есе кем су әкелгенімен, оның гидроэнергетикалық қуаты өте жоғары. Өзен төмөнгі ағысындағы 300 км-лік аралықта 275 метрлік құламамен агады, 32 сарқырама мен тік құздар кездеседі. Онда орасан зор бегет пен Инга СЭС-ы салынды. Африканың тұщы сулы көлдерінің балық аулаудағы маңызы жоғары. Тұщы судан балық аулау жөнінен Африка тек Азиядан ғана кейін тұр.

Африканың жер қоры. Жан басына шаққанда өндөлетін жер үлесі Оңтүстік-Шығыс Азия немесе Латын Америкасы елдеріндегі көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Бірақ жарамды жердің 1/5-і ғана өндөледі. Ніл, Нигер өзендері бойындағы және Мозамбик ойпатындағы аллювийлі топырақтардың егіншілік үшін маңызы өте зор. Субтропиктер мен тропиктік белдеу топырақтары біршама құнарлы болып келеді, тек қосымша суаруды қажет етеді. Ал ылғалды экваторлық ормандардағы ферралитті топырақ, керісінше артық ылғал әсерінен шайылу мен үгілуге оңай беріледі. Шөлшөләйтті жерлер үлесінің жоғары болуы (материктің 1/3-і) жер өңдеудің дамуына кедергі келтіреді. Жер шарындағы ең үлкен Сахара шөлі (ауданы 7 млн. км<sup>2</sup> астам) мен оның оңтүстігіндегі өте құрғақ Сахель жерінде қуанышылық бірнеше жылға созылатын жағдай жиі болып тұрады.

Африка жерінің 10%-ға жуығын орман алқабы алып жатыр. Орман, әсіресе Шығыс (287 млн.га) және Экваторлық Африка да (500 млн.га) кең таралған. Бірақ орман ағаштарын аяусыз кесу иәтижесінде оның аумағы жылдан-жылға азаюда. Тек Габон, Заир, Конго сияқты елдерде ғана шаруашылық маңызы сақталған. Африканың өсімдіктер мен жануарлар дүниесі де оның басты байлығы болып саналады. Әсіресе, гүлді өсімдіктер мен тұяқты сүткоректілердің маңызы ерекше.

Африка жері жалпы алғанда табигат ресурстарына бай болғанымен, оның елдер бойынша таралуы біркелкі емес. Ол өз тарапынан әр елдің шаруашылығының өркендеу дәрежесіне күшті әсерін тигізеді.

**Экологиялық жағдайы мен табигатты қорғау.** Африканың қазіргі экологиялық жағдайының өте нашар болуының себебі өте әріде жатыр. Ұзақ жылдар бойы отарлық езгіде болуы, оның табигат ресурстарының есепсіз талан-таражға салуынына себепші болды, әсіресе минералдық ресурстар көп ысырапқа ұшырады. Ылғалды тропиктік ормандардағы бағалы ағаштар (әбен, шарап пальмасы, кола ағашы) аяусыз кесілді. Орман алқаптары өртеп-кесу арқылы

тропиктік дақылдар өсірілетін плантацияларға айналдырылды. Ондай плантациялар бірнеше жылдан кейін агротехникалық шаралар сақталмағандықтан жарамсыз жерге айналады. Сондықтан плантация үшін жаңа жер аршу қажеттілігі туындайды. Міне осы аталған шаруашылық әрекеттер онсыз да қарқынды журіп жатқан топырак эрозиясын күштегіді. Соңғы 50 жылда Сахараның ауданы 650 мың  $\text{km}^2$ -ге артты. Тек қана Суданда шөл зонасының шекарасы жыл сайын 6-7 км-ге жылжиды және қуатты желдер (самум) 60 млн. тоннаға жуық топырақтың жоғарғы құнарлы қабатын ұшырып әкетеді. Миллиондаған гектар ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлер зиянкестерге қарсы қолданылатын улы химикалармен ластанады. Еуропадан апарылған "лас" өндіріс орындары айналадағы орта мен адам денсаулығына зиян келтіруде.

Көптеген елдерде ауыз суы өте тапши. Сахельде орналасқан көптеген елдерде, қуанышылық ұзаққа созылған кезеңдерде, шөл мен аштықтан ондаған мың адам және жаппай мал шығыны болады. Осы заманғы ғылым мен техниканың жетістіктері қуанышылықпен күресуге толық мүмкіндік береді, бірақ Африка елдерінің даму деңгейінің біршама төмендігі, қаржының жетіспеушілігі және шетелдік қаражатқа тәуелділігі мұндай шараларды өрістетуге мүмкіндік бермейді.

Қазіргі уақытта Африка елдері табигат байлықтарын зерттеу мен қорғау жұмыстарына кірісе бастады. Солтүстік Африка елдері жылжымалы құмдарға тосқауыл болатын 1500 км орман алқабын отырғызды. Сахара табигатына зерттеулер жүргізіліп, оның қойнауынан көптеген пайдалы кен орындары мен ұлken тереңдіктегі тұщы судың едәуір қоры табылды. Оны бұрылау арқылы артезиан құдықтарының саны артты, суға мұқтаждық біршама азайды. Сахараның қайталанбас ерекше табигатын сақтау, қорғау және егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында, ол дүниежүзілік "Биосфераның алтын корына" енгізілді. Сахарамен бірге бұл корға Мадагаскар аралы да кірді (арал табигатын естерінде түсіріндер). Африка материгінің есімдіктер мен жануарлар дүниесі өзіндік құрылымымен ерекшеленеді. Осындай алуан түрлі тіршілік дүниесі 150-ден аса ұлттық саябақтар, корықтар мен резерваттарда қорғауга алынған. Олардың ең жиі шоғырланған ауданы материктің шығысы мен оңтүстігі.

Кенияда ұлттық саябақтар мен қорықтар ел жерінің 15%-ын алып жатыр. Оларда піл, керік, мүйізтұмсық, зебра, буйвол, бөкен,

арыстан, қабылан және т.б. Африкаға тән эндемик жануарлар мен құстардың көптеген түрлері қорғауға алынған. Осыған қарамастан браконьерлік нәтижесінде пілдердің табыны соңғы жылдары күрт кеміді. Қазір елде жыл сайын “Піл күні” атап өтіледі; бұл күні ел президенті браконьерлерден тартып алынған пілдердің азынан құрастырылған алау жағады.

Ұлттық саябақтардың ең маңыздылары: Рувензори (Уганда), Вирунга (Заир мен Руанда жерінде), Цаво (Кения), Серенгети және Нгоронгоро (Танзания), Кафуэ (Замбия), Калахари-Хемсбок (Ботсвана), Крюгер (ОАР). Осы аталған аймақтар мен материк жағалауындағы аралдардың рекреациялық маңызы жоғары.

**Халқы.** Қазіргі Африка халқының жалпы саны 800 млн. адамнан асады. Бірақ Африка халқы елдер бойынша біркелкі тараалмаған. Тек Нигерияның халқы ғана 120 млн.-нан асады, тағы да бес елдің халқы 25-60 млн. аралығында (олар қандай елдер?). Осы алты елдің халқы аймақ халқының 56%-ын құрайды. Африка халқына тән басты белгінің бірі халық санының жедел өсуі. Халықтың табиғи өсуінің карыны жөнінен Африка басқа аймақтарды басып озуда.

**Ұлттық құрамы.** Бұғанғі таңда этнограф-ғалымдар Африка халқының құрамынан 1000-нан аса этностар мен ұлыстарды ажыратады. Солтүстік Африкада олардың кейбіреулері ірі ұлттарға айналған, ал басқа бөліктерде көшпілігі әлі де ұлыстар деңгейінде қалған. Тіпті рулық-тайпалық құрылыштың қалдықтары да кездеседі. Яғни, Африка халқының ұлт болып қалыптасуы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлем жүртшылығының көз алдында жүзеге асуда.

Африканың азаттық алған елдерінің көшпілігінде отарлау саясаты кезінде халықтың этностық ерекшеліктері ескерілмesten жүргізілген мемлекеттік шекаралар мұра болып қалған. Осының нәтижесінде көптеген біртұтас халықтар шекараның түрлі жағында қалып қойған. Бұл өз тарапынан осы уақытқа дейін болып тұратын этнос аралық жанжалдар мен жер дауын туғызады. Кейде тіпті мұндай жанжалдар әскери қактығыстарға ұласып, “этностық босқындар” санын арттырады.

Африка елдерінің басым көшпілігінде өздері отары болып сианалған елдің тілі ресми тіл ретінде қолданылады. 90 жылдардың басында Африкадағы 55 елдің 17-де француз тілі (оның ішінде 4-үі араб тілімен қатар), 16 елде ағылшын тілі (9-ы жергілікті тілмен қатар), 11 елде араб тілі (4-үі француз тілімен қатар) ресми тіл болып саналады. Африка елдерінің тек 1/5-інде ғана жергілікті халықтың бір тілі ресми тіл болып есептеледі.

Африка халқы этностық және тілдік жағынан гана емес, діни ұстасымдары жағынан да өте күрделі құрылымды болып табылады. Қазіргі кезде Африка халқы арасында үш дін тобы басым тараган. Олар-ислам, христиан және жергілікті діндер болып табылады. Африканың солтүстігінде ислам діні тараған, ондағы халықтың басым бөлігі - мұсылмандар. Орталық, Оңтүстік Африка түтелге жуық дерлік, сондай-ақ Батыс Африканың аздаған бөлігінде христиан діні мен жергілікті діндер түрліше арақатынаста қатар кездеседі. Жергілікті дінді ұсташылар саны Орталық Африка Республикасы мен Либерияда өте жоғары (жалпы дінге сенушілердің 3/4-і). Арапдарда орналасқан Кабо-Вerde, Сан-Томе, Принсиipi сияқты шағын мемлекеттердің барлық халқы дерлік - христиандар. Iрі елдердің ішінен христиан діні Намибия, Лесето, Экваторлық Гвинеяда басым тараған.

**Халықтың ұдайы өсуі мен орналасуы, урбандалу дәрежесі.** Африка дүниежүзінде халықтың ұдайы өсуі жөнінен ең жоғары қарқынға жеткен дүние болігі екені белгілі. Бұл осы аймақтағы көп балалы болуды қолдайтын ежелгі дәстүрлерге де байланысты. Сондай-ақ Африкадағы елдердің көпшілігі белсенді демографиялық саясат жүргізбейді, сондықтан мұнда бала туу көрсеткіші ең жоғары дәрежеде болып отыр. Мәселең, Кенияда, Бенинде, Угандада, Нигерияда, Нигерде, Танзанияда бала туу мың тұрғынға шаққанда 50 нәрестеден асады, бұл Еуропа елдеріндегі көрсеткіштерден 4-5 есе жоғары. Африкада әлі де болса халықтың өлімі өте жоғары аймақ, соған қарамастан оның халқы тез өсуде. Бұл халықтың жалпы салында балалар үлесінің өте жоғары болуына әсер етеді. Ол өз тарапынан жұмысқа орналасу, білім беру, денсаулық сактау проблемаларын одан әрі күрделендіреді.

Африкада халықтың орташа орналасу тығыздығы ( $1\text{km}^2$ -ге 22 адам) Еуропа мен Азияға қарағанда бірнеше есе кем. Азиядағы сияқты Африкада да халық өте әркелкі орналасқан. Сахара шөлінде мұлдем адам қоныстанбаған өте үлкен аудандар бар. Сондай-ақ ылғалды тропиктік орман зоналарында да халық сирек орналасқан. Дегенмен Африка жерінде халық өте жиі қоныстанған аудандар да барышылық. Ондай жерлерге ірі өзендердің бойы мен теңіз жағалау жазықтары жатады.

**Еңбек ресурстары.** Африканың еңбек ресурсында жастардың үлесі жоғары, бірақ олардың кәсіби дайындығы өте тәмен деңгейде. Аймақ экономикасының аграрлық сипатта және тәмен дәрежеде болғандықтан, еңбекке жарамды халықтың 2/3-нің ауыл

шаруашылығы саласында жұмыс істеуге мәжбүр. Мәселен, 2010 жылы Нигерияда халықтың жалпы саны 158,3 млн-нан астам болды.

Африка халқы дүниежүзі бойынша еріксіз мигранттардың жалпы саны жөнінен ерекше көзге түседі. Ол аймақ елдеріндегі саяси ахуалдың тұрақты болмауымен түсіндіріледі.

**Шаруашылығы.** Африка елдері экономикалық және әлеуметтік даму дәрежесі жөнінен өзге аймактағы елдерден әлдекайда артта қалған (ОАР-дан басқасы). Басты экономикалық көрсеткіштері бойынша Африканың көптеген елдері халықаралық аутсайдер жағдайында қалып отыр. Қазіргі таңдағы адамзат басына ауыртпалық әкеліп отырған жағдайлардың барлығы дерлік Африка үшін шешімін таппаған мәселелер қатарына жатады.

**Өнеркәсібі.** Африка елдерінде соңғы жылдары тау-кен өнеркәсібі зор табыстарға кол жеткізді. Қазір пайдалы қазбалардың көптеген түрлерін өндіруден Африка дүниежүзінде маңызды, кейде тіпті жетекші орындарды да иеленуде. Мәселен, ОАР алтын өндіруден бірінші орынды; Нигер уран, ал Гвинея боксит өндіруден екінші орынды иеленеді. Замбия мыс өндіру мен оны экспортқа шығарудан әлемге әйгілі, бұл елді “қызыл металл елі” деп атайды. Сондай-ақ Конго мен Ботсвана алмас өндіру мен оны сыртқа шығарудан дүниежүзінде жетекші орынға шығып отыр. Африка елдеріндегі өндірілетін отын мен шикізаттың негізгі бөлігі сыртқа шығарылатындықтан, тау-кен өнеркәсібі Африканың халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнын айқынтайтын жағдайы. Бірақ та кен өндіру өнеркәсіпперінің көпшілік бөлігі шетел қаржыгерлерінің қолында шоғырланған.

Соңғы жылдары Африка елдерінде өңдеуші өнеркәсіп қарқынды дамуда. Бұл сала ең алдымен жергілікті минералдық шикізатқа негізделеді. Ең күшті дамыған сала-тұсті металлургия, олар ең негізінен кен өндіретін өнеркәсіп аудандарында шоғырланған. Оларға алғашқы және тазартылған мыс өндіретін (Замбия, Заир), металдық алюминий өндіру (Камерун, Египет), полиметалл кендерін байыту (Конго) кәсіпорындары жатады. Өнімнің басым көпшілігі сыртқа жөнелтіледі. Қара металлургия кәсіпорындары көрісінше өз қажеттерін етейтін өнімді ғана өндіреді. Машина жасау тек кейбір елдерде ғана бар, азғана кәсіпорындар сырттан әкелінген бөлшектерден автокөлік, велосипед, трактор және ауыл шаруашылық машиналарын құрастырады. Химия өнеркәсібі Солтүстік және Батыс Африканың көптеген елдерінде (Ливия, Алжир, Нигерия-

да мұнай айыру) мұнай кендерінің ашылуымен байланысты қарқынды дамуда. Сондай-ақ бұл аймактарда азот және фосфор тыңайтқыштарын өндіретін кәсіпорындар да баршылық. Энергетикалық ресурстардың едәүір мол кездесетіне қарамастан отын-энергетика өнеркәсібі (мұнайдан басқасы) нашар дамыған. Әсіресе, электр энергиясын өндіруден артта қалып отыр.

Жеңіл өнеркәсіп салалары арасынан тоқыма өнеркәсібінің алатын орны ерекше. Солтүстік Африка елдері өздерінің мақта мата-сына деген тұтыну талабын толығымен қанағаттандырып, мақтаның іірілген жіппері мен тігін өнімдерін (Египет, Марокко, Тунис) сыртқа шығарады.

Тамақ өнеркәсібі салаларынан май шығару (зәйтүн, жер жаңғағы, пальма майы), ұн тарту, қант және шарап жасау өнеркәсібі көзге түседі.

**Ауыл шаруашылығы.** Африка елдері экономикасының негізі ауыл шаруашылығы болып саналады. Бұл салада ЭБХ-ның 2/3-нен астамы жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы ұлттық табыстың 40%-ға жуығын береді. Аймақ елдерінің экспорттындағы ауыл шаруашылық өнімдерінің үлесі 70%-ға жетеді. Аграрлық қатынастар ерекше күрделілігімен көзге түседі, яғни жер иелену мен жерді пайдаланудың әртүрлі сипаттартары қатар кездеседі. Мәселен, Нигерияның солтүстігінде ру-тайпалық жер иелену үстемдік етсе, ал аймақтың оңтүстігінде плантациялық шаруашылық басым тараған.

Өсімдік шаруашылығы ауыл шаруашылығындағы жетекші сала болып есептеледі. Ол екі бағытта дамуда; бірі - тұтыну, ал екіншісі - тауарлық бағыт. Тұтыну бағыты Тропиктік Африкада басым, ондағы көшілік елдерде ру-тайпалық жер иелену сақталған. Жер өндеуде ең артта қалған көне тәсілдер (отау-өртеу, кеппенмен өндеу) колданылатын дәстүрлі ұсақ шаруашылық және аз тауарлы шаруашылық сақталған.

Сондай-ақ жалдамалы еңбек кеңінен пайдаланылатын, сыртқа өнім шығаруға маманданған ірі плантациялық тауарлы шаруашылықтар да қатар кездеседі. Плантацияларда какао, кофе, жер жаңғағы, гевея, майлы пальма, шай, сизаль, қант құрағы, темекі, банан, ұзын талшықты мақта, дәм-татымдық дақылдар сияқты сыртқа шығарылатын өнімдер көптеп өсіріледі. Бұл дақылдардың біразы қазіргі кезде жедел өркендеп келе жатқан шаруа қожалықтарында өсіріледі. Африканың бірқатар елдері бір дақыл өсіруге ғана маманданған. Мәселен, Египет Араб Республикасы мен Судан

мақта; Кот-д'Ивуар, Гана, Нигерия какао; Кения, Эфиопия кофе; Сенегал жер жаңғағын; Нигерия мен Заир майлы пальма; Алжир; Ливия; Египет құрмас (дүниежүзі бойынша экспортқа шығарылатын құрманың 50%-ы) өсіруге маманданған

Мал шаруашылығы. Африка дүниежүзінде мал басы аса мол аймақтардың бірі болып саналады. Мұнда дүниежүзіндегі ірі қараның 14%-ы, қойдың 16%-ы, ешкінің 32%-ы, түйенің 73%-ы шоғырланған. Бірақ мал өнімдерін өндіру мен оны тұтыну мөлшері жөнінен аймақ дүниежүзінде соңғы орындарды иеленеді. Африкаға мал шаруашылығының экстенсивті сипаты тән, яғни жайылымда бағылатын жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы базым. Аймақтағы мал басының көшпілігі мал шаруашылығымен айналысадын тайпалардың қолында жинақталған. Бірақ олардағы мал басы асыл тұқымды емес, оның үстіне біраз бөлігі ауруға ұшыраған. Африкадағы негізгі мал шаруашылық аудандары субтропиктік жерортатеңіздік аймақ пен субэкваторлық саванна зонасында шоғырланған.

Солтүстік Африкада (Марокко, Алжир, Судан) қой шаруашылығы базым, шөлді аудандарда түйе өсіріледі. Ал ірі қара малы күш-көлік ретінде жиірек пайдаланылады. Африканың көптеген аудандарында ірі қара өсіруге үйқы ауруының қоздырғыштарын тарататын цепе шыбыны кедергі келтіреді Сондықтан бұл аудандарда ауруға төзімді зебуга ұқсас ірі қара өсіріледі. Барлық елдерде дерлік, тіпті ірі қалалардың өзінде де күй талғамайтын көлік малы ретінде есек кең тараган. Ол адамдарға жақсы қызмет етеді: оны салт мінеді, жүк тасуға және құдықтардан су тартып шығаруға пайдаланады.

Мавританиядан Эфиопияға дейін созылып жатқан он елдің жерін қамтып жатқан Сахель зонасы – қуанышылық пен шөлдің басты ауданы.

Африканың құрғақ аудандарында шөлейттену (құнарлы жерлердің шөлге айналуы) жағдайы жаппай белен әлуда, яғни құрғақ аудандардың 80%-дан астамы шөлге айналуға жақын түр. Оның қарқын алуды табиғи және антропогендік жағдайларға тікелей тәуелді.


**Көлік географиясы.** Ішкі жүк тасымалы негізінен темір жол арқылы жүзеге асырылады. Соңғы кезде Дар-эс-Салам портын Танзания арқылы Замбиямен байланыстыратын “Танзам” темір жолы салынды, сахарааралық темір жол салу туралы жоба жасалынды. Жалпы алғанда Африка жерінде көлік желісі дамуы жөнінен өте артта қалып келеді. Әсіресе, Тропиктік Африканың көптеген елдерінде

темір жол мұлде жок. Адамдар шағын бума жүктөрді төбесіне қойып, 30-40 км-ге дейін жаяу таси береді. Автокөлік жолдары біршама аз. Сахара арқылы салынған трасса бірнеше мемлекеттерді өзара жалғастырып, әрі олардың теңіз порттарына шығуына мүмкіндік береді. Теңіз көлігі көбінесе сыртқы жүк айналымын жүзеге асырады, ол түгелге жуық дерлік шетел кемелерінің көмегімен атқарылады. Ең ірі порттарына Александрия, Алжир, Касабланка, Дакар, Момбаса, Дар-эс-Салам жатады.

Әуе көлігі негізінен жолаушылар тасымалында маңызды орын алады. Әуе компанияларының басым көшілігі шетелдік қаржыгерлер қолында шоғырланған. Солтүстік Африкада (Алжир, Ливия) және Нигерияда құбыр көлігі едәүір дамыған.

**Сыртқы экономикалық байланыстары.** Африка елдеріндегі сыртқы сауда айналымының 3/4-і Еуропаның жоғары дамыған елдеріне және АҚШ пен Жапонияның үлесіне тиеді. Ал мемлекет аралық байланыстарды кеңейтуде Африкалық бірлік үйімі ерекше орын алады. Бұл үйім Африканың дамушы елдерін өзара байланыстыратын жана экономикалық және қоғамдық қатынастарды қалыптастырумен айналысады. Африка елдері үшін сыртқы экономикалық байланыстардың орны ерекше маңызды. Өйткені олардың экономикасы сыртқа шығаруға арналған шикізаттық және ауыл шаруашылық өнімдеріне негізделеді. Мәселен, мұнайды Нигерия, Ливия, Алжир; мысты Замбия мен Заир; темір кенін Либерия мен Мавритания; марганец пен уран кенін Габон; фосфоритті Морокко тұрақты түрде сыртқа шығарады. Африка елдері цитрус өнімдерін, жүзім шарабын, темекі, тропиктік ағаш сүректерін де сыртқа көтеп шығарады.

**Ішкі айырмашылықтары.** Африка елдері қазіргі экономикалық-географиялық жағдайларына қарай бірнеше ірі аймақтарға болінеді. Олардың әрқайсысы ұқсас белгілеріне қарай топтастырылған бірнеше елдер жиынтығынан құралады. Аймақтар арасындағы шекаралар шартты түрде жүргізілген. Солтүстік Африка елдері Жерорта теңізі жағалауында орналасқан елдерді топтастырады. Олардың экономикалық-географиялық жағдайлары өте тиімді. Еуропа, Азия, Австралияға баратын маңызды теңіз жолдары бойында орналасуы, бұл елдердің жағалауларында ірі қалалардың пайда болуына және дамуына жағдай жасады. Ежелден-ақ сауда байланыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызды.



**4-сурет.** Африка дүние бөлігі

Солтүстік Африка жерінің көпшілік бөлігін шөлдер алып жатыр. Әсіресе, ауыл шаруашылығын тұщы сүмен қамтамасыз ету басты мәселе болып отыр. Аймақтағы ең ірі өзен Нілдің бойында Асуан бөгеті арқасында көптеген шөлді аудандарды суландыруға мүмкіндік туды. Соңғы кезде Алжир Сахарасы мен Ливия шөлінен табылған тұщы су корларының да маңызы артып отыр.

Ауылшаруашылық дақылдарынан бидай, арпа, жүгері, сондай-ақ ұзын талшықты мақта, зәйтүн, жұзім, цитрус өнімдері мен құрма пальмасы өсіріледі. Қой мен түйе өсіру мал шаруашылығының ең кең тараған саласы болып табылады.

Өндіріс ошақтары негізінен Жерорта теңізі жағалауында шоғырланған. Ирі орталықтары – Каир, Александрия, Алжир, Тунис, Рабат, Касабланка қалалары. Әсіресе, Нілдің атырауы ерекше көзге түседі. Ал неғұрлым ішкі аудандардағы өндіріс орталықтары мұнай мен газдың (Алжир, Ливия), фосфориттің (Марокко) ірі кен орындарының ашылуымен байланысты қалыптасқан. Бұл аймаққа кіретін елдер Африкадағы экономикалық жағынан біршама дамыған, халықаралық еңбек бөлінісінде өзіндік елеулі үлесі бар елдер қатарына жатады.

Батыс Африка елдері құрамына 20-ға жуық ел кіреді. Аймақтағы елдердің шаруашылығының дамуына олардың Атлант мұхиты

жағалауындағы орны өте қолайлыштың әсері етеді. Сондай-ақ аймақта түрлі табиғат ресурстары да көптеп кездеседі; әсіресе темір, марганец, боксит, қалайы кендері мен алтын-алмас сияқты бағалы минералдарға бай.

Аймақтағы елдер саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайлары жағынан да Солтүстік Африка елдерінен үлкен айырмашылық жасайды. Мұнда Африкадағы ең халқы көп ел Нигерия мен ең шағын аралдық ел – Каво-Верде орналасқан. Халқының ұлттық және тілдік құрамының өте құрделі болуы, кейбір ұлттық топтағы халықтар санының өте аз болуы елдер арасындағы байланыстарды күштейтуге қындық келтіреді.

Басқа аймақ елдері тәрізді Батыс Африка елдерінің де экономикасында жетекші орынды ауыл шаруашылығы иеленеді. Африкаға тән бір дақылды ауыл шаруашылығы осы аймақта ерекше қарқын алған. Какао бұршағын жинауда әлемдік біріншілікті Гана иеленеді, сондай-ақ Кот-д'Ивуар мен Нигерия ерекшеленеді; жер жаңғағын жинаудан Сенегал алдыңғы орында, ал Нигер мен Гамбия дарааланды; май пальмасы жаңғағы мен одан май өндіруден Нигерия ерекше көзге түседі.

Өнеркәсіп салаларынан бұл аймаққа тау-кен өндірісі тән, бұл саланың барынша Нигерияда дамыған. Ол Гвинея шығанағы қайрандарынан мұнайдың қарқынды өндірілуімен байланысты. Жергілікті өндеуші өнеркәсіп жаңа дамып келе жатқандықтан, өндірілетін шикізаттың басым бөлігі сыртқа шығарылады. Аймақ елдерінде қара және түсті металлугия, машина жасау, химия өнеркәсібі мен қазіргі заман талабына сай көлік желілерін жасау жоспарланып отыр.

**Египет Араб Республикасы** – Африка құрылышының солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алғып жатыр. Бұғынгі Египет – Африканың солтүстік-шығысында орналасқан ірі араб елі. Оның аумағының бір бөлігі Синай түбегі - Азияда жатыр. Екі құрлықтың арасындағы шекара Суэц каналының бойымен өтеді. Мысырдың миллион текше километрден асатын аумағының 96% - бұл сирек кездесетін шұрайлы жерлерден тұратын шөлді дала, ал шөлді даланың аумақты бөлігі – құмды емес, таулы болып келеді. Қалған бөлігінде 70 миллиондық тұрғыны бар елдің 9 пайызы әлі күнге дейін өмір сүріп жатқан Нілдің алқабы мен атырауы. Тіпті ежелгі грек тарихшысы Геродот «Египет – Нілдің сыйы» деп айтқан болатын. Ұлы өзеннің арнасы мың жарым километрге созылып, онтүстіктен, Суданмен жалғасып жатқан шекарасынан солтүстікке, Жерорта

тенізінің жағалауына дейін шығыс Аравия шөллейтін Батыс Ливия шөллейтінен бөліп жатыр. Нілдің бойындағы «тіршілік жолағының» арнауы оңтүстігінде бір километрден Каир ауданына дейін 20-25 километрге дейін жетеді. Шөллейт жерлерінің өзі: құм, құм төбелер, көшпенділердің тілдерінде фана атауы түсінікті – сарыдан, қою сары секілді күлгін түске дейінгі түрлі түстер ерекше әсерде қалдырады.

Ежелгі Мысыр – Африканың солтүстік-шығысында Ніл өзені бойында құрылған өртедегі мемлекет. Мысыр жерін адам баласы палеолит дәуірінен мекендей бастаған. Неолит кезеңінен климат өзгеріп, бұрынғы саванналарды құм басып, адамдар Ніл өзені бойына жинала бастады. Б.з.б. 4-мыңжылдық шамасында Ніл өзені бойына жиналған тайпалар (протосемит, бербер, кушит, т.б.) өзара араласып, Мысыр халқы қалыптасты. Халық санының күрт өсуіне, аңшылық пен балық аулау кәсіптері арқылы тамақ табудың қындауына байланысты мал шаруашылығы мен егіншілік дами бастады. Қоғамның әрі қарай дамуы нәтижесінде алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Олардың арасынан екі мемлекет іріктеліп шығып, елдің оңтүстігінде жоғарғы Мысыр, ал солтүстігінде төменгі Мысыр патшалықтарын құрды. Б.з.б. 3 мыңжылдық шамасында жоғары Мысыр билеушісі Менес (*Mena*) төменгі Мысырды басып алышп, елді біріктірді. 1. Ең ежелгі патшалық (б.з.б. 3000-2800) кезеңінде елді екі билеуші әulet кезек-кезек басқарды. Жерді суғару қолға алышып, мысттан қару-жараптар, құрал-саймандар соғылды, айырбас сауда дүниеге келді. Нубияға, Ливияға, Синай түбегіне жорықтар жасалды. 2. Ежелгі патшалық (б.з.б. 2800-2250) үшінші әuletтің билікке келуімен басталды. Ауыл шаруашылығы, қоленер, айырбас сауда мен құрылымы жұмыстары жетілдіріліп, жерге жекеменшік пайда болды. Перғауын мен мемлекеттік аппараттың билігі күшейтілді, тұрақты әскер құрылды. Құл еңбегін кеңінен қолдана отырып, перғауындарға арналған пирамidalар салынды.

**Экономикасы.** Барлық енбекке жарамды тұрғындардың 30% ауыл шаруашылығымен айналысады. Өнеркәсіпте тоқыма фабрикалары мен азық-түлік өндіру жөніндегі кәсіпорындарының маңызы зор. Хелундағы орзан зор металлургиялық комбинатты өздерінің мол жерасты қазба байлықтары шикізатпен қамтамасыз етеді. Электр энергиясын ең алдымен Асуан гидростансасы береді. Табиғи газдың ірі жерасты қоры бар. Елдің барлық аудандарын бір-бірімен жалғастырып жатқан жол құрылышы кеңейді, мектептер, емханалар салынды, сымтетік байланысы жаңартылып, кеңейді. Мысырлық

фунт тұракты валютаға айналды. Туризм индустриясы қарқынды дамуда - ондаған жаңа қонақ үйлер бой көтерді, Қызыл теңізде жаңа курорт орталықтары құрылды, көптеген ежелгі ескерткіштер қалпына келтірілді.

**Табиғаты.** Ніл алқабында Мысырдың бай өлкесі мен атырауында жердің әрбір текше метрі барынша пайдаланылады. Мұнда бидай, арпа, қаралық, күріш, жүгері, мақта, қант құрағы, көкөністер, зәйтүн мен дәмдеуіштер өсіріледі. Орман, тоғайлар мұлдем жоқ, бірақ Нілдің жағалауында құрма пальмалары өседі. Жеміс ағаштары, баған плантациялары мен жұзімдер Нілдің шұраттары мен атырауында өздерін өте тамаша сезінеді. Жерорталық жағалауларда негізінен пальма тығыз өсken жағажайлар, Синай түбегінде – көлденеңін кесілген шатқалдар, барлық тұске боялған тау реңдері көз тартады. Шөлейттің ортасында шок тоғайлары мол өсken шұраттар, плантациялар мен мол өнімді дәнді дакылды егістіктері бар жасыл аралдар.

**Халқы.** Бүгінгі күні Мысырдың тұрғындары 70,5 млн. адамнан асады және жыл сайын 1,3 млн. өсіп отырады. Каирда қазір 17 млн. адам өмір сүріп жатыр, бұл - 50-ші жылдардағы барлық елдің тұрғындарының саны. Ежелгі египеттіктердің арабтанған ұраптартары тұрғындардың 99% құрайды. Этникалық азшылықты нубийлықтар, сонымен қатар бедуinder және өзге де көшпелі тайпалар құрайды. Тұрғындардың 80% - шаруалар (феллахтар).

**Тілі.** Мысырдағы өзара сөйлесу тілі араб тілінің бір диалектасы, ресми тілі - «жоғары» араб тілі деп аталатын тіл. Арабтар оңдан солға қарай жазады. Бірақ сандары солдан онға қарай жазылып, оқылады. Мысырда ағылшын тілін білу өте көмектеседі. Өйткені қалалар мен курорттық орталықтарда тұратын көптеген арабтар ағылшын тілінде сөйлесе алады; жол көрсеткіштерінде және көше атауларында жиежие ағылшын және латын шрифтері пайдаланылады.

**Тұрмыс салт-дәстүрлері.** Мысыр – төтенше қонақжай ел. Қонақтарын қашанда ашық көңілмен қарсы алады. Олардың ішіндегі ең танымалдары Нілдің бойындағы ғажайып елді сипаттаған жолжазбаларын қалдырган математик Еуклид, географ Страбон, жазушылар Гюстав Флобер және Агата Кристи, Лоренс Даррелл және Э. М. Форстер. Тіпті жаугершілер де бұл елдің сұлулығына жәйбақат қарай алмаган. Ұлы Александр оған Александрияны сыйлаған; Наполеон, оның археологтары Ежелгі Мысырды ашқан, бір сапарында әскерлеріне қарап, толки тұра: «Әскерлер, мына пирамидалардың биіктігінен сендерге қырық ғасыр қарап тұр!»

деген сөздер айтқан. Мұсылмандар діні египеттіктердің өмірінің ыргағын анықтайды. Бұл таза сыртқы белгіден айқын көрінеді: мысалы, күніне бес рет мұэдзин дауыс күшейткіштен дінге сенушілерді намазға шақырады. Ал рамазан айында тұн күнге айналады. Күні бойы мұсылмандар ораза тұтып, күн батқаннан кейін ғана ауыз ашады. Бұл уақытта қоғамдық өмір тұрып қалады, мемлекеттік мекемелер тек 10.00-нан 14.00-ге дейін жұмыс жасайды. Саяхатшы, әрине, мысырлықтардың, алдымен ауылдық жерлерде айқын көрінетін, бірақ қала өміріне де бөтен емес ұлттық киімінің ерекшеліктеріне назар аударады. Мысырлықтар кең пішілген жейделер киеді, жай адамдар әдетте ақ түсті таңдайды, ал әйелдер әртүрлі түстегі элементтермен әрлендіреген, қара түсте киінеді, арасында әшекеймен немесе шілтермен безендіреді. Көптеген әйелдер мұсылмандық құндылықтарға бет бұра күйеулерінің немесе жанұясының дегенімен хигаб – бетті жаппай, тек шашты жауып тұратын паранжының бір түрін, және ұзын кең көйлек – галабей киеді.

**Діні.** Мысыр Республикасының діні – Ислам. Олар: 90% – Сұнни мұсылмандар, 5-6% суфи және 3-4% шига.

Басқа ең үлкен діні - мәсіхшілік, халықтың 16% осы дінді ұстайды. Олардың көшілігі Александрияның Копттік Православ Шіркеу мүшелер. Басқа да шіркеулер – Копттік Католик және Копттік Евангелик (Протестанттар).

Мысырдың заңдары Шариатқа негізделеді.

**Әкімшілік құрылышы.** Мысыр Республикасы 29 аймаққа бөлінеді. Ал оларда ауданларға бөлінеді.

## 6.2 Батыс Африка

**Либерия Республикасы** – Батыс Африкадағы мемлекет. Халқының 95%-ын жергілікті тайпалар (*клепле, басса, гио, кру*) құрайды. Астанасы – Монровия қаласы Әкімшілік жағынан 13 граffitiққа бөлінеді. Ресми тілі – ағылшын. Халқының 43%-ы жергілікті діндерді ұстанады, 15%-ы – мұсылмандар, 40%-ы – христиандар. Конституциясы 1847 жылы қабылданған. Мемлекет басшысы – президент. Жоғарғы заң шығарушы органы – қос палаталы парламент, (*Сенат пен Ұлттық Ассамблея*). Жоғарғы атқарушы органы – үкімет. Ақша бірлігі – Либерияның доллары. Ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күні (26 шілде), БҮҰ-ның, Африкалық Бірлік ұйымының (ОАЕ) мүшесі.

Тарихы. Либерияның ежелгі және орта ғасырлар тарихы аз

зерттелген. 15 ғасырдың 2-жартысында қазіргі Либерия аумағына португалдықтар келіп, құлсаудасын жүргізді. 1821 жылы желтоқсанда америкалық отаршылар жергілікті көсемдерден жағалаудағы жер үлесін сатып алғып, АҚШ-та еркіндік алған құлдарды орналастырды. Жаңа қоныс АҚШ президенті Дж. Монроның құрметіне Монровия деп аталды. Кейін бірнеше иеліктерден құралған аумак Либерия (*латын тілінде "liber"* – “азаттық”) атанды. Либерия 1847 жылы 26 шілдеде республика болып жарияланды. 19 ғасырдың 2-жартысында Франция мен Ұлыбритания Либерияны отарлап алуға тырысты. 1912 жылы аумағының 44%-ынан айырылған Либерия АҚШ-тың көмегімен өз тәуелсіздігін Ұлыбритания мен Францияның ресми мойындауына қол жеткізді. 1918 жылдың басында Либерия АҚШ-тың қызымымен 1-дуниежүзілік соғысқа араласты. Соғыстан кейін АҚШ капиталы Либерия экономикасында үстемдік етті. 1980 жылы елде әскери төңкеріс болып, саяси жағдай шиеленісті. Нәтижесінде елде билік үшін тайпааралық азамат соғысы басталды. Соғыс барысында Либерияда 15 мыңға жуық адам қаза тауып, 1 млн. халық шетелдерге коныс аударды. 1990 жылы тамызда Батыс Африка экономикалық қауымдастырының шешімімен Либерияға африкалық әскери күштер енгізілді. 1992 жылы қарашада БҮҮ-ның Қауіпсіздік Кеңесі Либерияға қару сатуға тыйым салды. Сыртқы күштердің көмегімен жағдай тұрақтандырылып, 1997 жылы 19 шілдеде Либерияда президент пен парламент сайлауы өтті.

**Табиғаты.** Жер бедері ойпатты жазық, солтүстігін Леоне-Либерия қыраты алып жатыр. Ең биік шыңы Нимба (1752 м). Климаты - экваторлық. Атлант мұхиты әсерінен ылғалды келеді. Айлық орташа температурасы 24ӘС шамасында. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 1500-2000 мм. Басты пайдалы қазбалары – темір, алмас, алтын. Жерінің 1/3 бөлігін мәңті жасыл тропиктік ормандар алып жатыр.

**Экономикасы.** Либерия – тау-кен өнеркәсібі біршама дамыған аграрлы ел. Ауылшаруашылық өнімдері мен минералдық корларды, негізінен, шетел компаниялары өндейді. Ауылшаруашылық экспорттық өнім – кофе, какао, каучук өндіруге бағытталған. Сонымен бірге, күріш, кассава, пальма жаңғағы, тропиктік жемістер егіледі. Либерияда 9 теңіз порты қызмет көрсетеді. Сырттан азықтүлік, отын әкелінеді. Ұлттық жалпы өнімнің жан басына шаққандағы мөлшері 1000 АҚШ долларына тең (1997). Негізгі сауда серікtestері – АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Германия.

**Лесото.** Географиялық орны шығысы мен оңтүстік Дракон тау-

ларымен шектелген, Басуто үстіртінде орналасқан. Ең биік жері - Табанантленъяна (3482 м) тауы. Климаты субтропиктік, қаңтардагы орташа температурасы 25 - 26С, шілдеде 15ӘС. Жауын-шашының жылдық мөлшері - 750-1000 мм. Басты өзені - Оранис. Ландшафтың астық тұқымдас шөптесінді дала тән, Дракон тауында бұта басым өседі. Негізгі пайдалы қазбалары - *алмас, көмір, уран мен кварц*.

**Тарихы.** Лесотоның ежелгі тарихы аз зерттелген. Лесотоның байырғы тұрғындары бушмендер болды. 17-18 ғасырларда басуто тайпалары оларды ығыстырып шығарды. 1860 ж. елді ағылшындар басып алғып, 1868-1966 ж. аралығында Ұлыбританияның протектораты болды. 1966 ж. Лесото тәуелсіздік алғанымен елде саяси тұрақсыздық орын алғып, жиі-жиі әскери төңкерістер болып тұрды. 1993 жылы 27 наурызда халықаралық күштердің қызымымен елде демократиялық сайлау өтіп, әскери режим биліктен кетті. 2 сәуірде парламент Лесотоның жаңа конституциясын қабылдады. Лесото сыртқы қатынастарда блоктарға қосылмау саясатын ұстанады.

**Экономикасы.** Лесото экономикасы ауыл шаруашылығына негізделген. Басты дақылдары: *жұгері, сорго, бидай, арпа*. Мал шаруашылығы, жұн және түбіт өндіру дамыған. Сыртқы саудасы негізінен Оңтүстік Африка Республикасына (экспорт - 85%, импорт - 90%) бағытталған. Жалпы ұлттық өнімінің жан басына шаққандағы мөлшері 2480 АҚШ долларына тең (1997). Сыртқа шикізат өнімдерін, жұн, алмас, бидай, көкөніс шығарады.

### 6.3 Шығыс Африка

**Эфиопия.** Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы – Солтүстік Шығыс Африкада орналасқан мемлекет. Өз атауын ежелгі грек сөзінен (Айтопия, айтопи – “жүздерін күн күйдірген”) алған. Көп уақыт ел Абиссиния деп аталды. Солтүстігінде Эритреямен, батысында Суданмен, оңтүстігінде Кениямен, шығысында Джибути және Сомалимен шектеседі. Аумағы 1127127 км<sup>2</sup>. Халқы – 59,1 млн. (2003). Тұрғындарының 3/4 бөлігін амхарлар мен оромолар (галлалар), қалған бөлігін тиграйлер, гураге, аргоббалар, данакиль, харапи, т.б. құрайды. Эфиопияда сондай-ақ гректер мен армяндар, арабтар, үндістандықтар, пәкстандықтар, т.б. халықтар тұрады. Халқының 50%-ына жуығы – мұсылмандар, 45%-ы – христиандар, қалғандары жергілікті діни нанымды ұстанушылар. Астанасы - Аддис-Абеба қаласы. Ел конституциясы бойынша мемлекет басшысы

– президент. Жоғарғы заң шығарушы органы қос палаталы парламент – Федеративтік жиналыс. Ресми тілі – амхар. Экімшілік аумағы жағынан 9 штат пен астаналық аумаққа бөлінеді. Ұлттық мейрамы – бейбітшілік пен демократия орнаған Күн, 28 мамыр (1991). БҮҰНЫҢ (1945), Африка Бірлігі Ұйымының (1963) мүшесі. Ақша бірлігі – бырр.

**Табиғаты.** Эфиопия – Африка құрлығындағы неғұрлым биік таулы ел. Аумағының жартысынан астамы абл. биікт. 1500 м-ден асатын жерлерде орналасқан (Эфиоп таулы қыраты, ең биік жері – 4623 м). Эфиоп қыраты шығысында бірден үзіліп, Афар ойысымен биікт. 2100 – 2400 м болатын биік жартастар түрінде шектеседі. Қыраттың батыс беткейлері шығыс жағындағыдан аласалау (теніз деңгейінен 1200 – 1500 м биіктікте). Эфиопия аумағы Африка платформасының шығыс бөлігіндегі орналасқан. Оның қатпарлы кристаллдық іргетасы елдің солт. мен батысында жалаңаштанады. Іргетастың төменгі кешені архейлік гнейстерден және гранит-гнейстерден қалыптасқан. Шөгінді қаптама (куаттылығы 7 км-ге дейін) мезозой мен кайнозойдың теңіздік және құрлықтық тұнбаларынан қалыптасқан. Кейбір жерлерінде жоғары палеозойдың мұздық құрылымдары дамыған. Эфиопия үстіртінің көпшілік аумағы сілтілік базальттар – траппалармен (палеоцен-миоцен) жабылған, Афар және Эфиоп рифтісінде плиоцен-ширектік базальттар және олардың туфтары дамыған. Рифтердің осытік аймақтары солтүстік-шығысқа қарай (Афар) белсенді кеңейіп, сейсмикалылығымен, қазіргі заманғы жанартаулықпен сипатталатын мұхиттық қыртысты құрады. Алтын, мыс, никель және марганец кентастарының, табиғи газдың кен орындары бар. Эфиоп таулы қыратын қоршаған аңғарлар ел аумағының елеулі бөлігін құрайды және кей жерлерінде биіктігі теніз деңгейінен 1500 м-ге дейін жететін үстіртке аудысады. Климаты – субэкваторлық, ыстық, маусымдық ылғалды, солтүстік-шығысында - тропиктік шөлдік және шөлейттік (кей жерлеріндегі жылдық жауын-шашын мөлшері 50 мм-ден аз). Эфиоп таулы қыраты үшін биіктік белдемдік тән; Аддис-Абебадағы (биіктігі 2400 м-ден астам) орташа айлық температура 13-18 С-қа тең. Афар ойысы – Жер шарындағы ең ыстық жерлердің бірі (ең төмен айлық орташа температурасы 25 С, ең жоғарғысы 35 С). Онтүстік-батысындағы жылдық жауын-шашын мөлшері 150-600 мм, орталық аудандары мен онтүстік-батысында 1500-1800 мм-ге тең болады. Эфиоп таулы қыратында өзендер тармағы жиі, құрғақ лавалық үстірттерде сирек (Веби-Шебели, Джұ-

ба өзені) Афар ойысында құрғап қалатын өзендер де бар (Аваш өз.). Елдің негізгі өзендері Ніл алабына енеді және Ніл суының мола-юында өте маңызды рөл атқарады. Жазғы жауындар кезінде Көгілдір Ніл (Аббай) мен Атбара өзені Ніл өзен сумен толықтай қамтамасыз етеді. Эфиопияның елеулі су тамырларына сондай-ақ солтүстіктері Тэкзезе мен онтүстігіндегі Баро мен Гило өзендері жатады. Көлдер Ұлы рифтілік аймақта көп. Ең үлкені – Абая көлі ( $1300 \text{ km}^2$ ), ең кішісі – Ауаса көлі ( $150 \text{ km}^2$ ). Олардың кейбіреулері – тұщы сулы, басқалары – тұзды келеді. Елдің ең үлкен көлі – Тана ( $3150 \text{ km}^2$ ) рифтілік аймакпен байланысты емес тектоникалық қазаншұңқырда пайда болған. Эфиопияның солтүстік, шығыс және онтүстік бөлігіне бұталы шөлдер, шөлейттер мен шөлденген саванналар тән. Елдің онтүстік-батыс бөлігінде жаңбырлы тропиктік ормандар сақталған. Ормандар мен бұталар ел аумағының 27%-ын алып жатыр.

Жануарлар дүниесі сан алуан. Ірі сүткоректілер – киіктер, керіктер, буйволдар, сусындар, пілдер, зебралар, тауешкілер басым. Жыртқыш андар (арыстандар, қабыландар, т.б.), әртүрлі маймылдар сақталған. Эфиопияда Ұлттық саябақтар (Аваш, Гамбела, Сымен, т.б.), бірнеше қорықтар ұйымдастырылған.

**Тарихы.** Эфиопия аумағын адамдар өте ежелгі замандардан бастап мекендеген. Эфиопиядан табылған археологиялық ескерткіштердің ең көнесінің жасы шамамен 2,1 млн. жылға тең. Біздің заманымыз басталмастан көп бұрын Эфиопия аумағында семит-хамит және басқа да тіл топтарына жататын халықтар өмір сүрді. Б.з.б. 1-мыңжылдықта Оңтүстік Арабиядан жекелеген тайпалар қоныс аударып, жергілікті халықпен араласып кетті. Б.з. бас кезінде Солтүстік Эфиопия аумағында аса ірі Аксум патшалығы өмір сүрді. 4 ғ-дан бастап Аксумға христиан діні ене бастады. 11 ғасырда тәуелсіз эфиоп патшалығы – Абиссиния пайда болып, айналасына тоғыз ғасыр бойы үстемдік жүргізді. 15 ғасырдың сонынан Абиссинияға португалдық теңізшілер келе бастады. Отаршыларға қарсы курсу үшін Абиссиния 1889 жылы Менелик II-нің қол астына бірікті. Сөйтіп Ұлыбританияның, Италияның басқыншылық әрекеттеріне ойдағыдай қарсылық көрсетті. 1896 жылы елге басып кірген италиялық армия Аду тубіндегі Менелик әскерінен жеңіліс тапты. Менелик одан кейін онтүстік-шығыстағы Огаден мен батыс жақтағы аумақтарды басып алды. 20 ғасырдың бас кезінде Эфиопия өз тәуелсіздігін сақтап қалған Африкадағы жалғыз мемлекет болды. Бірақ 1936 - 37 жылдары Эфиопияны Италия жаулап алып, оны

Италиялық Шығыс Африканың құрамына қости. 1941 жылы елді ағылшындар азат етті. 1952 жылы Эфиопия Эритреямен федеративтік одақ жасасты. 1962 жылы император Сиlassesия Эритреяны басып алғаннан кейін Эфиопия мен Эритреяны азат етудің Халықтық майданы арасында 30 жылға созылған әскери қактығыстар басталды. 1993 ж. өткізілген референдум бойынша Эритреяның тәуелсіздігі мойындалды. 1994 жылы елдің жаңа конституциясы қабылданды.

**Экономикасы.** Эфиопия – экономикасы нашар дамыған ел. Жалпы жиынтық ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі 55%-ға жуық, өнеркәсіптікі – 7,6%-ға тең. Егіншілік – ауыл шаруашылығының негізгі саласы. Солтүстігінде егіншіліктің ауыспалы, басқа аудандарында отамалы-өртемелі жүйесі қолданылады. Экспорттының 85-90%-ын ауыл шаруашылығы өнімдері құрайды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы - кофе. Ол Харәре, Кэфа, Сидамо аудандарындағы плантациялардан және елдің батысы мен онтүтіндегі жабайы өсken ағаштардан (өнімнің 70%-ы) жиналады. Бірақ плантацияларда неғұрлым қымбат сорттар өсіріледі. Кат (есірткілік өсімдік) жинау дамыған (Харәре штаты). Азықтық дақылдардан – тары (тәфф), жугері, бидай, кара бидай, бүршақ тұқымдастары (негізінен орталық және шығыс аудандарда) өсіріледі. Техникалық дақылдардың ішінде қант құрагы жетекші орын алады. Сондай-ақ майлы дақылдар, мақта, темекі өсіріледі.

Мал шаруашылығы дамыған (Эфиопия ірі қара малдың саны жөнінен Африкада 1-орын алады). Ирі қара малдан басқа қой, ешкі, жылқы, түйе, үй құстары өсіріледі, ағаш дайындалады (жылына шамамен 50 млн. м<sup>3</sup> жуық). Алтын, платина, ас және калий түздары, темір кентасы, цементтік шикізат пен құрылым тасы өндіріледі. Өнеркәсібі негізінен өңдеуші кәсіпорындардан құралады. Қолөнер өндірісі: токымашылық, тері, сүйек, ағаш өңдеу, т.б. дамыған (Адис-Абеба, Дыре-Дая). Сыртқа кофе (70%), майлы тұқымдар, мал терілерін (10-15%), жеміс-жидек шығарады. Импорттының негізін ауыр машина жасау өнеркәсібінің өнімдері, ұшактар мен басқа да көліктік құрал-жабдықтар, мұнай өнімдері, негізгі өнеркәсіп тауарлары, химия өнеркәсібі өнімдері құрайды.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Африка дүниес бөлігінің табиғат жағдайы қандай?
2. Африканың жеке аймақтары.

3. Солтүстік Африка құрамы.
4. Египеттің табиғи ресурстары.
5. Египеттің туристік нысандары.
6. Эфиопияның табиғат жағдайы.
7. Эфиопияның шаруашылығының басты бағыттары.

## 6.4 Орталық Африка

**Нигерия.** Нигерия Федеративтік Республикасы – Батыс Африкада Нигер өзенінің төменгі ағысында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 923768 км<sup>2</sup>. Халқының құрамы. Халқының саны - 158,3 млн адам. Алуан түрлі (хаяса – 21%, йоруба – 20%, ибо – 17%, фулани – 9%, қалғандары – фульбе, канури, эдо, игбо, т.б. халықтар). Ресми тілі – ағылшын. Халқының 50%-ы мұсылмандар, 40%-ы христиандар, қалған бөлігі жергілікті діни наным-сенімдерді ұстанады. Мемлекет басшысы – президент. Жоғарғы заң шығарушы органды – парламент. Астанасы – Абуджа қаласы (1991 жылдан). Әкімшілік жағынан 36 штат пен федералдық астаналық аумаққа бөлінеді. Ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күні – 1 қазан (1960). Ақша бірлігі – найра

**Табиғаты.** Нигерияның көпшілік бөлігін жазықтар мен тау үстірттері (ең биік нүктесі – Фогель шыңы – 2042 м) алып жатыр. Экваторлық-муссондық климат басым. Қантардағы орташа температурасы 26° С-қа, шілдеде 33° С-қа дейін жетеді. Жылдық жауыншашын мөлшері солтүстік-шығысында 500 мм, оңтүстігінде 4000 мм шамасында. Негізгі өзені – Нигер. Оңтүстігін тропиктік ормандар, солтүстігін саванналар алдып жатыр. Нигерияда пілдер мен мүйізтұмсықтар, леопард, қорқау қасқыр, киік тұқымдастардың 30-га жуық түрлері мен керіктер, тропиктік ормандарда – шимпанзе мен горилла, әртүрлі кесірткелер мен қолтырауын, гиппопотамдар мен жыландар, цеце шыбыны кездеседі. Саны азайған жан-жануарларды қорғау мақсатында мемлекеттік қорықтар ұйымдастырылған. Кен байлықтарынан мұнай мен газ, тас қөмір мен қоңыр қөмір, темір, түсті металдардың (корғасын, мырыш, қалайы, вольфрам, молибден, ниобий, тағы басқа) кентастары мен алтын кездеседі.

**Тарихы.** Нигерия аумағын адамдар орта жэне кейінгі тас дәүірінен бастап қоныстанған. 8-10 ғасырларда хаус халқының қала мемлекеттері (Кано, Кацина, Гобир, Зария, т.б.) құрылды. 13 ғасырда солтүстіктен хаусалармен тез араласып кеткен фульбе тайпалары енді. Нигерия аумағына европалықтардан бірінші болып

1472 жылы португалдар келді. 1553 жылы Нигерия жағалауларына ағылшындар да жетті. Еуропалықтар мұнда құл саудасымен айналысты. 1862 жылы Лагос ағылшын отары құрылып, отаршылар бірте-бірте Нигер өзенінің жағалауындағы көлемді аумақты жаулап алды. 1914 жылы қазіргі Нигерияның аумағы “Нигерия протектораты мен отары” деп атала бастады. 2-дүниежүзілік соғыстан кейін елде ұлт-азаттық қозғалыстар күшеді. Нәтижесінде 1960 жылы 1 қазанда Нигерия тәуелсіз мемлекетке айналып, БҮҰ-ға қабылданды (7 қазан). 1967-70 жылдары федералдық үкімет Батыс Нигерия аумағында жарияланған тәуелсіз Биафра Республикасымен соғыс жүргізді, соғыста 1 млн-нан астам адам қаза болды. Халық тұрмысының шектен тыс төмендігі, тұрғындарының әртүрлі этностардан тұруы елдегі саяси тұрактылықта теріс етуде. 1980-90 жылы мемлекет ішіндегі этностиқ, тайпааралық жанжалдарға байланысты әскерилердің билікке келуі жиі кездесті.

Нигерия – аграрлы ел, сонымен қатар мұнай өндірісі жоғары дамыған. Нигерия 1970 жылдан бастап мұнай экспорттайдын ең ірі 10 мемлекеттің құрамында. Мұнай өндіру көлемі жөнінен (жыльына 70 - 80 млн. т) Африка елдерінің арасында бірінші орынды иеленеді.

**Шаруашылығы.** Тұсті металдар, электр қуатын өндіру, тамак, тігін өнеркәсіп орындары бар. Сыртқа шығаратын негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары: какао, майлы пальма, арахис, мақта, каучукті өсімдіктер, қант құрағы. Мал шаруашылығы да біршама жақсы дамыған. Негізгі сауда серіктестері: Еуропалық Одак елдері мен АҚШ.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Орталық Африканың құрамына кіретін елдер.
2. Орталық Африка елдерінің шаруашылығы.
3. Нигерияның халқының құрамы.
4. Нигерияның шаруашылығының басты бағыттары.
5. Нигерияның экспорты қандай?

### **6.5 Оңтүстік Африка**

**Оңтүстік Африка Республикасы (OAP)** – Оңтүстік Африка-да орналасқан мемлекет. Жер аумағы 1221 мың км<sup>2</sup>. Жергілікті

тұрғындары 35 млн-ға жуық. Олардың ішінде зулулар – 39%, сuto-  
лар – 28%, косалар – 12%, шангаан-тсонгалар – 6,6%, тсваналар –  
6,6%; қалғандары – европалықтар 5 млн., үнділер 1 млн-нан астам,  
метистер 3,5 млн. Астанасы – Претория қаласы. Әкімшілік жағынан  
9 провинцияға бөлінеді. Ресми тілі – ағылшын. Халқының 77%-ы  
христиандар, 20%-ы жергілікті наым-сенімдерді, қалғандары ин-  
дуизм, ислам діндерін ұстанады. 1996 жылы қабылданған консти-  
туциясы бойынша мемлекет басшысы – президент. Жоғарғы заң  
шығарушы органы – екі палаталы парламент. Жоғарғы атқарушы  
органы – үкімет. Ақша бірлігі – рэнд. Ұлттық мейрамы – 27 сәуір –  
Бостандық күні (1994). БҮҰ-ның (1945), Африка Бірлік Ұйымының  
(ОАЕ) мүшесі (1994).

**Табиғаты.** ОАР<sup>0</sup> Оңтүстік Африка таулы үстіртінің оңтүстік  
шетін ала орналасқан. Шығысын Айдаһар таулары (білктігі 3482 м),  
Оңтүстік Африка жағалауын бойлай Кап таулары алып жатыр.

Пайдалы қазбалары – алтын, уран, қалайы, марганец, хромит,  
хризотил-асбест, мыс.

Климаты ыстық және ылғалды тропиктік, оңтүстік-шығысы  
субтропиктік. Жаз айларының орташа температурасы 18-27°C, қыс  
айларында 7-18°C. Үстірттің жылдық жауын-шашын мөлшері 150-  
750 мм. Оңтүстігінде жаз айларының орташа температурасы 13-21°C.  
Жылдық жауын-шашын мөлшері 650-700 мм; Айдаһар тауының  
шығыс беткейлерінде 1000-2000 мм, Атлант теңізі жағалауында 60-  
100 мм. Басты өзендері – Оранжевая (Вааль саласымен) және Лим-  
попо. Елдің шығысына қарай саванналар, Айдаһар тауларында мәңгі  
жасыл таулы субтропиктік бұталар, ішкі аудандарда тікенді бұталар  
өседі.

**Тарихы.** Қазіргі ОАР жерін адамдар көне тас дәүірінен бастап  
мекендейген. Негізгі халқы готтентоттар мен бантулар. 15 ғасырда  
португалдықтар, испандықтар және голландықтар жергілікті  
халықпен сауда қатынастарын орнатты. Еуропалықтар арасы-  
нан бұл аймақты отарлауды голландықтар мен ағылшындар ба-  
стады. Резервацияларға зорлықпен шоғырландырды. 1910 жылы  
Ұлыбритания отарларын біріктіріп, Оңтүстік Африка Одағын  
(ОАО) құрып, ол доминион құқығын алды. ОАО-да басқа жерлерде  
кездеспейтін нәсілшілдік және апартеид тәртібі орнатылды.  
1961 жылы Оңтүстік Африка Республикасы жарияланып, ел Бри-  
тан Достастығынан шықты. 1976-1978 жылды нәсілшілдікке қарсы  
ереуілдер күшейді. 1979 жылы үкімет кәсіподактардың қызмет

істеуіне рұқсат берді, қара нәсілдердің жұмысқа орналасуына мүмкіндік беретін жаңа заңдар қабылданды. 1984 жылы жаңа конституция бекітіліп, президенттік билік енгізілді.

ОАР дамыған индустримальы-аграрлы ел. Халықтың 85%-ы аграрлық салада жұмыс істейді. ОАР алтын, платина, хром, марганец, суръма, алмас өндіруден дүниежүзінде алғашқы орындарда, уран өндіруден 2-орында. Өнеркәсібінің жетекші саласы – таумен өндірісі. Оңтүстік-батыс белгінде мұнай өндіріледі. Көмір өндірудің басты аудандары – Трансвааль, Наталь провинциялары, Қызғылт атырабы. Қара металлургияның басты орталықтары – Претория және Фандербейлпарк. Машина жасау, химия, мұнай айыру, мұнай-химия, тамақ өнеркәсіп салалары дамыған. Металл, металл өндеу өнімдері, алтын, кымбат бағалы тастар, өнеркәсіп өнімдері, т.б. сыртқа шығарылса, механикалық аспаптар, киім, машиналар және жабдықтар, жеміс-жидектер, мұнай және мұнай өнімдері, т.б. сырттан әкелінеді. Негізгі сауда серіктестері: АҚШ, Жапония, ГФР, Ұлыбритания, Франция, Италия, Швейцария.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Оңтүстік Африка аймағының елдері.
2. Оңтүстік Африканың табиғи ресурстары қандай?
3. Оңтүстік Африканың өзендері.
4. Орталық Африка Республикасының табиғат жағдайлары?
5. Орталық Африканың табиғи ресурстары.
6. Орталық Африка Республикасының шаруашылығы.
7. Оңтүстік Африканың дүниежүзілік еңбек бөлінісінде алатын орны.

## 7-ТАҚЫРЫП. АМЕРИКА

### 7.1 Солтүстік Америка

**Коныстану және игерілу тарихынан.** Солтүстік Америка жеріне осыдан шамамен 40 мың жыл бұрын Азияның солтүстік-шығысынан коныс аударушылардың алғашқы легі келіп жетті. Қазіргі Беринг бұғазы орнында болған құрлық “көпір” арқылы өткен олар алғашында Аляска түбеті мен дала зонасына дейінгі аумақты мекендеді. Мұз басу дәүірінде өздерінің тарихи отаны – Азиядан және Аляскадан ұзақ уақытқа бөлініп қалған алғашқы американалықтардың тілі жаңа жерде қалыптасты деген болжам бар. Дегенмен, тіл зерттеушілері американалық ұндістер мен қазіргі азиялықтар тілінде ұқсас сездер кездесетінін жиі жазады. Алғашқы коныс аударушылар құрлықтағы ірі жануарларды (мамонт, койөгіз, аю, мастодонттар) аулап және терімшілікпен күнелткен. Соның нәтижесінде көп ұзамай-ақ көптеген жануар түрлері құрып кетті. Галымдар Америка тарихындағы алғашқы экологиялық апат осы кезеңде болғанын айтады.

Осыдан 25 мың жылдай бұрын Азиядан коныс аударушылардың екінші легі келіп жетті. Сонымен, американалықтардың саны артып, тілдік құрамы күрделене түсті. Олар сыртқы пішіні жағынан монгол текстестерге жатқанымен, ұзақ уақыт оқшау өмір сүргендіктен, біртіндеп өзіндік айрықша белгілерге ие болған. Мұз басу кезеңінен кейін климат жағдайларының жақсаруы коныс аударушылардың Америка жеріне жаппай таралуына және кейбір тайпалардың отырықшылыққа көшуіне себепші болды. Галымдар Америкадағы алғашқы отырықшы мекен осыдан 10 мың жылдай бұрын қазіргі Чикаго маңында пайда болған деген болжам жасайды. Ежелгі американалықтар ыстық тамақ дайындаудың айрықша тәсілін ойлап тапқан. Олар ағаштан, теріден жасаған ыдыстарына су мен дайындалатын тағам толтырып, оған қыздырылған тастар салған. Элсін-әлсін сұыған тастардың орнына жаңаларын сала отырып, тағамды пісу дәрежесіне жеткізген. Галымдар бұл әдіспен тамақ пісірген халықтарды “тас қайнатушылар” деп атаған. Осы кезеңде алғашқы егіншілер де пайда болған. Олар қазіргі ұндістердің аңыздарында “құдайдың сыйы” деп есептелетін маис тұқымдарын егіп, күтіп-баптау әдістерін менгерген. Осылайша алғашқы аңышылардың біраз бөлігі кейінгі ғасырларда Америка жеріндегі өркениет дамуының негізін қалаған егіншілерге айналды.

Америка құрлығына тарай орналасқан тайпалары көбінese бір-бірінен оқшau өміr сүргендіктен олардың сыртқы пішіндерінде, өміr салтында ғана емес, тілдік құрамында да үлкен айырмашылықтар болды. Соның нәтижесінде біr-біrіne мұлde ұқсамайтын ондаған тіl әзулеттері мен жұздеген тілдер пайда болды. Қазірдің өзінде тіl мамандары үндістер арасында екі мындан аса тіl сакталған деп есептейді, көбінese үндіc тілдері ауызекі сойлесуге ғана пайдаланылады.

Солтүстік Американы мекендерген үндістер арасында саны жағынан басым болған алгонкиндер аншылықпен және балық аулаумен, қолөнермен шұғылданған. Олардың “вигвам” деп аталатын лашықтары мен өте жеңіл қайықтары жалпы үндістердің символы болып табылады. Ұлы көлдер маңын мекендерген алгонкиндерді кейде ормандық тайпалар деп те атаған. Олар жергілікті табигат ресурстарын өз қажеттеріне тиімді пайдалана білген; үйенкіден қант алуды осы тайпалар ойлап тапқан. Жабайы андар мол болғандықтан жергілікті халықтарда мал шаруашылығымен айналысу қажеттілігі тұған жок.

Қазіргі Мексика жерінің солтүстігін ержүрек апачи тайпалары мекендерген. Осы аймақ тұрғындарының ата-бабалары деп есептелетін пүэбло тайпалары жартастан көп қабатты үйлер қашап салып, сұармалы егіншілікпен айналысқан. Мексика шығанағы жағалауының ежелгі тұрғындары ольмектер шаруашылық-мәдени дамуы жөнінен кейінгі өркениеттерге (майя, ацтек) бастама болған. Олар қунделікті шаруашылық жүргізу тәсілдерін жетілдірумен қатар, санақ ісінде және жазу-сзызу, құнтізбе құрастырған. Тас өндеудің шеберлері болған ольмектер жасаған алып бас мүсіндері (олар адамның басын бүкіл тіршілік күші шоғырланған мүше деп түсінген) осы кезге дейін сақталып қалған.

Оңтүстік Америкадағы Амазония мен Патагонияны даму деңгейі жағынан солтүстіктегі және батыстағы көршілерінен әлдеқайда артта қалған тайпалар мекендейді. Олар табигаттың дайын сыйын ғана қанағат етіп, өміr сүрген. Сонымен, Еуропалықтар келгенге дейін Американың көпшілік бөлігін аңшылық және балық аулаумен айналысқан жартылай көшпенді тайпалар мекендейді.

Отырықшы егіншілік мәдениет басым болған аймақтарда (Орталық Америка, Анд таулар) біртіндеп тұрғындары ортақ тілде сөйлейтін ірі қауымдар, мемлекеттік құрылымдар қалыптаса бастады. Еуропалықтар келер алдында Америка жерінде ацтектер, майя және инктер күрган аса ірі үш мемлекет болды.


Дамудың жоғары дәрежесіне жеткен бұл өркениеттердің экономикалық негізін ауыл шаруашылығы құрады. Адамзат тарихында “маис өркениеті” деген ат алған ежелгі мемлекеттерде басты ауыл шаруашылық дақылы маис (жүгері) болғанымен, бұршақ тұқымдастар мен томат, картоп пен бұрыш та көп мөлшерде өсірілді. Қазіргі кезде қөшпілік елдердің тұрғындары күнделікті асына пайдаланылатын бұл мәдени өсімдіктер алдымен Еуропага әкелініп, кейіннен басқа дүние бөліктеріне тарап кетті.

XVI ғасырдың басында еуропалықтардың Американы жаппай және жедел отарлауы басталды. Еуропалықтармен салыстырғанда әлеуметтік-мәдени дамудың шырқау биігіне жеткен үндіс өркениеті озбыр отаршылардың тегеурініне төтеп бере алмады. Үндіс өркениетінің қайталанбас ұлгілері, алтын мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды тиеген кемелер легі екі жарым ғасыр бойы Еуропага толассыз ағылды. Алтын әшекейлер мен қолөнер бұйымдары тез арада балқытылып, алтын ақшаларға айналдырылды. Еуропа елдерінің кейінгі байлығы мен өркендеуі америка алтынынан бастау алды деуге болады. Кейбір ғалымдар үндістердің байлығының Еуропада қаржының алғашқы жинақталуы мен XVIII ғасырдағы өнеркәсіп төңкерісі болуының өзі мүмкін емес еді деген батыл болжам жасайды.

Еуропалықтар келген кезде үндістер саны шамамен 40 млн. адам болған. Отаршылар олардың байлығын ғана тартып алған жоқ, сонымен қатар ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениетін, терең де кеменгер философиясын аяқ асты етті. Жоспарлы түрде экономикалық, саяси және әлеуметтік езгіге ұшыраған үндістерді еуропалықтар бәрібір басыбайлы құлына айналдыра алмады. Сол себепті отаршылардың оларды құрту мен қырудан, ата қоныстарынан ығыстырып, жер аударудан басқа амалы қалмады. Соның нағайткышінде екі жарым ғасыр ішінде байырғы халық саны бірнеше есе қысқарып, испан езгісінде болған Кариб теңізіндегі аралдарда үндістер мүлде қалмады.

Орталық және Оңтүстік Америкада, қазіргі АҚШ-тың оңтүстігінде байырғы халықтардан “босаған” жерлерде әртүрлі дақылдардың плантациялары орналастырылып, мұнда жұмыс істеуге XVI ғасырдан бастап миллиондаған африкалықтар тасыла бастады. Ұлан-гайыр помещиктік жер иеліктері латифундияларда (латынша “латус” - кең-байтақ, “фундус” - жер) құл еңбегі пайдаланылды. Осылайша шаруашылықтың бұрын-соңды болмаған

жаңа саласы плантациялық шаруашылықта негіз қаланды. Канада мен АҚШ жерінде басым болған ағылшындар мен француздар Ат-ланта мұхиты жағалауы мен ірі өзендер бойында қалалар мен порттар салды; ішкөргі аудандарда фермерлік шаруашылықтар, тау-кен орталықтары пайда болды. Фермерлік шаруашылықтарда жалдамалы жұмыс күші пайдаланылып, механикаландыру мен мамандануға көп көңіл бөлінді. Сондықтан қазіргі кездің өзінде алдыңғы катарлы елдерде ауыл шаруашылығын үйімдастырудың бұл түрі басым болып отыр.



**5-сурет.** Жаңа Дүние бөлігі

Еуропалық отарлау Американың мәдени-географиялық сипатын да түбекейлі өзгертті. Мұнда насылдер мен халықтардың бүрын болып көрмеген араласуы жүріп, мұлдем жаңа этностық топтар қалыптасты. Еуропалықтар мен үндістердің некесінен туғандарды “метистер”, еуропалықтар мен африкалықтардың үрпактарын “мұлаттар”, ал африкалықтар мен үндістердің некесінен туғандарды “самбо” деп атайды.

**Елдердің топтары.** Америка аумағын игерілу және қоныстану ерекшеліктеріне орай, екі тарихи-географиялық аймақта бөледі. Ағылшын отарлары басым болған солтүстікте Ағылшындық Аме-

рика, ал латын тілді отарлаушылар (испандар мен португалдар) басым болған Орталық және Оңтүстік Американы қамтитын Латын Америкасы деген айрықша аймақтар пайда болды. Бұл аймақтар экономикасының даму бағыты, халқының құрамы, әлеуметтік даму деңгейлері жөнінен бір-бірінен үлкен айырмашылық жасайды.

АҚШ – нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттердің бірі. Көлемі бойынша Батыс Еуропаны басып озады, Қытай мен Индиядан кейінгі орынды алады.

**Географиялық орналасуы, табигат жағдайлары және ресурстары.** АҚШ 50 штаттар мен федералды округтен Колумбия (астнасы – Вашингтон). 48 штат Солтүстік Америка континентінің оңтүстік жартысында орналасқан, Альяска штаты солтүстік-батыста Гавай аралында (бұрынға Альяска түбебі) орналасқан.

АҚШ табигат жағдайларының алуан түрлілігімен ажыратылады, табиғи ресурстарға жер, минералды тұздар, жер және т.б. жатады.

Рудалар қорынан соның ішінде темір, мыс рудасының кен орындары – Миссисипи өзенінің оңтүстігінде - Аризона, Юта, Нью-Мексика, т.б.; мырыш рудасы Аппалач (Теннеси, Нью-Джерси); корғасын рудасы Кордильер (Юта, Монтана, Колорадо), АҚШ қорғасын қоры бойынша әлемдік лидерлік топқа (Австралия және Канадамен бірге) кіреді.

Штаттардың барлығы да қоныржай климаттық белдеуде созылып жатыр. Континенттік бөлігі Оңтүстігі Флорида, Гавай аралдары топиктік белдеуде, Альяска субарктикалық және қоныржай белдеуде орналасқан. Мемлекеттің шығыс бөлігі ылғалды, жылына орта есеппен 500-2000 мм., оңтүстігі құрғактау 200-500 мм, оңтүстік-батысында шөлде 100 мм жауын-шашын түседі. Оңтүстіктегі ауылшаруашылық жерлері суаруды және өндесуді қажет етеді. Тынық мұхиттық солтүстік-батыс аса ылғалды, 6000 мм жауын-шашын түседі.

АҚШ-тың су ресурстары әркелкі орналасқан. Мұнда транспорттық және су ресурстары жағынан маңызды болып келетін әлемдегі өзендер жүйесі – Ұлы өзендер бар. Транспорттық маңыздылары – Миссисипи және оның салалары (Огайо, Теннесси, Миссури, Арканзис). Тау өзендері Тынық мұхит бассейні – Колумбия және Колорадо. Су жинау қоры 543 км<sup>3</sup>, 2/3 бөлігі жер бетіндегі тұшы су, 1/5 бөлігі жерасты сулары. Суды негізгі қолданушылар ауыл шаруашылығы.

Топыракты-өсімдікті зонасы рельеф пен климатқа сәйкес меридиан бағытында алмасып отырады. Солтүстік-шығысында қылқан жапырақты орман, оңтүстігінде емен, шамшат, үйенқі, жалпақ

жапырақты орман, т.б. Негізгі орман шаруашылығы онтүстік-шығыс және солтүстік-батыс аудандарында.

**Халқы.** Мемлекет халқының ұлттық құрамын бағалауда американдық статистика этникалық шығу тегін анықтауға мән береді. Халқының құрамын немістер (58 млн), ирландықтар (39 млн), ағылшындар (33 млн), шотландықтар – валлийліктер (46 млн), африка-американдықтар (24 млн), итальяндықтар (15 млн), мексикандықтар (12 млн), француздар (10 млн) құрайды.

Сонымен қатар АҚШ-ның өзіндік ерекшелігінің бірі нәсілдік-этникалық құрылымы болып табылады. Африко-американдықтардың – 9/10 мұлаттар болып келеді.

АҚШ жоғары урбандалған мемлекет, қалаларда халықтың 75% тұрады. Бірақ қалалық өсім төмен. Мемлекетте 8 ірі қалалар бар: Нью-Йорк (7,3 млн.), Лос-Анджелес (3,4 млн), Чикаго (2,7 млн), т.б. қазіргі уақытта АҚШ 40 қалалық агломерация – «миллионер», олар 53% халықты жинақтайды. Оның ең ірілері – Нью-Йорк (20 млн.), Лос-Анджелес (15 млн), Чикаго (8 млн), Вашингтон-Балтимор (7 млн), Сан-Франциско (6 млн).

*Дамуының тарихи ерекшеліктері.*

**Мемлекеттік құрылышы.** АҚШ жас мемлекетке жатады, оның құрылғанына бар болғаны 200 жыл, бірақ соған қарамастан дәстүрі қалыптасқан. АҚШ Конституциясы әлемдегі әрекет ететін конституциялардың ең ескісі. Оның негізгі мақсаты – азаматтық құқық пен еркіндік, оның зияльлық сипаты, т.б. АҚШ президенті азаматтардың тандауымен сайланады. Занды билік – Конгресс, ол екі палатадан тұрады.

Мемлекеттің саяси өмірі демократиялық және республикалық партиялар шеңберінде үйімдастырылады.

**Шаруашылығының жалпы сипаттамасы.** Қазіргі АҚШ күрделі экономикалық географиясы мен экономикасы жоғары дамыған мемлекет. Фылыми-техникалық прогресс және халықаралық саясат саласында лидерлікті сақтай отырып, ішкі табиғи және еңбек ресурстарын тиімді пайдаланады және әлемде халықаралық еңбек бөлінісі мен әлемдік интеграцияда бірінші орын алады.

Сонымен қатар ЖҰӨ (ВНП) көлемі бойынша (9,5 трлн. долл.), екніші орында Жапония (4,3 трлн. долл.). Жоғары экономикалық даму деңгейін ЖҰӨ-нің адам басына шаққандағы көрсеткішінің 35 мың долл. болуы дәлелдейді (7-кесте).

## 7-кесте. АҚШ-тың он ірі өнеркәсіптік корпорациялары

№	Корпорацияның аталуы	Жетекші салалары	Кірістері, млр. долл. 2008 жыл	Штаттары
1	Дженерал моторс	Транспорттық машинажасау	178,2	Детройт, Мичиган
2	Форд мотор	Транспорттық машинажасау	153,6	Детройт, Мичиган
3	Экссон	Мұнай өнеркәсібі	122,4	Ирвинг, Техас
4	Дженерал электрик	Электроника, электротехника	90,8	Файрфилд,
5	Интернэшнл бизнес мжшинэ (ИБМ)	Электроника,	78,5	Армонк, Нью-Йорк
6	Крайслер	Транспорттық машинажасау	61,1	Оберн-Хилс, Мичиган
7	Мобил	Мұнай өнеркәсібі	60,0	Фэйрфакс, Виргиния
8	Филип Моррис	Темекі өнеркәсібі	56,1	Нью-Йорк
9	Боинг	Аэрокосмостық өнеркәсібі	45,8	Сиэтл, Вашингтон
10	Тексако	Мұнай өнеркәсібі	31,7	Уайт-Плейнс, Нью-Йорк

*Ауыл шаруашылығы.* АҚШ ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі бойынша әлемде Қытай мен Ресейден кейінгі үшінші орында алады, ал ауыл шаруашылығы экспортты бойынша бірінші орынга ие. Ауылшаруашылығында өсімдік шаруашылығы басымдылық көрсетеді (58% өнімнің бағасы бойынша). Мемлекетте жер өндеу мен мал шаруашылығы арасында тығыз байланыс орнықтырылған. Ауылшаруашылығына пайдаланылатын жер (427 млн га), оның 66% жайылым, жем-шөп дақылдары есіріледі.

Мемлекет астық жинаудан екінші орында, оның ішінде жүгері, бидай экспортқа шығарылады. Мал шаруашылығында ет, сүт өнімдері, шошқа шаруашылығы маңызды салалардың бірі. АҚШ

ауыл шаруашылығының 20 типі өндірістің ерекшеліктерін көрсетеді.

**Халықаралық экономикалық байланыс.** АҚШ әлемдік саудада алғашқы рөл атқарады. Оның улесіне 15 әлемдік сыртқы сауда айналымы тиесілі. АҚШ, әсіресе ауылшаруашылық шикізат нарығындағы маңызды рөл атқарады: 70% жүгегер экспорттын, соя бұршак 2/3, бидай мен маңта – 1/3 белгін алады. АҚШ әлемдегі он мемлекеттің серіктесі. Бұл елдің ЖҰӨ 1/10 экспорт құрайды. Оған жагалаулық және шекаралық штаттар тартылады, экспорттың 1/3 қамтиды - Калифорния, Техас, Вашингтон, Нью-Йорк, сонымен қатар Мичиган, Луизиана, Огайо, Иллинойс. Канада әлемдегі ең ірі кредитор.

**Транспорты.** АҚШ транспорттағы рөлі террориясының ауқымдылығымен, еңбектің географиялық белінісінің дамуымен, халық пен шаруашылықтың тендей болінбеуімен, өмір деңгейінің жоғарылығымен, қызмет көрсету саласының гипертрофиясымен байланысты. Транспортта 3,9 млн адам қызмет етеді. Транспорттың шаруашылықты ірі жеке компаниялар атқарады. Мемлекет транспорттың инфрақұрылымымен айналысады – автожол, су жолы, аэродром, порттар. АҚШ жол торабы алуан түрлі, темір жол ұзындығы (278 мың км.). Ең ірі теміржол торабы – Чикаго. Урбанизация фермерлік автожолдардың дамуына әсер етті. Ирі автомобил паркі АҚШ-та орналасқан. Оның 206 млн автомашина, 77 млн жүк таситын машина, қалғандары женіл автокөліктер. Теніз жүк тасымалының ¾ - халықаралық, қалғаны канал арқылы өтеді.

Авиациялық транспорт ішкі және халықаралық жолаушы тасымалында маңызды. АҚШ азamatтық авиациясы - әлемдегі ең ірісі (7,4 мың). Жалпы аэропорт саны 18 мың., оның 5 мыңы мемлекеттік, қалғандары – жекеменшік. Негізгі аэропорттар – Чикаго-О Хэйр, Атланта, Даллас-Форт-Уэрт, Лос-Анджелес, Сан-Франциско, Майами, т.б Үш әуе торабы ерекше: Нью-Йорк, Чикаго, Лос-Анджелес.

Қазіргі уақытта телекоммуникация кеңінен дамыған.

АҚШ аудандары. АҚШ аймақтық құрылымы күрделі, алдымен үшке – Оңтүстік, Солтүстік, Батыс деп, сосын оны төрт ірі ауданға бөледі: Оңтүстік, Батыс, Солтүстік-Батыс және Орталық Батыс. Бұл аудандарды тоғыз штатқа бөліп қарастырады: Жаңа Англия, Орталық атлантық штаттар, Солтүстік-Шығыс орталығы, Солтүстік-Батыс орталығы, Оңтүстік атлант штаттар, Оңтүстік-Шығыс орталығы, Оңтүстік-Батыс орталығы, Таулы Батыс, Тынық мұхиттық штаттар.

Канада – экономикалық жоғары дамыған мемлекет, нарықтық экономикасы дамыған жетекші «сегіздік» мемлекеттерге кіреді.

**Табиғат жағдайлары мен ресурстары.** Ауданы жөнінен әлемдегі (Ресей Федерациясынан кейінгі) екінші мемлекет. Канада Солтүстік Америка континентінің солтүстік бөлігінің едәуір бөлігін алғып жатыр және үш мұхитқа шығады – Атлант, Тынық және Солтүстік Мұзды. Жагалаулық ұзындығы бойынша Канада барлық мемлекеттерді басып озады. Құрлықта оңтүстіктеге және солтүстік-батыста АҚШ, тенізде – солтүстүгінде Ресеймен, шығысында Гренландиямен шектеседі. Канаданың дамына «мөп-мөлдір таза» оңтүстік шекара – АҚШ-тың және Американдық капиталдың орасан зор факторлық ықпалы әсер етті.

Канада табиғат жағдайы мен және ресурстар байлығы бойынша Ресеймен табиғи ландшафттың үқсастығы бар. Мұнда адамзат баласы әлі де зерттемеген жерлер бар.

Орталық бөлігіндегі байтақ жазықтар батыста және шығыста таулар жүйесімен көмкерілген. Территорияның жартысынан астамын Канада қалқаны алғып жатыр, оның үлкен бөлігі – Лаврентий таулы үстірті, ол күшті мұздықтармен, көптеген көлдерімен, халықтың аз қоныстануымен ерекшеленеді.

Канаданың оңтүстігінде орналасқан ойпаттар мен жазықтар, соның ішінде Солтүстік Лаврентия және Ішкі жазықтың бір бөлігі – экономикалық дамыған аудан, халық тығызы орналасқан. Оңтүстік-шығысында Аппалач тауының ортабиіктіктері солтүстік сілемдері Солтүстік Лаврентия өзендер алабы орналасқан. Батысын ірі тау жүйесі Кордильер (Логан тауы – 6 мың м) алғып жатыр.

Канада пайдалы қазба кен орындарына орасан бай ел. Жылу және электр, металал және бейметалл өнеркәсіптері дамыған. Ол түсті және бағалы металдар, темір рудасы, уран, мұнай, табиғи газ, калий тұздары мен асбест, тасқөмір бойынша әлемдік маңызды қорымен белгілі. Бұл мемлекетті дамыған елдердің, ең алдымен АҚШ индустрIALIZАЦИЯСЫ үшін минералды-шикізат базасы болуын қамтамасыз етеді.

Канаданың аудандар қатары шикізат орны мен электрресурсының үйлесімділігіне қолайлы. Кордильер тауында түсті және бағалы металдар, темір және су ресурстары; Ішкі жазықта – тасқөмір, мұнай, табиғи газ, су ресурсы және т.б; Аппалач зонасында – түсті және бағалы металдар, хормит, асбест. Канаданың Арктикалық архипелагында мұнай кен орны, табиғи газ, түсті метал, мұнайдың болашақтағы қоры ашылған.

Канаданың климаты – қоныржай континетті, Мемлекет төрт

климаттық белдеуде орналасқан: полярлы, субарктикалық, қоңыржай және таулы. Территорияның кейбір бөлігіндегі сүйк климат шаруашылықта қолайсыз. Қоңыржай климат халық тығызы қоныстанған онтүстікке тән. Далалық жерлерде жауын-шашын 240-500 мм тез өзгереді. Ұлы жазықта, Тынық және Атлант мұхитының жағасындағы аудандарда жылына 1000-2000 мм түседі. Мемлекет су ресурстарының орасан зор қорымен ерекшеленеді. Тұщы судың жылдық жаңартылуы 12, 9 мың км<sup>2</sup>.

Канада әлемде Бразилия мен Ресейден кейінгі үшінші орында тұр. Қөптеген көлдер өзендер ағысын реттеуді қамтамасыз етеді. Сүйк және қоңыржай белдеудегі табиги ландшафттарының алуан түрлілігі солтүстігінде поляр шөлдері мен онтүстігінде супаралдық дала аймақтарына дейін тундра және тайга алып жатыр.

Канада ауданының жартысынан көбін қылқан жапырақты қарағайлар ормандар жауып жатыр.

Канаданың қалыптасуының тарихи ерекшеліктері және қазіргі мемлекеттік құрылышы. Канада территориясын 30 мың жыл бұрын Азия мен Бернинг бүғазынан көшіп келген үндістер мен эскимостардың ата тектері мекендеген. Б.э.д. 1000 ж. еуропалықтар басып алуға талпыныс жасаған. Кейіннен Канаданың жағалауына ағылшындар, француздар, испандықтар, португалдықтар көшіп келе бастады.

**Халқы.** Иммиграция – I Канаданың пайда болуынан бүгінгі күнге дейінгі маңызын анықтайтын негізгі фактор. XIX ғасырда елдің халқының саны 5 есе, XX ғасырда 6 есе өсті.

Дамыған мемлекеттер ішінде Канада мен Австралияда халықтың тығыздығы төмен (1 км<sup>2</sup> 3 адамнан) және бірдей қоныстанбаған.

Канада жоғары урбандалған мемлекет, халқының 78% қалада тұрады, оның 1/3 үш – миллионер қалада – Торонто (4,4 млн. адам), Монреал (3,3 млн), Ванкувер (1,9 млн).

**Шаруашылықтың жалпы сипаттамасы.** Канада басқа нарықтық экономикасы жоғары дамыған мемлекеттер сияқты постиндустриалды даму кезеңіне енді. Өнеркәсіп өнімдірінің бағасы және сыртқы сауда айналымы бойынша алғашқы ондықтардың күрамына кіреді.

Канаданың дәстүрлі ерекшелігі шикізат бағытында тау-кен орындары, энергетика, орман және ағаш өндеу өнеркәсібі тауарларын әлемдік нарықта шығаруда маңызды рөл атқарады. Бұл мемлекетке 7% өндіріс, 17% әлемдік шикізат тауарларын өндіру тиесілі.

Өнеркәсіп өндіріс бойынша ЖІӨ (ВВП) басқа дамыған елдерге қарағанда төмен (1/5). Канаданың ақша қаржатының 2/3 -і АҚШ, қалған бөлігі Латын Америкасы мен Азияға туседі.

**Өнеркәсібі.** Шаруашылықтың бүл саласы жоғары техникалық деңгейімен, шикізат өндірісінде курделі құрамымен сипатталады. Мемлекетте энергетика, тау-кен өнеркәсібі, тұсті metallurgия экспортқа шикізат өндіруі өте жақсы дамыған. Өндірілетін өнеркәсіп салаларының ішінде ағаш өндеу және целлюлоза-қағаз өндіру, тамак өнеркәсібінің рөлі зор.

Энергетика көлемі бойынша Канада лидерлер тобына кіреді. Жылу-энергетикалық баланста  $\frac{3}{4}$  сүйық және газтүрінде, 1/8 тасқөмір, 1/7 атом және су электр энергиясы түрінде өндіріледі.

Канада электр энергиясын өндіру бойынша (549 слрд кВт<sup>\*</sup>с) әлемде алтыншы орында, ал адам басына шаққандағы өнімнен үшінші орынды иеленеді.

Канадада мұнай өндеу өнеркәсібі дамыған. Маңызды кәсіпорындар Монреалде, Сарнияде, Ванкуверде, Едмонтонда бар.

**Ауыл шаруашылығы.** Мемлекетте курделі куатты агроенеркәсіп кешені құрылған, негізгі рөлді тамақ өнеркәсібі алады, оның үлесі 13%. Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің жалпы ауданы – 73 млн. га.

**Транспорты.** Канада автожол ұзындығы бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орында, теңіз сауда жолы аса үлкен емес. Негізгі порттары – Ванкувер, Сен-Иль, Монреаль, Квебек, Галифакс. Халықаралық аэропорттар – Монреаль, Гандер.

**Сыртқы экономикалық байланыстары.** Сыртқы сауда тауар айналысының жалпы және адам басына шаққандағы мөлшері бойынша Канада жетекші елдер қатарында. Тауар өнімінің  $\frac{1}{4}$ , одан да көбірек жеке салада (4/5 астық жинау,  $\frac{1}{2}$  орманкесу, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі) экспорттайды. Тропикалық ауыл шаруашылығын әлемге экспорттаудан АҚШ пен Франциядан кейінгі орынды алады. Құрылымы сыртқы сауданың географиясына қарай анықталады. Ол халықаралық байланыста, көбінесе Азия континентіне, сонымен қатар «үшінші әлем» елдеріне шығады.

**Ішкі айырмашылықтары.** Канадада төрт ірі әлеуметтік-экономикалық аудан бөлініп көрсетіледі: Орталық (Онтарио және Квебек); Далалық, Қыыр Батыс және Атлантикалық. Сонымен қатар Солтүстік терриориясы жақадан игерілуде. Орталық аудан жекеткіші рөл атқарады, екінші орынды Далалық аудан алады.

Орталық ауданда жоғары урбанизацияланған терриория, Мега-

полюс Торонто-Монреаль елдің өзегі болып саналады. Өнеркәсіп орталықтары – Гамильтон (қара металлургия, машинаjасау, т.б.); Сарния (химия, мұнай өндіеу, т.б.); Жонкъер (алюминий өнеркәсібі); Канаданың астанасы – Оттава (ағаш өндіеу, полиграфия, электротехника).

Далалық аудан минералды және ауылшаруашылық өнімдерін шығаратын халықаралық мамандандырылған мемлекет ретінде анықтайды (Манитоба, Саскачеван, Альберт). Негізгі орталықтары – Винипет «өнеркәсібі алуан түрлі», Эдмонтан (машинаjасау, мұнай өндіеу, тамақ өнеркәсібі, түсті металлургия), Калгари (мұнай өндіеу, машинаjасау, тамақ өнеркәсіптері).

Қыры Батыс немесе Тынық мұхит ауданы таулы болып келеді. Мұнда экспорттық шикізат – орман шаруашылығы, тау-кен өнеркәсіптері, ауыл шаруашылығы. Негізгі шикізат бөлігі Жапония мен АҚШ-қа экспортталады. Сүт өнімдері, бау-бакша дақылдары, жеміс-жидек, мал шаруашылығы дамыған.

Жектекші экономикалық орталығы – Ванкувер. Балық аулау шаруашылығы дамыған. Ауданның астанасы – Виктория (кеме қатынасы, әуе жол қатынасы, ағаш өндіеу саласы, т.б.).

Атлант ауданы Оңтүстік Канаданың депрессивті, халық аз қоныстанған (Ньюфаундленд, Принц Эдуарда, Жаңа Шотландия, Нью-Брансуик, т.б.) ауданы. 10% халқы бар, 4% өнеркәсіп, 3% ауылшаруашылық өнімдерін, т.б. өндіреді.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Америка дүние бөлігінің географиялық орны қандай?
2. Американың аймақтарға бөлінуі.
3. Солтүстік Америка елдерінің құрамы қандай?
4. АҚШ-тың табиғат жағдайлары.
5. АҚШ-тың экономикалық аудандары.
6. Канаданың табиғи ресурстары.
7. Канаданың шаруашылық салалары.

## **7.2 Латын Америкасы**

Аймақ құрамына Орталық Америка мен Кариб алабында орналасқан Антигуа және Барбуда, Багам аралдары Бірлестігі, Барбадос, Белиз, Гаити, Гватемала, Гондурас, Гренада, Доминика, До-

миникан Республикасы, Коста-Рика, Куба, Мексика, Никарагуа, Панама, Сальвадор, Сент-Винсент және Гренадина, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Тринидад пен Тобаго, Ямайка; Оңтүстік Америкада орналасқан Аргентина, Боливия, Бразилия, Венесуэла, Гайана, Колумбия, Парагвай, Перу, Суринам, Уругвай, Чили, Эквадор енеді.

Саяси картасының қалыптасу кезеңдері. Латын Америкасының қазіргі саяси картасы негізінен европалық отарлау және ұлт-азаттық қозғалыстардың нәтижесінде қалыптасты. Қазіргі кезде мұнда 33 тәуелсіз мемлекет орналасқан.

Еуропалықтар келгенге дейін XV ғасырдың аяғына қарай Латын Америкасы аумағында ацтектердің (Мексика таулы қыраты), майя (Юкатан түбегі) және инктердің (Анд тауы ауданы) аса күшті дамыған өркениеттері болды.

Латын Америкасын, жалпы Американы отарлау Кариб теңізі аралдарынан басталды. Географиялық жағынан алғанда да орталық болып саналатын бұл аудан жаңа дүние бөлігін игерудің тірегіне айналды. XVI ғасырдың алғашқы ширегінде Орталық Американы тұтасымен дерлік отарлаған испан басқыншылары (конкистадорлар) кейінірек Оңтүстік Америкаға да жетті. Жаңа жерлердің көпшілігі Испанияның иелігінде болды, Португалия Бразилияны отарлады. Кариб алабындағы аралдарда Еуропаның бірқатар елдерінін отарлары орналасты. Франция Оңтүстік Американың солтустігіндегі жерлерді отарлады (казіргі кезде оның иелігінде Гвиана ғана қалған). Суринам алғашында испан, кейіннен ағылшын отары болса, акыр сонында Нидерланд Суринамды Англиядан Жана Амстердамның (Нью-Йорк) орнына айырбастан алған.

Латын Америкасындағы иеліктерде құлдардың азаттық үшін құресі XVI ғасырда басталды; 1630-1697 жылдары Бразилияның солтустік-шығысында қашқын құлдардың кішкентай Палмарис атты мемлекеті де болды. Ресми түрде танылмаған мұндай “мемлекеттер” ез тәуелсіздігін қорғап қала алмады.

1791 жылы француз отары Сан-Домингода (Гаити аралының батысы) құлдар көтерілісі басталып, 1804 жылы Латын Америкасындағы ресми танылған алғашқы тәуелсіз мемлекет - Гаити пайда болды. 1809 жылы Эквадор, 1810 жылы Мексика, Чили, 1811 жылы Парагвай, Колумбия, Венесуэла, 1816 жылы Аргентина, 1821 жылы Коста-Рика, Никарагуа, Перу, Сальвадор, Гондурас, Гватемала, 1822 жылы Бразилия, 1825 жылы Уругвай, Боливия, 1844 жылы Доминикан Республикасы тәуелсіздік алды.

XIX ғасырдың 30-40 жылдарында АҚШ Мексиканың біраз

бөлігін (қазіргі Техас штаты мен Улкен Түзды көлге дейінгі аралық) басып алды. XIX ғасырдың 80-жылдары болған соғыс нәтижесінде жағалау аудандары Чилидің иелігіне еткен Боливия теңізге шыға алмай қалды. 1898 жылы Испаниямен соғыста женген АҚШ Пуэрто-Рико мен Кубаны иеленді. Сонымен, XX ғасырдың басына қарай Латын Америкасының Ұлыбританияның (Багам аралдары, Барбадос, Бермуд аралдары, қазіргі Гайана мен Белиз жерлері, Тринидад пен Тобаго, Ямайка, Фолкленд аралдары), Нидерландтың (Суринам, Кариб алабындағы ұсақ аралдар), Францияның (Гваделупа, Француз Гвианасы және Мартиника, Сен-Пьер мен Микелон аралдары), АҚШ-тың (Пуэрто-Рико, Куба), Данияның (Виргин аралдары) иеліктері сақталып қалды.

XX ғасырда Латын Америкасының саяси картасы біршама өзгерістерге ұшырады. 1902 жылы Куба, 1903 жылы Панаманың тәуелсіздігі жарияланды; 1916-17 жылдары Дания өз иелігіндегі аралдарды АҚШ-қа сатты; 1838 жылы Парагвай аумағы Боливиядан алған Гран-Чако есебінен ұлғая түсті. 1959 жылы Кубада социалистік төңкеріс болып, мемлекет жүйесі өзгерді. 60-80 жылдары аралдық аумақтар азаттық алды: 1962 жылы Тринидад пен Тобаго, Ямайка, 1966 жылы Барбадос пен Гайана, 1973 жылы Багам аралдары, 1974 жылы Гренада, 1975 жылы Суринам, 1978 жылы Доминика, 1979 жылы Сент-Винсент пен Гренадина, Сент-Люсия, 1981 жылы Антигуа мен Барбуда, Белиз, ал 1983 жылы Сент-Китс пен Невис тәуелсіздігін жариялады.

**Геосаяси жағдайы.** Қазіргі кезде мемлекеттің экономикалық қуаты оның әлемдік саясаттағы орнын белгілейтін аса маңызды көрсеткішке айналған. Жалпы алғанда, Латын Америкасының геосаяси жағдайына баға беруде мынадай факторларды атап өту қажет:

1) Аймақ елдерінің басқа дүние бөліктерінен шалғайда орналасуы;

Осы себепті мұндағы жеке елдің дамуына халықаралық жағдайдан гөрі аймақ ішілік саяси-экономикалық ахуалдың әсері мол болады.

2) Латын Америкасының дүниежүзіндегі аса күшті дамыған мемлекет - АҚШ-пен көршілес орналасуы;

Дүниежүзілік экономика мен саясатта жетекші орын алатын мемлекетпен көршілестігі белгілі бір дәрежеде Латын Америкасы елдерінің экономикалық мен саяси-әлеуметтік даму бағытын анықтайды десе болады. Латын Америкасы тарихи-географиялық себептерге байланысты халықаралық деңгейдегі геосаяси орталық

болып табылатын АҚШ-тың басты ықпал ету аймағына айналған. Мысалы, АҚШ-тың мұнай өндeйтін ірі кәсіпорындары Кариб алабындағы ірі танкерлер токтауға ынғайлы айлактарда орналасқан және сауда кемелері бұл елдердің «қолайлы жалауларын» пайдаланады. Аймақтағы елдердің көшпілігінің сыртқы саясаты АҚШ мұддесіне сай үйлестіріледі.

3) Латын Америкасында жоғары дамыған елдердің иеліктерінің сақталып қалуы;

Іс жүзінде саяси, экономикалық жағынан тәуелді аумактар Еуропа мен Американың дамыған елдерінің әскери-стратегиялық жағдайын нығайтумен қатар, өздерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына мүмкіндік алады. Мысалы, Франция Гвианада ғарыш айлағын орналастырған; Француз Одағына енетін шалғай департаменттердің (Гвиана, Мартиника, Гваделупа, Сен-Пьер және Микелон) дамуына ЕО тараپынан тұрақты түрде қаржы бөлінеді.

4) Аймак елдерінің барлығы дерлік (Парагвай мен Боливиядан басқалары) дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алады; бұл елдердің халықаралық қарым-қатынастарын жақсартуға қолайлы алғышарт болып табылады. Әсіресе, Атлант және Тынық мұхитты жалғастырып жатқан Панама каналы маңы мен Орталық Америка елдерінің географиялық орнының экономикалық және стратегиялық маңызы аса зор.

5) Кариб алабы елдерінің халықаралық денгейдегі буферлік (аралық) рөлі;

Географиялық орнының ерекшелігіне байланысты Кариб алабындағы елдердің көшпілігінің экономикасы транзиттік сипат алған; аралдық мемлекеттерде салық жenілдіктеріне байланысты халықаралық аса ірі қаржы мекемелері мен оффшорлық зоналар орналасқан. Мысалы, Кайман аралдарында (Ұлыбритания иелігі) 500-ге жуық банк орналасқан, дүниежүзіндегі аса ірі 50 банктің 40 шақтысының осы аралдарда филиалы бар.

6) Америка елдерінің өзара ынтымақтастырының жедел түрде дамуы.

1995 жылы Америка елдерінің басшылары 2005 жылға қарай Батыс жарты шардағы еркін сауда аймағын құру жөніндегі құжаттарға қол қойды. Ынтымақтастық ұйымы аясында бірлескен экономикалық жоспарлар ғана емес, экологиялық, есірткіге қарсы және т.б. бағдарламалар да жүзеге асатын болады. Іс жүзінде мұндай ұйымның құрылуы Латын Америкасы елдерінің геосаяси жағдайын нығайта түседі.

Жер бедері және минералдық ресурстары. Латын Америкасы солтүстікten оңтүстікке қарай шамамен 13 мың км-ге созылып жатыр. Аймақтың солтүстігіндегі бірнеше тау жоталары мен таулы қыратты біріктіретін Мексика Кордильерасы аумағында күшті жер сілкіндер, жанартау атқылаулары болып тұрады. Мұнда Орисаба (білктігі 5700 м), Попокатепетль (білктігі 5452 м) сияқты сөнбекен ірі жанартаулар орналасқан. Орталық Американың батысын алғып жатқан құрылымы ете күрделі таулы ауданды Кариб Кордильерасы деп атайды, ол шығысында жағалық ойпаттарға ұласады.

Кариб теңізі алабында орналасқан аралдар Улкен Антиль, Багам және Кіші Антиль аралдарының тобын құрайды. Олар шығу тегі жағынан әртүрлі (материктік, жанартаулық және маржандық) болып келеді, жер бедері де алуан түрлі. Аралдардың жағалаулары күшті тілімденген, қолайлы қойнаулар да көп. Бірак маржан рифтері кеме қатынасына кедергі келтіреді.

**Халқы.** Құрамы. Аймақтағы елдер тәуелсіздігін алғаннан соң да, қоныс аударушы европалықтардың легі толастамады. Олардың басым бөлігі Оңтүстік Американың кезінде ауыл шаруашылығына қолайсыз деп есептеліп, жеткілікті игерілмей келген субтропиктік және коңыржай белдеулерін қоныстана бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында испандар мен португалдар, немістер мен итальялықтар келсе, XX ғасырда олардың қатарын Шығыс Еуропадан (чехтар, поляктар, сербтер, україндар, орыстар) және Жапония мен Қытайдан қоныс аударушылар көбейтті. Бұл онсыз да креолдар (испандықтардың “таза қанды” ұрпақтары) басым болып келген Аргентина мен Уругвайдың халқын одан әрі “европаландырды”.

Сонымен, аймақтың қазіргі заманғы нәсілдік және ұлттық құрамы сан ғасырлық әлеуметтік-экономикалық даму барысының нәтижесінде қалыптасты.

Латын Америкасы діни құрамы салыстырмалы түрде біркелкі; мұндағы халықтың 90%-дан астамын католиктер құрайды. Католиктердің жалпы саны жөнінен Бразилия (133 млн. адам) мен Мексика (76 млн. адам) дүниежүзінде алдыңғы орындарды иемденеді.

**Халық саны, тығыздығы.** Халық саны 585 млн адам. Аймақ халқының саны жылдам өсуде. 1920 жылды Латын Америкасында 90 млн., 1970 жылды 279 млн., 2000 жылды 518 млн. адам болды; болжау бойынша 2025 жылды аймақтағы халық саны 703 млн. адамға жетуі мүмкін.

Латын Америкасы дүниежүзіндегі халық аз қоныстанған

аймақтардың бірі; мұнда 1 км<sup>2</sup>-ге 24 адамнан келеді. Аймақта халық біркелкі орналаспаған Мұхит жағалаулырындағы қолайлыштық шығанақтар маңында, байырғы өркениет ошактарында, таулы аудандарда, Кариб алабындағы аралдық елдерде халық тығызыңғындағынан айдаған. Кариб алабындағы Барбадоста әр км<sup>2</sup>-ге 700 адамнан келеді, Сальвадорда бұл көрсеткіш 300-ге тең. Амазонка мен Ориноко алаптарында, Патагонияда халық өте сирек коныстанған, мұнда 1 км<sup>2</sup>-ге 1 адамнан да келмейді. Елдер бойынша халықтығыздығының ең төмен көрсеткіштері Суринамға (1 км<sup>2</sup>-ге 3 адам), Гайана (4 адам) мен Боливияға (8 адам) тән.

Латын Америкасында урбандалу деңгейі жоғары: халқының 73%-дан астамы қалаларда тұрды.

*Еңбек ресурстары.* Аймақтағы экономикалық белсенді халықтың үлесі (34%) дамыған елдермен салыстырғанда өте төмен. Бұл еңбекке жарамды жастағы адамдар санының аздығымен, әйелдердің өндіріске аз қамтылуымен және жұмыссыздықтың жаппай белен алуымен түсіндіріледі. Аймақ бойынша ресми тіркелген жұмыссыздар саны 40 млн. адамнан асады.

Еңбек ресурстарының құрылымында арнайы білім мен кәсіби дайындықтан өткен мамандар үлесі төмен. Өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің жартысына жуығы қоленершілер болып табылады. Өндөуші өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің арасында жоғары және орта арнайы білімі бар мамандар үлесі 2% шамасында болса, ауыл шаруашылығында бұл көрсеткіш 0,1% ғана.

**Шаруашылығының жалпы сипаты мен даму ерекшеліктері.** Отарлау кезеңінде аймақта бағалы металдар өндірісі мен плантациялық шаруашылық басым дамыды, бұл өнімдер түргелімен дерлік Еуропа нарығына бағытталған болатын. Тәуелсіздігін алғаннан кейін де, бұл елдердің шетел қаржысына негізделген, сыртқы нарыққа бағынышты экономикасы бір жақты бағытта дамыды. Дамыған елдердің аймақтағы жас дамушы мемлекеттерге ықпалы ең алдымен экономикадағы үстемдігімен анықталды.

Экономиканы шетел монополистерінің ықпалынан шығару мақсатында шаруашылықтың салалық құрылымын күрделендіру, өнеркәсіпті қарқынды дамыту міндетті қойылды. Ішкі нарықта күшті бәсекенің болмауы, жергілікті мамандардың кәсіби шеберлігінің төмендігі, орасан мол сыртқы қарыздың пайда болуы, экономиканың дамуын көрі шегіндіріп тастаған 80-жылдардағы терең дағдарыс дамудың жаңа жолын іздестіруге себепші болды. «Экспортқа бағдарлану» деп аталған даму үлгісі мемлекеттік кәсіпорындарды

жекешелендіру, елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту бағытында жүзеге асырыла бастады.

*Өнеркәсібі.* Аймакта тау-кен өнеркәсібі күшті дамыған, бұған ми-нералды шикізат корының молдығы және алуан түрлілігі себепші болған. Африкадағы дамушы елдермен салыстырғанда Латын Аме-рикасында өндірілген пайдалы қазбаларды өндіре де жүзеге асыры-лады.

Электр энергиясын өндіруде СЭС-тер маңызды рөл атқарады, Мексика, Бразилия және Аргентинада өнеркәсіп орталықтары мен ірі қалаларды қамтамасыз ететін аса ірі СЭС жүйелері іске қосылған.

Көптеген елдерде ауылдық елді мекендер мен шалғай аудандар электр энергиясымен қамтамасыз етілмеген, Гаити, Гондурас, Бо-ливияда түрғын халықтың 20% ғана электр энергиясын тұтыну мүмкіндігіне ие.

Қара және түсті металлургия жергілікті шикізат базасы негізінде және шетел қаржысының қатысуымен дамуда. Бұл салаларда соңғы кезде жаңа технологияларды пайдалану (темір кені құрамынан шойын қорытпай-ақ, тікелей темірді бөліп алу) және экспортқа бағдарлану жобалары жүзеге асуга. Болат балқытудан Бразилия (жылына 26 млн. т), Мексика (14 млн. т), Венесуэла мен Аргентина (әрқайсысы 4 млн. т-дан) көзге түседі. Алюминий өндірісіне қажетті мол боксит қоры, арзан электр энергиясы бар Бразилия бұл сала-да жетекші орын алады. Қазіргі кезде Латын Америкасына әлемдегі таза мыс өндірісінің 25%-ы тиесілі. Мыс өндіруден Чили жетекші ел болып саналады (1999 жылы - 2,2 млн.т); ол “қара” (тазартылмаған) мыс өндіруден дүниежүзінде бірінші орын, ал таза мыс өндіруден АҚШ-тан кейін екінші орын алады.

Металл өндіре және машина жасау өнеркәсібінің өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі жоғары болғанымен, орналасуында ала-құлалық байқалады. Аймақтағы жетекші үш ел бұл саладағы өнімнің 2/3 бөлігін өндіреді. Металл өндіре мен машина жасау кәсіпорындары Венесуэла, Колумбия, Чили мен Перуде де бар. Автомобиль жасауда Бразилия айрықша көзге түседі, оның үлесінде аймақта жасалатын машиналардың 2/3 бөлігі тиесілі. Аймақтағы автомобиль өндірісінің аумақтық шоғырлануы күшті; Бразилия автозаводтары негізінен Сан-Паулу мен Сантус порты аралығында, ал Мексика-да Мехико маңында, Аргентинада Кордова қаласының айналасын-да орналасқан. Аймақта сондай-ақ кемелер мен ұшақтар, құрал-жабдық, тұрмыс техникасы жасалынады. Бұл өнімдер негізінен ішкі нарық сұранысын қамтамасыз етеді.

*Ауыл шаруашылығы.* Латын Америкасы аумағының көпшілік бөлігінің тропиктік және субтропиктік белдеулерде орналасуы және агроклиматтық жағдайларының қолайлылығы ауыл шаруашылығы дақылдарынан жылына 2-4 рет өнім жинауға мүмкіндік береді. Орталық Америка мен Кариб алабындағы аралдық елдерде жер түгелімен дерлік өндөледі. Дегенмен жалпы алғанда аймақтың жер ресурстары толық пайдаланылмай келеді; өндөлген жерлер ауданы аумақтың тек 1/10 бөлігін ғана құрайды. Оңтүстік Америка елдерінде ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлер ауданын арттыру тропиктік ормандар мен саванналарды, шөлді жағалауларды игерумен байланысты. Мысалы, Тынық мұхит жағалауындағы құнарлы жерлер қолдан суарған жағдайда мол өнім береді.

*Көлік.* Құрлықтағы көлік қатынасының темен дәрежеде дамуы аймақтың экономикалық дамуына елеулі кедергі келтіруде. Ишкі аудандар мен қыыр оңтүстікте қазіргі заманғы жолдар жоқтың касы. Жалпы алғанда, аймақтағы көлік бірыңғай жүйе түзбейді. Темір жолдың басым бөлігі Бразилия мен Аргентинаның үлесіне тиеді, Мексикада темір жол көлігінің тиімділігі жоғары. Темір жолдар енінің әртүрлі болуы (Аргентинада 5, Бразилияда 4 түрлі) аймақ ішіндегі жүк тасымалын қынданатады және экономикалық байланыстардың дамуына кедергі келтіреді. Панама каналына жана маңызды салынған электрлендірілген қазіргі заманғы темір жол арқылы жүк тасымалы жүзеге асады. Жалпы ұзындығы 2,5 млн. км-ден асатын тас жолдардың 30%-дан астамы қатты төсөнішпен жабылған. АҚШтан басталып, Буэнос-Айреске дейін созылып жатқан, аймақтағы барлық дерлік елдердің (Гайана мен Суринамнан басқасы) астана-аралын байланыстырып жатқан Панамерикалық шоссенің аймақ экономикасы үшін маңызы аса зор.

**Бразилия** – табигат ресурстарымен, экономикалық өсуімен, әсіреле өнеркәсібі бойынша басқа мемелекеттерді басып озған Латын Америкасындағы ірі мемлекет. Мемлекет Оңтүстік Американың шығыс және орталық бөлігін алғып жатыр, Оңтүстік Американың Чили және Эквадордан басқа барлық елдермен шекараласады. Құрлық шекарасының ұзындығы 16 мың км, шығысында 7,4 мың км созылып жатыр, оны Атлант мұхитының сүй шайып өтеді. Астанасы – Бразилия.

*Табигат жағдайлары мен ресурстары.* Территорияның ауқымдылығы Бразилияның табигат жағдайларының алудан түрлілігін көрсетеді.

**Жер бедері.** Мемлекеттің солтүстік ойпатты бөлігінің арасында

аайырмашылық бар, онтүстігінде Амазонка ойпаты, биік бөлігі Бразилия таулы үстірті созылып жатыр. Солтүстік бөлігі тұтастай игерілмеген.

Пайдалы казбалары. Геологиялық құрылымының ерекшелігі темір, маргенец, титан, боксит, мыс, хромит, бериллий, пирит, апатит, цирконий, т.б рудалар ресурстарының бар болуымен дәлелденеді. Аймақта оыслардың қоры бойынша бірінші орын, ал кобальт, вольфрам, қалайы, калий тұзы, асбест, графит бойынша екінші орынға ие.

Сонымен қатар никель, литий, уран, алтын, фосфорит, т.б. бар. Осыған қарамастан отын ресурстары жетіспейді, геологиялық ізденіс жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Бразилия темір рудасымен қамтамсыз етуден шетелде бірінші орын алады, 80 млрд.т.

*Климаты.* Бразилия субэкваторлық, тропиктік және субторпиктік климат белдеулерінде орналасқан. Мұндай кезектесу мемлекеттің меридиан бойымен 4320 км созылып жатуына байланысты. Батыс Амазонкада климат экваторлы, үнемі ығалды және ыстық. Амазонканың шығысында және Бразилия таулы үстіртінің орталығында субэкваторлық, жазы ылғалды, қысы құрғақ.

*Су ресурстары.* Бразилия территориясында тұщы су қоры аз. Оның ең ірі көзі – Амазонка өзені, ал Солтүстік-Шығыста Сан-Франциско өзені. Су энергиясының қоры 255 млн. кВт.

*Халқы.* Бразилия ұлты абориген-үндіс, африкандық негр және европалық имигранттар әкелген құлдардың араласуы нәтижесінде пайда болды. Жергілікті үндістер XVI ғасырға дейін Бразилияда тұрды, олардың тайпалары Амазонка өзені ауданында сақталған (1,5 млн адам). Негрлер Африкадан XIX ғасырға дейін плантацияда жұмыс істету үшін әкелінді.

Халықтың жартысы мемлекет территориясының 7 % орналасқан, орташа тығыздығы – 1 км<sup>2</sup> 20 адам, Онтүстік-Шығыста – 1 км<sup>2</sup> 70 адам, Солтүстікте – 1 км<sup>2</sup> 2 адамнан келеді. Бразилияда урбанизация үдерісі өсken, қалалықтар үлесі 68% –дан 80 %-ға өсті. «Миллионер» қалалар саны -15. Екі қалалық агломерация дамып келеді: Сан-Паулу (17млн тұрғын), Рио-де-Жанайро (10 млн).

*Мемлекеттік құрылышы.* Бразилия федеративті республика, 28 автономды штат пен федералды округтан одақ пайда болған. Бразилия конституциясының ерекшелігі – мемлекеттің ірі аудандарын қалыптастыру процедурасын, оның әкімшілік органы мен мемлекеттік бақылау үдерісін, ауданды дамыту жоспарын және штаттардың оған ендіру және т.б. қарастырады.

Даму ерекшеліктері және шаруашылығына жалпы сипаттама. Бразилия дамушы елдердің қатарына жатады. Ол Латын Америкасындағы ірі мемлекет. ЖІӨ көлемі бойынша әлем елдерінің ішінде 8-9 орын алады. Экономикалық қыындықтарға қармастан, Бразилия модернизация мен дамудың жолын іздестіруде.

*Өнеркәсібі.* Бразилия әлемдік базарға Еуропа, негізінен АҚШ үшін стратегиялық шикізаттар – ниоби, бериллий, тантал, цирконий, кристъяллды кварц, слюда (Посус-ди-Калдас, Олинда, Пернамбуку штаты); торий (Араша, Минас-Жерайс), алмаз, сафпир, топаз, т.б. бағалы тастарды (Минас-Жерайс, Пара). ірі жабдықташы, жеткізіп беруші. Қара металлургия темір рудасымен қамтамасыз етілген. Шойын мен болат балқытудан әлемде жетінші орын (25 млн.т.). Тұсті металлургиядан аллюминий өндіру, машинажасау, кеме жасау өнеркәсіппері жақсы дамыған. Тамақ және жеңіл өнеркәсіппері үлттых жеке капитал.

*Ауыл шаруашылығы.* Жетекші саласы – өсімдік шаруашылығы, оның үлесіне ауылшаруашылық өнімнің 3/5 тиесілі. Малшаруашылығы да 2/5 беруге бағытталған. Орман шаруашылығы да еолеулі орынға иеленген.

**Транспортты.** Бұл өнеркәсіп түрі үш жағалаулық аудандарға шоғырланған. Темір жолының жалпы ұзындығы – 22 мың. км, автожолдың жалпы ұзындығы - 2,0 млн. км, қатты жабынымен 130 км жабылған.

Сыртқы байланысты теңіз және әуе транспорттары қамтамасыз етеді. Соның ішінде теңіз флоты 4,2 млн.

**Ішкі айырмашылықтары.** Бразилия бес экономикалық ауданға бөлінеді: Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік-Шығыс, Орталық-батыс, Солтүстік.

**Аргентина Республикасы** – Латын Америкасының әлеуметтік-экономикалық қатынасында дамыған ірі мемлекеттердің бірі. Ол Оңтүстік Америка материгінің оңтүстік-шығыс бөлігін, Отты жер аралының шығыс бөлігін, Мальвина аралының жақын жерді алғып жатыр. Оның құрылыштағы шекарасы табиғи жолмен. Чили мен Боливидан Анд бойымен, Парагвай, Бразилия және Ургвайдан Пилькомайо, Парагвай, Парана, Ургвай өзендері бойымен өтеді. Шығысында Аргентинамен Атлант мұхитына шығатын жері бар, жағалау сызығының ұзындығы 2,5 мың км., жағалауы аз тілімденен, Ла-Плата эстуарии құрлыққа 320 км еніп жатыр.

Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Аргентинаның экономикалық дамуының табиғи негізіне алдымен жер ресурстары жатады.

Ол мемлекеттің кең байтақ даала кеңістігін шөпті өсімдік жамылғысы және құнарлы массивті қара топырақты Памбының алып жатуына байланысты. Аргентинаның табиғат ерекшеліктері көбінесе солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан территориясына байланысты (4 иыс км).

Рельефі бойынша мемлекетті диагоналды бойынша екі жартыға белуге болады: жазықты – солтүстік және шығыс; биіктікті – батыс және оңтүстік. Солтүстігін Гран Чако жазығы, солтүстік-шығысын – Междуречье, шығысында – байтақ Пампа орналасқан. Оның мұхитпен шектесетін жағы жайпақ ойпатты оңтүстікке қарай біртіндеп көтеріледі, тауға (Предкордильер, Пампинский Съерр) ұласады.

Аргентинаның батыс шекарасында Анд тау тізбегі солтүстік-батысты кеңейте отырып, созылып, оның 3-4 мың м биіктік жерінде Пуна тас платосы жатыр.

Орталық Андта Оңтүстік Американың ең биік шыңы Аконка-гуа (6960 м) және Тупунгато (6800 м) көтеріледі. Рио Колорадодан оңтүстікке қарай Патагония тау үстірті баспалдақты плато- месака белініп орналасқан.

**Пайдалы қазбалары.** Аргентина қорғасын мен мырыш, мыс, марганец, т.б. металл рудалары, сирек металдар – вольфрам, берилли; сапасы жоғары емес темір рудасы мен жеткілікті қамтамасыз етілген.

**Климаты.** Аргентина тропиктік, субтропиктік және қоңыржай климаттық белдеуде орналасқан. Орташа жылдық температура 24 градустан солтүстікке қарай 5 градуске дейін өзгереді. Ең жылы айдағы (қантар) орташа температура – солтүстіктегі + 29 градус, оңтүстіктегі +14 градус, ең сүйк ай шілде – солтүстіктегі + 17градус, оңтүстіктегі +2градус.

Мемлекеттің климаты Атлант мұхитынан келетін теңіз аяу массаның әсерінен қалыптасады. Соған қарамастан территорияның жартысынан астамы ылғал жеткіліксіз зонада орналасқан, бұл меридианды бағыттағы тау тізбегінің ылғалды желдің ұстап қалуына байланысты. Аргентинаның экономикалық супотенциалы 30 млн кВт.

Табиғи ортаның алуан түрлілігіне қарай топырақты-өсімдік жамылғысында қызыл топырақ, шалғындық, қара топырақ шөлейттің тұзды құмы кезедеседі.

**Халқы.** Аргентина қоныс аударылғандар тұратын мемлекет болғандықтан, типтік ерекшелігі бар. Қазіргі Аргентинада халықтың саны табиғи өсіммен анықталады: оның қарқыны – 1,2 %, ең

төмөнгісі Уругвайды (0,6%). Бұл халықтың жастық құрылымының динамикасына да ықпал етеді. Жастар үлесі (15 жасқа дейін) азауда 29%, ал ерессектер (65 жастан жоғары) көбеюде 11%. Халықтың жалпы өмір сүру ұзақтығы 73 жас. Халықтың 89% қалада, соның ішінде Буэнос-Айресте (халықтың 2/5 бөлігі) тұрады.

**Мемлекеттік құрылышы.** Конституция бойынша Аргентина федеративті Республика. Мемлекеттің және әкіметтің басшысы президент, ол 4 жылда бір сакталады. Әкімшілікке қатысты Аргентина 23 провинцияға және Федеративті қалалық округке бөлінеді.

**Даму ерекшеліктері және шаруашылығына жалпы сипаттама.** Аргентинаның экономикалық дамуы испандықтар колонизациясы бөлінгеннен соң әлемдік капиталистік шаруашылықтың сұранысымен дәлелденді.

Әлемде ауылшаруашылық өнімге сұраныс алдымен әлемдік, суропалық базарға сай болды.

**Өнеркәсібі.** Аргентинаға өндірілетін өнеркәсіптер (тау-кен орындарының үлесі аз) тән. Ол Латын Америкасындағы атом энергетикасын дамытып отырган мемлекет, әлемдегі он мемлекеттің құрамына кіреді. Жылына 1,2 мың т. уран, 4 млн. т қара металлургия өндіріледі. Ауыр өнеркәсіптен машиналасау дамыған. Дамушы елдердің қатарында Аргентина экспорттер болуымен ерекшеленеді.

**Ауыл шаруашылығы.** Аргентинада 28 млн. га жер ауыл шаруашылығына арналған.

**Транспорттың топар Пампа ауданында жақсы дамыған.** Ол континентте темір жол ұзындығынан (35 мың км) және жолаушыны тасымалдаудан (жылына 300 млн жолаушы) бірінші орын алады. Автомобиль паркі (5 млн машинадан аса) негізінен өз өндірісінің есебінен дамиды.

**Сыртқы экономикалық байланыстары.** Сыртқы сауда негізінен теңіз жолымен жүзеге асырылады (97% жүк). Аргентинаның негізгі сауда серіктестері ЕО мемлекеттері (Германия, Испания, Нидерландия), Бразилия, АҚШ, Жапония және Ресей. Аргентина – Латынамерикандық ассоциациялық интеграцияның мүшесі, сыртқы тауар айналымының 1/3 құрайды.

**Ішкі айырмашылықтары.** Аргентинада алты экономикалық аймақ бар: Пампа, Батыс, Солтүстік-Батыс, Чако, Междуречье, Патагония.

Мексика – Латин Америкасындағы халықтың саны жағынан екінші орын алатын мемлекет, екі мұхит пен екі материктің ортасында орналасқан, геостратегиялық жағдайға ие: Солтүстік және

Оңтүстік Америка. Солтүстігінде АҚШ-пен, оңтүстігінде Белиз және Гватемаломен шекараласады.

**Табиғат жағдайлары мен ресурстары.** Мексиканың табиғаты алуан түрлі. Белгілі бір мәнде рельефтің құрылымы және мемлекеттің құрделі геологиялық тарихымен дәлелденеді.

**Жер бедері.** Мексика – таулы мемлекет, оның территориясының жартысынан астамы 1000 м биіктікте және теңіз деңгейінде жатыр; батысынан, оңтүстігінен және шығысынан таулы массивтермен көмкерілген. Жағалаулық ойпат Мексикан шығанағын бойлай орналасқан. Аса ірі ауданы Юкатан түбегіндегі ойпат. Елде вулкандар көп. Геологиялық құрылымының құрделілігі мен вулкандық әрекет пайдалы қазбаларының байлығы мен алуан түрлілігін анықтайды.

Мексика әлемде күміс табу бойынша (17 әлемдік) бірінші орында тұр, негізгі орны – Фреснильо (сакатекас штаты - 40%). Мексика әлемдегі мырыш пен қорғасынды экспорттаудан жетекші орынга ие. Темірrudасының қоры 60% құрайды (35 млн.т.) Негізгі кен орындары – Лас-Тручас (Мичоакан штаты), Серро-де-Меркало (Дуранго штаты), Ла-Перла (Чиуаау штаты).

Мексиканың табиғат байлығының бірі – мұнай және табиғи газ болып табылады. Олардың қоры 17 млрд. т. бағаланады.

**Климаты.** Мексика тропиктік және субтропиктік ендікте орналасқан. Мемлекеттің солтүстік бөлігі жауын-шашының аз мөлшерімен және температуралың тез құбылуымен субтропиктік континентті климат, ал қалғандары тропиктік климаттың белдеуді алып жатыр. Елдің климатына рельефтің ойлы-қырлылығы үлкен ықпал етеді. Мексика тауарында климат құрғақтау және температура құбылмалы. Ең жоғары орташа жылдық температура Юкатан түбегінде.

**Су ресурстары.** 80% ойпatty бөлігіндегі артық ылғалдан жинақталады. Мексика өзендерінің суэнергетикалық потенциалы 10млн кВт. бағаланады. Ең үлкен потенциал өзеннің тропиктік бөлігіндегі жағалаулық аудандар. Атлант мұхиты өзендерінің жүйесі транспорттық маңызға ие.

**Өсімдік жамылғысы.** Мексика фауна мен флорасының алуан түрлілігімен ажыратылады.

**Халқы.** Мексика халқының ерекшелігі орташа тығыздықты 1 км<sup>2</sup> 47 адамнан келеді. Халықтың 75% калада тұрады. Мемлекеттеге 60 жыық қала бар, ондағы тұрғындар саны – 100 мың адам. Урбанизацияның мәні ірі калардың пайда болуымен сипатталады, олар – Мехико, Гвадалахар, Монтеррей. Мехикода 18 млн. халық

тұрады. Халықтың 40% экономикалық белсенділік танытады. 24 % халық ауыл шаруашылығымен айналысады, жартысы қызмет көрсету саласында, ¼ өнеркәсіп пен құрылышта жұмыс істейді.

**Мемлекеттік құрылышы.** Мексика федеративті республика. Мемлекет басшысы – президент, 6 жылда бір сайланады. Экімшілік тұрғыдан Мексика 31 штатқа және федералды астаналық округқа бөлінеді.

**Шаруашылығына жалпы сипаттама.** Мексика Латын Америкасындағы кепсалалы шаруашылықты менгерген минералды-шикізат базасы бай мемлекет. Ол ЖІӨ қолемі бойынша Бразилиядан кейінгі орынды алады. ЖІӨ төмөндегідей бөлінеді: 4% ауыл және орман шаруашылығына, 28,2 % өнеркәсіп пен құрылышқа, 67,8 % қызмет көрсету саласына тиесілі.

**Өнеркәсібі.** Мексика өнеркәсіп потенциалының қолемі жағынан Латын Америкасында екінші орын алады. Өнеркәсіп салалары – қара metallургия, энергетика, мұнай өндеу, тұсті metallургия, машина жасау, химия өнеркәсібі және т.б.

**Ауыл шаруашылығы.** Негізгі саласы – есімдік шаруашылығы (60% өнімнің бағасы). Мексика табиғаты ауылшаруашылығына қолайлы емес, 40% шөл, 40% тау мен орман алып жатыр. 20% жерді жасанды жолмен суару, өндеу арқылы пайдаланады.

**Транспорты.** Сыртқы экономикалық байланысы негізінен теңіз арқылы тасымалданады. Латын Америкасы бойынша 3-ші орынды иеленеді.

**Ішкі айырмашылығы.** Мексикада сегіз экономикалық аудан бөлініп көрсетіледі: Орталық-Шығыс, Орталық-Батыс, Солтүстік-Батыс, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс, Шығыс, Онтүстік, Юкатан.

### **Такырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Латын Америкасының құрамы қандай?
2. Латын Америкасы қандай аймақтарға бөлінеді?
3. Бразилияның әкімшілік бөлінуі.
4. Мексиканың жер бедерінің ерекшеліктері.
5. Аргентинаның шаруашылығының бағыттары.
6. Мексиканың ішкі айырмашылықтары.
7. Бразилияның ауыл шаруашылығы.

## 8-ТАҚЫРЫП. АУСТРАЛИЯ ЖӘНЕ МҰХИТ АРАЛДАРЫ

### 8.1 Аустралия

*Аустралия Одағы.* Астанасы – Канберра. Жер аумағы – 7682,3 шаршы км. Халқының саны – 22,4 млн адам. Жағалау сыйығы – 25760 км. Елді басқару формасы – федеративтік монархия. Мемлекет басшысы – Ұлыбритания ханшайымы, оның өкілеттілігін генерал-губернатор атқарады. Ресми тілі – ағылшын.

*Мемлекет Аустралия құрлығында орналасқан.* Аустралия құрлығы Үнді мұхитты мен Тынық мұхиттың оңтүстік бөлігінде орналасқан ең кіші материк, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 3180 км-ге, ал батыстан шығысқа 4000 км қашықтықта созылып жатыр. Оның құрамында Тасмания арлы бар. Осы елдің саяси картасының қалыптасуы Ұлыбританияның отарлық империясымен байланысты болды.

*Табигат жағдайы.* Аустралияның жер бедерінің 95 пайызы теңіз деңгейінен 600 метр биіктікте орналасқан. Елдің орталық бөлігінде Айерс-Рок немесе жергіліктіaborигендердің тілінде Улуру (Өзүліс тау) аталатын қызыл тау орналасқан (867 м). Елдің шығыс бөлігінде Үлкен Суайрық жотасы, солтүстігінде Кимберли үстірті және оңтүстік бөліктерінде Флиндерс жоталары алып жатыр.

*Климат жағдайы.* Аустралия Одағы субэкваторлық, тропиктік, субтропиктік және қоңыржай климаттық белдеулерде орналасқан. Жерінің көшілік бөлігін шөл және шөлейт зоналары алып жатыр. Солтүстігінде және солтүстік-шығысында тропиктік ормандар, оңтүстік-батысы құрғак субтропиктік, оңтүстік-шығысында ылғалды субтропиктік ормандар орналасқан. Тасмания аралының климаты қоңыржай әрі ылғалды болып келеді.

Өсімдік және жануарлар дүниесі тек осы аймаққа тән эндемик түрлерімен ерекшеленеді.

*Табигат ресурстары.* Мұнай, табиғи газ, көмір, полиметалдар, уран, темір және марганец кендері, мыс, алтын, алмаз, боксит, никель, т.б. пайдалы қазбаларға бай.

*Халқы.* Тұрғындардың басым бөлігі Аустралиялық европалықтар,aborигендер үлесі -1,2 пайыз құрайды.

*Шаруашылығы.* Дамуы жағынан «Қоныс аударушы капиталистік елдер» қатарына жатады. Шаруашылығы алуан түрлі болып келеді. Ауыр өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да және

жаңа технологиялық жабдықталу салалары да жоғары дамыған. Аустралияның электр станциялары көбіне көмірмен немесе мұнаймен жұмыс істейді және онда атом электр станциясы да бар.

Әлемге аса жоғары деңгейдегі тау-кен өнеркәсібімен танымал. Темір, бокситтің зор маңызы бар. Қара және түсті металлургия машина жасау салаларымен қатар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, химия және тамақ өнеркәсібі, ет өнеркәсібі дамыған.

*Мал шаруашылығы.* Кой өсірумен айналысады. Койдың жүнін сыртқы елдерге шығарады. Сонымен қатар, астық пен тропиктік дақылдарды өсіреді.



**6-сурет.** Аустралияның аймақтары.

- 1 - Аустралияның астаналық территориясы, 2 - Жаңа Оңтүстік Уэльс, 3 - Виктория (Аустралия), 4 - Квинсленд, 5 - Оңтүстік Аустралия, 6 - Батыс Аустралия, 7 - Тасмания, 8 - Солтүстік территориясы

Мұхит аралдары тұрғындарының тұрмыс деңгейі аборигендермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Папуастар еуропалықтар келгенге дейін жер өндеумен айналысқан, мал ұстаған. Папуастар, әсіресе ит өсірумен, тауық және шошқа өсірумен айналысқан. Папуастар үшін шошқа соңғы кезге дейін байлықтың басты көрсеткіші болып есептелген, оны тіпті ақша есебінде айырбас үшін де пайдаланған.

Аймақтағы ең түрмис деңгейі жоғары тұрғындар – полинезиялықтар. XVIII ғасырдың өзінде-ақ Полинезияда шаруашылықтың ерекше “мұхиттық” түрі қалыптасып үлгерген болатын. Олар балық аулаумен айналысып, теңізде жүзуде алда-рына жан салмаған. Өте жылдам әрі женіл, онтайлы жүзетін каноэ жасауды шебер менгеріп, полинезиялықтар біздің жыл санауымызға дейінгі 2000 жылдықтың екінші жартысының өзінде-ақ Фиджиден Тонга аралына дейін жүзіп барған деген мәліметтер бар. Сондай-ақ олар банан, кокос пальмасы, нан ағаштарын өсіріп, жер өндеумен де айналысқан.

Испандықтардың Мариана аралдарын жаулап алған кезінен, яғни XVII ғасырдың екінші жартысынан бұл аймақта отарлау кезеңі басталды. Голландтар бірнеше ірі экспедициялар үйымдастырып, А. Тасман бастаған топ Австралия материгі жағалауына да келіп жетті. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл аймаққа Англия мен Франция, ал XIX ғасырда АҚШ пен Германияның отарына айналды. Бірақ бұл аймақты отарлау Америка немесе Африкамен салыстырғанда басқаша жүрді. Өйткені жаңа ашылған жерлерді қандай қажеттілікке жаратуды әлі ешкім шешпеген еді.

АҚШ-тың тауелсіздік алуы нәтижесінде Англия сотталғандарды айдауға жіберетін жерінен айырылды. Осы қажеттілік ағылшындар назарын Австралияға аударды, сейтіп жаңа ашылған материкте айдауға жіберілгендерді ұстайтын арнаулы мекен салу туралы ағылшын парламенті зан шығарды (қазір ол жер Сидней қаласының орны болып табылады). 1788 жылы 850 тұтқынды күзеткен 200 әскері бар алғашқы кеме Австралия жағасына келіп табан тіреді. Бұл жағдай бір ғасырға жуық тұтқын әкелінді. Ал француздар өздерінің тұтқындарына Жаңа Каледония аралынан орын тапты. Мұнда 50 мыңға жуық адам әкелінді.

Дәл осы уақытта Англияның тоқыма өнеркәсібін жүнмен қамтамасыз ету қажеттілігі де туындалады. Сондықтан ағылшындар Австралия жерінің онша шұрайлы еместігіне қарамастан, жайылым жеткілікті деп есептеп, онда қой шаруашылығын өркендетуге деңгейдең қойды. Климаттық жағдайы біршама ұқсас болғандықтан, қойлар Онтүстік Африкадан әкелінді. Дәл осы кезеңaborигендер үшін ең қызын кез болды, өйткені жайылым болады деп есептелген жерлердің барлығы да олардың мекен-тұрағы мен аңшылық ареалы еді.



7-сурет. Австралия және Мұхиттық аралдар

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Австралияда дәнді дақылдарды көбірек өсіріп, ет пен сүтті сыртқа шығару жолға қойылды.

XX ғасырдың басында шашыранқы орналасқан колониялар Австралия Одағына бірігіп, өзін-өзі басқаратын иелік дәрежесін алды. Осы күннен бастап екінші дүниежүзілік соғысқа дейін, Австралия индустриялану бағытын басым ұстады. Бұл кезең австралия халқының жеке ұлт болып қалыптасуына да өзіндік әсерін тигізді. Олар негізінен Британ аралдарынан шыққанымен, нағыз ағылшындардан үлкен айырмашылық жасайды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ Австралияның табиғат жағдайының мүмкіншілігін мейлінше тиімді пайдаланып, оны өзінің аса маңызды азық түлік пен шикізат көзіне айналдырыды. Мұнда дәстүрлі өнеркәсіппен қатар өндеуші өнеркәсіп және қазіргі заманғы көлік жүйесі де (әсіресе, жоғары сапалы тас жолдар) қарқынды дамыды. XX ғасыр бойы шектеу қойылғандықтан Австралияға қоныс аударушылар тек Еуропадан ғана келетін. Тек 70-80 жылдары тау-кен өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы аса қарқынды белен алғып дамығандықтан, еңбек ресурстарына деген тапшылық күшейді, сейтіп ел тарихында алғаш рет азия қоныстанушыларына да “есік” ашылды.

Өзінің әлеуметтік-экономикалық даму тарихы жөнінен Австралия Канада, АҚШ сияқты елдерге ұқсас болып келеді. Олардың дамуы Еуропа елдеріндегі “классикалық капитализмнен” үлкен айырмашылық жасайды. Оларды қобінесе “қоныс аударушы капитализм” елдері деп атайды. Бұл елдер феодализм мен оның қалдықтарын бастаң кешкен жоқ. Экономикалық дамуы ел халқының негізін құрайтын еуропалық иммигранттардың белсенді әрекеті жағдайында жүзеге асады. Өте үлкен аумақты алуы, халқының санының аз болуы шаруашылықтың тек жағалық бөліктерде ғана қарқынды дамуына мүмкіндік береді. Сондықтан да жеке ел болғанына жүз жылдан астам уақыт өткеніне қарамастан, Австралия әлі де шикізаттық регион дәрежесінде қалып отыр.

Ал Мұхит аралдарының XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап бостандық ала бастаган шағын елдері өздерінің табигат ресурстары мен табигат жағдайларына, сондай-ақ көптеген аралдар өздерінің стратегиялық орнына сүйене отырып, өте қатал бәсекелестік жағдайында дамуға біртіндеп мүмкіндік алуда. Өте қолайлы климат пен құнарлы топырақ көптеген тропиктік дақылдарды өсіруге мүмкіндік береді. Аралдық елдердің 3/4-і нің сыртқа шығаратын басты өнімі-кокос жанғағын өндөуден алынатын копра болып табылады. Теніз өнімдерінің де маңызы жогары. Жылы теңіз сулары, табигаты өте әсем аралдар мен жағажайлардың туристік-рекреациялық мүмкіндігі шексіз. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Мұхит аралдары біраз бөлігі АҚШ пен Францияның атом қаруын сынайтын алаңына айналды. Оларда әскери-әуе және әскери-теңіз базалары орналасқан. Мәселен, Кокос аралдары Оңтүстік Африка мен Австралия арасындағы әуе жолында транзиттік қызмет көрсетсе, ал Питкерн аралы санаулы ғана адам тұратынына қарамастан пошта маркаларын шығаруды табыс көзінے айналдырған.

*Ішкі сулары.* Құрлықтың көп бөлігінің тропикалық климаттың шөлді және шөлейтті зонасында орналасуы сыртқы және ішкі су ағымының нашар дамуына себепкер болып отыр. Жылдық ағымның жалпы қөлемі ( $350 \text{ km}^3$ ) бойынша Австралия басқа құрлықтардың ішінен соңғы орынды алады. Шамамен оның барлық ауданында жылдық ағымның мөлшері жуықтап алғанда 50 мм-ге тең. Бірақ бұл көрсеткіш Шығыс Австралия тауларының жел жақ беткейінде 400 мм-ге дейін жетеді.

Құрлық ауданының 60%-ы мұхитқа ағып шыға алмайды, бұл

тек су ағысына ғана тән. Олар криктер деп аталады. Криктердің ең жиі торы Орталық бассейнде, сирек тобы - Батыс үстіртінде. Бұл жерлерде су жауын-шашын дүркін-дүркін жауғаннан кейін ғана пайда болады, бірақ су көбінесе қазаншұңқырлар түбіне барып жиналады. Сол жерлерде уақытша көлдер пайда болады. Бұл көлдер тартылып, орындары сорға айналады. Бұндай көлдерді қазір де Австралия территориясынан кездестіруге болады. Тіпті, Австралияның ең үлкен ақпайтын көлі - Эйрдің бетін жылдың құрғақ маусымдарында қалындығы 1 м-ге дейін жететін тұз қабаты жауып жатады, ал жауын-шашынды маусымда (жазда) көл 1500 км<sup>3</sup>-ге дейін жайылады. Құрлықтың шеткі аудандарындағы өзендер Үнді мұхитына және Тынық мұхитына құяды. Шығыс Австралия тауларынан бастау алатын қысқа өзендер осы мұхиттарға әкеліп құяды. Ағыс көлемі өзенге түскен жауын-шашын мөлшеріне және уақытына байланысты.

Ағысы көлемді, әрі бірқалыпты өзендерге Шығыс Австралия тауларынан бастау алатын өзендер (Бердекин, Фицрой, Бернетт, т.б.) жатады. Ал батыс жағалаудағы өзендер (Фортескью, Гаскойн, т.б.) керісінше сипатқа ие. Өйткені бұл өзендер шөллейтті үстірттерден ағып өтеді. Үлкен Австралия Шығанағына жанасатын Налларбор карсталы жазығында ағым тіптен жок десе де болады. Австралияда тек екі ірі өзен бар - Муррей және Дарлинг. Австралия Альпілерінен бастау алатын Муррей - Австралиядағы суы ең мол өзен. Бассейнінің ауданы - 1072 мың км<sup>2</sup>, ұзындығы - 1632 м. Ол көбінесе жаңбыр суымен қоректенеді, аз мөлшерде қар суымен де қоректенеді. Өзен Орталық ойпаттың ұлан-байтақ онтүстік-шығыс жазықтарымен ағу барысында оның көп суы булаңып азаяды, тек біраз белігі ғана мұхитқа жетеді. Муррейдің ең басты тармағы - Дарлинг өзені Ол - Австралиядағы ең ұзын өзен, ұзындығы - 2450 м. Оның бассейнінің ауданы - 590 км<sup>2</sup>. Бірақ Дарлинг өзенінің су көлемі аз болғандықтан, құрғақшылық кездерде суы топыракқа сіңіп, Муррей өзеніне жетпей қалатын кездері де болып тұрады. Жер асты суының мол болуы Австралияның ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Жер асты суы Батыс үстірті мен Орталық ойпаттың ойпаң жерлерін қамтып жатқан артезиан бассейндерінде жинақталады. Суды сақтағыш қабатқа мезазой шөгінділері, су өткізбейтін қабатқа палеозой жыныстары жатады. Жер асты суы атмосфералық жауын-шашынмен қоректенеді.

Жер асты сулары бассейннің орталық беліліктерінде үлкен терендікте (20 м-ге дейін, кей жерлерде 1,5 км-ге дейін) жетеді. Жер

асты сулары скважина бұргылау кездерінде қысымның әсерінен жер бетіне жіңіш шығып тұрады.

Аустралияның ең ірі жер асты су бассейні Үлкен артезиан бассейні деп аталады. Ол Карпентария шығанағынан Дарлинг өзенінің орта ағысына дейінгі Орталық ойпаттың жуық шамамен барлық аумағын қамтиды. Бассейн территориясында минералды су, кейде жылы және ыстық су алуға болатын артезиан құдықтары көптеп кездеседі.

Аустралияның шөлді және шөллейтті аумақтарында артезиан бассейндерінің маңызы зор. Оларды көбінесе өнеркәсіптік, транспорттық қажеттіліктеге; жайылымдық жерлерде су қоймаларын орнату үшін пайдаланады (Квислендтің онтүстігінде, Жана Онтүстік Уэльсте және Викторияда).

**Шығыс Аустралия таулары.** Биіктігі орташа қатпарлы-үйінді, герциндік Шығыс Аустралия таулары құрлықтың шығыс жағалауын бойлай орналасқан. Оның жел жақ беткейін мәңгі жасыл орман, ал қарсы беткейін мәңгі жасыл селдір тоғай басып жатыр. Бұл континенталды су айырық қызметтің атқарады және бірнеше жеке массивтерге бөлшектенген.

Ландшафтының сипаты бойынша оларды екі бөлікке бөлуге болады: солтүстік ( $28^{\circ}\text{o.e.}$ дейін) және онтүстік. Біріншісі Квинсленд тауы деп аталса, екіншісі Жана Онтүстік Уэльстің атауымен аталған.

Квинсленд таулары үш бойлай құрлыымдық-морфологиялық зоналардан тұрады, жағалаулық кристалды үстірттерден және массивтерден, орта қазашұңқырынан және Үлкен су айырық жотасынан немесе Үлкен Су айрықтан.

Орташа биіктігі шамамен 1000 метр жағалаулық кристалды үстірт пен массивтер негізінен граниттер мен кварциттерден құралған. Олар жағалаулық ойыстың үстімен көтеріліп, өзен арналарымен тарамдалған. Олардың ішіндегі ең биігі Атертон су айырық үстіртінің шығыс жиегіне көтерілетін Белленден-Кер жотасы (Бартл-Фрир тауы-1600м). Үстірте кішігірім вулкандар мен кратерлі өзендер сақталып қалған. Фалымдардың тұжырымдауынша, бұл вулкандар Аустралиядың ең жас вулкандар болып есептеледі.

Жағалаулық ойпат пен таулардың жел жақ беткейлерінің климаты – ыстық, жауын-шашын маусымы желтоқсаннан сәуірге дейін жалғасады. Бұл уақытта аспан қалың бұлттарға оранып, ылғалдылық деңгейі 85%-ға дейін жетеді.

Ең жылы айлардың (желтоқсан-қантар) орташа температурасы  $24\text{--}26^{\circ}\text{C}$ , ал бұл көрсеткіш солтүстік шеттен онтүстікке қарай бар болғаны  $1^{\circ}\text{C}$ -қа азаяды.

Құрғақ маусымда мол жауын-шашын тек 15° және 20° о.е. арасына жауады. Мұнда жылдық жауын-шашын мөлшері 400 мм-ге жетеді.

*Табигат зоналары*. Бұл – Аустралияның ең ылғалды ауданы. 19°о.е.-тен солтүстігірек таулар беткейі ылғалды субэкваторлық ормандармен жабылған. Бұл жердің өсімдік жамылғысы неогенге дейін аумактық байланысы сақталған Малайи ормандарына ұксас болып келеді. Бұл ормандар түрлік құрамы жағынан сан алуан. Ұзын бағаналы ағаштар тақта тәріздес тамырлармен жерге бекітіліп, бағананың бойында лиана оратылған.

Бұл ормандарға *Archontophoenix alexandrae*, *Livistona australis* және *Kentia spp.*, жапырағының сыртқы жағы күміс тәрізді жұқа қабатпен қапталған күміс тарриертия (*Tarrietia arguodendron*) пальмасы, фикустар, банандар тән. Оңтүстік-шығыс Азия мен Үндістанга тән ротангалы пальма-лиана (*Calamus muelleryi*) және саго пальмалары өзен аңғарларында көптеп кездеседі.

Ылғалды субэкваторлы ормандар тау беткейі бойымен 1000 метр биіктікке дейін өседі. Одан жоғарыда тау орманы орналасқан. Бірақ өкінішке орай, оның құрамы нашар зерттелген.

Тек пальмалардың бірнеше түрінің жойылып кеткені мен қылқан жапырақты ағаш түрлерінің (*Araucaria cunninghamii*, *A. Bidwillii*, *Agathis robusta*, *A. palmerstoni* және *Podocarpus*) түрлері мәлім.

Субэкваторлы ормандардың таулық-ормандық қоңыр топырағы ылғалдану және жауын-шашынның нәтижесінде қалыптасады, жағалаулық ойыс бойымен қызғылт топырақ алқабы созылып жатыр.

19°о.е.-тен оңтүстікке қарай климаттық жағдай, әсіресе, қыскы құрғақшылық пен төменгі температура ылғалды субэкваторлы ормандардың өсуіне жол бермейді. Сондықтан да олардың орнын бұл ендіктерде түрлік құрамы көп емес, әрі қалың емес субтропикалық ормандар өседі.

Орта қазаншұңқырлары Шығыс Аустралия тауларын бойлай орналасқан. Олар тектоникалық жолмен пайдада болған. Бірақ тез шайылатын палеозой және мезозой жыныстарының өзендердегі регрессиялық эрозия нәтижесінде олар кенейіп, терендей түсken. Қазаншұңқырлар биік емес су айырыктарымен белектеніп жер бедері төбелі болып келеді. Өзендер онда үлкен аңғарлар арқылы келіп құяды. Солтүстікегі бірінші қазаншұңқырды Бердекин және Саттор өзендері кесіп өтеді; ал екіншісінде Квинслендтің ең ірі өзені Фицройдың сүй жиналады; үшіншісіне – Бернетт; төртіншісіне

— Брисбен өзендері құяды. Қазаншұңқырларға түсетін жауыншашының жылдық мөлшері 750-1000 мм.

Улкен суайрықжотасының рельефі онша анық болмағандықтан, оны кейде Улкен Су айырық деп те атайды. Бұл – биіктігі шамамен 500-700 м жалпақ дуал палеозой жыныстарынан құралған, ал солтустігі базальтті лавалармен жабылған

Континенталды су айырығының бік жағалаулық таулардың батысина қарай жылжуы Шығыс Аустралия тауларының неогендік және төрттік дәүірінің нәтижесі болып табылады. Меридиан бағытта жағалау бойымен опырылғаннан және жалпы жоғары көтерілуінен кейін су айырық жағалаулық гранитті массивтер бойымен ететін болды. Одан төрттік дәүірдің бас кезінде Шығыс Аустралия тауалары қайта көтеріледі. Бұл процесс бұрынғы су айырықтың жел жақ беткейлеріндегі өзендердің шұғыл тірілудің әкеліп соқты. Сейтіп, мұнда ескі және жаңа өзен торлары өзара араласып кетті. Содан бұл жота Улкен Су айырық маңызына ие болды.

Саванналарда кең тараптады қара топырақтың қалыптасуы базальт жамылғысымен тікелей байланысты. Қызыл топырақты аудандарда әвқалиптілі селдір тоғайлардың үлес салмағы жоғары.

**Жаңа Онтүстік Уэльс таулары.** Бұл су айырық массивтерінің қабыса орналасқан жіңішке белдеуі. Ол кристалды және палеозой шөгінді жыныстарынан түзілген. Жер бедеріндегі жылжымалы тектоника, үштік дәүірдің лавалы жамылғысы, жеке үстірттерді өзара қосатын жыныстардың да маңызы зор.

Таулар Брисбеннің онтүстігінен басталады. Таулардың орташа биітігі 1200-1300 метр. Бұл жерден ағып ететін Кларенс өзені Жаңа Онтүстік Уэльс таулары бойынша ең ірісі болып табылады.

Солтустігі мен онтүстігінен Жаңағылышын таулары Гастингс және Ливерпуль жоталарымен жиектелген. Олар өзен аңғарлары арқылы кескінделген.

Хантер аңғарынан кейін құмдақ пен әктастан түзілген Көгілдір таулар басталады. Мұндағы аңғарлардың биіктігі 300-800 м-ге дейін жетеді. Өзендердің су жинағыш бассейндерінде аңғарлар кеңейіп, тік және сатылы құламалы амфитеатр бейнесіне келеді. Көгілдір таудың батыс белгінде карст кең тараптады.

Көгілдір таулардың тектоникалық төмөндеген жерлерінде Аустралия Альпілерінің кристалды пенеплені (Монаро үстірті) басталады. Бұл-гранит пен кварц порфирлерінен түзілген Шығыс Аустралия тауларының көтерінкілеу массиві.

Бойлық аңғарлар арқылы ол батысқа қарай сатылық түрде

көтерілетін үйінділерге бөлшектенген. Аустралияның ең биік шыңдары (Косцюшко тауы – 2234 м) осы аймақта орналасқан. Онда трогті аңғарлар, каралар, мұздық көлдер және мореналар сияқты төрттік мұзбасудың іздері кездеседі. Үлкен гидроэнергияның көзі болып саналатын Муррей, Маррамбиджи және Сноуи-Ривер өзендері Монаро үстіртінен басталады.

Жаңа тектоникалық ойыс Монаро Үстіртін Викторияндық Альпілерден бөліп тұр. Соңғы атаяу тек шартты түрде аталған, өйткені бұның жер бедерінен альпілік тау формасын кездестірмейміз. Сондықтан мұны Викторияндық таулар деп атаган дұрысырақ болар. Олар бөлшектенген кішігірім үстірттер мен массивтерден тұрады және ендік бағытта созылып жатыр. Рельефтің вулкандық формалары Мельбуннан батысындағы аймақта байқалады. Мұнда лава тасқыны гранитті Балларат үстіртін түгелдей қоршаған.

Жаңа Оңтүстік Уэльс тауларындағы климат-субтропикалық муссонды. Олардың солтүстік бөлігіне ( $28^{\circ}$ - $35^{\circ}$ о.е.) жауышашынның жазғы максимумы тән. Ол мұнда Оңтүстік Тынық мұхиты максимумының сыртқы батыс аймақтарынан шығыс және солтүстік-шығыс желдері арқылы келеді. Сонымен бірге қыс бұл өлкеде толықтай құрғақ емес, себебі полярлық фронттың циклондық жауын-шашындары Брисбенге дейін және одан әрі етіп тұрады. Таулы өлкенің солтүстік бөлігінде қысқы циклондық жауын-шашынның үлесі жоғары. Монаро үстіртіндегі қыс сұзық, әрі қарлы болып келеді. Қар жамылғысы шатқалдардың ық беткейлерінде (Косцюшко шыңында жыл бойы) ұзақ уақытқа дейін сақталады. Қар бұл аймаққа шығыстан сокқан күшті желдер арқылы келеді. Қөптеген ағаштардың кесілуіне қарамастан, тау беткейлері өз қалыптарын әлі күнге дейін сақтап қалған. Сиднейдің оңтүстігіне қарай орын тепкен ылғалды субтропикалық ормандар әлдеқайда ну, қалыңырақ болып келеді. Орман негізінен бадам әвкаліптісінен құралған. Кей кездерде оның биіктігі 150 метрге дейін, ал жуандығының диаметрі 10 метрге дейін жетеді еken. Солтүстік шеттен енетін ливистон пальмасы орманға өзінше бір көрік беріп тұрады.

Орманның төменгі сатысын ағашқа ұқсас қырыққұлақтар (папоротніктер) алып жатыр, бұталы өсімдіктердің де түрлері мұнда көптең кездеселі.

Орман астын құнарлылығы төмен, тасты таудың қоңыр топырағы басып жатыр. Орман массивтерін түйістіру көп жерлерде апаттық

шайылымдарға және топырақ қабатының шайылып кетуіне әкеліп соқтырды. Орманның жоғарғы шегінен (1600-2000 м) әрі қарай альпілік белдеу басталады. Мұнда тек Монаро үстірті ғана орын тепкен.

Альпілік шабындықтың өсімдік жамылғысының деншілігін құрделі түсті және «қар шөбі» (*Poa caespitosa*) құрайды, ал бұталы аршаның үлесі басқа өсімдік түрлерінен кем түспейді.

Орталық ойпат. Орталық ойпattyң бір сазды түрдегі тегістігі-таң қаларлық дүние. Ал картада белгіленетін жоталар мен таулар шын мәнінде олар тек ежелгі фундаменттің жалпақ шығынқы жерлері ғана болып табылады. Мұнда тек Флиндерс-Лофти жартасты жотасы ғана ерекше мәнге ие.

Бірқалыпты аласа жер бедері географиялық зоналылықты бөліп көрсетуді женілдетеді, алайда ендік бойынша зоналарды айыруда бірқатар қындықтар туғызады.

Климат континенталдығы мен террииторияның ылғалдылығының төмендеуі солтүстіктен, шығыстан және онтүстіктен батыстағы ішкі аудандарға қарай, әсіресе, Эйр көліне қарай бағытталған. Осы бағыт бойында саванналар мен сирек тоғайлар бірте-бірте тікенді және шөлейтті өсімдік түрлеріне ауысады.

Орталық ойпattyң қыыр солтүстігінде Карпентария жазығы орын тепкен. Жазық өте тегіс, кішігірім өзендер аңғарларымен жиі тілімделген болып келеді. Субэкваторлық муссонды климат ылғалды және қедімгі саванналардың өсіп-жетілуіне жаксы жағдай жасайды. Нөсерлі маусым кездерінде бұл аудан толығымен су астында қалып, ұзақ уақытқа дейін тарамайды.

Құрғақшылық маусымында ауық-ауық кеүіп, орындарында тек сортан қалатын көлдер де жиі кездеседі.

Селуин және Грей жоталарының арасында ежелгі фундамент си-неклизасы – Орталық бассейн орналасқан. Ол мезозой және үштік дәуірдің теңіздік және көлдік шөгінділерінен құралған.

Орталық бассейн Австралияның ең құрғақ та ыстық Эйр көлі ауданында, континенталды тропиктік климат белдеуінде орналасқан. Жылдық жауын-шашынның мөлшері 75-150 мм, жауын шашынның түсүі әр кезде әрқалай. Кей кездері бір тамшы су болмай, шаңды борандардың ұзаққа созылған кездері жиі-жиі байқалып тұрады.

Эйр көлінің онтүстігінде қарай Торренс, Гарднер және тағы да басқа қалдық тұзды көлдер көптеп кездеседі. Олар шығыс жағынан Флиндерс, Лофти жоталарымен; ал батысынан Батыс Үстірті

етегімен жиектелген. Бұл көлдер сонымен бірге тұз жамылғысымен жабылған.

Батыс устірті маңында биіктігі 200 м және жоғарыға көтерілетін Гиббер деп аталатын жазықтықтары басталады. Олардан жоғарырақ биіктікте тегіс шынды Стюарт төбелері (231м) орын тепкен. Эйр көлінен солтустікке қарай Симпсон құмды шөлі (жергілікті атауы Арунта) солтустік-солтустік-батыстан онтүстік-онтүстік-шығысқа созылып жатыр. Тізбектер 20-30 м биіктікке жетсе, ұзындығы ондаған шақырымдарға созылып жатыр.

Орталық бассейннің солтустік және солтустік-батыс бөлігін тасты “Криктер елі” алып жатыр. Бұлар Джорджины, Дайамантины және Купер-крик арналарымен қылышады. «Криктер елінің» климатының құрғақтығы Шығыс Аустралия тауларына және Селуин жотасына жақындаған сайын төмендей түседі. Жазғы жауын-шашындар мезгілінде криктер суға толып, маңайы көкке және гүлге оранады.

Орталық бассейннің жақсы ылғалданатын жерлері жайылымдыққа кеңінен пайдаланылады. Жайылымдық мал шаруашылығы үшін Үлкен Артезиан бассейннің گрунттық суларының маңызы зор.

Жер бедері нашар бөлінген Грей жотасы Орталық бассейннен Муррей-Дарлинг жазықтарын бөліп тұр. Муррей-Дарлинг жазықтары – бағзы ауыл шаруашылығы территориясы, ал онтүстігі өнеркәсіптік аймақ болып саналады. Оның ландшафтысын зерттеу барысында ол жердің өсімдік жамылғысы, топырағы және көптеген өзендер өздерінің бұрынғы қалыптарын жоғалтқанын ескеруіміз керек. Муррей-Дарлинг жазығы табиғи ландшафтысының басты ерекшеліктері оның тропикалық және субтропикалық белдеуде орналасуымен, климаттың шығыстан батысқа қарай құрғай түсуімен және жер бедері сипаттымен анықталады.

Жазықтың солтустік бөлігін Дарлинг және оның салалары ағып келіп құятын тегіс қазаншұңқыр алып жатыр. Қазаншұңқыр онтүстігінде биік емес Кобар қыратымен, ал шығысында Шығыс Аустралия тауларының бектерімен шекараласқан. Қазаншұңқырдың көтерінкі жерлеріне келіп түсетін жауын-шашынның жылдық мөлшері кейде 400 метрге дейін жетеді. Жеміс дақылдары жаз ацларының басында, сирек түсетін, бірақ күшті жауындардан кейін гүлдеп кетеді.

Қазаншұңқырды Жаңа ағылшын тауларынан басталып, таулық өзеннен демде жазықтық өзенге айналатын Дарлинг өзені дренаж-

дайды. Осының салдарынан өзен ангар ішінде бірнеше салаларға белініп, көлдерге барып құяды. Бұл көлдердің тұракты қорек көздері жоқ, құрғакшылық кездерінде өзен сулары да жете бермейді. Дарлинг өзенінің суының аздығы өзеннің орта және төменгі ағыстарының транзитті екендігімен түсіндіріледі. Ишкі ауданды ағып өту барысында Дарлинг өзеніне 150 шақырымға дейін оның ешбір саласы келіп күймайды. Өзен көлігінің жузуі тек жаздың төрт айында ғана мүмкін.

Дарлинг жазықтары оның онтүстік-батысында Муррей жазықтарымен қосылып жатыр. Муррей жазығы неогенінің соңына дейін болған теңіз шығанағының орнында жатыр. Шығанақ Муррей өзені алып келген теңіз, аллювиальді-көлді шөгінділерге толы болған.

Жазықтың солтүстік бөлігіне (Дарлинг өзенінің сағасына дейін) жауын-шашиң тұсу мөлшері аз. Жазықтықтың онтүстік бөлігінің басты геоморфологиялық элементтіне Муррей өзені анғары жатады. Дарлинг өзенінің құйылыс сағасынан төмен қарай оның жағасы тік болып келеді, бұл оның қуатты терендік эрозиясына ұшырағанын көрсетеді. Муррей су көлемі аз Александрин лагунасында аяқталады. Ол құмды төбелермен бөлшектеніп тасталынған.

Муррей өзенінің ағысы бірқалыпты емес, маусым сайын өзгеріп тұрады, бірақ Дарлинг өзенінен айырмашылығы – ағысын жыл бойы тоқтатпауында. Қазіргі кезде су ағысы бөгеттер мен су қоймалары жүйесі арқылы реттеліп отырады. Ең ірі су қоймасы – Хьюм Албериге жақын орналасқан. Су көлігі Муррей бойымен тек 1700 шақырымға дейін ғана көтеріле алады. Бірақ бұл жерде су көлігінің рөлі ұлken емес, себебі өзеннің суы аз және мұхитпен еш байланысы жоқ.

Муррей ойпатының көп бөлігі өзінің құрғактығымен сипатталады. Солтүстік-батыстан онтүстік-шығысқа қарай жауын-шашиның тұсу мөлшері өссе түседі (250-500 мм). Ландшафтының өзгеруі де осы бағытта жузеге асып отырады. Мульга-скраб атты өсімдік түрлері құрғақ аудандарда өссе, Малли-скраб ылғалды аудандарда өседі, бұл – Аустралия даласына тән қасиет.

Бұл жерде Риверина ауданын айта кеткен жөн, Муррей мен Маррамбиджи өзендерінің аралығы. Аудан рельефинде еңістіктің болмауы Муррей мен Маррамбиджи өзендерінің шағын сулы көлдерінің қалыптасуына себеп болып отыр. Муррей өзенінен онтүстікке қарай Малли-Виммер құмды жазығы жатыр. Бұл жазық пен мұхит арасын Викториан тауы бөліп жатыр.

Гайдерленд атымен белгілі ерекше ландшафттылы аудан оған солтүстік және шығыс жазықтарынан жанасатын Флиндерс-Лоф-

ти жотасын құрап түр. Гойдерлендтің ең үлкен бөлігіне жылына шамамен 500-ге жуық жауын-шашын түседі, ал Эйр және Йорк түбектерінде – 1000 мм, аяа ылғалдылығы барлық уақытта бірқалыпты. Осыған орай мұндағы тау беткейлерін жауып тұрған эвкалиптілі орман массивтері жағалау маңында аласалау жоғары сатылы өсімдіктерге аудысады.

**Батыс Аустралия.** Батыс Аустралия өзінің шөлейтті және шөлді ландшафтыларының ауқымды территорияны алып жатқандығымен ерекшеленеді. Батыс Асвтралиядығы ылғалдылықтың өсу бағыты – ішкі аудандардан солтүстікке қарай, оңтүстік-батысқа және батысқа қарай өзгереді. Соңғы жай Африка, Оңтүстік Америка құрлықтарының батыс жағалауларына қарағанда, Аустралия материгінің батыс шөлейтті ландшафттылы жағалауына таза құрлыққа тән ерекшелік береді.

Батыс Аустралияның негізгі морфологиялық бірлігіне Батыс Үстірті жатады. Оның солтүстік бөлігін Кимберли массиві және Арнемленд түбегі алып жатыр. Кимберли массивінің орташа биіктігі 600-700 м, ол тәменгі Мезозой кристалл эктастарынан, кварциттерден және кембрийге дейінгі граниттерден құралған. Орд өзенінің жоғарғы тұсында бұл тығыз жыныстар ежелгі базальтті қабатпен (Антрим үстірті) жабылған. Массив үстіртке және жоталарға (Кинг Леопард жотасы) бөлшектенген. Өзендер оларды терең антецедентті анғарларда кесіп өтеді. Төрттік дәүірде жағалау бойында тәмендеу процесі жүрген, бұл өзендердің тәменгі ағысы аймағындағы ингрессивті жағаларының пайда болуына әкеліп соққан.

Кимберли үстіртінен бастау алатын ең ірі өзен Фицрой өзені болып табылады. Оның ұзындығы сегіз жүз шақырымды құрайды. Оның оңтүстік шетіне шыға берісінде ол солтүстік-батысқа бұрылып, кең ойыс бойыменен ағып өтеді. Жазғы жаңбырлы маусымда Фицрой арнасынан асып, құрғақшылық маусымында ол кеүіп бірнеше көлшіктеге айналады. Өзен бойында және Кинг Леопард жотасының жартасты-сатылы беткейінде эвкалиптілі сирек орман шок-шоқ болып орналасқан.

Құмдақты Кимберли үстіртінің саванналық, құнарлылығы тәмен таулық қызыл топырақта тек куанышылыққа төзімді бұталар, эвкалиптілі ағаштар өседі. Антрим базальтті үстірті көріктілеу болып келген. Бұл жердің құнарлы қара топырағында қалың өсімдіктер, шөптер өскен.

Үстіртті қызып өтетін аңғарлар өзінің жартасты беткейлерімен гана емес, сонымен қатар өсімдік жамылғысының қалыңдығымен

ерекшеленеді. Кимберлидің әлдекайда ылғалды солтүстік шетінде саванналық ормандар су айырыққа қарай шығады. Ал тау беткейлері мен жағалық ойыстарды адам өтпес ормандық дебри алғып жатыр. Өзен аңғарларының саға маңы участелері мангро шөптесін өсімдіктерімен жабылған.

Архемленд түбегінің үлкен бөлігі – төменгі палеозой және бор күмдағынан құралған үстірт. Оның орташа биіктігі екі жұз елу метрден аспайды, тек батыс бөлігіндегі граниттердің шығындықтарындағы өзендерінде ғана ол аздап көтерілген, оның үстінде жүз елу метр биіктікте тегіс шынды төбелер көтерілген. Үстірттің солтүстік жағына қарай тенізге қарай құлайтын кең жазық орын тепкен. Бұл аумақтағы теңіздік жағалау линиясы қатты тілімделген.

Оңтүстігінен үстірт Дейли және Ропер түбектерінің басы өзендерінің үлкен аңғарларымен шектелген. Құрғакшылық маусымдағы өзендердің қатты кебуіне қарамастан, олардың төменгі ағысында жыл бойы су көліктері қарым-қатынас жасайды.

Солтүстігірек орналасқан Кимберли массивіне қарағанда, жаз айларында Арнемленд түбегінде әлдекайда ыстығырақ, әрі ылғалдырақ. Кимберли массивінде өсетін ағаштар, өсімдіктер Архемленд түбегінде де өседі.

Кимберли массиві мен Арнемленд түбегінен оңтүстікке қарай Батыс Аустралияның шөлді және шөлейтті ауданы созылып жатыр. Ол Батыс үстірттің ең үлкен бөлігін қамтып жатыр. Бұл жерде палеозой және мезозой шөгінділері көп жерлерде сақталып қалған. Батыс үстіртінің пенеплені бор дәүірінің соңынан олиго-миоценге дейінгі эрозиялық цикл нәтижесінде пайда болған.

Батыс үстіртінің орталық бөлігінде шөлді ландшафт, ал шеткери участелерінде шөлейттік ландшафтының үлес салмағы жоғары. Батыс үстіртінің шөлейт зонасы  $19\text{--}20^{\circ}$  оңтүстік ендікте саванналарға ауысады. Кимберли массивінен оңтүстік-батысқа қарай соғатын жазғы муссон Батыс Аустралияның сексен мильдік жағалауын ылғалдандырады. Жылдық жауын-шашынның орташа түсү мөлшері 500 мм-ге дейін.

Үстірттің батыс шетіндегі рельеф өзінің созылындық қалыпта орналасқан жайпақ шынды массивтерімен ерекшеленеді. Олардың солтүстіктерінде тізбегі Хамерсли жотасымен жалғасып жатыр. Оның солтүстігінде Брус тауы (1226 м) орын тепкен. Ол Фортескью өзенінің аңғарына жартасты беткей ретінде құлаған.

Басқа өзендердің аңғарлары массивті үлкен аңғарларда ғана кесіп өтеді. Терендік эрозиясы баюя қалыпта өтіп жатыр. Судың

өзен арнасынан асып кететін жайлары сирек жауып тұратын нөсерлерден кейін болып тұрады. Бұл жерлерде өзен арналарын бойлай әвқалиптілі ағаштар мен бұталар өсken. Сырт көзге бұл пейзаж парктік ландшафтыны еске түсіреді. Үстірттің жоғарғы жағы мульга-скрабпенен жабылған жазықтықтардан күралған.

Жағалау бойындағы шөгінді жыныстардың жиегі Солтүстік-батыс артезиан бассейні суларының жиналу орны болып табылады.

Батыс үстіртінің шығыс жағында Орталық аралдық таулар ауданын түзетін бірнеше параллельді тау тізбектері ендік бағытта созылып жатыр. Олардың ішіндегі ең маңыздылары Макдоннелл және Масгрейв таулары болып саналады. Макдоннелл таулары 400 км-ге дейін созылып жатыр, ал орташа биіктігі 1200-1400 м-ге дейін. Ол кембрийге дейінгі гнейстер мен граниттерден құралған екі солтүстік және төменгі палеозой кварцитті құмдақтарынан түзілген онтүстік бөліктерден тұрады. Финке және басқа өзендер тауларды жіңішке қолденең каньондарда қып өтеді. Қолданыстағы жалғыз ғана шатқал, оны трансаустралиялық телеграфтық линия пайдалануда, ол Todd өзенінің жоғарғы жағында Алис-Спрингсте. Орталық аралдық таулар климаты шүғыл континенталды, шөлді. Таулы аудандарға түсетең жауын-шашынның мөлшері жазықтыққа қарағанда, әлдеқайда көбірек. Сондықтан да тау беткейлерінде мульга-скраб тоғайлары және спинифекс шоқтары қалың өсken. Материктік шөлдің нақ ортасында әвқалиптілердің мезофитті және гигрофитті тұрлерімен қатар ливистон пальмалары да кездеседі.

Макдоннелл тауларынан онтүстікке қарай сортанұды ойпатта Амадеус қолі орын тепкен. Ойпаттың беткі жағында тікенекті бұталар ғана өсіп тұр.

Амадеус жазығынан кейін Батыс үстіртіндегі ең биік Масгрейв таулары (Вудрофф тауы -1515м) көтеріледі. Ол – криктермен тілімденген солтүстік беткейі жартасты гранитті тау тізбегі. Масгрейв тауларынан бастау алатын криктер өте сирек, әрі қатты жауатын жаңбырлардан кейін өзінің сүйнек тек бірнеше сағатқа дейін ғана сақтайды.

Орталық аралдық таулар мен Батыс үстіртінің Хамерсли жотасының қалдық массивтерінің ортасында бес жұз метр биіктікте Гибсон шөлі жатыр.

Гибсон шөлінің солтүстік бөлігінің көпшілігі құмды болып келеді. Бұдан солтүстікке қарай Үлкен Құмды шөл бастала-

ды. Үлкен Құмды шөл батыстан шығысқа, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан құмды дөндер тізбегінен құралған. Олардың биік жерлері он-он екі метрге жетеді. Шөл жазғы жауынменен суарылатын сексен мильдік жағалауға дейін жетіп қалады.

Батыс үстіртінің солтүстік-шығысы шөлейтті және шөлді-жазықты болып келеді.

Орталық аралдың таулардың оңтүстігінде Виктория Үлкен шөлі орналасқан. Ол Эукла синеклизасының солтүстік аймағына қарасты. Эукла синеклизасының қалыптасу кезеңі миоценге жатады. Мұнда құмдардың тізбектеліп таралуы Үлкен Құм шөліндегідей дұрыс таралмаған. Тізбектердің ұзындығы өте қысқа және олардың бір-бірінен арақашықтығы өте алшақ.

Батыс үстіртінің оңтүстік-батыс бөлігін Тұзды көлдер жазығы алып жатыр. Оның жер бедеріне көзге оңай түсетін сортанды ойпаттар тән. Ойпаттар өз кезегінде формаларының ұзындығымен ерекшеленеді. Олар оңтүстік-батысқа қарай ойыса түскен, қатты жауын-шашын кезеңдерінде суға жиі-жиі толып тұрады. Фалымдардан тұжырымдауынша, бұл көлдер плювиальді дәүірде болған өзен арналарының қалдықтары екен. Қазіргі кезде 400-ге жуық көл бар болас, олардың жартысына жуығының әрқайсысыны ауданы 1000 км<sup>2</sup>-ді құрайды. Мысалға, Кауан көлі. Тұзды көлдер жазығының климаты - құрғақ, шөлейтті. Жаңбыр тек қыста және күзде жауады, оңтүстік-батыста жылдық жауын-шашын мөлшері 500мм-ге жетеді. Жазы құрғақ, әрі ыстық, қыста бірнеше ай бойы қақаған аяз болып тұрады.

Бұл жер өзінің нашар табиғи жағдайына қарамастан, Австралия үшін маңызы өте зор. Себебі, бұл аймақ алтын көп кездесетін аудан болып есептеледі. Судың жетіспеушілігі салдағынан мұнда Суон өзенінен ұзындығы 520 шақырым болатын су құбыры тартылған еді.

Батыс үстіртінің оңтүстік шеткі аймағында Налларбор карстылы жазығы жатыр. Ол Эукла синеклизасының оңтүстік бөлігін алып жатыр. Карсталы шұңқырлардың диаметрі – 4,5 км-ге дейін, ал орташа терендігі – 7 метр. Әктастар қабатында – қалың жерасты гидрография торы жатыр. Жерасты сулары Эукла Артезиан бассейніне жатады.

Налларбор климаты шөлейтті, өсімдік жамылғысы тіптен жоқ десе де болады, топырағы құнарсыз, сұр-қоңыр және сортанды.

Батыс үстіртінің оңтүстік-батыс шетін жерортатенізі типіндегі субтропикалық ландшафтылар облысы – Суонленд алып жатыр. Суонленд полярлық фронт циклоныменен келетін жауын-шашын тұрақты түсіп тұрады. Жағалаудан алшақтаған сайын жауын-шашының жылдық түсу мөлшері 2000 мм-ден 500 мм-ге дейін азаяды.

Бұл ауданға тән өсімдіктерге қатты жапырақты эвкалиптілі ормандар, малли және мульга-скраб тогайлары жатады.

Жер бедерінде Батыс үстіртінің мұхитқа қарсы жарлары, жағалау маңы ойыстары мен жазықтары жақсы кескінделген.

Үлкен Австралия шығанағына кіретін үстірт жартасының ендік бағытындағы бөлігінде Стюарт жотасының массивті тізбегі мен Поронгорупс гранитті жотасы жақсы кескінделген. Дарлинг жотасының алдындағы жағалау маңы ойысы ең көлемдісі болып табылады.

Жағалау маңы ормандарындағы орман түзуші басты түрге қатты, әрі мықты ағашты туарт эвкалиптісі жатады. Беткей ормандары жәндіктердің құртуына жол бермейтін ярах эвкалиптісінен құралған. Жауын-шашын маусымы жұз елу күнге дейін созылатын оңтүстік беткейде негізінен биіктігі 90 метрге дейін жететін карри гигрофитті эвкалиптісі өседі. Жағалаулық жартастардан құрлыққа қарайғы бағытта климаттың континентальділігі өссе түседі: құрғактылық деңгейі артады, өзендердің кебуі мен көптеген өзен тармақтарының құрғап қалу жағдайлары жиілеп кездеседі. Осы өтпелі белдеулерде қызыл және сары топырактардың орнын жерорта теңізі типіндегі субтропикке тән қоңыр топырақ басады.

Қатты жапырақты ормандар да үстірттен әрі аспайды. Тұзды көлдер жазығына жақындаған сайын сирек орман орнын сұр-қоңыр топырақты далалық кеңістік малли-скраб тогайлары басады.

## 8.2 Мұхит аралдары

**Жаңа Зеландия** – Тынық Мұхиттың оңтүстік-батыс жағында орналасқан екі (Солтүстік және Оңтүстік деп аталатын) аралдан, сонымен қатар басқа да ұсақ аралдардан (Стюарт, Чатам) тұратын ел. Жергілікті Маори ұлты Жаңа Зеландияны Аотиароа (Ұзын Ақ Бұлт Елі) деп атайды. Жаңа Зеландия қарамағына сонымен қатар Куук аралдары Найю (өзін-өзі басқарғанымен еркін құрамында); Токелау; Росс Тәуелділігі (Жаңа Зеландияның Антартикадағы террииториясы). Халқының басым бөлігі Еуропалықтар, ал ежелгі

Маори тұрғындары ең ірі кіші ұлттардың бірі, Азиялықтар мен Маориге жатпайтын Полинезиліктер көбінесе урбанды аудандарда кездеседі. Жаңа Зеландия – Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлігіндегі екі үлкен (*Оңтүстік арал және Солтүстік арал*), бірнеше шағын (*Стьюарт, Чатем, Кермадек, Кэмпбелл, т.б.*) аралдарда орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 270,5 мың шаршы км. Бұған қоса Жаңа Зеландия Антарктиканың бір бөлігін (жалпы аумағы 414,4 мың км<sup>2</sup>) сырттай меншіктенеді. Астанасы – Веллингтон. Халқы – 4,4 млн. адам. Тұрғындардың 79,5%-ы – жаңазеландықтар (негізінен, Ұлыбританиядан шыққан еуропалықтар), 14,5%-ы – маорилер (жергілікті тұрғындар), 6%-ы – азиялықтар, полинезиялықтар, т.б. этникалық топтар. Ресми тілі – ағылшын тілі. Халқының көпшілігі христиан дінінің протестант тармағын ұстанады. Жаңа Зеландия – Британ Достастығына кіретіндікten, мемлекет басшысы Ұлыбритания королевасы болып есептеледі. Оны 5 жылға генерал-губернатор тағайындауды. Заң шығарушы органды – бір палаталы парламент. Атқарушы билік премьер-министр басқаратын үкіметтің қолында. Министрлер Кабинеті жеңіске жеткен партия мүшелерінен жасақталады. Ақша бірлігі – Жаңа Зеландия доллары. Экімшілік жағынан 10 провинцияға бөлінеді. Ұлттық мерекесі – Вайтанга күні (6 ақпан). Осы күні (1840 ж.) Ұлыбритания үкіметі мен жергілікті маори тайпалары Вайтанга өзені бойында келісімге келіп, жергілікті тайпалар, еуропалық қоныс аударушылар және Ұлыбритания біріккен корольдігі арасындағы қарым-қатынас анықталды.

**Табиғаты.** Жаңа Зеландия аралдары таулы келеді, жерінің төрттен үш бөлігі – тау, үстірт, қырат. Ең биік жері - Оңтүстік Альпідегі (*Оңтүстік арал*) Кук тауы (3756 м). Жер сілкіну, жанартау атқылау жи болады. Солтүстік аралдың орталық бөлігінде Руапеху (2796 м), Нгаурухо (2291 м), Тонгариро (2048 м) атты сөнбебеген жанартаулар бар. Климаты теңіздік, субтропиктік, қызыр оңтүстігі – қоныржай салқын. Ең жылы айдағы (қаңтар) орташа температура солтүстігінде 19°C, оңтүстігінде 14°C, шілде айында 12°C және 5°C. Жауын-шашының жылдық мөлшері батысында 2000 – 5000 мм, қалған жерлерде 400 – 700 мм. Ирі өзендері – Уаикато, Уонганум Рантитики (*Солтүстік арал*) және Клута, Тайери, Матаура (*Оңтүстік арал*). Суы мол көлдері Те-Анау, Мананаури (*Оңтүстік арал*) Таупо, Ротоудэ (*Солтүстік арал*). Жерінің 23%-ы (6,2 млн. га) – субтропиктік және жасыл орман. Жер бетінде алғаш жарапған кесірткелердің бірі геттерия (немесе тутара) осында ғана кездеседі.

**Тарихы.** Жаңа Зеландияға 10 – 14 ғасырларда Полинезиядан қазірті маорилердің арғы аталары келіп қоныстанған. Еуропалықтардан ең бірінші барған адам голландиялық теңізші Абел Тасман (1642) болды. Екінші рет 18-ғасырдың 2-жартысында ағылшын теңізшісі Джеймс Кук барып, зерттеу (1769) жүргізді. 19-ғасырда аралдарға еуропалықтар қоныс теуіп, жергілікті тұрғындарды құғынға ұшыратты. 1840 жылы Ұлыбритания өз отарына айналдырды. Алтын кендерінің ашылуына байланысты қоныстанушылар көбейіп кетті. Ел 1907 жылы доминион мәртебесіне ие болып, 1931 жылы ішкі-сиртқы дербестігі күшейтілді. 1945 жылы БҮҰ-ның мүшелігіне өтті. II дүниежүзілік соғыс жылдарында Жаңа Зеландия әскерлері Грекиядағы, Солтустік Африкадағы және Жапонияға қарсы соғыс қимылдарына қатысқан. Соғыстан кейін елдің Ұлыбританиямен саяси байланысы нашарлап, АҚШ-пен саяси және әскери ынтымағы күшейді. АҚШ жағында Корея соғысына (1950 – 53), Вьетнаммен соғысқа (1965 – 70) қатысты.

**Экономикасы.** Жаңа Зеландия – өндірісі мен ауыл шаруашылығы дамыған ел. Өнеркәсібінің негізгі салалары: тамақ, қағаз шығару, машина жасау, химия, тігін, т.б. Соғыстарды экспортқа балық шығару жедел дамып, келеді. Жаңа Зеландия ет-сүт өнімдерін өндіруден, кой өсіруден дүниежүзінде жетекші орында. Әлемдегі сүт өнімдерінің 25%-ын шығарады. Жыл сайын миллион тоннадан аса ет, 200 мың тонна жүн (Австралиядан кейін 2-орын) өндіреді. Экспортқа тауар шығарудан жан басына шаққанда Жаңа Зеландия дүниежүзінде 1-орын алады. Өндірілген өнімдердің 30%-ы экспортқа шығарылады. Олар, негізінен: ет, сүт, жүн, жеміс-жидек, балық, ағаш өнімдері. Импорттың 40%-ын машина, құрал-жабдықтар, көлік құралдары құрайды. Қалған бөлігі шикізаттар мен мұнай, химия өнімдеріне тиесілі.

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

**001. Қай мемлекетке «ұлттық қартаю» процесі тән:**

- A) Үндістан
- B)& Швеция
- C) Марокко
- D) Вьетнам
- E) Аргентина

\*\*\*\*\*

**002. Дүниежүзі халқының саны:**

- A) 8 млрд.адам
- B)& 7 млрд.адам
- C) 20 млрд.адам
- D) 4 млрд.адам
- E) 16 млрд.адам

\*\*\*\*\*

**003. Халықтың тығыздығы аса жоғары аймақты атаңыз:**

- A) Оңтүстік-шығыс Азия, Оңтүстік Америка
- B) Оңтүстік-шығыс Азия; Австралия
- C) Оңтүстік-шығыс Азия; Үндістан
- D) Арабия түбегі, Оңтүстік-батыс Азия
- E)&Шығыс және Оңтүстік шығыс Азия, АҚШ

\*\*\*\*\*

**004. Халықтың сирек қоныстанған аймақтары:**

- A) Ява аралы, Калимантан аралының солтүстігі
- B) Бразилияның оңтүстік-шығысы
- C)& Канаданың солтүстік провинциялары
- D) Шығыс Азия
- E) Үндістан түбегі

\*\*\*\*\*

**005. Дүниежүзі халқының бір шаршы шақырым ( $1 \text{ км}^2$ ) жерге  
орташа тығыздығы:**

- A)  $1 \text{ км}^2 - 10$  адамнан аз
- B)  $1 \text{ км}^2 - 23$  адам
- C)  $1 \text{ км}^2 - 30$  адам
- D)&  $1 \text{ км}^2 - 51$  адам
- E)  $1 \text{ км}^2 - 60$  адамнан аса

**006. Қазақстан бойынша халықтың бір шаршы шақырым  
(1 км<sup>2</sup>) жерге орташа тығыздығы:**

- A)& 1 км<sup>2</sup> – 6 адам
- B) 1 км<sup>2</sup> – 7 адам
- C) 1 км<sup>2</sup> – 6,3 адам
- D) 1 км<sup>2</sup> – 3 адам
- E) 1 км<sup>2</sup> – 10 адамнан аса

\*\*\*\*\*

**007. «Урбандалу» - деген сөздің мағынасы:**

- A) табиғи өсім
- B) село халқының өсуі
- C) механикалық өсім
- D)& қала халқының өсуі
- E) халықтың көші-қоны

\*\*\*\*\*

**008. Урбандалу дәрежесі аса жоғары елдер тобына:**

- A) Албания, Үндістан, Танзания
- B)& Венгрия, Ливия, Израиль
- C) Португалия, Қытай, Мавритания;
- D) Румыния, Вьетнам, Өзбекстан
- E) Ирландия, Пәкістан, Молдавия

\*\*\*\*\*

**009. Жер Шары халқының қазіргі жылдық өсімі:**

- A) 10 млн.адамға жуық
- B) &90 млн.адам
- C) 60 млн.адам
- D) 30 млн адам
- E) 120 млн.адамнан астам

\*\*\*\*\*

**010. Әлем халқының қанша пайызы (%) қала халқы:**

- A) 25%
- B) 35%
- C)& 45%
- D) 55%
- E) 65%

\*\*\*\*\*

**011. Дүниежүзінде қанша миллионер қала бар:**

- A) 50-ден астам
- B) 100-ге жуық
- C) 150 қала

D& 200-ден аса

E) 500-дей қала

\*\*\*\*\*

**012. Халқының саны 100 млн. адамға толмайтын мемлекет:**

- A) Жапония
- B) Нигерия
- C) Бангладеш
- D) Пәкістан
- E & Колумбия

\*\*\*\*\*

**013. Халықтың ұдайы өсуінің 1-типіне жататын мемлекет:**

- A) Филиппин
- B)& Жапония
- C) Тайланд
- D) Шри-Ланка
- E) Солтүстік Корея

\*\*\*\*\*

**014. Халықтың тығыздығы аса жоғары елдер тобы:**

- A)& АҚШ, Германия, Италия
- B) Жапония, Нидерланды, Бангладеш
- C) Қытай, Мексика, Нигерия
- D) Үндістан, Бразилия, Индонезия
- E) Ұлыбритания, Украина, Түркия

\*\*\*\*\*

**015. Қала халқының үлес салмағы ең аз ел тобы:**

- A) Тайланд, Австралия, ОАР
- B) Уругвай, Мадагаскар, Түркия
- C)& Непал, Сомали, Ауғаныстан
- D) Португалия, Ирак, Малайзия
- E) Венесуэла, Грекия, Туркіменстан

\*\*\*\*\*

**016. Халқының саны аса ірі ТМД елі:**

- A)& Украина
- B) Қазақстан
- C) Өзбекстан
- D) Белоруссия
- E) Әзірбайжан

\*\*\*\*\*

**017. Халқының саны 100 млн. адамнан асатын мемлекет:**

- A) Украина

B)& Нигерия

C) Египет

D)Ұлыбритания

E) Германия

\*\*\*\*\*

**018. Жер шарының қай бөлігінде ер адамдардың саны әйелдерге қарағанда анағұрлым көп?**

A) Европа

B) Африка

C)& Мұхиттық аралдар

D) Солтүстік Америка

E) Оңтүстік Америка

\*\*\*\*\*

**019. Осы ТМД елдерінің қай тобында миллионер қалалар жоқ?**

A) Белоруссия, Қырғызстан

B) Қазақстан, Тәжікстан

C) Тәжікстан, Украина

D) & Молдавия, Туркменстан

E) Әзәрбайжан, Армения

\*\*\*\*\*

**020. Қай мемлекет астанасы теңіз жағалауынан алыс орналасқан?**

A) Каракас

B) Лима

C) Сантьяго

D) Монтевидео

E)& Ла-Пас

\*\*\*\*\*

**021. Африка елдерінің қайсысының атаулары астана аттарымен сыйкес келмейді?**

A) &Эритерия

B) Тунис

C) Алжир

D) Джубути

E) Сан-Томе

\*\*\*\*\*

**022. Элемде ең көпсанды, әрі кеңінен таралған дін:**

A) Мұсылмандар

B) Индуистар

- C) Буддистер
  - D)& Христиандар
  - E) Иудейлер
- \*\*\*\*\*

**023. Әртүрлі нәсіл өкілдерінің көптең кездесетін елі:**

- A) Корея
  - B) Мексика
  - C) & АҚШ
  - D) Жапония
  - E) Пакистан
- \*\*\*\*\*

**024. Америкалық ұндістер қай нәсілдік топқа жатады?**

- A) аралас
  - B) & монголоид
  - C) негроид
  - D) әтпелі
  - E) европоид
- \*\*\*\*\*

**025. Ең ертедегі қарапайым түрдегі этникалық қауымдастық:**

- A)& туыстық қауым
  - B) ұлт
  - C) тайпа
  - D) ұлыс
  - E) мегаэтнос
- \*\*\*\*\*

**026. Әлемге кең таралған тіл:**

- A) еврей
  - B) пушту
  - C) & ағылшын
  - D) испан
  - E) корей
- \*\*\*\*\*

**027. Төмендегі түркі тілдес халықтардың қайсысы мұсылман дінін ұстанады?**

- A) якут, долғандар
  - B) хакас, шорлықтар
  - C) тува, тофалар
  - D) гагауз, алтайлықтар
  - E) & құмық, балкарлар
- \*\*\*\*\*

**028. Оқшауланған тіл:**

- A) орыс
- B) француз
- C) неміс
- D) хинди
- E) & жапон

\*\*\*\*\*

**029. Бразилияның мемлекеттік тілі:**

- A) ағылшын
- B) испан
- C) кечуа
- D) гуарани
- E)& португал

\*\*\*\*\*

**030. Француз тілі ресми мемлекеттік тіл болып табылатын елді ғана атаңыз?**

- A) Гаити
- B) Бельгия
- C) Канада
- D) & Нидерланды
- E) Камерун

\*\*\*\*\*

**031. Үнді-Европа тіл семьясына жатпайтын топты анықта.**

- A) герман
- B) кельт
- C) роман
- D) иран
- E) & угор-фин

\*\*\*\*\*

**032. Әлемдік діндерге жататыны:**

- A) иудаизм
- B) даосизм
- C)& христиан
- D) индуизм
- E) синтоизм

\*\*\*\*\*

**033. Ұлттық діндерге:**

- A) мұсылман
- B) буддизм
- C) православие

D) & синтоизм

E) католик

\*\*\*\*\*

**034. Халқы протестант дінін ұстанатын мемлекеттер:**

A) &Ұлыбритания

B) Италия

C) Эстония

D) Латвия

E) Испания

\*\*\*\*\*

**035. Мұсылман дінінің кең таралған ағымы:**

A) харджизм

B) &суннизм

C) вакхабизм

D) шиизм

E) бекташи

\*\*\*\*\*

**036. Діни фактордың әсері:**

A)& этникалық және демографиялық процестерге

B) этникалық процеске

C) этностардың арақатынасына

D) халықтардың бөлінуі

E) демографиялық ерекшеліктеріне

\*\*\*\*\*

**037. Қытайдың ұлттық дінін атағы?**

A) католик және иудаизм

B) протестант және сикхизм

C) шиит және ламаизм

D) суннит және синтоизм

E)& конфуцишілдік және даосизм

\*\*\*\*\*

**038. Миграциялық процестердің қазіргі себептері:**

A)& экономикалық

B) жаңа территорияларды игеру

C) саяси

D) діни

E) жанұя-тұрмыстық

\*\*\*\*\*

**039. Қазақстан халқының тығыздық көрсеткіші бойынша 1 км<sup>2</sup>-ге қанша адамнан келеді?**

- A) 7,0 адам
- B) 3,3 адам
- C) 8,1 адам
- D)& 5,5 адам
- E) 2,5 адам

\*\*\*\*\*

**040. ТМД елдеріндегі негізгі тіл жүйелері:**

- A) алтай, кавказ, иран
- B) үнді-европа, орал, тибет, алтай
- C) алтай, орал, кавказ, үнді-европа
- D)& үнді-европа, алтай, араб, кавказ
- E) иран, орал, кавказ, алтай

\*\*\*\*\*

**041. Атапмыш халықтардың қайсысы алтай тіл семьясына тән?**

- A)& қазак
- B)орыс
- C) тәжік
- D) армиян
- E) украин

\*\*\*\*\*

**042. ТМД елдерінің ішінде халқының табиги өсімі ең жоғарғысы:**

- A) Өзбекстан
- B) Белоруссия
- C) Түркіменстан
- D)& Тәжікстан
- E) Ресей

\*\*\*\*\*

**043. Ресей халықтарының ең көп қолданатын тіл жүйесі:**

- A) түркі
- B) кавказ
- C) орал
- D)& үнді-европа
- E) нах

\*\*\*\*\*

**044. Украинаның халқының саны қанша млн. адам?**

- A) 100 млн.адам

- B) 70 млн. адам
  - C)& 50 млн.адам
  - D) 25 млн.адам
  - E) 40 млн.адам
- \*\*\*\*\*

**045. Украина республикасы халқының қанша пайызы украиндар?**

- A) 22%
  - B) 45 %
  - C) 60 %
  - D) 67 %
  - E)& 73 %
- \*\*\*\*\*

**046. Қазақстан халқының орта жасының ұзақтығы қанша?**

- A) 57,2 жас
  - B) 48,15 жас
  - C)& 66,18 жас
  - D) 75,0 жас
  - E) 80,2 жас
- \*\*\*\*\*

**047. Мына елдердің қайсысы ергежейлі мемлекетке жатады?**

- A) Аргентина
  - B)& Лихтенштейн
  - C) Греция
  - D) Швеция
  - E) Литва
- \*\*\*\*\*

**048. Европадағы ергежейлі мемлекет:**

- A) Дания
  - B) Чехия
  - C)& Сан-Марино
  - D) Италия
  - E) Ирландия
- \*\*\*\*\*

**049. Ең алғашқы және ең қарапайым этникалық бірлестік:**

- A) ұлт
- B) ұлыс
- C)& тайпа
- D) ру
- E) мемлекет

\*\*\*\*\*

**050. Әлемдегі халықтың осу қарқыны ең жоғары елді ата:**

- A) Қазақстан;
- B) Албания
- C)& Нигерия
- D) Жаңа Зеландия
- E) Уругвай

\*\*\*\*\*

**051. Дүниежүзі халқының жартысынан астамы қандай биіктік белдеуде орналасқан?**

- A)& 200 м дейін
- B) 200-500 м аралығында
- C) 500-1000 м аралығында
- D) 1000-2000 м аралығында
- E) 2000 м жоғары

\*\*\*\*\*

**052. Төмендегі Шығыс Азия мемлекеттерінің ішіндегі қайсысында халықтың тығыздығы аса жоғары?**

- A) Қытай
- B) Жапония
- C) Монголия
- D) Солтүстік Корея
- E)& Оңтүстік Корея

\*\*\*\*\*

**053. Төмендегі Орта Азия мемлекеттерінің ішіндегі қайсысында халықтың тығыздығы өте төмен?**

- A) & Қазақстан
- B) Қырғызстан
- C) Тәжікстан
- D) Түркменстан
- E) Өзбекстан

\*\*\*\*\*

**054. Әлемде қанша тіл семьялары бар?**

- A) 15
- B) & 14
- C) 20
- D) 16
- E) 10

\*\*\*\*\*

**055. Конфуция қандай мемлекеттің жергілікті діні болып табылады?**

- A) Жапония
- B) Вьетнам
- C) Лаос
- D) & Қытай
- E) Оңтүстік Корея

\*\*\*\*\*

**056. Латын Америка елдеріндегі аралас нәсілдер типтері:**

- A) европоид, монголоид, судандық
- B) монголоид, ефиоптық, веддоидтық
- C) & мулат, самбо, метис
- D) самбо, мулат, негроидтық
- E) метис, веддоидтық, тибеттік

\*\*\*\*\*

**057. Табиғи өсім жылына 16 млн. адамды құрайтын мемлекет:**

- A) Қытай
- B) & Үндістан
- C) Нигерия
- D) Пәкістан
- E) Бангладеш

\*\*\*\*\*

**058. Дүниежүзі бойынша ең ірі мешіт – «Әль-Мальвия» қай мемлекетте?**

- A) & Ирак
- B) Индонезия
- C) Израиль
- D) Иран
- E) Турция

\*\*\*\*\*

**059. БҰҰ болжамы бойынша XXI ғасырдың 2013 жылы әлемдегі халық саны:**

- A) 8 млрд.адам
- B) 11 млрд.адам
- C) 7,6 млрд.адам
- D)& 7 млрд.адам
- E) 6,9 млрд адам

\*\*\*\*\*

**060. Қазіргі Германияның астанасы Берлин қай жылдан бастап астана статусына ие болды?**

- A) 1945 жыл
- B)& 1991 жыл
- C) 1957 жыл
- D) 1963 жыл
- E) 2000 жыл

\*\*\*\*\*

**061. Канаданы мекендеңен жергілікті үнді тайпалары:**

- A) аборигендер, эскимостар
- B) инктер, маялар, ирокездер
- C)& гурон, ирокез, алконкиндер
- D) бушмендер, пигмейлер, папуастар
- E) ирокездер, папуастар, готтентоттар

\*\*\*\*\*

**062. Жапондардың ежелгі діні қалай аталады?**

- A) даоизм
- B) иудаизм
- C) индуизм
- D) ламаизм
- E)& синтоизм

\*\*\*\*\*

**063. Германиядағы негізгі ірі агломерация тізбегі қандай өзеннің бойында орналасқан?**

- A) Висла
- B) Рур
- C) Липпе
- D)& Рейн
- E) Дунай

\*\*\*\*\*

**064. Әлем халқының 22 пайызы сөйletін тіл семьясы:**

- A) үндіевропалық
- B) &қытай-тибеттік
- C) алтайлық
- D) нигер-кардофандық
- E) афроазиялық

\*\*\*\*\*

**065. «Милионер» - агломерациялар саны 144 қаланы құрайтын әлем бөлігін ата?**

- A) Африка

- B) Европа
  - C)& Азия
  - D) Солтүстік Америка
  - E) Австралия
- \*\*\*\*\*

**066. Дүниежүзі бойынша урбандалу дәрежесі 100 пайызға тең азиялық мемлекет:**

- A) Непал
  - B) Кувейт
  - C) Оңтүстік Корея
  - D) &Сингапур
  - E) Индонезия
- \*\*\*\*\*

**067. «Этногенез» ілімін дамытуға үлес қосқан көрнекті орыс ғалымы:**

- A)&Л. Н. Гумилев
  - B) Н. Н. Вавилов
  - C) Е. Л. Шувалов
  - D) Ч. Дарвин
  - E) К. Линней
- \*\*\*\*\*

**068. Қара насыл өкілдерінің ұндістермен некелесуінен пайда болған өкілдер:**

- A) метистер
  - B)& самболар
  - C) мулаттар
  - D) эфиоптар
  - E) негрлер
- \*\*\*\*\*

**069. Бразилия халқының 22% құрайтын насыл тобы:**

- A)& мулаттар
  - B) метистер
  - C) самболар
  - D) европалықтар
  - E) негроидтар
- \*\*\*\*\*

**070. Қара насыл өкілдерінің ақ насылмен некелесуінен пайда болған өкілдер:**

- A) метистер
- B) самболар

C)&мұлattaр

D) эфиоптар

E) негрлер

\*\*\*\*\*

**071. Қай халық экваторлық нәсілге жатады?**

A) явалықтар

B) мадурлықтар

C) малайлар

D)&папуастар

E) филипиндер

\*\*\*\*\*

**072. Папуа-Жаңа Гвинея халықтарын зерттеген орыс ғалымы:**

A) П. П. Тянь-Шанский

B)& Н. Миклуха-Маклай

C) А. В. Вернадский

D) Н. М. Пржевальский

E) Н. А. Гвоздецкий

\*\*\*\*\*

**073. Молдовандар қай тіл тобына жатады?**

A) славян

B)& роман

C) герман

D) балтық

E) кельт

\*\*\*\*\*

**074. Осетиндер қай тіл тобына жатады?**

A) кельт

B) роман

C) герман

D) түркі

E)& иран

\*\*\*\*\*

**075. Якуттар қай тіл тобына жатады?**

A) монгол

B) тунгус-манчжур

C) иран

D)& түркі

E) угор

\*\*\*\*\*

**076. Еңбек ресурстары деп:**

- A)& еңбекке қабілетті жастағы адамдар
- B) мүгедектер мен зейнеткерлер
- C) жасөспірім мен зейнеткерлер
- D) жұмыс істейтін зейнеткерлер мен жасөспірімдер
- E) әскер қатарындағылар мен окушы жастар

\*\*\*\*\*

**077. Экономикалық белсенді халыққа кімдер жатады?**

- A) зейнеткерлер
- B) жұмыссыздар
- C) үй шаруасындағылар
- D)& қоғамдық пайдалы еңбектегілер
- E) кәсіпкерлер

\*\*\*\*\*

**078. Африка халқы қай наследие жатады:**

- A) экваторлық
- B) экваторлық және монголодтық
- C)& экваторлық, монголоид және европеид
- D) монголоид және европеид
- E) экваторлық және европеид

\*\*\*\*\*

**079. Латын Америкасындағы басым дін өкілдері:**

- A)& католиктер
- B) протестанттар
- C) православтар
- D) сунниттер
- E) мұсылмандар

\*\*\*\*\*

**080. Будда дін өкілдері басым мемлекет:**

- A) Индонезия
- B) Таиланд;
- C) Мьянма
- D) Үндістан
- E) &Вьетнам

\*\*\*\*\*

**081. Еуропадағы ең халқы көп мемлекет:**

- A) Швеция
- B)& Нидерланды
- C) Венгрия
- D) Финляндия

Е) Дания

\*\*\*\*\*

**082. Миллионер - қалаларды ата:**

А) Каракас, Минск, Хельсинки

В) Рига, Токио, Каир

С) Нью-Йорк, Женева, Шанхай

Д)&Рио-де-Жанейро, Сидней, Вена

Е) Сеул, Киев, Прага

\*\*\*\*\*

**083. Ирландия халқының басым бөлігі қандай дінді ұстанады?**

А) православие

Б)& католик

С) буддизм

Д) иудаизм

Е) протестант

\*\*\*\*\*

**084. Реторомандық тіл төмөндеғі қай елдің мемлекеттік тілі болып саналады:**

А) Италияның

В) Португалияның

С)&Швейцарияның

Д) Польшаның

Е) Грецияның

\*\*\*\*\*

**085. Ер адамдардың саны ең көп мемлекет:**

А) АҚШ

В) Германия

С) Жапония

Д) &Кытай

Е) Ресей

\*\*\*\*\*

**086. Қай мемлекет халқының 1/3 бөлігін балалар, ал 1/20 бөлігін зейнеткерлер құрайды:**

А) Канада

В) Уругвай

С) Болгария

Д) Германия

Е)&Кувейт

\*\*\*\*\*

**087. Нәсілдік құрамы күрделі елді ата:**

- A) Қытай
- B)&Бразилия
- C) Жапония
- D) Нигерия
- E) Египет

\*\*\*\*\*

**088. Бразилиялықтар қай тілде сөйлейді?**

- A)& португал
- B) француз
- C) испан
- D) ағылшын
- E) итальян

\*\*\*\*\*

**089. Латын Америкасындагы таулы жерде орналасқан мемлекет:**

- A) Мексика
- B)&Перу
- C) Боливия
- D) Куба
- E) Аргентина

\*\*\*\*\*

**090. Латын Америкасындағы мемлекеттік билікті португал тілінде жүргізетін елді ата:**

- A) Аргентина
- B) Чили
- C) Венесуэла
- D)& Бразилия
- E) Эвадор

\*\*\*\*\*

**091. Қазақстанның ірі қала агломерациясы:**

- A) Астана
- B) Павлодар
- C) Алматы
- D) Шымкент
- E)& Қарағанды

\*\*\*\*\*

**092. Үндістандағы урбандалу дәрежесі қанша пайызды құрайды?**

- A) 50%

- B) 15%
- C) 70%
- D)& 26%
- E) 37 %

\*\*\*\*\*

**093. Латын Америкасы елдеріндегі үндістердің үлесі жоғары мемлекетті ата:**

- A)&Боливия
- B) Бразилия
- C) Гватемала
- D) Мексика
- E) Куба

\*\*\*\*\*

**094. Қай елде ең көп шетел жұмысшылары «гастарбайтерлер» жұмыс істейді?**

- A) Ұлыбритания
- B) Италия
- C) Испания
- D)& Германия
- E) Швеция

\*\*\*\*\*

**095. Азиялық мемлекеттердегі экономикалық белсенді халықтың басым белгі қайда жұмыс істейді?**

- A) өнеркәсіпте
- B)& ауыл шаруашылығында
- C) өндірістік емес салада
- D) ауыл шаруашылығы мен өндірістік емес салада
- E) кәсіпкерлікте

\*\*\*\*\*

**096. Зейнеткерлердің «қар белдеуінен» «кун белдеуіне» көшуі қай елде байқалады?**

- A) &АҚШ
- B) Канада
- C) Германия
- D) Норвегия
- E) Дания

\*\*\*\*\*

**097. Халқының саны ең көп АҚШ-тың штаты:**

- A) Флорида
- B)& Калифорния

С) Пенсильвания

Д) Нью-Йорк

Е) Техас

\*\*\*\*\*

**098. Әлемге әйгілі Тәж-Махал мавзолейің қай қалада орналасқан?**

А) Бомбей

В) Дели

С)&Агра

Д) Калькутта

Е) Мадрас

\*\*\*\*\*

**099. Қазіргі уақытта еңбек иммигранттарының елдері**

А) &Австралия, Аргентина, ОАР

В) Йемен, Сауд Аравиясы, Оман

С) Алжир, Ливия, Египет

Д) АҚШ, Жапония; Үндістан

Е) Германия, Франция, Грекция

\*\*\*\*\*

**100. Қытайдың ірі қаласын ата:**

А) Пекин

Б) Тяньцзинь

С)& Шанхай

Д) Аомынъ

Е) Ухань

\*\*\*\*\*

**101. Әлемге кең тараған тіл:**

А) Еврей

Б) Түрік

С)& Ағылшын

Д) Испан

Е) Корей

\*\*\*\*\*

**102. Мұсылман дінінің кең таралған ағымы:**

А) Харджизм

Б)& Суннизм

С) Вакхабизм

Д) Шиизм

Е) Бекташи

\*\*\*\*\*

**103. Ерлер мен әйелдер санының салыстырмалы құрылымы:**

- A) Жастық құрылым
- B) Демографиялық құрылым
- C) Жыныстық-жастық құрылым
- D) Әлеуметтік-демографиялық құрылым
- E)& Жыныстық құрылымы.

\*\*\*\*\*

**104. Өнеркәсіп салаларының орналасу факторларын көрсет:**

- A) Тұсті металлургия – отын көзіне
- B) Машина жасау – шикізатқа
- C) Қара металлургия – тұтынушыға
- D) Тоқыма өнеркәсібі – энергетикалық ресурстарға
- E)& Көмір өнеркәсібі – отын шикізатына

\*\*\*\*\*

**105. Миграциялық процестердің қазіргі себептері:**

- A)& Экономикалық
- B) Жаңа территорияларды игеру
- C) Саяси
- D) Діни
- E) Жанұя-тұрмыстық

\*\*\*\*\*

**106. Халықтың ең ұзақ орта жасы байқалатын мемлекеттер:**

- A) Қытай
- B) Ресей
- C)& Жапония
- D) Сауд Арабиясы
- E) Малайзия

\*\*\*\*\*

**107. Мемлекеттердің жіктеуде қайсысы дамыған елдер тобына кіреді?**

- A)& АҚШ, Жапония
- B) Қытай, Қазақстан
- C) Қырғыстан, Ресей
- D) Аргентина, Куба
- E) Словакия, Үндістан

\*\*\*\*\*

**108. Халықаралық еңбек бөлінісінің басты формалары.**

- A)& Сыртқы сауда, экспорт, патент сату, ғылыми-техникалық
- B) Ұнтымақтастық, халықаралық туризм
- C) Сауда, кеме қатынасы, құрылыш

D) Кредит беру, импорт, сауда

E) Еңбек күш ауысу, туризм

\*\*\*\*\*

**109. Адамдардың өз елінен басқа елге көшүі.**

A) Миграция

B) Урбанизация

C)& Эмиграция

D) Иммиграция

E) Кері миграция

\*\*\*\*\*

**110. Халықаралық саудада қабылданған алтынның өлшемі.**

A) Баррель.

B) Тонна.

C)& Карат.

D) Грам.

E) Унция.

\*\*\*\*\*

**111. Адамға ең көп тاماқ энергиясын беретін дақылдар.**

A) Тары, бұршақ

B) Соя, қарамық

C) Арпа, сұлбы

D) Құнбағыс, картоп

E)& Бидай, куріш, жүгері

\*\*\*\*\*

**112. Дүниежүзінің саяси құрылышының алғашқы элементі:**

A)& Мемлекеттің территориясы

B) Халықаралық үйымдар

C) Мемлекеттік құрылыш

D) Территориялық сулары

E) Экономикалық кеңестік

\*\*\*\*\*

**113. Мемлекеттерді типке бөлудегі негізгі көрсеткіштер:**

A) Жалпы ішкі өнім, әлеуметтік қызымет

B)& Жалпы ішкі өнім жан басына шаққанда, дәрігерлік қызметпен қамтамасыз етілу дәрежесі, халықтың сауаттылығы

C) Халық жасының ұзақтығы, сауаттылық дәрежесі

D) Адамның даму индексі

E) Білімді алу дәрежесі

\*\*\*\*\*

**114. Еңбек бөлісінің қарапайым формасын көрсет:**

- A)& Жыныстық-жастық топтардағы еңбек бөлінісі
- B) Егіншілік пен қолөнер арасындағы еңбек бөлінісі
- C) Географиялық еңбек бөлінісі
- D) Халықаралық еңбек бөлінісі
- E) Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы еңбек бөлінісі

\*\*\*\*\*

**115. ОПЕК дегеніміз.**

- A) Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы
- B) Латын Америкасы мемлекеттерінң экономикалық қауымдастыры
- C) Ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттайтын елдер ұйымы
- D)& Мұнайды экспорттайтын елдер
- E) Атом энергетикасы бойынша халықаралық агенттік

\*\*\*\*\*

**116. Тоқыма өнеркәсібінің тарихи қалыптасқан мемлекеті:**

- A)& Ұлыбритания
- B) Қытай
- C) Өзбекстан
- D) Польша
- E) Австралия

\*\*\*\*\*

**117. Әлемде ең кең таралған дін:**

- A) Ислам
- B) Будда
- C)& Христиан
- D) Католик
- E) Иуда

\*\*\*\*\*

**118. Жаңа энергия көздері:**

- A) Қағаз, ағаш
- B) Өсімдік майы, мұнай
- C) Спирт, жер
- D) Көмір, газ
- E)& Жел, мұхит және жер энергиялары

\*\*\*\*\*

**119. Қытайдың жер көлемі үлкен провинциясы.**

- A) Тибет
- B)& Синьцзянъ-Үйгыр
- C) Ішкі Монголия
- D) Сычуань

Е) Гансу

\*\*\*\*\*

**120. Дүниежүзінің ең көп ұлтты мемлекеті**

А) АҚШ

В) Испания

С) Қытай

Д) &Үндістан

Е) Франция

\*\*\*\*\*

**121. Жапония өнеркәсібінің негізі.**

А) Ағаш өнеркәсібі.

Б) Тамақ өнеркәсібі.

С) &Машина жасау.

Д) Женіл өнеркәсібі.

Е) Фарыштық техника.

\*\*\*\*\*

**122. Азия елдеріндегі экологиясы ең таза мемлекет.**

А) Турция

В) Индонезия

С) Бангладеш

Д) &Сингапур

Е) Таиланд

\*\*\*\*\*

**123. Қытайдың ең ірі өнеркәсіп орталығы.**

А)& Шанхай

В) Ухань

С) Пекин

Д) Хорбин

Е) Даляян

\*\*\*\*\*

**124. Эр-Рияд қай елдің астанасы.**

А) Иордания

Б)&Сауд Арабиясы

С) Турция

Д) Сирия

Е) Йемен

\*\*\*\*\*

**125. «Дирхам» қай елдің ақша бірлігі.**

А) Катар

Б)&БАӘ

- C) Кувейт
- D) Ирак
- E) Бахрейн

\*\*\*\*\*

**126. Аарат тауы қай елде орналасқан?**

- A) Ауғанстан
- B) Сирия
- C) Иран
- D) Ирак
- E)&Түркия

\*\*\*\*\*

**127. Доха қай елдің астанасы?**

- A) Иран
- B) Бахрейн
- C) Йемен
- D) Сирия
- E)& Катар

\*\*\*\*\*

**128. «Шекель» қай елдің ақша бірлігі?**

- A) Сирия
- B) Иран
- C)&Израиль
- D) Ирак
- E) Иордания

\*\*\*\*\*

**129. «Мале» қай елдің астанасы?**

- A)&Мальдив
- B) Шри-Ланка
- C) Бутан
- D) Жапония
- E) Қытай

\*\*\*\*\*

**130. Шетелдік Азиядағы экологиясы ең таза мемлекет.**

- A) Бангладеш
- B)&Сингапур
- C) Турция
- D) Индонезия
- E) Тайланд

\*\*\*\*\*

**131. Монархиялы елдер.**

- A) Бангладеш
  - B) Пакистан
  - C) Индия
  - D) Шри-Ланка
  - E)& Непал, Бутан
- \*\*\*\*\*

**132. «Така» қай елдің ақша бірлігі.**

- A) Шри-Ланка
  - B) Непал
  - C)&Бангладеш.
  - D) Мальдив
  - E) Бутан
- \*\*\*\*\*

**133. Монарх басқаратын қандай ел?**

- A) Қытай
  - B) Монголия
  - C)&Жапония
  - D) Монголия
  - E) Оңтүстік Корея
- \*\*\*\*\*

**134. «Тугрик» қай елдің ақша бірлігі?**

- A)&Монголия
  - B) Жапония
  - C) Қытай
  - D) Оңтүстік Корея
  - E) Солтүстік Корея
- \*\*\*\*\*

**135. Тенізге шығар жолы жоқ ел**

- A) Қытай
  - B) Жапония
  - C) Түркия
  - D)&Лаос
  - E) Сингапур
- \*\*\*\*\*

**136. Фудзияма вулканы қай елде орналасқан?**

- A)& Жапония
- B) Қытай
- C) Үндістан
- D) Түркия

Е) Иран

\*\*\*\*\*

137. «Абсолюттік» монархиялы ел

- A) Вьетнам
- B) Филиппин
- C) Лаос
- D) Мьянма
- E)&Бруней

\*\*\*\*\*

138. Куала – Лумпур қай елдің астанасы?

- A) Индонезия
- B)&Малайзия
- C) Сингапур
- D) Филиппин
- E) Бруней

\*\*\*\*\*

139. Камбоджаның мемлекеттік тілі.

- A) Пимепино
- B) Тамиль
- C) Малай
- D)& Кхмер
- E) Вьетнам

\*\*\*\*\*

140. Вьентьян қай елдің астанасы?

- A) Мьянма
- B)&Лаос
- C) Камбоджа
- D) Таиланд
- E) Вьетнам

\*\*\*\*\*

141. Манат қай елдің ақша бірлігі?

- A)& Туркменстан
- B) Қыргызстан
- C) Өзбекстан
- D) Тәжікстан
- E) Қазақстан

\*\*\*\*\*

142. Непал мемлекетінің астанасы

- A) Сеул
- B) Сянган

C)& Катманду

D) Бангкок

E) Эр-Рияд

\*\*\*\*\*

**143. Оңтүстік-Батыс Азия аймағының құрамы**

A) Кувейт, Оман, Индия

B) Йемен, Непал, Бутан

C) Сирия, Иран, Үндістан

D)& Пакистан, Сирия, Иран

E) Түркія, Йемен, Таїланд

\*\*\*\*\*

**144. Оңтүстік Азия елдері:**

A)& Үндістан, Непал, Бутан

B) Пакистан, Ирак, Ауғанстан

C) Шри-Ланка, Мальдив, Ливан

D) Кипр, Кувейт, Непал

E) Непал, Бутан, Сингапур

\*\*\*\*\*

**145. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері.**

A) Непал, Бутан

B) Сингапур, Мальдив

C) Малайзия, Кувейт

D) Иран, Ирак

E)& Лаос, Вьетнам

\*\*\*\*\*

**146. Орталық және Шығыс Азия елдері.**

A) Корея, Сингапур

B)& Қытай, Жапония

C) Непал, Пакистан

D) Индонезия, Таїланд

E) Корея, Ауғанстан

\*\*\*\*\*

**147. Бандар-Сери-Бегаван қай елдің астанасы?**

A) Шри-Ланка

B) Непал

C)& Бруней

D) Бутан

E) Катар

\*\*\*\*\*

**148. Аннам тауы қайда орналасқан?**

- A)&Вьетнам
- B) Бутан
- C) Тайланд
- D) Сингапур
- E) Қытай

\*\*\*\*\*

**149. Демавенд тауы қай елде орналасқан?**

- A) Лаос
- B) Тайланд
- C) Иордания
- D)&Иран
- E) Молдавия

\*\*\*\*\*

**150. Никосия қай елдің астанасы?**

- A) Шри-Ланка
- B) Непал
- C) Бутан
- D)&Кипр
- E) Крит

**151. “Жаңа индустримальды елдер” тобына жататын елдер.**

- A) Жапония, Корея
- B) Австралия, Индонезия
- C) &Сингапур, Тайвань
- D) Лаос, Вьетнам
- E) Қытай, Қазақстан

\*\*\*\*\*

**152. Қазақстан-Ресей арасындағы «Байқоңырды бірлесе пайдалану» келісімі қай жылы жасалды?**

- A) 1950 ж.
- B) 1961 ж.
- C) 1971 ж.
- D) &1991 ж.
- E) 1994 ж

\*\*\*\*\*

**153. Әлемдегі ең биік таулы астана.**

- A) Мехико
- B) Рим
- C) Тегеран

D) &Ла-Пас

E) Бишкек

\*\*\*\*\*

**154. Экономикасы жоғары дамыған аймақ:**

A) &Батыс Европа

B) Оңтүстік Азия

C) Латын Америка

D) Африка

E) Орталық Азия

\*\*\*\*\*

**155. Жапонияның валютасы:**

A) Крона

B) Марка

C) Доллар

D) Фунт стерлинг

E) &Иенъ

\*\*\*\*\*

**156. Еуразия материгінің екі дүние бөлігінде орналасқан түркі мемлекеті:**

A) Қазақстан мен Қыргызстан

B) &Қазақстан мен Түркия

C) Түркия мен Әзербайжан

D) Түркияның өзі ғана

E) Ондай ел жоқ

\*\*\*\*\*

**157. Мемлекеттің жоғары экономикалық және әлеуметтік деңгейінің сипаты.**

A) Халық саны

B) Ұлттық табысқа

C) &Жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы үлесі

D) Ақпарат құраладарының саны

E) Еңбекақы мөлшеріне

\*\*\*\*\*

**158. Дүниежүзі халқының қазіргі саны.**

A) 5 млрд. шамасында

B) 6 млрд. астам

C) &7 млрд.

D) 10 млрд.

E) 3,5 млрд.

\*\*\*\*\*

**159. МАГАТЭ қандай үйым?**

- A) Халықаралық валюта қоры
- B) Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйимы
- C) &Халықаралық атом энергиясы агенттігі
- D) Халықаралық енбек үйимы.
- E) Діни үйим

\*\*\*\*\*

**160. “Европалық одак” қандай үйим?**

- A) Әскери-саяси
- B) Мәдени-ағарту
- C) &Экономикалық
- D) Діни
- E) Экологияны қорғау

\*\*\*\*\*

**161. ОПЕК-ке мүшесінде елдер**

- A) АҚШ, Аргентина, Бразилия
- B) Эквадор, Алжир, Индонезия
- C) Пакистан, Иран, Монголия
- D) Кувейт, Чили, Турция
- E) &Сауд Арабиясы, Венесуэла, Кувейт

\*\*\*\*\*

**162. Қалпына келмейтін табиғат ресурстарын көрсет:**

- A) &отын, рудалы
- B) орман, су
- C) гидроэнергетикалық
- D) топырақ
- E) жер, рудалы емес

\*\*\*\*\*

**163. Қазақстан БҰҰ-ға қашан мүшесі болып кірді:**

- A) 21 желтоқсан 1991 жылы
- B) 30 тамыз 1995 жылы
- C) 25 қазан 1991 жылы
- D) 16 желтоқсан 1986 жылы
- E) &2 наурыз 1992 жылы

**164. Жапония орналасқан ірі аралдар:**

- A) Фиджи, Тайвань, Шри-Ланка, Ванкувер
- B) Сахалин, Кариб, Галапогос, Куба
- C) Тяньцзинь, Ухань, Шенъянь, Гуанчжоу
- D) &Хонсю, Кюсю, Хоккайдо, Сикоку

E) Вонсан, Кэсон, Чхонджин, Чеджудо

\*\*\*\*\*

**165. Жапониядағы негізгі ұлттан өзге ұлт өкілдері:**

- A) үнділер, гректер, сербтер
- B) француздар, ағылшындар, немістер
- C) &корейлер, қытайлар, айндар
- D) малайлықтар, қытайлар, тибеттіктер
- E) түріктер, ағылшындар, испандар

\*\*\*\*\*

**166. ОПЕК дегеніміз:**

- A) Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы
- B) Латын Америкасы мемлекеттерінің экономикалық қауым-дастығы
- C) Ауылшаруашылық өнімдерін экспорттайтын елдер ұйымы
- D) & Мұнайды экспорттайтын елдер ұйымы
- E) Атом энергетикасы бойынша халықаралық агенттік

\*\*\*\*\*

**167. Канаданың мемлекеттік тілдері:**

- A) испан, француз
- B) ағылшын, неміс
- C) португал, испан
- D) грек, ретороман
- E) & ағылшын, француз

\*\*\*\*\*

**168. Жер көлемі мен халқының саны бойынша ең шағын ел:**

- A) Қыргызстан
- B) &Ватикан
- C) Армения
- D) Гонконг
- E) Катар

\*\*\*\*\*

**169. Дамыған елдердегі өнеркәсіптің жетекші саласы:**

- A) Металлургия
- B) Тоқыма
- C) Тамак
- D) &Машина жасау
- E) Көмір

\*\*\*\*\*

**170. Үлкен жетілік құрамына кірмейтін ел.**

- A) АҚШ

В) &Аргентина

С) Канада

Д) Жапония

Е) Италия

\*\*\*\*\*

**171. Европаның Жерорта теңізімен шектескен аймағы.**

А) Солтүстік

Б) Орта

С) &Оңтүстік

Д) Батыс

Е) Артта қалған аймақ жок

\*\*\*\*\*

**172. Канаданың астанасы.**

А) &Оттава

Б) Осло

С) Прага

Д) Гаага

Е) Марсель

\*\*\*\*\*

**173. Австралияның астанасы.**

А) Сидней

Б) &Канберра

С) Хельсинки

Д) Кито

Е) Пекин

**174. «Үлкен жетілік» тобындағы елдер:**

А) &Ұлыбритания, АҚШ, Канада

Б) Ресей, Қытай, АҚШ

С) Үндістан, Италия, Франция

Д) Германия, Жапония, Аргентина

Е) АҚШ, Ресей, Жапония

\*\*\*\*\*

**175. Канаданың туында бейнеленген**

А) Қарагай жапырағы

Б) Емен жапырағы

С) &Үйеңкі жапырағы

Д) Самырсын жапырағы

Е) Қайың жапырағы

\*\*\*\*\*

**176. Жаңа Зеландияға жататын елдер тобы.**

- A) &“Коныс аударушы капитализм” елдері
- B) Артта қалған елдер
- C) “Үлкен жетілік” елдері
- D) Дамуши елдер
- E) Азия жобарыстары

\*\*\*\*\*

**177. Дамуши елдердің көш басында тұрған елдер:**

- A) Ресей, Қазақстан
- B) Украина, Болгария
- C) Катар, Бруней
- D) Шри-Ланка, Судан
- E) &Қытай, Үндістан

\*\*\*\*\*

**178. Ақ Ніл мен Кек Нілдің қосылған жері:**

- A) Каир
- B) &Хартум
- C) Александрия
- D) Алжир
- E) Триполи

\*\*\*\*\*

**179. Халқының саны жөнінен алғашқы орында тұрған елдер.**

- A) Ресей, Канада, АҚШ
- B) Қытай, Сауд Арабиясы, Үндістан
- C) Индонезия, Судан, Аргентина
- D) & Үндістан, АҚШ, Қытай
- E) Бразилия, Қытай, Мексика

\*\*\*\*\*

**180. Император басқаратын монархиялы ел.**

- A) Тайланд
- B) Бельгия
- C) &Жапония
- D) Тонга
- E) Ұлыбритания

\*\*\*\*\*

**181. Бангладеш Республикасының астанасы.**

- A) &Дакка
- B) Бангкок
- C) Мумбай
- D) Шанхай

Е) Кашмир

\*\*\*\*\*

**182. Ауғанстан Иранмен шекаралас:**

- A) Шығыс бөлігінде
- B) Оңтүстікте
- C) &Батыста
- D) Шығыста
- E) Оңтүстік Шығыста

\*\*\*\*\*

**183. АҚШ-тың негізгі бөлігінен қашықта жатқан аумағы.**

- A) Шпицберген аралдары
- B) Гайти аралдары
- C) Гудзон шығанағы
- D) Үнді Қытай түбегі
- E) &Гавай аралдары

\*\*\*\*\*

**184. Ресей Федерациясының жартылай анклавтық жер аумағы.**

- A) Түмен облысы
- B) Орынбор губерниясы
- C) &Калининград облысы
- D) Алтай өлкесі
- E) Орал аймағы

\*\*\*\*\*

**185. Оңтүстік Африка Республикасының астанасы:**

- A) Кейптаун
- B) &Претория
- C) Йоханнесбург
- D) Дурбан
- E) Порт-Элизабет

\*\*\*\*\*

**186. ТМД құрамына 2009 жылдың тамыз айынан бері кірмейтін ел.**

- A) Армения
- B) Белорус
- C) Украина
- D) Өзбекстан
- E) &Грузия

\*\*\*\*\*

**187. Мемлекеттің астанасы Хельсинки қаласы.**

- A) Норвегия

- В) Австрия
  - С) Швеция
  - Д) Швейцария
  - Е) &Финляндия
- \*\*\*\*\*

**188. Пиреней түбегінде орналасқан мемлекет.**

- А) Эстония
  - Б) & Португалия
  - С) Шри-Ланка
  - Д) Греция
  - Е) Фиджи
- \*\*\*\*\*

**189. Жаңа индустриялы тобындағы елдер:**

- А) &Корея Республикасы, Сингапур, Сянган
  - Б) Ресей, Қытай, АҚШ
  - С) Үндістан, Италия, Франция
  - Д) Германия, Жапония, Аргентина
  - Е) АҚШ, Ресей, Жапония
- \*\*\*\*\*

**190. Мұнай өнеркәсібі жақсы дамыған ел:**

- А) Мозамбик
  - Б) Қырғызстан
  - С) Корея
  - Д) Литва
  - Е) &Кувейт
- \*\*\*\*\*

**191. Оңтүстік Африка Республикасына жататын елдер тобы:**

- А) &“Коныс аударушы капитализм” елдері
  - Б) Артта қалған елдер
  - С) “Үлкен жетіллік” елдері
  - Д) Дамуши елдер
  - Е) Азия айдаһарлары
- \*\*\*\*\*

**192. Оңтүстік Еуропа елдері**

- А) Корея, Япония, Чехия
  - Б) Турция, Испания, Польша
  - С) &Испания, Италия, Португалия
  - Д) Ресей, Қазақстан, Белорус
  - Е) Германия, Дания, Болгария
- \*\*\*\*\*

- 193. Теократты монархияға тән сипат.**
- A) &Мемлекет басшысы діни жетекші
  - B) Монарх билігі конституциямен шектелген
  - C) Монархтың билігіне шек қойылмайды
  - D) Император ел басқарады
  - E) Ел халқы демократияны ұстанады
- \*\*\*\*\*

- 194. Мұхиттық аралдардағы елдер:**
- A) Кипр, Крит, Сицилия
  - B) &Науру, Палау, Тонга
  - C) Тасман, Мадагаскар, Ямайка
  - D) Соломон, Гавай, Хонъю
  - E) Вануату, Жаңа Жер, Ванкувер
- \*\*\*\*\*

- 195. 1993 ж. саяси картада бейбіт жолмен екіге бөлінген ел:**
- A) Болгария
  - B) Германия
  - C) Югославия
  - D) &Чехословакия
  - E) Македония
- \*\*\*\*\*

## ГЛОССАРИЙ

**Аудан** – экономикалық, әлеуметтік, экологиялық әкімшілік белгілі көрсеткіштері негізінде бөлінетін аумақ.

**Әкімшілік** – аумақтық бөлінуі – мемлекеттің аумақтық жүйесінің үйымдастырылуы, соның негізінде мемлекеттік басшылық пен билік жүйесінің жұмыс атқаруы.

**Бангладеш** – Оңтүстік Азияда орналасқан, халық тығыз қоныстанған мемлекет, оның халқының 98 пайызын бенгалдықтар құрайды. Бангладеш атауының мағынасы «бенгали елі» деген мағынаны білдіреді.

**Бахрейн корольдігі** - Парсы шығанағындағы өзі аттас топаралда орналасқан шағын мемлекет.

**Бруней немесе Бруней-Даруссалам мемлекеті** – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Калимантан аралының солтүстік-батыс жағалау белгін алғып жатыр. Бұл мемлекеттің «бейбітшілік мекені» деген бейнелі атаяу бар.

**Бутан мемлекеті** – Гималайда орналасқан. Жергілікті атаяу Друк Юл немесе Друк Ценден – «найзагай шашатын айдаар» деген мағынаны береді.

**Геосаясат** – саяси географияның құрамдас белгі. Мұнда мемлекеттік сыртқы саясат тұжырымдамасы мен оның нақтылы іс-әрекетінде жалпы географиялық факторлар ескеріледі. Өз кезегінде ол мемлекеттің сол өнірдегі көршілермен, жалпы сыртқы әлеммен қарым-қатынасын және оның жаңа қырларын қарастырады.

**Дамыған елдер** – жиынтық ішкі өнімнің және энергияны тұтынудың жан басына шаққандағы көрсеткішінің жоғары болуы, адам өмірінің ұзақтығы, қызмет көрсету саласының басымдылығы, ауыл шаруашылығы үлесінің төмендігі тән.

**Дамушы елдер** – саны жағынан көп, өте ала-құлалығымен ерекшеленетін елдер құрайды. Бұл елдерге экономикасының көпсалалығы, әлеуметтік және аумақтық айырмашылқтар халықаралық енбек бөлінісінде шикізатты өндірумен сыртқа шығаруға мамандануы жатады.

**Делимитация** – көршілес жатқан елдердің үкіметаралық келісімімен мемлекеттік шекараның өтуінің жалпы бағыты анықталып, оның географиялық картага түсірілуі.

**Демаркация** – мемлекеттік шекара сызығының жергілікті жерде жүргізілуі мен оның шекаралық баған, т.б. осыған сәйкес шекаралық белгілермен белгіленуі.

**Доминион** – Британия империясы құрамындағы мемлекеттер. Оларға ағылшын королі елбасы ретінде танылып, осы империяның саясатын ұстанады. Ал іс жүзінде бұл елдер тәуелсіз мемлекет болып саналады.

**Дүниежүзілік шаруашылық** - дүниежүзіндегі елдердің бір-бірімен экономикалық қарым-қатынастар жүйесі арқылы байланысқан ұлттық шаруашылық жүйесі.

**Елдің экономикалық даму деңгейін анықтау** - жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші алынады. Бұл көрсеткіш бойынша дүниежүзі елдері арасында үлкен алшактық байқалады.

**Израиль мемлекеті** – БҰҰ Бас Ассамблéясының 1948 жылғы 14 мамырында қабылдаған №181 қарапына сәйкес құрылған, Оңтүстік-Батыс Азияда, Жерорта теңізінің шығыс жағалауында орналасқан.

**Индонезия Республикасы** – Малай топаралдарында және Жана Гвинея аралының батыс бөлігінде орналасқан. Бұл ірі аралдық мемлекеттің атауын XIX ғасырдың басында осы аумақта болған еуропалық саяхатшылар қойған.

**Иордания мемлекетінің атауы** Иордан өзенімен байланысты болады. Коне еврей тілінде иорд сөзі «төмен тұсу» деген мағына береді. Мұның мәнісі өзен Өлі теңізге қарай төмен құлдилайтындығында болып отыр.

**Италия** мемлекеті аумағын ерте замандарда мекендеген италик тайпаларының атымен байланысты аталған. Италия астанасы Рим әлемдегі көне қалалардың бірі саналады.

**Кипр** – Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде орналасқан аралдық мемлекет болып табылады. Мемлекет атауы кипарис ағашымен байланыстырады. Екінші пікір бойынша осы атау мыс дегеннен пайда болған, шындығында да Кипрде мыс өндіру саласы дамыған.

**Мегалополис** – бірнеше қала агломерациясының бірігуінің нәтижесінде пайда болған ең ірі қоныстару формасы

**Мемлекет аумағы** – жер шарының беткі бөлігінің сол елдің шекарасы шебіндегі жер аумағы. Ол өзінің құрамы жағынан: құрғақтағы, судағы және әуедегі мемлекет аумағы болып бөлінеді.

**Мемлекеттік шекаралар** – егеменді елдер шегінде жер қыртысының беткі қабатында жүргізілген сзықтар, ол осы мемлекеттің жері аумағының шебін анықтайды. Елдердің құрғақтағы және теңіздік мемлекеттік шекаралары олармен шектесіп жатқан елдермен өзара шарт негізінде белгіленеді.

**Миграция** – халықтың аумақтар бойынша көші-қоны немесе қоныс аудару

**Өтпелі экономикалы елдер** – кезінде социалистік даму жолында болған елдер (Шығыс Еуропа, бұрынғы КСРО құрамында болған елдер, Қытай, Монголия, Вьетнам, Лаос, Куба) құрайды.

**Протекторат** – отарлық тәуелділіктің бір түрі. Мұнда ол ел тек өзінің ішкі істерінде ғана дербестігін сақтайды, ал оның сыртқы байланыстары мен қорғаныс мәселелері метрология – мемлекеттің құзырында.

**Саяси география** – саясаттанумен ұштасып жатқан қоғамдық географиялық ғылымның құрамадас бір тармағы. Қазіргі саяси географияда белгілі бір елдерге арналған саяси-географиялық елтанушылық бағыттағы зерттеулер басым.

**Тайланд** мемлекеттінің атаяу «тайлар жері» дегенді білдіреді. Ал тай тілінде тай сөзі еркін дегенді білдіреді. Бұрын бұл аймақ Сиам деп аталған және құні бүгінге дейін кейбір тілдерді ел атаяу осы күйінде сақталған. Санскрит тілінде сиам сөзі «құнгірт, қара» дегенді білдіреді. Бұл атап оның тұрғындарының түсімен байланысты қойылған солтүстік халықтары үшін ел тұрғындары қара болып көрінген.

**Урбанизация** – қала халқының үлес салмағының өсуі, қалалар рөлінің артуы және қалалық өмір салтының таралу процесі.

**Этностардың ассимиляциясы** – халқының құрамында шеттен қоюыс аударғандар үлесі жоғары болатын елдерде байқалады. Мысалы, АҚШ-та тұратын сан ұлт өкілдері америкалықтар деп аталатын ортақ ұлтты құрайды.

**Этностардың тұтасуы** - тарихи географиялық себептерге байланысты бірнеше этностардың бірігіп, біртұтас қауымдастық құруы. Мысалы, қазіргі швейцариялықтар – неміс, француз, итальян және ретроромандықтардың (ежелгі римдіктердің ұрпактары) бірігуінен қалыптасқан ұлт.

**Дүниежүзі елдеріне елтану бағытындағы сипаттама**

Елдер	Ауданы (мын км 2)	Халқы, 2010 жыл (млн адам) есебімен	Мемлекет тік кұры лымы	Астанасы	Ақша бірлігі
1	2	3	4	5	6
<b>ТМД-ның Еуразиялық елдері</b>					
Қазақстан	2 724,4	16,3	Республика	Астана	тенге
Ресей	17 075,0	141,9	Федеративтік республика	Мәскеу	рубль
<b>ТМД-ның Азия боллігіндегі елдері</b>					
Кыргызстан	198,5	5,3	Республика	Бішкек	Сом
Өзбекстан	447,4	28,1	Республика	Ташкент	Сум
Тәжікстан	143,1	7,6	Республика	Душанбе	Сомони
Түрікменстан	488,1	5,2	Республика	Ашғабат	Манат
<b>ТМД-ның Кавказ сыртындағы елдері</b>					
Армения	29,8	3,1	Республика	Ереван	Драм
Әзіrbайжан	86,6	9	Республика	Баку	Манат
<b>ТМД-ның Еуропалық боллігіндегі елдер</b>					
Беларусь	207,6	9,5	Республика	Минск	Рубль
Молдова	33,7	4,1	Республика	Кишинев	Лей
Украина	603,7	45,9	Республика	Киев	Гривна
<b>Азия. Шығыс Азия елдері</b>					
Жапония	372,5	127,4	Конституциялық монархия	Токио	Иена
Корей Халық Демократиялық Республикасы	120,5	22,8	Республика	Пхеньян	Вона
Корея республикасы	98,5	48,9	Республика	Сеул	Вона
Қытай Халық Демократиялық республикасы	9598,0	1338,1	Республика	Пекин	Юань
Монголия	1566,5	2,8	Республика	Улан-Батор	Тутрик
Тайвань	36,2	23,2	Республика	Тайбэй	Тайван доллары
<b>Оңтүстік-Шығыс Азия елдері</b>					
Бруней	5,8	0,4	Абсолютті монархия	Бандар-Сери- Бегаван	Бруней доллары
Вьетнам	332,0	88,9	Республика	Ханой	Донг

Индонезия	1904,6	235,5	Республика	Джакарта	Рупия
Камбоджа	181,0	15,1	Конституциялық монархия	Пномпень	Риель
Лаос	236,8	6,4	Республика	Вьентьян	Кип
Малайзия	329,8	28,9	Конституциялық монархия	Куала-Лумпур	Ринггит
Мьянма	676,6	53,4	Федерациялық республика	Янгон	Къят
Сингапур	0,659	5,1	Республика	Сингапур	Доллар
Таиланд	513,1	68,1	Конституциялық монархия	Бангкок	Бат
Филиппин	300,0	94	Республика	Манила	Песо
Шығыс Тимор	15,0	1,2	Республика	Дили	Доллар
<b>Оңтүстік Азия елдері</b>					
1	2	3	4	5	6
Бангладеш	143,9	164,4	Республика	Дакка	Така
Бутан	46,5	0,7	Конституциялық монархия	Тхимпху	Нгултрум
Грузия	69,7	4,6	Республика	Тбилиси	Лари
Үндістан	3287,6	1188,8	Федерациялық Республика	Дели	Рупий
Мальдив Республикасы	0,298	0,3	Республика	Мале	Рупий
Непал	174,2	28	Конституциялық монархия	Катманду	Рупий
Пәкстан	796,1	184,8	Федерациялық республика	Исламабад	Рупий
Шри-Ланка	65,6	20,7	Республика	Коломбо	Рупий
<b>Оңтүстік-Батыс Азия елдері</b>					
Афганстан	652,1	29,1	Республика	Кабул	Афгани
Бахрейн	0,695	1,3	Абсолютті монархия	Манама	Динар
Біріккен Араб Әмірлері	83,6	5,4	Абсолютті монархия	Абу-Даби	Дирхам
Израиль	20,8	7,6	Республика	Тель-Авив	Шекель
Иордания	89,4	6,5	Конституциялық монархия	Амман	Динар
Ирак	438,3	31,5	Республика	Багдад	Динар
Иран	1648,0	75,1	Республика	Тегеран	Риал
Йемен	528,0	23,6	Республика	Сома	Риал
Катар	11,4	1,7	Абсолютті монархия	Доха	Риал
Кипр	9,2	1,1	Республика	Никосия	Фунт
Кувейт	17,8	3,1	Абсолютті монархия	Бейрут	Динар

Ливан	10,4	4,3	Республика	Бейрут	Фунт
Оман	309,5	3,1	Абсолютті монархия	Маскат	Риал
Сауд Арабиясы	2240,0	29,2	Теократтық монархия	Эр-Рияд	Риял
Сирия	185,2	22,5	Республика	Дамаск	Фунт
Түркия	779,4	73,6	Республика	Анкара	Лира

#### Еуропа. Шығыс Еуропа елдері

Албания	28,7	3,2	Республика	Тирана	Лек
Болгария	110,9	7,5	Республика	София	Лев
Босния және Герцеговина	51,1	3,8	Республика	Сараево	Куна, динар
Венгрия	93,0	10	Республика	Будапешт	Форинт
Македония	25,7	2,1	Республика	Скопье	Динар
Польша	312,7	38,2	Республика	Варшава	Золотый
Румыния	237,5	21,5	Республика	Бухарест	Лей
Сербия және Черногория	102,2	10,665	Федерациялық республика	Белград	Динар
Словакия	49	5,4	Республика	Братислава	Крона
Словения	20	2,1	Республика	Любляна	Толар
Хорватия	57	4,4	Республика	Загреб	Куна
Чехия	78,9	10,5	Республика	Прага	Крона

#### Солтүстік Еуропа елдері

Дания	43,1	5,5	Конституциялық монархия	Копенгаген	Крона
Исландия	103	0,3	Республика	Рейкьявик	Исландия Кронасы
Латвия	64,5	2,2	Республика	Рига	Лат
Литва	65,2	3,3	Республика	Вильнюс	Лит
Норвегия	324,2	4,9	Конституциялық монархия	Осло	Норвеж кронасы
Финляндия	337	5,4	Республика	Хельсинки	Фин маркасы
Швеция	450	9,4	Конституциялық монархия	Стокгольм	Швед кронасы
Эстония	45,1	1,3	Республика	Таллин	Эстондық крона

#### Батыс Еуропа елдері

Австрия	83,9	8,4	Федерациялық республика	Вена	Австрия шиллинг
Бельгия	30,5	10,8	Конституциялық монархия	Брюссель	Бельгия франкі

Германия	357	81,6	Федерациялық республика	Берлин	Неміс маркасы
Ирландия	70,3	4,5	Республика	Дублин	Пунт
Лихтенштейн	0,16	0,04	Конституциялық монархия	Вадуц	Швейцар франкі
Люксембург	2,6	0,5	Конституциялық монархия	Люксем-бург	Люксем бур франкі
Нидерландия	41,2	16,6	Конституциялық монархия	Амстердам	Голландық гульден
Ұлыбритания	242,5	62,2	Парламенттік монархия	Лондон	Фунт стерлинг
Франция	551,5	63	Республика	Париж	Француз франкі
Швейцария	41,3	7,8	Республика, конфедерация	Берн	Швейцария франкі

#### Оңтүстік Еуропа елдері

Андорра	0,5	0,1	Республика	Андорра-Велья	Франк, песета
Ватикан	0,004	0,001	Теократиялық монархия	Ватикан	Лира
Греция	132	11,3	Республика	Афины	Драхма
Испания	504,8	47,1	Республика	Мадрид	Песета
Италия	301,2	60,5	Республика	Рим	Лира
Мальта	0,3	0,4	Республика	Валлетта	Лира
Монако	0,002	0,04	Конституциялық монархия	Монако	Франк
Португалия	92,1	10,7	Республика	Лиссабон	Эскудо
Сан-Марино	0,061	0,03	Республика	Сан-Марино	Лира

#### Америка. Солтүстік Америка

АҚШ	9364	309,6	Федерациялық республика	Вашингтон	Доллар
Канада	9976	34,1	Бірлестік кұрамындағы мемлекет	Оттава	Доллар

#### Латын Америкасы. Орталық Америка елдері

Белиз	23	0,3	Бірлестік кұрамындағы мемлекет	Бельмопан	Доллар
Гватемала	109	14,4	Республика	Гватемала	Кетсаль
Гондурас	112	7,6	Республика	Тегусигальпа	Лемпира
Коста-Рика	51	4,6	Республика	Сан-Хосе	Колон
Мексика	1958	110,6	Федерациялық республика	Мехико	Песо
Никарагуа	130	6	Республика	Манагуа	Кордоба оро

Панама	77	3,5	Республика	Панама	Бальбоа
Сальвадор	21	6,2	Республика	Сан-Сальвадор	Колон
<b>Кариб алабы елдері</b>					
Антигуа және Барбуда	0,4	0,1	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Сент-Жонс	Доллар
Багам Арапдары	14	0,3	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Нассау	Доллар
Барбадос	0,4	0,3	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Бриджтаун	Доллар
Гаити	28	9,8	Республика	Порт-о-Пренс	Гурд
Гренада	0,34	0,1	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Сент-	Доллар
Доминика	0,8	0,1	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Розо	Доллар
Доминикан Республикасы	48,7	9,9	Республика	Санто- Доминго	Песо
Куба	110,9	11,2	Республика	Гавана	Песо
Сент-Винсент және Гренадин	0,4	0,1	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Кингстаун	Доллар
Сент-Кітс және Невис	0,26	0,1	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Бастер	Доллар
Сент-Люсия	0,6	0,2	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Кастра	Доллар
Тринітад және Тобаго	5	1,3	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Порт-оф- Спейн	Доллар
Ямайка	11,5	2,7	Республика	Кингстон	Доллар
<b>Оңтүстік Америка елдері</b>					
Аргентина	2767	40,5	Федерациялық республика	Буэнос-Айрес	Песо
Боливия	1099	10,4	Республика	Сукре	Боливиано
Бразилия	8512	193,3	Федерациялық республика	Бразилиа	Реал
Венесуэла	916,5	28,8	Федерациялық республика	Каракас	Боливар
Гайана	215	0,8	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Джорджтаун	Доллар

Колумбия	1142	45,5	Республика	Санта-Феде-Богота	Песо
Парагвай	406,8	6,5	Республика	Асунсьон	Гуарани
Перу	1285	29,5	Республика	Лима	Соль
Суринам	163,3	0,5	Республика	Парамарибо	Гульден
Уругвай	187	3,4	Республика	Монтевидео	Песо
Чили	757	17,1	Республика	Сантьяго	Песо
Эквадор	284	14,2	Республика	Кито	Сукре
Гвиана(франц)	91,0	0,2	Республика	Кайенна	Франк

#### Африка. Солтүстік Африка елдері

Алжир	2381,7	36	Республика	Алжир	Кванза
Египет	1001,4	80,4	Республика	Каир	Фунт
Ливия	1795,5	6,5	Республика	Триполи	Динар
Мавритания	1030,7	3,4	Республика	Нуакшот	Угия
Марокко	446,5	31,9	Конституциялық монархия	Рабат	Дирхам
Тунис	163,6	10,5	Республика	Тунис	Динар
Батыс Сахара	266,0	0,5	Тәуелсіз мемлекет статусы жоқ	Эль-Аюн	Динар

#### Батыс Африка елдері

Бенин	112,6	309	Республика	Порто-Ново	Франк
Буркино-Фасо	274,2	9,8	Республика	Уагадугу	Франк
Гамбия	11,3	1,8	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Банжул	Даласи
Гана	238,5	24	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Аккра	Седи
Гвинея	245,9	10,8	Республика	Конакри	Франк
Гвинея-Бисау	36,1	1,6	Республика	Бисау	Песо
Кабо-Верде	4,0	0,5	Республика	Прая	Эскудо
Кот-д'Ивуар	322,5	22	Республика	Ямусукро	Франк
Либерия	111,4	4,1	Республика	Монровия	Доллар
Мали	1240,2	15,2	Республика	Бамако	Франк
Нигер	1267,0	15,9	Федерациялық республика	Ниамей	Франк
Нигерия	196,7	158,3	Республика	Абуджа	найра
Сенегал	196,7	12,5	Республика	Дакар	Франк
Сьерра-Леоне	72,3	5,8	Республика	Фритаун	Леоне
Того	56,8	6,8	Республика	Ломе	Франк

#### Орталық Африка елдері

Ангола	1246,7	19	Республика	Луанда	Кванза
Габон	267,7	1,5	Республика	Либревиль	Франк
Камерун	475,4	20	Республика	Яунде	Франк

Конго (Заир)	2345,4	67,8	Республика	Киншаса	
Конго	342,0	3,9	Республика	Браззавиль	Франк
Орталық Африка Республикасы	623,0	4,8	Республика	Банги	Франк
Сан-Томе және Принсиби	0,964	0,2	Республика	Сан-Томе	Добра
Экваторлық Гвинея	28,1	0,7	Республика	Малабо	Бырр
Чад	1284	11,5	Республика	Ндjamена	Франк

### Шығыс Африка

Бурунди	27,8	8,5	Республика	Бужумбура	Франк
Джибути	23,2	0,9	Республика	Джибути	Франк
Замбия	752,6	13,3	Республика	Лусака	Квача
Кения	582,6	40	Республика	Найроби	Шиллинг
Малави	118,5	15,4	Республика	Лилонгве	Квача
Руанда	26,3	10,4	Республика	Кигали	Франк
Сомали	637,7	9,4	Республика	Могадиши	Шиллинг
Судан	2505,8	43,2	Республика	Хартум	Динар
Танзания	945,1	45	Республика	Додома	Шиллинг
Уганда	236,0	33,8	Республика	Кампала	Шиллинг
Эритрея	117,6	5,2	Республика	Асмэра	Накфа
Эфиопия	1104,3	85	Федерациялық республика	Аддис-Абеба	Быр

### Оңтүстік Африка

Ботсвана	600	1,8	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Габороне	Пула
Зимбабе	391	12,6	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Хараре	доллар
Комор аралдары	2,2	0,7	Федерациялық республика	Морони	Франк
Лесото	30	1,9	Конституциялық монархия	Масеру	Лоти
Маврикий	2	1,3	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Порт-Луи	Рупия
Мадагаскар	596	20,1	Республика	Антананариву	Франк
Мозамбик	783	23,4	Республика	Мапуту	Метикал
Намибия	834	2,2	Республика	Виндхук	Доллар
Оңтүстік Африка Республикасы	1221	49,9	Республика	Претория	Ранд
Свазиленд	17,4	1,2	Конституциялық монархия	Мбабане	Лилангени

Сейшель аралдары	0,4	0,1	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Виктория	Рупия
<b>Аустралия мен Мұхиттық аралдар</b>					
Аустралия Одағы	7687	22,4	Бірлестік құрамындағы федерация	Канберра	Доллар
Вануату	11,9	0,2	Бірлестік құрамындағы республика	Вила	Вату
Папуа-Жаңа Гвинея	463	6,8	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Порт-Морсби	Кина
Сұлаймен аралдары	28,8	0,5	Бірлестік құрамындағы мемлекет	Хониара	Доллар
Фиджи	18,4	0,9	Бірлестік құрамындағы республика	Сува	Доллар
Кирибати	0,7	0,1	Бірлестік құрамындағы республика	Байрики	Доллар
Маршалл аралдары	0,18	0,1	Республика	Маджуро	Доллар
Микронезия Федерациялық Штаттары	0,7	0,1	Федерациялық республика	Паликир	Доллар
Науру	0,02	0,01	Бірлестік құрамындағы республика	Ярен	Доллар
Палау	0,5	0,02	Республика	Корор	Доллар
Жаңа Зеландия	269	4,4	Республика	Веллингтон	Доллар
Батыс Самоа	2,8	0,2	Республика	Апиа	Тала
Тонга	0,7	0,1	Конституциялық монархия	Нукуалофа	Паанга
Тувалу	0,02	0,01	Бірлестік құрамындағы республика	Фунафути	Доллар

## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТЕР ТІЗІМІ

1. Алаев Э. Б. Социально-экономическая география. Понятийно-терминологический словарь.-М.:Мысль,1993. -350 с.
2. Асаул А. Н., Джаман М. А., Шуканов П. В. Этногеографические факторы глобализации и регионализации мира. –СПб.:АНО «ИПЭВ»,2010.-296 с.
3. Алисов Н. В., Хорев Б. С. Экономическая и социальная география мира (общий обзор): учебник.-М.:Гардарики,2003. -704 с.
4. Ахметов Е., Увалиев Т., Ахметов Қ. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. Алматы, «Мектеп» 2006
5. Бейсенова Ә., Каймұлдинова К., Әбілмажинова С., Достай Ж. География: Дүниежүзіне аймақтық шолу. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 296 б.
6. Бейсенова Ә., Каймұлдинова К. Жер туралы ғылымдардың қазақша-орынша-ағылшынша терминологиялық сөздігін жасаудың мәселелері. - Алматы, 2010 – 92 б.
7. Бейсенова Ә. С. Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы: (Ежелгі дәүірлерден бастап XX ғ.басына дейін).-Алматы: Рауан,1990. - 247 бет.
8. Бердыгулова Г. Е. Международные экономические отношения: Курс лекций. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2007. – 100 с.
9. Бромлей Ю. В. Мировая культура: традиция и современность. –М., Наука,1991
10. Бусыгин А. В. Нидерланды. – М.:Мысль,1984
11. Весь мир.Справочник. – Минск,2005
12. Витковский О. В. География промышленности зарубежных стран: Учебное пособие. М.: Изд. Моск. Ун-та, 1997
13. Войлошников В. Д., Войлошникова Н. А. Книга о полезных ископаемых. – М.: Мысль,1985.
14. Галькина Т. А., Красновская Н. А. Италия. – М.:Мысль,1985
15. Географический энциклопедический словарь. Понятия и термины/Гл.ред. А. Ф. Трешников. М.: Советская энциклопедия, 1988
16. Гладкий Ю. Н., Сухоруков В. Д. Общая экономическая и социальная география зарубежных стран: Учебник. – М.: «Академия», 2006. - 448 с.

17. Гладкий Ю. Н., Сухоруков В. Д. Экономическая и социальная география зарубежных стран: учебник для студ. Высш. пед. учеб. заведений. 2-е изд. - М.: Издательский центр «Академия», 2009. - 464 с.
18. Глушкова В. Г., Симагин Ю. А. Пособие по географии. Тесты. Ответы. Справочник. М.: Образование, наука, техника. 2002
19. Голубчик М.М. и др. Теория и методология географической науки: учебное пособие. -М.: ВЛАДОС,2005. 463 с.
20. Горохов В. А., Вишневская С. С. Национальные парки мира. -М.: Просвещение,1992
21. Гранберг А. Г. Основы региональной экономики. Учебник для вузов. М.: ГУ ВШЭ, 2000
22. Жекулин В. С. Введение в географию. -Л.: ЛГУ, 1989. - 270 с.
23. Зернов В. П., Лушников О. Е. Чехословакия.- М.: Мысль,1982
24. Иващенцов Г. А. Индия.-М.:Мысль,1989
25. Иноземцев В. Л. Современное постиндустриальное общество: природа, противоречия, перспективы. М., 2000
26. Каймудинова К. Д. Қазіргі дүние географиясы: Окулық. –Алматы:2011.-312 б.
27. Каймудинова К. Д. Топонимика: Окулық. –Алматы:ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. -336 б.
28. Крючков А. В., Шанина С. А., Гаврилова А. С. 111 самых знаменитых чудес света. – Ростов-на-Дону, Владос, 2010. - 448 с.
29. Кузьбожев Э. Н., Козьева И. А., Световцева М. Г. Экономическая география и регионалистика. Учебное пособие. - М.: Высшее образование, 2007. -Высшее образование, 2007. -540 с.
30. Лаппо Г. М. География городов. М.: Гуманит. изд. центр АЛАДОС, 1997
31. Ломатников Д. Л. Постиндустриализм и экологическая перспектива. М.: АБФ, 2004
32. Майдан-Әли Байгисев. Халықаралық экономикалық қатынастар. Алматы, 1999
33. Максаковский В. П., Надыров Ш. М., Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. «Қазақстан - Просвещение» 2004.
34. Максаковский В. П. Географическая картина мира. Кн.2.-М.: Дрофа,2009. -480 с.

35. Максаковский В. П. Географическая культура. М.: Экопрос, 1998.
36. Максаковский В. П. Историческая география мира: Учебное пособие для вузов. М.: Экопрос, 1997.
37. Максаковский В. П. Экономическая и социальная география мира. Методическое пособие. Книга для учителей. М.: Просвещение, 2004
38. Марков Д. С. Венгрия. - М.:Мысль,1990
39. Машбиц Я.Г. Комплексное страноведение. – Смоленск: Издово СГУ, 1998. - 238 с.
40. Мир на рубеже тысячелетий (прогноз развития мировой экономики до 2015 г.). М.: Издательский дом «Новый век», 2001
41. Мировая экономика: Учебное пособие для вузов/Под ред. И.П.Николаевой. -3-е изд. -М.:ЮНИТИ-ДАНА, 2006. -510 с.
42. Мироненко Н.С. Введение в географию мирового хозяйства: Международное разделение труда: учебное пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2006. - 239 с.
43. Мироненко Н. С. Страноведение: теория и методы. (Социальноэкономическая география). –М.: Аспект-пресс, 2003. 285 с.
44. Народы мира. Историко-географический справочник. –М.,1998
45. Низовский А. Ю. Величайшие чудеса света. Энциклопедический справочник. – М.:Вече, 2008. -512 с.
- 46.Основы экономики природопользования/под ред. В. Н. Холиной. М.-С.-П., Питер, 2005
47. Петрова Н. Н. География (современный мир): Учебник, -2-изд. –М.:ФОРУМ: ИНФРА-М,2007. -224 с.
48. Польская Н. М. Великобритания. -М.: Мысль, 1986
49. Поспелов Е. М. Географические названия мира: Топонимический словарь. М.: Русские словари, 1998
50. Потемкина И. И. Монголия. – М.: Мысль, 1988
51. Пространственные структуры мирового хозяйства/под ред. Н. С. Мироненко. М.: Пресс-Соло, 1999
52. Родионова И. А. Политическая карта мира. М.: Московский лицей, 2004
53. Родионова И.А., Бунакова Т. М. Экономическая гео-

графия. Учебно-справочное пособие. М.: Московский лицей, 2004.

54. Самбурова Е. Н., Медведева А. А. Китай.-М.: Мысль, 1991

55. Сарқытқан Қ. Қытайдың нарықтық қатынастар дамуының экономикалық-географиялық негіздері және оның Қазақстанмен байланысы. Оқу құралы, Алматы, «Бастау», 2005 .

56. Скопин А. Ю. Введение в экономическую географию.- М.: ВЛАДОС, 2001.-272 с.

57. Социально-экономическая география зарубежного мира//Под ред. В. В. Вольского. -М.: Дрофа, 2001. -560 с.

58. Страны и регионы мира: Экономико-политический справочник /Под ред. А. С. Булатова. М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2005

59. Толорая Г. Д. Республика Корея. –М.: Мысль, 1991

60. Томас Э. Шерер и др. Страны мира /пер. С англ яз. А. Г. Зарубиной. – М.: Астрель, 2010.-351 с.

61. Тысяча чудес света. –СПб:ООО «СЗКЭО», 2007.-336 с.

62. Уалиев Т. О., Дүниежүзінің қазіргі саяси картасы. Оқу құралы. Алматы, АлМУ, 1998

63. Увалиев Т., Ахметов Е., Ахметов Қ. Қазіргі дүние географиясы. – Алматы, «Мектеп» баспасы. 2007. - 232 бет.

64. Уалиев Т. О., Халықаралық ұйымдар. Оқу құралы. Алматы, 1998

65. Холина В. Н. География для школьников и абитуриентов: Политическая карта мира: Пособие для учащихся / В.Н. Холина, А. С. Наумов. М.: Просвещение, 2004

66. Холина В. Н. География человеческой деятельности: экономика, культура, политика: Учебник. М.: Просвещение, 2004

67. Хроника человечества. – М., 1996

68. Шальнев В. А. История и методология общей географии. – Ставрополь: СГУ, 2000. -156 с.

69. Экономическая и социальная география стран ближнего зарубежья: Пособие для вузов/М. П. Ратанова, В. Л. Бобурин, Г. И. Гладкевич и др. Под ред. М. П. Ратановой. М.: Дрофа, 2004

70. Энциклопедия стран мира/Гл.ред. Н. А. Симония. М.: Экономика, 2004

71. <http://www.globalization.report.ru/> - жаһандану порталы

72. <http://www.aseanec.org> - сайт Ассоциации стран Юго-Восточной Азии
73. <http://www.geographyabout.com> – образовательный портал «Все о географии».
74. <http://www.world-tourism.org> – сайт Всемирной туристической организации.
75. <http://informatsiya.ru/> - елдер бойынша статистика.
76. <http://www.kaz.stat.kz/> – Қазақстан Республикасының Статистика агентігі.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
КІРІСПЕ.....	5
<b>1-БӨЛІМ. ЕЛТАНУДЫҢ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ</b>	
<b>1-тақырып. Елтану және оның зерттеу нысаны.....</b>	8
1.1. Елтану туралы жалпы түсінік.....	8
<b>2-тақырып. Елтанудың әдістемелік негіздері.....</b>	18
2.1. Елтанудың негізгі бағыттары және зерттеу әдістері.....	18
2.2. Елдерге елтану бағытында сипаттама беру әдіstemесі .....	20
<b>2-БӨЛІМ ДУНИЕ БӨЛІКТЕРІНЕ АЙМАҚТЫҚ ШОЛУ</b>	
<b>3-тақырып. Дүниежүзі аймақтарының басты ерекшеліктері..</b>	23
3.1. Дүние бөліктерінің аймақтарға жіктелуі.....	23
3.2. Қазірті дүние елдерінің көп түрлілігі.....	25
<b>4-тақырып. Еуропа дүние бөлігі.....</b>	29
4.1. Еуропа.....	29
4.2. Солтүстік Еуропа.....	43
4.3. Батыс Еуропа.....	51
4.4. Шығыс Еуропа.....	74
4.5. Оңтүсік Еуропа.....	90
<b>5-тақырып. Азия дүние бөлігі.....</b>	104
5.1. Оңтүстік-Батыс Азия.....	104
5.2. Оңтүстік Азия.....	120
5.3. Оңтүстік-Шығыс Азия.....	122
5.4. Орталық және Шығыс Азия.....	125
<b>6-тақырып. Африка дүние бөлігі.....</b>	145
6.1. Солтүстік Африка.....	145
6.2. Батыс Африка.....	161
6.3. Шығыс Африка.....	163
6.4. Орталық Африка.....	167
6.5. Оңтүстік Африка.....	168
<b>7-тақырып. Америка.....</b>	171
7.1. Солтүстік Америка.....	171

7.2. Латын Америкасы.....	182
<b>8-тақырып. Австралия және Мұхит аралдары .....</b>	<b>196</b>
8.1. Австралия.....	196
8.2. Мұхит аралдары.....	213
Тесттапсырмалары.....	216
Глосарий.....	252
ҚОСЫМШАЛАР.....	255
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>263</b>

**Д.И. Жангелдина**

**ЕЛТАНУ**

Пішімі 60x90/16. Қағазы оффсеттік.  
Қаріп түрі “Times”, Көлемі 17. Тараптұмы 1200 дана  
“MV-Print” ЖШС баспаханасында басылды  
тел. +7(727) 389 97 31  
e-mail: print-s@mail.ru